kazconf
media conference

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР: ЖАҢАЛЫҚТАР, МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР»

халықаралық ғылыми конференцияның

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

30-31 мамыр

PROCEEDINGS

of the international scientific conference

«SCIENCE AND INNOVATION: NEWS, PROBLEMS AND ACHIEVEMENTS»

30-31 May 2022

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научной конференции

«НАУКА И ИННОВАЦИИ: НОВОСТИ, ПРОБЛЕМЫ И ДОСТИЖЕНИЯ»

30-31 май 2022

Түркістан, 2022

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Ғ 96

Редакция алқасы:
А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:
А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:
A.A. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

Ғ 96 Ғылым және инновациялар: жаңалықтар, мәселелер мен жетістіктер: халықаралық ғылыми конф. мат. = Наука и инновации: новости, проблемы и достижения: Сб. материалов межд. науч. конф. = Proceeding sinternational scientific conference: Science and innovation: news, problems and achievements. – Түркістан: «Bilim Innovations Group» ғылыми-зерттеу орталығы, 2022. – 380 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-08-2386-0

Жинаққа білім алушылардың, ғалымдардың, зерттеушілердің және мектеп мұғалімдерінің қазіргі ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

В сборник включены доклады обучающихся, ученых, исследователей и учителей школ по актуальным проблемам современной науки и образования.

The proceedings includes reports of students, scientists, researchers and school teachers on topical issues of modern science and education.

ӘОЖ 001
КБЖ 72

ISBN 978-601-08-2386-0
9 786010 823860

© «Bilim Innovations Group» ҒЗО, 2022

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

HUMANITIES

ҒТАМР 17.82.10

СОҒЫС ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ӨЛЕҢДЕРДЕГІ БАСТЫ МОТИВТЕР

Н.А. Қуанышбаева
Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.
Қ.М. Байтанасова
Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.

Ғылыми зерттеу мақалада соғыс лирикасындағы өлеңдердегі басты мотивтерге әдеби талдау жасалынады. Қалам мен қаруын қатар ұстаған Абдолла Жұмағалиев, Дихан Әбілов, Далабай Жазықбаев, Ғаббас Жұмабаев, Тілеген Шопашев сынды майдангер ақындардың поэзиясынан басты мотивтер талданды. Соғыс лирикасындағы сарын мен фольклорлық элементтердің де ішкі байланысына мысалдар келтіріледі. Жоғарыда айтқан ақындардың поэзиясындағы «қоштасу», «жауыздық пен кек алу», «тілек», «хат жазу» сынды мотивтердің өлеңдегі қолданысы мен поэтикалық қуаты анықталады. Мотивтердің прозадағы қолданысы мен айшықты көріністері ғылыми зерттеу жұмыстарының арқауы болған. Бұл жердегі басты жаңалық ретінде әскери лирикадағы мотивтердің көрініс беруі қарастырылған. Соғыс лирикасындағы мотивтер бірден көрінбегенімен ішкі мазмұнда байқалады. Сол кезеңдегі ақындардың поэзиясындағы ұлттық таным мен құндылықтардың көрініс беру көрсеткішіне тоқтатылады. Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мәні мен мазмұны соғыс лирикасындағы басты мотивтердің өлеңдегі қолданысы мен көрінісі.

Түйін сөздер: мотив, фольклор, әскери лирика, қоштасу, тілек, хат, соғыс өлеңдері, поэзия, ұлттық таным.

Жалпы әдебиеттану саласында мотив ұғымы мен қара сөз яғни прозадағы мотивтердің ішкі қолданысы қарастырылғанымен, поэзиядағы сипаты айқын түрде зерттеле қоймады. Мотив пен өнердің ішкі үндестігі бар. Әдебиет те өнер де бір әуезге байланысты жасалады. Мотив термині тақырыптық үндескен сарын. Мотив – латын тілінен енген. Тарқатып көргенде «қозғаймын» деген мағынаны білдіреді. Мотив қолданысы тек қана әдебиеттану ғылымында өзге ғылым салаларында кездеседі. Тілтану, психология және заң тағы осы қатарлы салаларда жиі кезедеседі. Осы ұғымның жалпы әуезділік сөзімен туыстығы да бар. Музыка саласымен де байланыстырып жатады. Әдебиеттану ғылымында мотивтің мазмұндылығы мен өзектілігін зерттеп қарастыру өте маңызды [1, 102

б.]. Мотив мәселесін және құрылымын түсініп көркем туындыны талдау өзіндік ерекшелік пен жаңа пайымға әкеледі. Алып отырған туындыңыздың дәуір сипатына қарай анықтап, жүйелі түрде қарастыруға серпін береді. Мотивті лирикалық туындылар тұрғысынан қарап, мазмұнын айқындау да қиынға соғады. А. Байтұрсынұлы өз еңбектерінде «мотив» сөзін қолданбағанымен, мазмұндас терминдер мен сөз қолданыстарын басшылыққа алып жеткізген. «Сарындама» деп көрсете келіп, үш негізді нұсқайды. Бастапқысын салт сөзі, екіншісін ғұрып сөзі және үшінші бөлігін қалып сөзі деп көрсетеді [2, 85 б.]. Қазақ әдебиеттану ғылымында мотив терминін және мәні мен мазмұнын фольклор және әдебиетке қатысты топтастыру қалыптасуда. С. Қасқабасов, Ш.Ыбыраев сынды ғалымдар іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізіп, елеулі үлес қосты. Алайда, лирикалық өлеңдерді мотивтік көлемде талдау және саралау енді ғана белең алуда. Мотив тұрғысында шет елдік ғалымдар жүйелі ой-пікірлерін айтып келеді. А.Н. Веселовскийдің пайымдауынша, мотив ұлғайып, сюжетке ауысады, сюжет дами келе мотивтер тұтастығын құрайды. А.Н.Веселовский жалпы осы терминнің қалыптасып, өркендеуіне жол ашқан. Әдебиеттану ғылымында көрініс тауып, қордаланбай тарихи байланысқа енуіне түрткі болған. Жоғарыдағы айтылған пікірлердің түйіні мотивті сюжетпен бір негізде қарасытырғанында. Атап айтқанда мотив те одан кейін қозғаған сюжет те өрістей келе тарих белесіне кіреді: тұрақталып орныға келе идеялық жүйелі мазмұнға үндеседі. Жоғарыдағы ғалымдардың пікірлері сарапқа алына отырып, сюжеттің вариацияланатынын байқаймыз. Мотивтерде, тарихи құндылықтар жинақталып, қайталанып келе береді. Сайып келгенде, біз айтып отырған мотивтің сюжетпен байланысты екенін ұғамыз. Тұтастай алғанда мотив – сюжеттердің қосындысы. Пропп та өз зерттеулерінде мотив турасында сөз қозғағанда сюжетпен бір сарында келетіндігін айтады. Жалпы алғанда мотивтің негізгі түйіні бір кезеңде немесе бір ақын шығармашылығында басты сипаттың негізгі сөз қолданысының қайталанып отыруын айтамыз.

Ендігі сөз соғыс лирикасындағы басты мотивтер турасында болмақ. Соғыс лирикасында өршіл рухпен қатар асқақтық қатар орын алады. Өлеңдегі негізгі мазмұн мен мән асқақтыққа және мотивтерге тікелей байланысты өрнектеледі. Әскери лирикадағы мотивтер кеңінен қарастырылған жоқ. Соғыс лирикасындағы мотивтерді салыстырып, кеңінен талқылауды қажет етеді. Атап айтсақ, «қоштасу», «сағыныш», «жеңіс», «өшпенділік», «достық» тағы осы қатарлы мотивтерді жатқызамыз. Алғашқы сөз «қоштасу» мотив жайлы болмақ. Біз зерттеу барысында «қоштасу» сөзін кеңінен талқылап қарастырдық. Фольклормен үндестігін сараладық. Ендігі мәселе осы сөздің мотивтік қолданысқа жататындығын айқындау. Соғыс даласында от кешкен Абдолла Жұмағалиев өзінің отты жырларының басым көпшілігін майдан даласында жүріп жазған. Абдолла бойындағы асқақтық пен ешікімге ұқсамайтын дара қайсарлығы Қасым поэзиясына да арқау болған. Абдолла Жұмағалиевтің «Қош, достарым» атты өлеңі бар. Өлеңдегі негізгі ой мен сарын қоштасу мотивіне жанасады. Абдолла Жұмағалиев поэзиясынан фольклорға жататын бірден-бір құбылыстарды кездестірдік. Қан майдандағы қиындықтар мен

ауыртпалықтарды өлең жолдары арқылы жеткізе білген. Уақыттың тығыз, сөздің түйінді екенін айтып, ойының зіл екенінен хабар беріп, майдан даласына кетіп бара жатқанынан тілге тиек етеді. Өлеңдегі негізгі ерекшелік өзін батыстың Байронымен салыстыра айтады. Бұл жерде автор мен Байрон арасындағы ішкі үндестік сақталған. Байрон да елімен қоштасып, «мен де кеттім алыс сапарға» деп түйіндейді.

Мен де аттандым майданға,
Қалдырып жыр мен жарымды.
Сапарым ауыр болса да,
Кірлетпен ақын арымды.
Талай жонда жортармын,
Ат жалында қонып түн.
Талайында болармын
Қатерлі қанды жорықтың.
Жеңіспен күт, сен мені,
Қош, достарым, құшқаным,
Жер бетінен құртқанша
Адамның арсыз дұшпанын.

Абдолла Жұмағалиевтің ақындығы асқақтықпен сабақтасқан. Жақындарымен қоштасып жатқан ақынның табиғаты адам жанының нәзіктігін көрсетеді. Қоштасу ұғымы қазақ танымында фольклорда ертеден бар құбылыс. Өлеңде төмендегі ойлар қамтылады:

– Соғысқа аттанған ақынның тағдыры мен қимастығы;
– Сапардың ауырлығы мен соғыстың ауыртпалығы;
– Ақын жанының нәзік әрі тазалығы;
– Сапардың ұзақ болатындығы және оралуының өзі күмән мен үмітке құрылғандығы;
– Жеңіспен ораламын деген ақынның зор үміті;
– Жау мысын басып, еліне қайтатын ақынның ішкі сезімі;
– Ел-жұртпен қоштасып, аттанған азаматтың болмысы.

Өлеңдегі негізгі мән мен мазмұн «қоштасу» мотивінің ұғымынан хабар беріп тұр. «Қоштасу» ұғымы жалпы мотивтік тұрғыдан да алып қарастыруымызға болады. Сонымен қатар «қоштасу» сарыны ғұрыптық фольклорда кездеседі. «Қоштасу» ғұрыптық фольклор танымында бар құбылыс. «Қоштасу» мотивінің ұғымы мен сарыны соғыс лирикасында жиі кездеседі. Дихан Әбілов поэзиясында да «Қоштасу» мотиві бар. Дихан Әбілов Баянауыл маңындағы Мойындыбұлақ ауылында дүниеге келген. Қару мен қаламын қатар ұстаған азамат.

Тұтанды соғыс, достарым,
Қағылды дабыл – барабан;
Көреміз тағдыр қосқанын,
Қарсы алып майдан даладан!
Қош, ойын-той, сауық кеш,

Жүрекке жалын салды кек.
Жабырқау тартпа, жас бикеш,
«Мені қиып кеттің!» – деп.
Жеңістің күнін мен деп күт;
Қош, жас дәурен, қызық шақ!
Кетті бастап отқа үміт,
Қош тұр, ыстық махаббат!

Аталмыш поэзиядағы ой мен сарын азамат пен бойжеткен арасындағы байланысты бағамдап жеткізеді. Достарына, соғыстың басталғандығын, соғыс дабылының соғылғандығын жеткізеді. Тағдыр жазуының сызбасында көретіндігін айтып, үмітпен қарайды. Ойын-сауық кештері мен туған жеріндегі қызық-думанның барлығын қимастықпен шығарып салады. Соңындағы ақынның түйіні өте әсерлі өріледі. Махаббатпен жақсы көретін азаматтың жан-күйі соңғы түйінде берілген.

Мотивтер турасында сөз қозғағанда соғыс тақырыбындағы өлеңдердің фольклорлық сипат алатын тұстарына да қысқаша тоқтала кеткен жөн. Біз қарастырған «қоштасу», «жоқтау» мотивтерінің басы фольклорлық элементтермен тығыз байланысты. Фольклорлық элементтер өлеңде біпден көрініс бермегенімен ішкі мазмұнында не болмаса сөз қолданысында тұрады. «Фольклорлық шығармаларда дәстүр, көпнұсқалық сақталады десек те, қандай да бір шығармашылық бағыт, жаңашылдық көрініс береді. Осы кезде фольклорлық туындылардың жаңа версиясы пайда болады» [3, 110 б.].

Соғыс тақырыбындағы басты мотивтерді жазу барысында мотивтерді ары қарай талдайтын боламыз. Жамбыл Жабаев, Дихан Әбілов, Қасым Аманжолов, Абдолла Жұмағалиев, Далабай Жазықбаев, Дихан Әбілов, Әбу Сәрсенбаев, Тәшібай Әлмұхамбетов, Жұмағали Саин, Тайыр Жароков,Қапан Сатыбалдин, Тоқаш Бердияров, Мұзафар Әлімбаев сынды майдангер ақындардың поэзиясынан бірнеше соғыс жылдарындағы мотивтерді алдық. Атап айтсақ, «қоштасу», «жауыздық пен кек алу», «тілек», «ерлік», «хат» осы қатарлы мотивтерді зерттеу мақаламызда талдап, талқылап көрдік.

Далабай Жазықбаев поэзиясында «жауыздық пен кек алу» сотивіне сай келетін өлең жолдары кездеседі. Соғыс лирикасына тән барлық сөз қолданыстары еніп, өлеңнің табиғатын ашып тұр.

Жан достар, жан достар,
Сермеңдер семсерді.
Жауынгер жолдастар,
Сендерге ел сенді.
Салыңдар шабуыл
Жас сәби бала үшін!
Ерлікпен алға ұмтыл
Намыс пен ар үшін

Бұл жердегі айтар ой мен сарын жаудан кек алып, ерлікке ұмтылудың басты сарындары көрініп тұр. Қарулас достарына ерлікке ұмтылып, ел мен

жерді қорғауға шақырады. Ел мен жердің тыныштығы үшін жаудың мысын басып, болашақтың еркін азаттығы үшін қалың жауға қарсы тұрады. Екінші мотив «тілек» мотив турасында. Тілек ұғымы фольклорлық ауысыммен келген. Тілек жолдау дәстүрі майдангер ақындардың «Біздің тілек» атты өлеңін алып қарастыруымызға болады. Тілек жолдау дәстүрі хан жазу, лебізін білдіру сарындарымен мазмұндас болып келеді.

Бізге ашық күн керек,
Аспан керек мөп-мөлдір.
Қуанышқа тұр бөлеп
Бақытты өмір төккен нұр.
Тыныш болып жер беті,
Түршікпесін денеміз.
Азамат боп, ер жетіп,
Ағаларға ереміз.

Бұл жердегі тілек жазу формасы тыныштық пен бірлікті және соғыстың аяқталуын жаратқаннан сұрап тұр. Бұл ұлтық танымның қай кезде болмасын өзгермейтіндігін және қуат алып қарыштай дами беретіндігін көрсетеді. Жоғын, жаратқаннан сұрайтын құндылық түркі халықтарына ортақ қасиет. фольклорлық сарынды пайдалана отырып үйлестіреді. Фольклорды соғыс Соғыс тақырбында өлең жазған ақындар еркіндік пен азаттық, намыс пен қайсарлықты лирикаға айналдырып жасырын ішкі эстетикалық бейнемен өлеңдерімен ізгілендіре отырып, ұлттық болмысты танытатын және көрсететін жыр үлгілерін оқырман назарына ұсынды. Өзектілігі мен өміршеңдігі, тақырып пен идеясын сабақтастыра отырып лириканың бастапқы қалпын жүйелей және сақтай отырып, өткір шеберлікпен жеткізді. Ендігі сөз жайы «хат жазу» мотиві турасында. «Хат жазу» мотиві соғыс лирикасында жиі қолданылады. Ауылын, ата-жұртын сағынған майдандағы солдаттың жан-күйі мен сағынышы және ауылдағы ағайынның майдандағы туысқанына жазған сағынышы хатта жазылады. Ақын, Тілеген Шопашевтің өлеңіндегі осы хатқа арналған өлеңінде үлкен мән жатыр. Хаттағы айтыр ой мен сарын туған елге деген солдаттың сағынышы мен сол жерде орын алып жатқан өзгерістер турасында айтады. Осы арқылы өзінің амандығын және соғыстың оңай еместігін ел мен жер үшін жан беріп, жан алып жатқан солдаттардың тағдыран хабар береді [4, 86 б.].

Көкірегі көк түтін,
Көз жасаурап күн батты.
Қабырғасы жоқ бүтін
Қара жерге түн жатты.
Таңда полк тап берді,
Жауға жайдың отындай.
Қалды күтіп хат та енді
Бір сөзі де оқылмай.
Азабы мол ақ жорық,
Ажалдан бас тарта ма? –
Үш бұрышты хат болып,
Ауыл жатса қалтада.

Соғыс лирикасындағы мотив мәселесі де бұнымен тоқтап қалмақ емес. Соғыс лирикасындағы кейіпкерлемен және өздері лирикалық өлеңнің басты қаhарманына айналып жатады. Сөздердің қолданыс аясы көркемдікке құрылған. Тіркестердің жүйелі келуі ақындардың поэтикалық қуатын арттырып тұр. Өлең мәтіндегі мотивтерді айқындау арқылы сол кездегі ортақ тақырыптарды да анықтадақ. Соғыс лирикасындағы басты және негізгі мотивтердің үндесігі – тақырыптардың мағыналас болып келуінде және өлеңнің ішкі мазмұнының ұқстастығында жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Чернец Л.В. Введение в литературоведение: Учеб. пособие. – Москва: Высшая школа, 2006. – 680 с.

2 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

3 Байтанасова Қ.М. Әдебиеттануға кіріспе: оқу құралы. – Алматы: Эпиграф, 2017. – 115 б.

4 Соғыс және жеңіс: Өлеңдер, әңгімелер, поэмалар, повестер; Ересек балалар үшін. Құрастырған: Қ. Омарұлы. – Алматы: Балауса, 1995. – 592 б.

ГРНТИ 03.91

РАЗВИТИЕ АРАБСКОЙ МОНАРХИИ ПЕРСИДСКОГО ЗАЛИВА

Г.П. Тилеубаева
Магистрант, Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, г. Шымкент

В статье рассматриваются особенности развития арабской монархии в Персидском заливе, биполярная мировая политика государства. Влияние международных отношений, региональной и глобальной безопасности подчеркивает политика государств, создание новых региональных центров сил для поддержания безопасности и политических изменений. В статье проанализированы процессы развития региональной экономической интеграции в рамках Совета сотрудничества арабских государств Персидского залива (ССАГПЗ) в 1981-2018 гг. В современной системе Ближний Восток и Северная Африка в системе арабских государств рассматриваются по ряду факторов – экономических, географических и геополитических, политических, военных, демографических и региональных, международных отношений что интеграционные процессы и устойчиво развивались, торговля в формировании общего рынка.

Ключевые слова: Арабо-исламской культура, геополитика, персидский залив, духовные ценности, субрегиональная организация.

В арабских странах в настоящее время представляют собой сложное переплетение государственных структур, политических партий, организаций и неформальных течений общественно-политического характера, которые в целом можно считать современными формами политического бытия государств Арабского Востока. Кроме этих форм большую роль в политической жизни арабских стран играют традиции и институты, не входящие непосредственно в политическую сферу (обычное право, религиозные общины, кланы), которые образуют мощный фонд социально-экономического, исторического, политического, культурного и религиозного наследия. Поэтому политическая жизнь арабских стран отличается исключительным многообразием, богатством оттенков и направлений, делающих политический облик каждой страны уникальным и накладывающих специфический отпечаток на формы и способы функционирования государственных институтов власти, политических партий и всех политических систем в целом. Различные этнические силы на территории арабских стран (арабские, берберские, туркменские, курдские,

армянские, ассирийские), конфессии (мусульманские и христианские), наличие интернациональных исламских течений (преобладание суннитов и мучеников), этнические и межконфессиональные силы. Ориентация на регион характеризуется важным стратегическим положением арабских стран в мире, не только концентрацией в регионе основных мировых запасов углеводородов, но и геополитическими параметрами воды, земли, воздуха, земли и цивилизации. Текущая политическая ситуация в Северной Африке и на Ближнем Востоке является основой формирования современного состояния международных отношений. Баланс сил меняется как на глобальном уровне, так и в отдельных регионах земного шара.

Персидский залив, между Аравией и Персией, Ормузским проливом соединяется с Аравийским м. (северо-запад. часть Индийского океана.) [1]. (Кальи ал Фарс по-местному) – представляет обширное внутреннее море Индийского океана, обрамленное с северо-востока берегами Персии, с запада, юго-запада и юга – берегами Аравии. Раковины с жемчугами встречаются по всему аравийскому берегу залива, на всех многочисленных его мелях. Этот регион исторически известен как Персидский залив, названный в честь Персидской империи (современный Иран). С 1960-х годов соперничество между персами и арабами, наряду с ростом арабского национализма и развитием западных политических и экономических интересов, побудило все чаще использовать термин «Персидский залив» применительно к водоему региона [2].

Национально-этнические и религиозно-общинные отношения также выступают современных политических систем арабских стран. Такой характер социальных структур, в рамках которого существует широкий спектр разнотипных социальных отношений, предопределил особую роль государства, его активное вмешательство не только в экономику, но и в политическую сферу, что делает государство основным структурным элементом политических систем арабских стран. Особая политическая роль государства обеспечивается и особым статусом главы государства (монарха или президента), который обладает широкими полномочиями, является стержнем всей политической системы в арабских странах. Его статус определяется мусульманской доктриной, согласно которой не может быть справедливым разделение власти на светскую и духовную. Поэтому глава мусульманского государства несет личную ответственность за осуществление власти над общиной и вправе принимать любые меры для обеспечения ее интересов при условии соблюдения общепризнанных норм, принципов и целей мусульманского права. В системе органов государственной власти глава государства (президент или монарх) занимает, как правило, центральное положение, обладая довольно широкими полномочиями в различных областях, в частности, в сфере назначения высших должных лиц государства, включая судей; в области государственного управления (глава государства осуществляет прямое руководство правительством); в сфере руководства вооруженными силами (в некоторых странах президент является не только верховным главнокомандующим, но

одновременно и министром обороны, а кроме того, возглавляет Высший совет безопасности); во взаимоотношениях с законодательным органом (президенту предоставлено право досрочного роспуска парламента, право отлагательного вето, право издания законодательных указов в период парламентских каникул и т.д.); в сфере изменения конституции, проведении референдумов. Зачастую законотворческая активность президента на практике еще более усиливается, поскольку он имеет возможность контролировать депутатский корпус через механизм партийной дисциплины, являясь лидером правящей партии. Роль и полномочия монарха и правительства в арабских монархиях также различаются при абсолютной (Саудовская Аравия), дуалистической (Катар, Оман, Бахрейн), парламентарной (Кувейт, Иордания, Марокко) и выборной (Объединенные Арабские Эмираты) монархиях. Глава государства в арабских монархиях, кроме законодательных и исполнительных, осуществляет ряд других важнейших государственных функций: провозглашается символом национального единства, а также его хранителем и защитником. Так, по Конституции Бахрейна 2002 г. король является «главой государства, его представителем, защитником религии и государства и символом национального единства» (ст. 33). При этом король стоит на страже «легитимности управления, верховенства конституции и закона, заботится о правах и свободах личности и организаций»; является высшим представителем государства на международной арене. Король лично от имени государства подписывает международные договоры и соглашения в соответствии с положениями специального закона или уполномочивает подписать такие договоры своих специальных представителей. Только король имеет право назначать и отзывать полномочных представителей государства в других странах и международных организациях. От имени государства он ведет переговоры на самом высоком уровне; является верховным главнокомандующим вооруженными силами страны. Опираясь на эти полномочия, глава государства должен предпринимать меры по защите независимости и территориальной целостности страны, защищать ее внутреннюю и внешнюю безопасность, права и свободы граждан. В соответствии с Конституцией Бахрейна король является верховным главнокомандующим Сил обороны и «может их использовать для выполнения национальных задач внутри страны и за ее пределами» (ст. 33). Эмир объявляет о введении в стране чрезвычайного положения путем издания декрета, который представляется в Национальную ассамблею в течение 15 дней после его издания. В монархиях Персидского залива сложились системы, которые позволяют главе государства осуществлять общий контроль над религиозными институтами и ограничивать их стремление вмешиваться в политику. В Омане, например, Верховный муфтий назначается главой государства, по сути, подконтролен султану и в значительной мере служит проводником его воли. Король Саудовской Аравии следит за тем, чтобы общая политическая направленность соответствовала принципам ислама, осуществляет контроль за применением шариата. Таким образом, король совмещает прерогативы главы высших государственных светских инстанций с функциями надзора за

деятельностью любых структур, не позволяя им уклоняться от принципов ислама, а также фактического контроля над шариатскими судами, судьи которых назначаются и освобождаются согласно королевскому указу. Королю подчиняется и Совет фетвы и улемов, в состав которого наряду с верховным муфтием входят авторитетные имамы и улемы. Такая система позволяет властям направлять деятельность исламских учреждений, включая мечети и проповедническую миссию имамов [4].

Арабских монархии Персидского залива в последние десятилетия развтие мировою экономику и ближневосточной политики происходящих глобализационных процессов, формирования транснациональных экономических и международных отношений. Втягиваясь в современный цивилизационный поток, эта группа государств стремится в кратчайшие сроки преодолеть состояние отсталости, найти на путях модернизации оптимальную формулу развития, которая бы обеспечивала рациональное достижение научно-технического прогресса с национальной культурой, религиозной идеологией, исторической памятью. Стратегический интерес к Персидскому заливу определяется его ключевой значимостью в общемировом топливно-энергетическом балансе, поскольку здесь залегают 64,9% подтвержденных запасов нефти и около 30% Примечание: В состав ССАГПЗ входят все монархии Персидского залива – Саудовская Аравия, Кувейт, ОАЭ, Оман, Катар, Бахрейн. Страны Персидского залива богаты запасами нефти. Составлено British Petroleum в 2007 году. По данным World Energy Statistics Survey, крупнейшими производителями углеводородов являются: Саудовская Аравия (264,3 млрд баррелей или 21,9% мировых запасов), Ирак (115 млрд баррелей или 9,5%), Кувейт (101,5 млрд баррелей или 8,4%), ОАЭ (97,8 млрд баррелей или 8,1%) [3]. Это создает приток иностранной валюты в нефтедобывающие страны, играющие ведущую роль на мировых финансовых рынках. Эти страны развивают однобокую экономику, что усложняет проблемы, возникающие из-за зависимости от импорта продуктов питания, транспортных товаров и высокотехнологичных товаров [7].

Опустынивание свирепствует из-за нехватки воды. По уровню участия в нерегиональных международных организациях только Саудовская Аравия входит в «большую двадцатку» ведущих стран мира. Арабские страны также являются членами ЛАГ, Организации Исламская конференция, ОПЕК и Организации стран-экспортеров нефти. Несмотря на то, что ни одна из арабских стран не является членом НАТО, ряд стран (в первую очередь Египет, Марокко, Иордания, страны Персидского залива) давно имеют тесное военно-политическое сотрудничество с США. У Сирии особые отношения с Ираном, кандидатом на роль регионального центра силы. Совет сотрудничества арабских государств Персидского залива – субрегиональная организация, состоящая из шести арабских монархий (Саудовская Аравия, Бахрейн, Катар, Кувейт, ОАЭ и Оман). GCC был создан 4 февраля 1981 года и провел свой первый саммит 25 мая 1981 года в Абу-Даби, Объединенные Арабские Эмираты. С тех пор саммиты проводятся ежегодно. Решение о создании Совета

сотрудничества стран Персидского залива (ССАГПЗ) было принято министров иностранных дел в Эр-Рияде. Образованию Персидского залива способствовала географическая близость и сходство правил, экономических и социальных условий стран Персидского залива. Основными целями и задачами Совета являются:

– Экономические и финансовые дела,торговля, таможня и связь;

– Образование и культура,социальные и медицинские проблемы;

Информация и туризм, законодательные и административные вопросы [2].

Монархий много и на Западе, и на Востоке. Однако у аравийских монархий присутствует особый тип восточно-абсолютистской монархии, которая обладает ярко выраженным родоплеменным могущественным компонентом [5]. С одной стороны, живы адаты, то есть непреложные законы племен и традиции родоплеменного строя. Монархи являются неограниченными правителями, по крайней мере формально. Если и есть фактические ограничения, то они связаны с родовой верхушкой, потому что такие решения принимаются наиболее авторитетными и старейшими членами правящей родовой группы [6].

В эмиратах, или малых княжествах Персидского залива, принимались временные конституции. Действовали они очень долго лишь в конце XX или в начале XXI века временные конституции были превращены в постоянные конституции, были созданы парламенты, определенные меджлисы, очень ограниченные, с очень узкой формой избирательности. Он богат как человеческими, так и природными ресурсами и имеет большой материальный потенциал. Однако реальная роль арабского мира в международных отношениях осложняется тем, что он не соответствует своему потенциалу, а такая организация, как Лига арабских государств, не способна способствовать объединению и развитию входящих в нее государств. В общем, арабский Восток «шевелится». Очень противоречиво делать однозначные выводы о наиболее напряженной, особой геополитической сфере международных отношений. Арабские монархии Персидского залива переместились в последние десятилетия с региональной периферии в фокус мировой экономики и ближневосточной политики в контексте происходящих глобализационных процессов, формирования транснациональных экономических взаимосвязей, возникновения новых параметров международных отношений. Правящие элиты монархий Залива, пытающиеся возглавить инновационный процесс, придерживаются фактически идентичной формулы: широкая экономическая модернизация, дозированное социальное реформирование и возможный минимум политического обновления. В целом модернизация стран «шестерки» сохранит специфику арабо-исламской культуры, духовных ценностей, социальной стратификации, государственных институтов. Их более глубинный размыв может наступить только на отдаленных этапах исторического развития.

Литература

1 Энциклопедии: ВЭ: МЭСБЕ.

2 Политический толковый словарь. – Алматы, 2007.

3 Словник: Патенты на изобретения – Петропавловский. т. XXIII (1898).

4 Сапронова М. А. Политические системы Арабских стран. – Казань, 2015.

5 Мелихов И. А. Арабские монархии Персидского залива на этапе модернизации. 1970-1990-е гг. URL: https://www.dissercat.com/content/arabskie-monarkhii-persidskogo-zaliva-na-etape-modernizatsii-70-90-e-gg

6 Middle East International. Mayhttps URL: www.gcc-sg.org/en-us/Pages/default. aspx.

7 First Annual ECSSR Energy Report. Gulf Energy and the World: Challenges and Threats. – Abu Dhabi: The Emirates Center for Strategic Studies and Research, 1997.

ҒТАМР 21.41.41

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮСІНІГІ

С. Аблахатова, К.М. Бишманов
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Діни ұйымдардың қазіргі ресейлік қоғамдық жұмысын қалыптастырудағы әлеуметтік-мәдени факторлар оның ерекше көрінісін қалыптастырады және бенефициарлар үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Оның идеологиясы конфессиялық теологияға негізделген және діни әлеуметтік ілімнің құндылық-нормативтік кешенін жүзеге асырады. Діни ұйымдар көмек көрсетуге дін қызметкерлері мен қарапайым адамдарды тарту арқылы әлеуметтік қызмет көрсетудің корпоративтік мәдениетін қалыптастырады. Конфессиялық әлеуметтік жұмыс субъектілерінің әлеуметтік-мәдени ресурстары әртүрлі деңгейде жүзеге асырылады өзара ықпал ету, институттардың әртүрлі нысандарында, көптеген әлеуметтік қызмет түрлерінде – діни ұйымдарда, сондай-ақ зайырлы әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінде. Дін мен әлеуметтік жұмыстың өзара әрекеттесуіне мұқтаж жандарға көмек көрсету Қазақстандағы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік емес секторын жетілдірудің маңызды бағдары болып көрінеді.

Түйін сөздер: дін, діни қызмет, әлеуметтік қызмет, саясат, қайырымдылық.

Әлеуметтік қызмет әлеуметтік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Бұл қызметтің ерекшелігі мұқтаждар мен кедейлерге риясыз көмек көрсетуден тұратын ең ежелгі діни дәстүрге негізделуінде. Әлеуметтік қызметтің негізгі ұғымдары мейірімділік пен қайырымдылық екені жалпы қабылданған. Ғылыми әдебиеттерде, әдетте, бұл ұғымдар не синонимдер ретінде, не салыстырмалы құндылықтар ретінде жиі пайдаланылады, оларда қайырымдылық қайырымдылық қызметтің ажырамас бөлігі болып саналады (филантропия, қайырымдылық қызмет).

Ежелгі заманнан адамға деген жанашырлық, жанашырлық, мұқтаж жандарға қол ұшын беруге дайын болу адамгершілік пен мейірімділіктің адамгершілік категориялары арқылы қабылданған. Ежелгі мысырлықтар мейірімділікті жанқиярлық және мұқтаж адамдарға көмектесу ретінде түсінді. Ежелгі Қытай өркениетінде жақынға деген сүйіспеншілік ең маңызды моральдық өсиеттердің бірі болды. Ежелгі өркениеттегі кедей азаматтарға көмектесу саяси міндет қана емес, адамға деген мейірім мен жанашырлықтың көрінісі болды. Цицерон мейірімділікті адамның айрықша белгісі ретінде

көрсетті. Эпиктет ілімі бойынша адамдарға жақсылық жасауға, көмектесуге ұмтылу адамның табиғатына тән.

«Адамгершілік» концепциясының призмасы арқылы өтетін мейірімділік ұғымы христиандық доктринаға енеді. Мысалы, қазіргі православиелік теологтар мейірімділікті қасірет себептерін жою үшін сенушілердің жердегі істерге белсенді араласуы ретінде қарастырады. Олардың көзқарасы бойынша, мейірімділік «...әлеуметтік, экономикалық және нәсілдік әділетсіздікті біріктірген өмір салтына шақыру, біздің инстинктімізге қарсылық, биологиялық өмірдің негізгі заңына қарсы тұру, ол өмір сүруді көздейді. ең жарамды». Нәтижесінде мейірімділік туралы қазіргі православие ілімінде зайырлы және діни құрамдас бөліктер байқалады. Бұл доктрина үшін діни құрамдас бөліктен басқа мейірімділік жалпыадамзаттық нормалар мен құндылықтар категориясы болып табылады. Демек, бұл көзқарас әртүрлі дүниетанымдық бағдардағы адамдар арасында әлеуметтік қызметтің барлық салаларында ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде мынаны айтуға болады: «әлеуметтанулық өлшемдегі «мейірім» ұғымын белгілі бір сенсорлық-сезімдік формадағы адамдар арасындағы қарым-қатынастардың ішкі реттеуі ретінде әрекет ететін әлеуметтік институттың бір түрі ретінде бағалауға болады. эмоционалдық көзқарастар мен қабылдаудың, ойлаудың және көзқарастың стереотиптері. Философ Демокрит былай деп дәлелдеді: «Қарыздар кедейлерге қарыз беруге, көмектесуге және жақсылық жасауға шешім қабылдағанда, онда бұл қазірдің өзінде жанашырлық пен жалғыздықты жеңу, достық пен өзара көмек, азаматтардың бірауыздылығы және басқа да артықшылықтарды қамтиды. оны ешкім есептей алмайды». Бұл институт әлеуметтік байланыстардың пайда болуының психологиялық қайнар көзі болып табылады, олар кейіннен институционалдық нормалар мен құндылықтар ретінде одан әрі реттеуге ие болады, соның арқасында белгілі бір жағдайлада жеке тұлғалардың әрекеттері күтілетін, жасырын, болжамды болады, мақсаттарға жетуді қамтамасыз етеді. Әлеуметтік нормалар бұл жағдайда барлығы үшін міндетті, танылған және ортақ мінез-құлық ережелері болып табылады және әлеуметтік әрекеттерді анықтайтын объективті факторлардың ең маңыздысы болып табылады. Олардың реттеуші ықпалы олардың не кез келген әрекетті жасауға нұсқау беруінде, не тыйым салуында, не субъектіге мінез-құлықтың басқа бағытын таңдау мүмкіндігін беруінде, не белгілі бір әлеуметтік субъектінің жұмыс істеу тәртібін жай ғана белгілеуінде. мақсаттарына жету үшін. Сайып келгенде, осы әлеуметтік институттың арқасында дамыған әлеуметтік нормалар мен құндылықтар әлеуметтік бақылаудың құралы, механизмі, қоғамдағы келісімді және оның табыстылығын сақтау құралы болып табылады.

Әлеуметтік қызметтің негізгі қағидалары мен нормалары Киелі кітапта, әсіресе Інжілде, Құранда, Тинитакада және басқа да қасиетті кітаптарда қамтылған. Оларды Жазбалардан қарастырайық.

Ескі өсиет дәуірінде мейірімділік істері Құдайға ұнамды істер ретінде түсіндіріледі. Еврей қоғамында кедейлер мен аз қамтылғандарға көмектесу

үшін белгілі бір шаралар әзірленді. Қабылданған заңдарға сәйкес егістік жерлер, жүзімдіктер мен бау-бақшалар жетінші жыл сайын «кедейлерді тамақтандыру үшін» орылмай қалуы керек еді (Мыс. 23:10). Әрбір үшінші жыл сайын егіннің оннан бір бөлігі кедейлерге берілді [1, 28-29 б.]. Ақырында, егістіктің немесе бақтың шеттері әдейі орылмай қалды, ал кедейлерге егіннен кейін қалған құлақтарды алуға рұқсат етілді (Лев. 19:9-10).

Ережеаралық кезеңде иудаизм мейірімділік істеріне көңіл бөлгені соншалық, қайырымдылық құтқарушы және құтқарушы мағынаға ие болды. Қайырымдылық істері «әділдіктің» белгісі ретінде анықтала бастады. Бұған «су оттың жалынын сөндіреді, ал садақа күнәларды тазартады» деген апокриф де дәлел. Раввиндік ілім мейірімділіктің үш қағидасын тұжырымдайды: 1) қайырымдылық – әділдік қасиеті; 2) қайырымдылықтың белгілі бір шегі болуы керек, өйткені ойланбаған қайырымдылық донорды құртуы мүмкін; 3) қайырымдылық істері көмек көрсетілетін адамның қадір-қасиетін төмендетпеуі керек.

Христиандық ескі өсиет мейірімділік дәстүрін жалғастырды, оған доктриналық мазмұнды енгізді. Христиан іліміне сәйкес, мейірімділік сенушінің әділдігінің өлшемі болды (Елшілердің істері 9:36-43,10). Елші Пауыл Құдайдың мейірімділігі (Ефес. 2:4-9; Тит. 3-5) мен кедейлерге садақа беретіндердің мейірімділігі арасындағы өте маңызды теологиялық байланысты көрді: сенуші Құдайдың мейіріміне ортақ болуы керек. (Рим. 12:1; Қорынттықтарға 2-хат 4:1). Керісінше, мейірімсіз адам Құдайдан толықтай бас тартады (Рим. 1:29-32). Ол Құдайдың аяусыз үкіміне бағынады (Жақып 2:13). Диадохия 15:14-те христиандық беру дұға сияқты маңызды. Бұл туралы шіркеудің христиан иерархтарының бірі Клемент Римдікі былай деп жазды: «Демек, садақа беру – күнәлар үшін өкіну сияқты жақсы іс. Ораза намаздан, ал зекет екеуінен де жоғары... өйткені зекет күнәнің ауырлығынан артық». Осылайша, христиандықтағы мейірімділік істеріне ең маңызды діни мән берілді. Христиан адамдарға шексіз жомарттық пен мейірімділік сыйлаған Құдайға еліктеуі керек.

Кейіннен протестанттық дәстүрде мейірімділік туралы екі түбегейлі қарама-қарсы ілім дамыды, ол «ізгі істер» туралы ілім ретінде түсіндірілді. Кальвинистік-лютерандық ілім сотериологияның элементі ретінде игі істерге қатысудан бас тартты. Протестантизм идеологтарының пікірінше, мүміннің құтқарылуы адами ізгілікке, атап айтқанда, мейірімділікке емес, Құдайдың рақымына негізделген. Алла Тағаладан сый ретінде алынған құтқару жақсы амалдар қажет емес дегенді білдірмейді. Олар бұйырылған және иманның жемісі. Олар Құдайға белгілі және ол соңғы үкімде оларды есепке алады. Алайда адамның құтқарылуының кепілі тек сенім ғана [2]. Протестантизмнің тағы бір тармағы арминианизм мейірімділік істерін сенушілерді құтқарудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде мойындады.

Католиктік дәстүрде тәубеге келу, ораза ұстау, шейіт болу, рақымшылық, т.б. Құдайға ұнамды және өлгеннен кейін сыйға лайық деп саналды. Католиктік шіркеудің ілімінде тіпті осындай көзқарас пайда болды, оған сәйкес ізгі

істердегі еңбегі Құдайдың рақымы ретінде Шіркеу арқылы кейінгі ұрпаққа берілуі мүмкін. Құтқарудың құдайлық жоспарындағы адамның игі істерінің еңбегі Мәсіхтің құмарлығының еңбегімен байланысты болды және олардың арасында сәйкестік бар деп есептелді [3]. Осылайша, католицизмдегі құтқарылу Құдайдың берген және лайықты деп саналды. Мұнда мейірімділік туындылары маңызды рөл атқарды. «Діни мейірімділік мәні бойынша теоцентристік сипатқа ие, – деп жазады осы мәселеге қатысты қазіргі орыс зерттеушісі, – біріншіден, ол күнәкарлікті жеңетін ізгі қасиеттердің бірі ретінде құдайдың моральдық заңынан алынған; екіншіден, Аллаға деген сеніммен қосарланған мейірімділік қана ақиқат деп танылады. Мейірімділіктің сыртқы көрінісі – көмек пен қатысу, ішкі көрінісі – жанашырлық».

Осыған ұқсас ұстаным православиелік ілімде және дүниетанымында. Онда мейірімділік аяушылық емес, прагматикалық критерийлер жоқ бүкіл православиелік қауымдастықтың өмір салты. Православиеде құтқарылу мәселесі адамның өзін еркін таңдауы ретінде түсініледі. Ал рақымшылықтың нағыз тәжірибесі – дәл құтқарылу жолы.

Нәтижесінде, мынадай қорытынды жасауға болады: әлеуметтік қызмет – бұл догма мен мейірімділіктің діни қағидаларына негізделген және қайырымдылық түрінде жүзеге асырылатын әлеуметтік қызметтің ерекше түрі. Онда қоғамдық белсенділік мотивтері діни қызмет мотивтерімен үндеседі. Тар рухани мағынада әлеуметтік қызмет адамгершілік құндылықтарға, жанның сақталуына және мәңгілік құтқарылу үмітіне бағытталған. Кең мағынада әлеуметтік қызмет мемлекеттің әлеуметтік саясатының қызметін – халықты сақтау және қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді тегістеу қызметін атқарады. Ол әлеуметтік ортадағы қолайсыз факторлардың теріс әсерінен қорғауға немесе осы әсерді азайтуға бағытталған болуы мүмкін. Сонымен қатар, діни бірлестіктерге бүгінгі таңда аса қажет қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік, коммерциялық емес және қоғамдық бірлестіктермен тығыз ынтымақтастық немесе қоғамдағы заманауи үрдістер талап еткендей әлеуметтік әріптестік қажет.

Біздің елімізде әлеуметтік қызметке қатысты кез келген мәселе «Діни қызмет және діни бірлестіктер» Заңы аясында реттеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы Заңы.

2 Элбакян Е.С. Милосердие в религиозной картине мира // Религиоведение / Энциклопедический словарь. – М., 2006. – С. 637.

3 Шанин Т. Социальная работа как культурный феномен современности: новаяпрофессия и академическая дисциплина в контексте социальной терапии и политическойпрактики наших дней // Взаимосвязь социальной работы и социальной политики. – М., 1997.

4 Шанин Т. Социальная работа как культурный феномен современности: новаяпрофессия и академическая дисциплина в контексте

социальной терапии и политическойпрактики наших дней // Взаимосвязь социальной работы и социальной политики. – М., 2000.

5 Даль В.И. Толковый словарь русского языка. Современные версии. – М., 2004. – С. 388.

ҒТАМР 17.82.30

БЕЙБІТ САРЫБАЙ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ АУЫЛЫНЫҢ БЕЙНЕСІ

М.С. Жәлелова
Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.
С.Ш. Айтуғанова
Ғылыми жетекші, ф.ғ.к. профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.

Мақалада жазушы, сатирик Бейбіт Сарыбай әңгімелеріндегі қазақ ауылының бейнесі кеңінен сөз етіледі. «Қараағаш», «Өліара», «Бейкүнә күнәһарлар», «Естелік», «Деканыңа сәлем айт» әңгімелеріндегі ауыл бейнесін талдай отырып, бірнеше көріністерге тап боламыз. Мысалы ауылдың қайнаған тіршілігі, ауыл тентектерінің балалықтан барған әрекеттері, ауылдағы махаббат, қос ғашықтың тілдесуі, күндіз-түні тыным таппайтын ауыл адамдарына тән аңғалдық, мінез-құлық, ауыл тыныштығы. Прозашының сөз саптауы ерекше. Ауылдың әдемі көрінісін жай ғана сипаттап қоймайды. Оқырманның көз алдына түрлі әрекеттер арқылы мың құбылтып алып келеді. Ауыл ішінде болған бір ғана хикая мен оның кейіпкері арқылы оқырманға түрлі эмоция сыйлай біледі. Кейбір әңгімелерінде ауылды қаламен салыстыру арқылы ауылдың қайнаған тіршілігінің құндылығын әдемі ұқтырады.

Түйін сөздер: Бейбіт Сарыбай, сатирик, қазақ әдебиеті, қазақ ауылы, ауыл бейнесі, әңгіме жанры, ауыл тіршілігі.

Қазақ әдебиетінің озық үлгілерін алып қарайтын болсақ, әрқайсынан қазақ ауылының образын кезіктіруге болады. Себебі ауыл – қазақ халқының түп тамыры, алтын қазығы. Әрбір жазушы да, ақын да балалық шағының куәсі болған алтын мекенін өз шығармашылығына арқау етіп отырады. Көркем шығарманы оқи отырып, ауыл өмірі, ондағы тіршілікті, сол кезеңдегі жаны жайсаң адамдарды кезіктіреміз. Ауылдың бітісе қайнап жататын тіршілігі әр дәуірдің әдебиетінде өзінше көрініс тапқан. Тіпті, ауыл мен қазақ халқы бір-бірінен ажырамас егіз ұғым іспеттес. Халықтың болмыс-бітімі, ұлттық мінезі ауылдың қым-қуыт тіршілігімен бір арнаға тоғысып жатады. Қазақтың мұзбалағы атанған М. Мақатаевтің өзі:

«Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы,
Бұдан артық рахат табылмайды.
Бұлдырасын сағымдай өткен бір күн,
Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы».

– деп ауылға аңсары ауып тұратын қазақ болмысын оқырманның көз алдына дәлме-дәл келтіргендей.

Адамгершілік, сыйластық, мейірімділік, сөзге тоқтау сынды қанға сінген қасиеттердің де негізгі қайнар көзі – осы ауылда. Көптеген әдеби туындыларға зер салатын болсақ, ауылдағы ынтымақтың ыдырап бара жатқандығынан дабыл қағып, сағынышпен еске ала отырып, бейнелейді. Қазақ әдебиетінде ауыл тіршілігінен қол үзіп, ауыл өмірінен бойын алыс салған адамдардың іс-әрекеті – өзекті тақырып.

Ерте дәуірдегі әдебиет кезеңдеріне бармай-ақ, С. Мұратбеков, Д. Исабеков, Т. Нұрмағамбетов сынды жазушылардың шығармаларын оқи отырып, ауылдың тыныс-тіршілігін, қайнаған өмірін, ондағы адамдардың шынайы қарым-қатынасы мен іс-әрекетіне куә боламыз. Қаламгерлер өте шебер суреттей білген. Мысалы Дулат Исабековтің «Кемпірлер», «Шалдар», «Қара шаңырақ», «Ағайындылар», «Күйеу бала» сынды әңгімелерінде ауылдың қарапайым тұрмыс – тіршілігі мен ондағы қызықты оқиғалар суреттеледі.

Жылдар жылжыған сайын оқырман көзқарасы да өзгереді. Қазіргі әңгімелер заман сұранысына жауап беруі тиіс. Мұндай шығарма жазу үшін, қаламгер ең алдымен өз елін, жерін сүйіп, ұлттық құндылықтарын жоғары қоя білуі керек.

Қазіргі сөз өрнегін ойып салар шеберлердің арасында ауыл тақырыбының лебі ерекше сезілетін қаламгерлердің бірі – Сарыбай Бейбіт Шегебайұлы. Ол 1983 жылы 3 қаңтарда Алматы облысында дүниеге келген. әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінің түлегі. «Парасат», «Алматы ақшамы», «Дала мен қала», «Алаш айнасы» сияқты біршама республикалық газет-журналдар мен «Ел арна» телеканалында, «Қазақ радиосында» қызмет атқарған. Оның «Рауғаш ерте гүлдейді», «Мейірім», «Айна», «Ақтабан», «Қараторғай», «Біздер... Біздер... « сынды басылымдары кітап сүйер қауымға жол тартқан. Екі жанр, яғни, проза мен поэзияны қатар алып жүретін жазушының өзіне тән жазу стилі бар.

Сатирик Бейбіт Сарыбай қай тақырыпты қозғаса да, қоғамдағы адамның орны мен рөлін, қарым – қатынасын, тұлғалық қасиетін шебер суреттей біледі. Жастар арасында «Өліара», «Мейірім», «Қарағаш», «Менің Қазақстаным», «Рауғаш ерте гүлдейді», «Деканыңа сәлем айт», «Ақтабан», «Бейкүнә күәһарлар», «Естелік», «Қазақы мінез», «Байлар да жылайды» атты әңгімелері мен хикаяттары кеңінен танымал. Прозашының кез келген әңгімесі немесе өлеңдерінен тұңғиық сезімді, кіршіксіз көңілді, таза ниетті, адал махаббаты, бала мінезді анық байқаймыз. Кейбір тұсында оқырман эмоцияға берілсе, келесі тұсын оқып отырып, астарында шындығы бар ащы әзілге тап болады. Кез келген шығармасы жеңіл ырғақты. Оқырманның көз алдына айтқысы келген ойын сөздің құдіреті арқылы анық жеткізеді. Туындылары еріксіз езу тартқызар юморға толы. Әрбір әзілі өз орнымен қолданылған. Сондай-ақ, әлдебір сөздермен оқырманды күлдіруге тырыспайды. Сюжет бойымен оқып отырған адам өзі-ақ еріксіз жымияды.

Жазушының шығармаларында ауыл, туған жер, туған елмен қатар ұлттық мінез тайға таңба басқандай менмұндалап тұрады. Бүгінгі күннің шындығын қаламның ұшымен жеткізеді. Мысалы «Жаман жерден шықпапты, жақсы жерге келіпті» атты әңгімесінде бірден айтар ойын алғашқы бөлімде-ақ жайып салады. Әрі қарай оқырманның оқымасқа амалы жоқ. «Қазақтың бәрі текті. Қазақстанның барлық жері киелі. Тексіз қазақ жоқ. Киесіз жер жоқ. Сенбесеңіз тойға барыңыз. Батыс пен шығыс, оңтүстік пен солтүстік құдаласып жатса да, Арғынның қызын Адайдың ұлы алса да, Албанның қызы Керейдің ұлына тисе де, еститініміз осы сөз. Айналайындар-ау, ақыр бәріміз текті екенбіз, жеріміз киелі екен, оны қайта-қайта айта беріп не керек?» – деп автор сұрақ қою арқылы оқырманды біраз ойландырып тастайды. Бұл қазіргі заманның көрінісі, шындығы [1, 102 б.].

Келесі әңгімесін «Біздің ауылда тарлау бір көшеде жалғыз өсіп тұратын қараағаш болған» деп бастайды жазушы. Мазмұны айтып тұрғандай әңгіменің атауы «Қараағаш». Кәдуілгі ағаш болғанмен, бойына біраз естелікті жинаған сырсандық секілді. Мұны жазушының мына бір сөйлемдерінен аңғарамыз: «Қасынан өткен әрбір адам әлденені есіне алатын» [2, 142 б.]. Әрбір адамның балалық шағында, ауылда асыр салып ойнап жүрген кездерінде басынан өткеретін сәттердің бірнешеуін әңгімеден кездестіреміз. Мысалы ағаштың түбінде қос ғашықтың жарасым табуы, үлкендердің көзіне түспеуге тырысуы, оларды ауылдың сотқар, бұзықтарының аңдуы, қоршау ішімен жүріп, тасаларға тығылуы. Бәрі ауылда өсіп-өнеген қазаққа таңсық дүние емес. Өзінің кезеңіндегі балалар мен қазіргі жас жеткіншектердің іс-әрекетін де салыстырмалы түрде сипаттап, ара-жігін ажыратып береді: «Бір кездегі сол екеуіндей, Нәйлә екеуміз де ұзақ сонар әңгіме айтып тұрмыз. Бірақ бізді аңдып жатқан біз кездегі өзіміздей балалар көрінбейді. Олар неге аңдымайды екен? Бәлкім бұлар үшін бұндай жағдайлар қызықсыз шығар. Бұл күнгінің балаларын компьютер ерте есейтіп жіберді ғой. Біздер үшін керемет еді. Уақыт-ай десеңші!» [2, 145 б.]. Қазір асыр салып, асық ойнайтын, доп теуіп, қозы бағатын қара домалақ баланың орнын қолында смартфоны бар, техниканың тілін шағатын балалар басқан.

Әңгімеде екі кезеңдегі екі түрлі махаббат хикаясының аяқталуы әдемі үйлесім тапқан. Бір кездері бала ғашық қызық көріп аңдыған жігіт пен қыздың жолы екіге айырылған. Нәйлә мен оқиғаның басты кейіпкерінде де солай. Оған мына бір сөйлемдер дәлел: «Екі жыл бұрын Нәйлә екеуміз осы қарағаштың түбінде тұрып едік. Сол кезде әлденеден секемденгендей ме едім? «Оған қарағаштың не қатысы бар?» – деп еді ол. Мен: «Олардың жолын бермесін» деген едім» [2, 145 б.].

Әңгімеде автор жігіт пен қыз арасындағы диалогті әдемі өрбітеді. Қараағаштың жанында ұзақ сонар әңгіме айтып тұрған жігіт балалықтың бал күндеріндегі хикаяны баяндай келіп: «-Шіркін, сенің орнында мен болсам ғой» деуші едім. Енді сол жігіттің орнында тұрмын» дейді күліп. «Сені де біреулер боқтап тұрмасын. Не қарап тұрсың, кел енді» [2, 146 б.] деп әзілдей күлген Нәйләнің сөзі арқылы қазақ қызының бойындағы ұяңдықты да жеткізгісі келеді.

Әңгіменің негізгі қазығына арқау болған қараағаш – кез келген жерде кездесетін кәдімгі ағаш. Бірақ мұндағы қараағаш ауыл адамдарының біріне бәйтерек, енді біріне тарихқа бай терек, ыстық һәм сырға, мол естелікке толы көп жылдық ағаш. Жазушы «Осы ақынның да өзінің қараағашы болған сияқты» [2, 147 б.] – деп ақын Маралтайдың өлең жолдарынан мысал келтіреді. Осы орайда көрнекті ақын Жұмекен Нәжімеденовтің де «Қара ағаш» атты өлеңі ойға оралады.

Тағы шоқтығы биік әңгімелерінің бірі – «Өліара». Ескі ай бітіп, жаңа ай туғанға дейінгі аралықты қазақ осылай атаған. Алайда әңгімеде ауыл оқушыларының мектепті бітіріп, жаңа өмірдің бір белесіне қадам басқандағы аралығын «өліара» деп сипаттайды. Бұл – Бейбіт Сарыбайдың тапқырлығы, креативтілігі, ойға жүйріктігі. Әңгімедегі кейіпкерлердің іс-әрекетімен таныса отырып, дархан көңілі кеңінен жайылған нағыз ауылдың ортасына тап боласың. Дүкенші Гүлшатқа бала жүгіртіп, қарызға алуы, әке-шешенің семіз екі сөмкеге құрт, май, бір жапырақ ет салып беруі, бүгінгі жас түлектің қой айдаған шопанға айналуы, ауылдың аңқау баласы Алматтың тәлейлі қыздан жауап көшіргені, ауылда Қожанасыр атағының дүрілдеп тұруы – шынайы өмір. Бір ауылдың ішінде болған Алматтың оқиғасын оқи отырып, оқырманның еріксіз күлмеске амалы қалмайды: «Сөйтсем оның күлетіндейі бар екен. Бал деп қуанып жүргенім, рет саны екен. Мен 117 бал жинамаппын. Бар болғаны 117-нөмірлі талапкер екенмін. Көзімнің алды тұманданып кетті» [3, 27 б.]. Ауылдан шыққан Алматты оқырман бірде мақтаса, бірде даттайды. Кейбір жерінде оған реніш білдіреді, келеке қылады. Бір әңгіменің өзі түрлі эмоция сыйлайды.

«Бейкүнә күнәһарлар» әңгімесінің атауы да ерекше. Бірден әңгіменің ішіне еніп кетуге шақырып тұр. Шығармада ауылда болған тағы бір қайталанбас хикая баяндалады. Кішкентай балалардың көк аспаннан зуылдап өте шығатын самолеттің артынан қол бұлғап жүгіруі кез келген адамның балалық шағында болды деп айтсақ қателеспейміз: «Біздің ауылдың төбесінен күнде осылай самолет ұшады. Біз күн сайын сол ұшақтың артынан тұра жүгіреміз» [4, 3 б.]. Үнемі осылай «Ей, самолет, самолет! Алматыға ала кет» деп айқайлайтын балалардың жалғыз терек түбіне отыра қалып армандауы ауылдың тыныс-тіршілігінен көп хабар береді. Мысалы Әбін атаның үйіндегі өрікті ұрлауы, оны көк қалпында жеп, піскенге дейін жеткізбеуі, ыстыққа шыдамай өзеннен шомылып шықпауы, үлкендердің кішісіне әлімжеттік көрсетіп, арқасына отырып алуы, көрші ауылдан келген Сүйрікке таласуы. Көркем шығармада тек ауылдың жай-күй ғана баяндалмайды. Түсініп оқыған жанға берер тәлімі мол. «Топырақтан жаратылғандығымызға имандай сендік. Тек кейін қайтадан топыраққа айналатынымызды ойлағанда көңіліміз құлазып қалды. Шіркін, адамдар өлмей жүре беретін болсашы. Менің балаң түйсігім сол кезде топыраққа деген құдіретті сезінгендей болды. Егер біз топырақтан жаратылған болсақ, біз неге сол топырақты таптап жүрміз. Менің бойымда белгісіз бір қорқыныш пайда болып, топырақты таптауға батылым бармады. Таптамасқа тағы амал жоқ. Адамдардың топырақта ізі қалатыны сол екен-ау» [4, 7 б.]. Адамның бүкіл өмірі осы топырақпен байланысты екенін кейіпкер

монологы, яғни жап-жас жеткіншектің ұшқыр ойымен жеткізеді. Әңгімені оқу барысында ешқандай арам ойы жоқ аңғал ауыл балаларының уайымсыз балалығын көз алдымызға елестетеміз.

Ақылсыз балалықты суреттеген келесі әңгімесі «Естелік». Мұнда да ауылдағы ғашықтық хикаясы. «Естелік» әңгімесіндегі кейіпкер балалықтың бұлтсыз аспанындағы жарасымды қылықтарын «Біз таза едік. Ырың-жырыңға салынып жаға жыртыспадық, төбелеспедік десем, ол, әрине, өтірік болар. Талай-талай жағаластық. Бірақ біздің онымыз сотқарлықтың, қатігездіктің белгісі емес, ақылсыз балалықтың жемісі болар» [2, 147 б.] – деп еске түсіре отырып, бір естелікті бастайды. Махаббаттан хабары жоқ сотқарлардың мектеп кезінде қыздарға хат жазуы, анкета толтыруы «әй, балалық-ай!» деп оқып отырған оқырманға тәтті естеліктерді береді. Әңгімедегі басты кейіпкер Болаттың әрбір іс-әрекетінің, жүріс-тұрысының астарында қазақы ауылдың тынысы жатыр. Мысалы кешкілік малдарды жайғап болуы, қораның төбесіне шығып алып Айжанның үйін аңдуы, ауылда болатын тойдан бүкіл тұрғынның хабардар болуы, самаурында қалған жылы суға басын жуа салу әрбір ауылда белең алатын құбылыс. «Қараңғы қоюланып, ақшам жамырай бастаған-ақ екен. Әр жерден бір иттердің үргені естіледі. Көлбақалар да өз симфонияларынан аракідік үзінділер шырқап қояды» [2, 149 б.] – деген үзіндіден ауылдың кешкіліктегі шынай бейнесін көреміз.

«Кейде бес тиынға құл қылған қала тіршілігінен, қаланың мансап қуып, бақ іздеп, тез арада байып кеткісі келетін және сол үшін ешкімді де аямайтын әртүрлі адамдардан шаршағанда мамыражай ауылға тартып кеткім келетіні бар» [3, 88 б.] – деп басталатын қалалықтардың жан айқайын сөзбен түйреп жеткізген Бейбіт Сарыбайдың келесі әңгімесі «Деканыңа сәлем айт» деп аталады. Әрі қарай «Елге барып ен далада қой баққым келеді. Шіркін, керемет өмір ғой. Кешкісін өрістен мал келіп жатқандағы шудың өзі жанымның жалғыз емшісіндей көрінетін кездері де жоқ емес. Сол қозы, лақтың маңырағанының өзі құдды дала музыкасы. Шындығында, біз, қалада жүргендер қанша керемет көрінгіміз келгенімен ауылдағы адамдар бақытты ғой» [3, 88 б.] – деп ауылға кеткісі келуінің себебін де тәтпіштеп айтып береді. Міне, қазақы ауылдың нағыз бейнесі. Ауылдың аузын ашса жүрегі көрінетін еңбекқор адамдарын қала тұрғындарымен салыстыра отырып, бейнелейді: «Қалада жүріп әр ортаға түсіп, әр түрлі пішіндерге еніп әртістеніп жүріп, табиғи қалпымызды жоғалтып алдық па, қайдам... Ал ауыл адамдары о баста Құдай қалай жаратса өле-өлгенше солай ғұмыр кешеді. Біз құсап өтірік күлуді, өтірік қайғыруды олар мүлде меңгермеген» [3, 89 б.]. Ауылға деген сағынышын әкесімен сөйлесу арқылы басатын кейіпкердің телефон көмегімен тілдесуінің өзінде қазақы ауылдың иісі аңқып тұр. Көршісінің телефонына қоңырау шалған бала мен әкенің әңгімесі былай өрбиді: « – Әләу, – дейді. Ары қарайғы әңгіме төмендегідей жалғасады.

– Алло, папа, мен ғой. Қалдарың қалай?

– Жақсы. Аман-есенбіз. Қойлар туып бітейін деп қалды. Анау сен жақсы көретін сарыбас қой биыл тағы да егіз қозы туды. Сенің жаздық демалысыңа дейін семіз марқа болады. Кеше итті босатуды ұмытып кеткен екенбіз, төрт

тауықты ұрлап кетіпті. Содан анау арақ сататын Тәпіштің үйіне бардым. Ойлағанымдай сол үйден таптым. Анау әлгі өзіміздің Сәрсек екі бөтелке араққа сатыпты. Өздеріннің қалдарың қалай? Анау нағашы әпкеңдердің қалы қалай? Барып, араласып тұратын шығарсың. Не үшін хабарласып едің?» [3, 90 б.].

Әкенің айтқан әңгімесінен ауылдың бір күндік тіршілігі көз алдыннан жүріп өтеді. Көпбергеннің машина аламын деп төрт сиыр сатқаны, Ақтанбаймен сөзге келіп қалуы, Қайымның қыз ұзатып, құда шақырайын деп жатқаны, Дүйсеннің қаладағы баласы машина алдым деп, ауылдағыларды алдағаны, шопыр Мұраттың бір банкы варениені сынды деп, өзі алуы сияқты жаңалықтарды жеткізген әкенің әрбір әңгімесінде ауылдағы қазақы болмыс-бітім айқын көрінеді. Баласының оқуы ақысын төлеу үшін екі мәшине шөпті, екі қошқардың біреуін сату, мал бауыздау сынды әрекеттер де ауылдың күн көру тіршілігін бүкпесіз жайып салады. Қаламгер әңгімеде тек ауылды ғана сипаттап қоймайды. Ондағы ауыл адамдарының даралық мінезін іс-әрекет арқылы мың құбылтады. «Деканыңа сәлем айт» деп аңғал көңілмен сәлем жолдаған әкенің ыстық ықыласына кейіпкер өз ойын былай жеткізеді: «Әкем таза көңілмен «деканыңа сәлем айт» деді. Мен айта алмаймын. Не деп айтамын. Ол да, мен де қалалықпыз ғой. Ал әкем ауылдікі. Келер жолы хабарласқанда «сәлемімді жеткіздің бе?» – дейді. Мен «иә, айттым, сізге де сәлем айтып жатыр» деп құтыламын. Әкем соған бола мәз болып, «әй, ұлық болсаң, кішік бол деген, иә, маған да сәлем айтты дейсің бе ей» деп шын таң қалды. Одан кейін, көрші шалдарға маған анау Нарқоздың деканы сәлем айтты деп мақтанып жүреді. Әкем ауылдың өзіндей аңғал. Ал, мен... Қала адамдарымыз ғой... « [3, 92 б.]. Әңгіме де осымен аяқталады. Оқырман туындыны оқи отырып, ауылға барып қайтқандай күй кешеді. Шығарманың өн бойында ауылдағы ағайынның айналысатын шаруашылығы, ауылдың қайнаған өмірі, кең даласы, таза ауасы, ауылға тән құндылықтар мен ондағы күндіз-түні тыным таппайтын аңғал адамдардың әрекеті тайға таңба басқандай көрінеді.

Қорытындылай келсек, Бейбіт Сарыбайдың әрбір әңгімесінде ауылда болатын оқиғаның бір ұшқыны жарқ етіп отырады. Ауыл өмірін аңсайтын кез келген адамды сонысымен де баурап алады. Әңгімелері оқыған өте жеңіл. Шынайылық басым, әзіл аралас. Астарына шындықты жасырып қояды. Шығармаларында ауылдың тыныс-тіршілігін бейнелеу арқылы, бүгінгі күннің біраз өзекті тақырыптарын қозғап тастайды. Оқырманды балалық шақтың бал күндеріне, тәтті естеліктеріне саяхат жасауға шақырып тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Сарыбай Б. Біздер, біздер...: Әзіл-шыны аралас әңгімелер. – Алматы: «Баянжүрек», 2017. – 216 б.

2 Сарыбай Б. Қараторғай: Проза. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. – 192 б.

3 Сарыбай Б. Рауғаш ерте гүлдейді: Проза. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2009. – 160 б.

4 Сарыбай Б. Ақтабан. Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2021. – 240 б.

ҒТАМР 03.20

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНАН КЕЙІНГІ МЕКТЕП ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

О.Г. Турсынбаев
PhD-докторант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Қарастырылып отырған мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейінгі кезеңдегі елдегі жағдай, нақтырақ айтсақ, білім, тәрбие мәселелері туралы баяндалған. Аталған мәселелердің негізгі хронологиялық шеңбері – 1945-60 жылдар аралығы. Сол жылдардағы мектептердің жағдайы, алға қойылған жоспарлар мен қабылданған қаулылар, салыстырмалы статистика қарастырылған. Сонымен қатар, педагогиканы зерттеп, оның дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың еңбектері көрсетілген. Ежелгі кезеңнен қазіргі таңға дейінгі тәрбиенің қоғамда, жас ұрпақ тәрбиесінде атқаратын зор үлесі жайында, оны бала бойына дарыту жолындағы біршама міндеттер мен қағидалар тізбектеліп жазылған. Сондай-ақ, қарастырылып отырған кезеңде Талдықорған қаласындағы бастауыш сыныптардың тәрбие мәселесі де бар.

Түйін сөздер: педагогика, мектеп, тәрбие, мұғалім, оқушы, бастауыш сынып.

Ұлы Отан соғысынан кейін кеңес халқы соғыстың халық шаруашылығына келтірген зиянының орнын толтыруға ерекше жігерлене кірісті.

1946-1950 ж. ж арналған халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту туралы соғыстан кейінгі бесжылдық жоспарда соғыс кезінде қираған мектеп үйлерін тек қана құрылыстар салу, мектептердің жүйелерін одан әрі дамыту, балаларды міндетті жетіжылдық оқытумен толық қамту үшін соған сәйкес жағдайлар жасау және орта мектептердің жоғары сыныптарында оқитындардың санын 31,8 млн. адамға жеткізу көзделді.

Соғыс жылдарында қиратылған мектептерді қалпына келтіру және жаңа мектеп үйлерін салуда, олар үшін оқу-шығармашылық жабдықтарын даярлауда мектептерді қамқорлыққа алған өндірістік мекемелер белсене қатысты, ал ауылдық жерлерде – кеңшарлар мен ұжымшарлар, сонымен қатар еңбекшілердің өкілдері мұғалімдер, мектеп оқушылар кеңінен қатыстырылды.

Осындай шараларды іске асырудың нәтижесінде 1949 жылы жалпыға бірдей міндетті жетіжылдық білім беруді барлық жерде енгізу үшін толықтай мүмкіншілігі жасалды. Партияның XIX съезі халық шаруашылығын дамытудың

1951-1955 жж. арналған бесжылдық жоспарында төмендегі міндеттерді қойды: жалпыға бірдей жетіжылдық білім беруден жалпыға бірдей орта білім беруге көшуді аяқтау (республика орталықтарында, республикаға, облыстық, өлкелік және ірі өндіріс орталықтарында). Өткен бесжылдықпен салыстырғанда съезд қалалық және ауылдық мектептер үшін мектеп үйлерінің құрылысын 70 пайызға арттыруды белгіледі. Осының нәтижесінде бұл жылдары біршама жетіжылдық мектептердің жүйесі артты, сонымен қатар орта мектептердің, әсіресе ауыл мектептерінің жүйесі өсті.

1955-56 оқу жылы ауылдық жерлерде еліміздің орта мектептерінің жалпы санының жартысынан астамы орналасты. 1964 жылы сегіз жылдық мектепті 4 млн., орта білім беретін мектепті – 1 млн. 400 мың адам тамамдады. Жалпыға бірдей міндетті білім беруді іске асыруда ерекше жетістіктерге қарамастан, ауылдық мектептердің әлі де көптеген мектеп жасындағы балалар оқытумен қамтылмаған еді.

Ұлы Отан соғысына дейінгі қалыптасқан халыққа білім беру жүйесі, оның ішінде жалпы білім беретін орта мектептің құрылысы соғыстан кейінгі жылдарда да ешқандай елеулі өзгеріссіз сақталды. Директивтік құжаттарда айтылғандай, мектептің жұмысында кейбір өмірмен, тәжірибемен байланыс болмады, оқытудың сөздік сипаты берік орын тепті.

Партияның XIX съезі өзінің шешімдерінде жалпы білім беретін политехникалық мектепті құрудың қажеттігін атап көрсетті, бірақ ол партияның XX съезінде де күн тәртібіне қойылғанмен, бұл шешімдер іске асырылмады. 1956-1960 жж. арналған халық шаруашылығын дамытудың жоспарында жалпы білім беретін мектепте политехникалық оқытуды одан әрі дамытудың міндеттері қойылды.

1950 жылдары орта мектептің жоғары сынып оқушыларының саны біршама артты. Егер де 1950-1951 оқу жылында 8-10 сыныптарда 2 млн. адам оқыса, 1955-56 оқу жылында олардың саны 6 млн. адамға жетті. Орта мектептердің санының өсуіне байланысты пән мұғалімдерінің қажеттілігі артты. Егер де 1950-51 оқу жылында олардың саны 1 млн. 330 мың болса, ал 1958-59 оқу жылында олар 1 млн. 813 мың адамға жетті.

1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың бас кезінде педагогика ғылымы мектептің оқу-тәрбие жұмысының идеялық-саяси деңгейін арттыру мәселелерін зерттеуге және практикалық іс-әрекетке оқушыларды даярлауға ерекше мән берді. Бұл кезеңде педагогика теориясы мен тарихынан монографиялар мен оқулықтар жарық көрді: Н.К. Гончаровтың «Педагогика негіздері» (1947), И.А. Кайыровтың педагогикалық институттар мен университеттерге арналған «Педагогика» оқулықтар (1948), И.Т. Огородников пен П.Н. Шимбиревтің «Педагогика» оқулығы (1950), Б.П. Есипов пен Н.К.Гончаровтың педагогикалық училищелерге арналған «Педагогика» оқулығы (1950).

Партияның XX съезі (1956) педагогика ғылымының алдына көптеген жаңа өзекті мәселелерді қойды және мектептің оқу-тәрбие жұмысының

деңгейін арттыру, политехникалық білім беруді дамыту, мектептің өмірден алшақтығын жоюдың қажеттігін атап көрсетті.

Осыған байланысты Педагогикалық ғылымдар академиясының және педагогикалық институттардың педагогикалық кафедрасының ғылыми бағыты мектептердің өзекті мәселелерін зерттеуге біріктірілді: орта мектептегі жалпы және политехникалық білім беруді оқытуды ұйымдастыру және әдістері, мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ғылыми негіздері, балалардың жас және дара ерекшеліктерін ғылыми жаратылыстану және психологиялық тұрғыдан зерттеу.

1958 жылы 24 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Кеңесі қабылдаған «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және КСРО-да халық ағарту жүйесін одан әрі дамыту туралы» заң жалпыға бірдей міндетті сегіз білім беруді енгізу туралы шешім қабылдады. 1962-1963 оқу жылы барлық жетіжылдық мектептер сегіз жылдық мектептерге айналды. Халық ағарту органдары мектеп жүйесін қайта құруды және педагогикалық кадрларды орналастыруда біршама жұмыстар атқарды.

1950 жылдардың аяғында мектептегі білім берудің мазмұнын жетілдірудің жолдарын теориялық және эксперименталдық ізденістер басталды. Осыған байланысты жан-жақты мәселелер зерттелді: білім берудің мазмұнының, ғылымның, техниканың және мәдениеттің деңгейі мен сипатына тәуелділігі, жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беруге қойылатын жаңа талаптар; оқушылардың оқытудың әртүрлі тәрбие жұмысының бағдарламаларын құрудың қағидалары және т.б. [1, 162-197 б.].

Тәрбие мәселесіне тоқталар болсақ, қоғамның даму барысында тәрбие және мақсаты төңірегіндегі пікірталас ежелгі дәуірдің өзінде-ақ басталған. Ертедегі ойшылдар тәрбиенің мақсаты ізгі, рақымшыл азаматтарды тәрбиелеу деп түсінді. «Рақым» туралы пікірде олардың ойлары бір жерден шықпады. Мысалы, Сократтың түсінігінше, тәрбиенің мақсаты – заттардың табиғатын зерттеу емес, өз-өзінді тану, аса құлықтылықты жетілдіру, ал Платон ақыл-ой, ерік және сезімді тәрбиелеуге көп ықылас білдірді. Аристотель, тәрбиенің мақсаты жан рақымы – ақыл-ес пен ерік-жігерді дамыту деп білді. Ұлы педагог Я.А. Коменский тәрбиенің күшіне сенді, оның ойынша тәрбие үш мақсатқа жетуге бағытталуы қажет: өзінді және қоршаған ортаны тану (ақыл-ой тәрбиесі) және құдайға сиыну (діни тәрбие). Дж. Локтың ойынша, тәрбиенің негізгі мақсаты азаматты қалыптастыру, өз істерін ақылмен және байыппен жүргізу, ал Ж.Ж. Руссо қоғамдық құндылықтарды қалыптастыруға тәрбие мақсаттарының алатын орнын айтты. И. Гербарттың ойынша, тәрбие мақсаты, рақымды адамды қалыптастыруға, қалыптасқан қарым-қатынастарға бейімделе алатын, қоғамдағы белгіленген тәртіпті сыйлайтын, оған бой ұсынатын адамдар десе, А.Дистерверг тәрбиенің мақсаты «ақиқат, сұлулық және мейірімділікке өз ынтасымен қызмет» ету деп анықтаған. Ұлы орыс педагогы К.Д. Ушинский: «Егер сізге тәрбие мақсатымен адамды бақытты етуге болады деп айтса, онда сіздің дауласуға әбден қақыңыз бар, ал тәрбиеші «бақыт» дегенде нені түсінеді; өйткені, бәрімізге белгілі, әлемде бақытқа ұмтылмайтын пенде жоқ: біреуге

бақыт болып көрінетін жағдай, ал ол басқа адамға жай бір оқиға сияқты көрінеді, кейбіреуі тіпті бақытсыздық», – деп тұжырымдайды [2].

Тәрбие – қоғамның негізгі функцияларының бірі. Тәрбие жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру принципі болып табылады. Тәрбие процесі нәтижесінде аға ұрпақтың тәжірибесі оқушыларға беріліп, меңгеріледі, олардың сана-сезімі қалыптасып, жағымды мінез-құлық нормалары мен сезімдері дамып жетіледі.

Тәрбие процесі дегеніміз – жеке адам мен коллективті қалыптастыру мен дамытуға бағытталған тәрбиеші мен тәрбиеленушінің мақсатты және бір-бірімен тығыз байланысты қызметі.

Тәрбие процесін басқару функциясын мұғалім-тәрбиеші атқарады. Тәрбие процесінде әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық факторлардың бірлігі аңғарылады. Тәрбие процесінің түпкі мақсаты негізінен қоғамдық талаптармен, міндеттермен және жеке адамның тарихи нақтылы қоғамдағы орнымен анықталады. Тәрбие процесінің әлеуметтік маңызы оның жасөспірімдерді мораль, еңбек, ғылым, көркемөнер саласында қоғамдық игіліктерді меңгеруіне байланысты. Бірақ тәрбие процесінің ең негізгі қарастыратыны – жеке адам, әсіресе даму, кемелдену үстіндегі жеке адам. Сондықтан да тәрбие процесін іске асыру жеке адамның дамуының заңдылықтарын білмейінше, олардың жас және дара ерекшеліктерін жан-жақты түсінбейінше мүмкін емес.

Осының ішінде ең қиыны – тәрбие процесіне тән педагогикалық факторлар болып табылады. Ол белгілі бір жүйені құруға қажетті жағдайлар жасауға және әлеуметтік мақсатты іске асыруға, жағымды тәжірибені қалыптастыруға көмектеседі [3, 4-5 б.].

Мектептің өмірге жақын болуы біздің еліміздегі халыққа білім беру мен тәрбие жүйесін дамытудың ең негізгі бағыты болып табылады. Мектептің мақсаты – балалар мен жасөспірімдерді, қыздар мен жігіттерді әр уақытта да қазіргі өмірдің кең құлашты тасқынынан хабардар болу, оны сезіп отыру болып табылады. Тәрбие жұмысында осы принциптерді іске асырудың қандай жолдары мен шарттары бар?

Біріншіден, тәрбиенің өмірмен байланыстылық принципі оқушыларды біздің елімізде және шетелдерде болып жатқан күнделікті оқиғалармен хабардар ету, әр уақытта да таныстырып отыру, ол үшін саяси хабарламаларды өткізу, газеттер оқу, радио, телевизиялық хабарларды тыңдау т.б. Ең негізгісі оқушылар ағымдағы оқиғалардан хабардар болу керек.

Екіншіден, тәрбиенің өмірмен байланысы принципін іске асыру сабақта және кластан тыс жұмыстарда жергілікті өлкетану материалдарын кең көлемде пайдалануға көмектеседі. Бұл оқушыларды өзін қоршаған ортамен таныс болуға, өз өлкесінің өткені мен бүгінін білуге және өз ата-аналарының, жақын адамдарының еңбектегі табыстарымен танысуға септігін тигізеді.

Үшіншіден, оқушыларды өзін қоршаған өмірмен, экономистік құрылыс практикасымен таныстыруда өз қаласының, селосының озат адамдарымен кездесу ұйымдастырудың рөлі орасан зор.

Төртіншіден, тәрбиені өмірмен байланыстыруды іске асыру оқушыларды көпшілік орындарына мейрамдарға, демонстрацияға, спорттық жарыстарға, олимпиадаға, көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене қатысуға көмектеседі.

Бесіншіден, тәрбиенің өмірмен байланысын іске асырудың ең тиімді және пәрменді құралы – мектеп оқушыларын өмірге, қоғамдық пайдалы еңбекке белсене араластыру.

Жеке адамды қалыптастыру еңбек процесінде жемісті болады. Еңбек – тәрбиенің күшті құралының бірі. Ол адамдардың қабілеттілігінің көзқарасының және моральдық бейнесінің қалыптасуының материалдық негізін құрайды.

Еңбектің тәрбиелік рөлі туралы жалпы айтуға болмайды. Кез келген дене еңбегі өскелең ұрпаққа тәрбиелік ықпал жасай алмайды. Еңбектің әр алуын түрі әр жастағы балаларға түрліше әсер етеді. «Еңбек, – деп ескертеді Н.К.Крупская, – балалардың күшін әлсіретпеуі тиіс, керісінше, ол шамаға қарай беріліп, ақыл-ойға азық болуға тиіс» [3, 19-20 б.].

Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейінгі Талдықорған қаласындағы №1 мектептегі бастауыш сыныптардың 1956-57 жж. тәрбие жұмысына келер болсақ, негізгі тәрбиелік міндет – ұжымды ұйымдастыру болды. Жеке сыныптарда – ұжымдарды нығайту, барлық оқу және қоғамдық жұмыстарды одан әрі жақсарту.

Бірінші сыныпта «Сабақты қалай дайындау керек», «Сыпайы және шыншыл бол», «Оқушы ұқыпты болуы керек» және т.б. тақырыптарда сұхбаттар алынды. Сыныпта дәптерлердің тазалығы үшін қатар аралық сайыс, т.б. өткізілді. Жыл соңында бір күндік экскурсия да ұйымдастырылды.

Екінші сыныптағы үлкен тәрбиелік фактор ретінде пионерге дайындық пен оған қабылдауды атап өту керек. Осы мақсатта – «Пионер – барлық балаларға үлгі», «Ұлы Отан соғысының пионер қаһармандары және еңбек батырлары туралы» әңгімелер жүргізілді. Бұл білімгерлердің үлгерімі мен мінез-құлқына жағымды жағынан әсер етті.

2 «А» сыныбында Тимур қозғалысы (қарттарға көмек) пайда бола бастады. Екінші сынып оқушыларымен қаланың жаңа ғимараттарына, электр станциясына, жас натуралистер станциясына және инкубаторға экскурсиялар жүргізілді.

Бірақ 2-3 сыныптарда ішкі ережелерді бұзу оқиғалары болды. Соның ішінде, төбелес және ұрлық жағдайлары орын алған. Жыл бойына 5 оқушы тәртібі бойынша төмен баға алған. Бұл бастауыш сынып мұғалімдерінің елеулі кемшіліктерін көрсетеді.

4-сынып тәртіптілігімен ерекшеленді. Бұл сынып оқушыларының ұқыптылығын, жинақылығын, адалдығы мен достығын атап өту қажет.

Жалпы алғанда, 1-4 сынып оқушыларының тәрбиесі 5-10 сынып оқушыларымен салыстырғанда әлдеқайда жақсы [4, 26 б.].

Ал дәл сол мектептің 1959-60 жж. мәліметтерге тоқталсақ, бірінші сыныптардағы негізгі тәрбиелік міндет – балалардың ерекшеліктерін зерттеу, ұжымды ұйымдастыру, оқу, қол еңбегі мен қоғамдық жұмыстарға тапсырма беру, үй жағдайымен, беріліп жатқан тәрбиесімен танысу, ата-аналар мен

мұғалімнің бірыңғай талаптарын дайындау. 2-4 сыныптарда – ұжымды одан әрі нығайту, барлық оқу және қоғамдық жұмыстарды жақсарту.

1 «А» сыныбында (мұғалім А.И. Марченко) оқушылар мінез-құлық ережелерімен танысты. Адалдық, қарапайымдылық, сыпайылық туралы әңгімелер жүргізілді. Оқушылардың жақсы іс-әрекеттері ынталандырылды. Барлық атаулы күндер атап өтілді, монтаждар мен қойылымдар дайындалды. Салтанатты түрде бүкіл сынып октябряттар қатарына қабылданды. Әліппені шығарып салу мерекесі өткізілді.

2-ші «Г» сыныбында (мұғалім В.В. Соломина) көркемөнерпаздар үйірмесі дайындалды. Жаңа жылға сынып «Балалардың Аяз атамен кездесуі» пьесасын дайындады.

2 «А» сыныбында (мұғалім А.Г. Ерыгина) саябаққа, Қаратал өзеніне және егістік алаңына экскурсиялар өткізілді. «Қызыл телпек» және «Қар ханшайымы» кинокартиналарына барып, кейін талқыға салынды.

3-ші «Б» сыныбында (мұғалім М.С. Еременко) «Ленинское слово», «Павлик Морозов», «За морями за долами», «Как печатали вашу книгу» кітаптары оқылды.

Сенбі күндері «Пионер ақиқаты» оқылды. Пионерлер қатарына қосылу үшін октябряттармен дайындық жүргізілді.

Мұғалім Л.М. Леденева (4 «Б» сыныбы) «Шеберлік пен еңбек бірге тұрады», «Білмеу ұят емес, үйренбеу ұят» тақырыптарында сыныбымен сұхбат өткізді.

Ата-аналары үшін балалар өз күштерімен концерт көрсетті. Әлеуметтік пайдалы жұмыс уақытында көрнекі құралдар (орыс тілі, биология, арифметика бойынша кестелер) ретке келтірілді. Сынып 36 кг металл сынықтарын жинады. 4 «Б» сыныбының пионерлер тобына «Спутник Семилетки» атағы берілді.

Тәрбие жұмысының кейбір жетістіктерімен қатар, 1-4 сыныптарда жағымсыз құбылыстар да орын алды (ұрлық, мектептен қашу, т.б.) [5, 40-41 б.].

Оқу-тәрбие аймағындағы қайта құрулар, демократияластыру мен гуманизациялау идеялары мектеп өмірінен шынайы орын тауып, қарапайым адамилық сезімдердің – балаға қамқорлық, сүйіспеншілік пен мейірімділік үстем болған кезде ғана іске асуы мүмкін. Сондықтан бүгінгі таңдағы педагог, тәрбиеші алдында тұрған аса маңызды міндет – тәрбиеленушіні педагогикалық ықпалдарды шын көңілімен қабылдауға ойыстыру.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет болуы – жас ұрпақтың тәрбие мәселелерін жаңаша ойлап, жаңаша құруды талап етеді. Яғни, тәрбиенің мазмұнын, мақсаты мен міндеттерін қайта қарастырып, түбегейлі жаңашалау қажеттігі туып отыр.

Тәрбие мазмұны бойынша халықтың ғасырлар бойы жинақталған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпаққа беру, қоғамға қажеттігін ескеру – басты міндет болып отыр.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырған уақытта отбасы тәрбиесінен бастап әрбір баланы жеке тұлға ретінде танып, оның өзіне тән қасиетіне, санасын, қабілетін ескере отырып, тәрбие жұмысында мына төмендегі міндеттерді жүзеге асыруға тиістіміз.

– Қазақ халқының төл мәдениеті, салт-дәстүрлері мен әдетғұрпы арқылы жас жеткіншектің ұлттық сана-сезімін, имандылық қадір-қасиетін тәрбиелеу.

– Ұлтымыздың ой-парасатын нығайту мақсатымен дарынды балаларды анықтау, олардың қабілетін дамытуға жан-жақты жағдай жасау.

– Ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, сұлулыққа, тазалыққа үйрету. Адамзат қоғамында бұрын-сонды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани құнды игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу.

– Жас ұрпақтарға мемлекеттік белгілердің мәнін терең білуге, оны құрметтеп сыйлай білуге, «бостандық», «теңдік», «демократия» деген сөздердің мағынасын жеке түсініп, оны өмір жүзіне асыруға ат салысуға тәрбиелеу.

– Қоғамдық тәртіпті, заң ережелерді бұзушыларға төзбестік білдіру, еңбек дағдысын баланың бойына жастайынан сіңіру, қазақ жастарынан техника тетігін еркін меңгерген жұмысшы мамандарын тәрбиелеуге баса көңіл бөлу.

– Ұлттық ойын, дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін жолға қою.

– Елін қорғай алатын, елжанды, ұлттық намысы мол, жігерлі азаматтарды тәрбиелеу.

– Жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп, өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

– Жастардың бойына ұлтаралық қатынастың жақсы негіздерін бойына сіңіру, өзара сыйластық-достық негізде өмір сүруге тәрбиелеу [6].

Осы аталған тәрбие міндеттерін терең түсіне отырып, тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәрбиеші, педагогтарды көздеген мақсатына жеткізеді. Тек сол жағдайда ғана жас ұрпақ білім, тәрбие мен мәдениеттен сусындап, елінің қамын ойлайтын жанашыр, парасатты азаматтар қатары арта түспек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Константинова Н.А. История педагогики. – Москва, 1955.

2 Муканова Б.И. Педагогическое руководство формированием социальной активности подростков. – Алматы, 1990.

3 Талдыкорганский государственный архив: Ф-1080, О-1, С-6, Д-107 – Годовой отчет об учебно-воспитательной работе в средней школе имени Абая за 1956-57 учебный год.

4 Талдыкорганский государственный архив: Ф-1080, О-1, С-9, Д-144 – Годовые текстовые отчеты об итогах учебно-воспитательной работы за 1959-60 учебный год.

5 Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы, Дарын, 2004.

ҒТАМР 16.01

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІН ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Б. Дәулетбекова
Магистрант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.
Р.А. Авакова
Ғылыми жетекші, ф.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Мақалада көркемсөз өнерінің ерекші үлгісі – мақал-мәтелдерді интербелсенді әдістер арқылы оқыту мәселесі жайында сөз қозғалады. Интербелсенді әдістерге сипаттама беріліп, мақал-мәтелдерді оқытуда қолдануға болатын әдіс-тәсілдер берілген.

Түйін сөздер: мақал-мәтел, интербелсенді әдістер, ойын технологиясы, өз бетімен іздену, тіл дамыту жаттығулары.

Мақал-мәтелдер – әр кезеңдегі өмір құбылысына, тарихи жайттарға, адамның мінез-құлқына, адам бойындағы рухани құндылықтарға аз сөзбен нақты баға бере алатын халық мұрасы. Мақал-мәтелдер адам өміріндегі оқиғаларды, қарым-қатынастарды қысқа, тұжырымды тілмен жеткізеді, айтылатын ойды ажарлайды. Мақал-мәтелдер адамзатты көркем мінез-құлыққа, игі қасиеттерге тәрбиелейді. Мақал-мәтелсіз тіліміздегі ұлттық нақышты, дүниенің тілдік бейнесін көркем әрі ықшам түрде сипаттау мүмкін емес. Себебі, мақал-мәтелдер табиғаты бойынша халқымыздың барша болмысымен терең байланысып жатыр. Мақал-мәтелдердің қалыптасып, дамып, ел арасында тарауының негізгі мотивтерін ұлттық дүниетанымға, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерге, болмыстағы құбылыстарға баға беру, салыстыру, теңеу, сын-пікір, үлгі-насихат айтумен байланыстырамыз. Мақал-мәтелдердің тіліміздегі ерекше құбылыс екенін ескере отырып, оларды жас ұрпақтың санасына сіңіре білу үшін оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана білудің маңызы жоғары. Соңғы жылдары педагогика ғылымында кең тараған интербелсенді әдістерді қолдану мақал-мәтелдерді оқытуда да тиімді деп білеміз.

Интербелсенді әдістер (*«inter»* – бұл бірігу, бірге, *«act»* – әрекет ету) сабақ барысында білім алушылар мен оқытушының бірлесе жұмыс жасауын, тығыз қарым-қатынаста болуын білдіреді, яғни бұл әдіс оқытушы мен оқушылардың, оқушылар мен оқушылардың тығыз әрі белсене атсалысқан қарым-қатынасына негізделеді.

Интербелсенді оқыту әдісі – үйренушілер мен үйретушілердің арасындағы оқытудың өзара белсенді жұмыс істеу әдісі [1].

Интербелсенді әдістерді қолданып оқыту барысында оқытушы тек жаңа сабақты түсіндіріп қана қоймай, өзінің ұйымдастырушылық қабілетін ұтымды пайдалана білуі қажет. Интербелсенді әдістерді қолдану оқытушының шығармашылық қабілеттерін шыңдай түсуге көмектеседі. Оқытушы, алдымен, сабақты оқу әдісін анықтайды, алдын ала керекті тапсырмаларды, сұрақтарды дайындайды, оқу процесін реттейді, жұмысты орындау тәртібін бақылап, оқушыларды бағалайды. Сонымен қатар, тапсырмаларды орындауда оқушыларда қиындықтар туындаған жағдайда көмектесіп, сыныптағы барлық оқушылардың сабаққа белсене араласуын қадағалайды.

«Интербелсенді оқыту» терминінің негізі XX ғасырдың екінші жартысынан бастау алған. Ағылшын ғалымы Ганс Фриц 1975 жылы «Интерактивті педагогика» ұғымын енгізді. Ал кеңес дәуірінің оқытушылары топтық диалог әдісін 1980 жылдан бастап тәжірибеде жиі қолдана бастады. В.А.Гузеев, М.В. Кларин, Е.С. Полат, В.А. Сластенин сияқты бірқатар авторлар оқытудың әдістерін «Пассивті әдіс» және «Активті әдіс», (интербелсенді оқыту) деп бөліп қарастырды. 1990 жылдан бастап «Интербелсенді оқыту» термині педагогика ғылымында кеңінен қолданыс тапты. Кей ғалымдар интербелсенді әдістердің пайда болуын ғаламтор жүйесінің кең таралуымен, қашықтықтан білім алу, онлайн сабақтар жүйесінің бүкіл әлем бойынша қарқынды дамуымен байланыстырады [2].

А. Әлімов «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орнында қолдану» атты оқу құралында интербелсенді әдістің түрлеріне пікірталас, ойындар (рөлдік, іскерлік оқу, өндірістік, имитациялық), Кейс стади, тренингтер, оқытудың компьютерлік технологияларын жатқызған болатын.

Интербелсенді әдістерді қолданып оқытуда оқушылар келесідей әрекеттерді атқарады:

– бірлесіп әрекет ету;

– танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту;

– бастамашылдық;

– кері байланыс жасау;

– проблема шешу және шешім қабылдау [1].

Қазақ мақал-мәтелдерін оқытуда да интербелсенді әдістердің тиімділігі жоғары. Мақал-мәтелдерді оқытуда оқушылардың белсенділігін арттыруға арналған әртүрлі тапсырмалар беріледі. Мысалы, іздену, тіл дамыту жаттығулары, мақал-мәтелді жалғастыру, мақал-мәтелдің ішіндегі керекті сөзді табу, мақал-мәтел айтып жарысу, ойын технологиясы және т.б.

«Еркін жазу» стратегиясы.

Бұл әдіс сабақтың басында күрделірек тапсырмаларға кіріспес бұрын оқушылардың тақырыпқа байланысты осы уақытқа дейін не білетіндіктері жайлы мағлұмат алу үшін қолданылады. Оқушыларға сабақтың басында мақал-

мәтелдер жайлы қандай мәлімет, қандай фактілерді білетіндерін, ойларына не келеді, соны еркін түрде жазып береді. Мысалы:

Мақал-мәтелдер:

– Ата-бабамыздан қалған өсиет сөз;
– Ауыз әдебиетінің жанры;
– Үлкен мағынаны қысқа түрде жеткізеді;
– Әртүрлі тақырыпта кездеседі;
– Құрылымы әртүрлі болады [4].

«Кім жылдам» ойыны.

Ойынның шарты бойынша, оқушылар үш топқа бөлінеді. Әр топқа оқытушы әртүрлі тақырып ұсынады. Оқытушы белгілеген уақытқа дейін топтар өздері білетін мақал-мәтелдерді тізіп жазулары тиіс. Берілетін тақырыптар әртүрлі болуы мүмкін, мысалы: 1) ерлік, батырлық жайлы мақал-мәтелдер; 2) оқу-білім туралы мақал-мәтелдер; 3) ағайын, туыс жайлы мақал-мәтелдер. Оқытушы белгілеген уақытқа дейін ең көп мақал-мәтелдерді жазған топ жеңіске жетеді.

«Тапқыр» ойыны.

Ойынның шарты бойынша, оқушылар жұптасады. Тапсырма: 1) параққа 5 мақал-мәтел жазыңыздар, олардың екеуі жалған болуы керек; 2) жазған жұмыстарыңызды көршілеріңізге беріп, өздеріңіз көршілеріңіздің жазған мақал-мәтелдер тізімінен жалғандарын табыңыздар; 3) жауаптарыңызды талқылаңыздар.

«Сәйкестендіру» әдісі.

Тапсырма: бірінші бағанда тұрған мақал-мәтелдердің жалғасын екінші бағанмен сәйкестіріңдер.

Ақыл – тозбайтын тон	*Ақылды қарттан нақыл шығар*
Көп жасаған білмейді	*Жеті түрлі білім біл*
Білімдіден ақыл шығар	*Білім – таусылмайтын кен*
Жеті жұрттың тілін біл	*Көп көрген біледі*
Білген кісі тауып айтады	*Білім сүріндіреді*
Білек сүріндіре алмағанды	*Үйренбей білім жұқпас*
Екпей егін шықпас	*Білім тозбайды*
Ақыл азбайды	*Білмеген кісі қауып айтады*

Қорытындылай келсек, мақал-мәтелдерді интербелсенді әдістерді қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін аша отырып, тиімді оқытуға болады. Бүгінгі таңда интербелсенді әдіс-тәсілдердің түрлері көбейіп келеді. Оқытушы тақырып бойынша әдістерді ұтымды таңдап, сабақты дұрыс ұйымдастыра білсе, оқушылардың белсенділігі жоғары болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. – Астана: 2014. – 188 б.

2 Тойбазарова Н.А. Интербелсенді оқыту технологиясы. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» унив. баспасы, 2019. – 89 б.

3 Тұрғынбаева Б. Интерактивті оқыту технологиялары. – Алматы, 2000.

4 Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер: әдістемелік құрал / құраст. С. Симбаева. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» унив. баспаханасы, – 2019. – 133 б.

SRSTI 16.21.31

ACADEMIC WRITING STRATEGIES FOR ESL STUDENTS

Л.М. Зарянова
Учитель английского языка, Средняя школа № 1 г. Тайынша,
Северо-Казахстанская обл.

The article is about teaching ESL students how to write in English. Students learn to write by writing. A regular and systematic approach to the writing process in all subject areas and precise instructions on the writing process by the teacher is helpful for students to improve their writing skills. A variety of strategies can enable them to cope with all types of writing. The most often used academic writing type at school is the essay. In the article there is information about the structure of the essay, the stages of writing and many useful strategies for teaching writing, such as brainstorming, mindmapping, picture resources and tasks.

Ключевые слова: writing, strategies, essay, brainstorming, mindmapping.

Academic writing isn't like other types of writing; it's formal, it's objective. The most prominent characteristic of academic writing is the emphasis on adhering to a style guide. While nearly all content and media outlets use a specific style guide-which is either an already established guide or one of their own creation-correct adherence to a chosen style guide is nonnegotiable with academic writing. Academic writing uses formal language [1].

Writing academic papers like essays, reviews and reports are necessary for students. It requires proper planning and a workable strategy that must be followed to produce an outstanding product. Acquiring and improving academic writing skills has many benefits. It helps students to think critically, present complex ideas logically, boosts creativity, confidence and writing skills. These skills are not only useful at school; they will be needed in the future life.

Students learn to write by writing. They need regular opportunities at school to write in all subjects. A regular and systematic approach to the writing process in all subject areas and precise instructions on the writing process by the teacher is helpful for students to improve their writing skills. A variety of strategies will enable them to cope with all types of writing.

The most often used academic writing type at school is the essay. The essay is a written piece that is designed to present an idea, propose an argument, express the emotion or initiate debate. It is a tool that is used to present writer's ideas in a non-fictional way [4].

An academic essay is a focused piece of writing that develops an idea or argument using evidence, analysis and interpretation.

While teaching writing essays it is essential to bear in mind the structure and to teach students to follow it.

The Essay has three parts:

1. The introduction.
2. The Body.
3. The Conclusion.

The introduction of an essay has two parts: general statements and thesis statement. General statements give the reader background information about the topic of the essay. These statements should get the reader interested in the topic of the essay. The first two or three sentences of an introduction should make general statements about the topic, and they should lead up to the thesis statement. The number of general statements you will actually use in an introduction depends on how long your essay will be. Usually, you should have at least two or three general statements in an introduction.

The thesis statement states the main topic of the essay and sets forth what will be said in the body paragraphs. The thesis statement is often the last sentence in the introduction. Sometimes it is followed by sentences describing the organization of the rest of the essay.

Supporting sentences develop the thesis statement. They give the reader more facts about the main topic, including examples. It also provides reasons the reader should believe the claims the writer is making in the thesis statement. All supporting paragraphs must be related to the thesis statement.

The last paragraph of the essay is the summary paragraph. It restates the thesis and supporting ideas in the body of the essay. The concluding paragraph is the last chance the writer has to convince the reader of the validity of the information presented.

The concluding paragraph should include:

1. a restatement of the thesis statement, using some of the original language
2. a summary of the main points from the body of the essay.
3. a final statement that signals that the discussion has come to an end.

Writing an essay is like making a hamburger (See Pic 1). Think of the introduction and conclusion as the bun, with the «meat» of your argument in between. The introduction is where you'll state your thesis, while the conclusion sums up your case. Both should be no more than a few sentences. The body of your essay, where you'll present facts to support your position, must be much more substantial, usually three paragraphs. Like making a hamburger, writing a good essay takes preparation.



Pic 1. The Hamburger method for writing an essay.

Think about a hamburger for a moment. What are its three main components? There's a bun on top and a bun on the bottom. In the middle, you'll find the hamburger itself. So what does that have to do with an essay? Think of it this way:

– The top bun contains your introduction and topic statement. This paragraph begins with a hook, or factual statement intended to grab the reader's attention. It is followed by a thesis statement, an assertion that you intend to prove in the body of the essay that follows.

– The meat in the middle, called the body of the essay, is where you'll offer evidence in support of your topic or thesis. It should be three to five paragraphs in length, with each offering a main idea that is backed up by two or three statements of support.

– The bottom bun is the conclusion, which sums up the arguments you've made in the body of the essay.

Like the two pieces of a hamburger bun, the introduction and conclusion should be similar in tone, brief enough to convey your topic but substantial enough to frame the issue that you'll articulate in the meat, or body of the essay [8].

The essay writing process consists of three main stages:

1. Preparation: Decide on your topic, do your research, and create an essay outline.

2. Writing: Set out your argument in the introduction, develop it with evidence in the main body, and wrap it up with a conclusion.

3. Revision: Check the content, organization, grammar, spelling, and formatting of your essay [6].

At the preparation stage we can use some helpful strategies. I will present some activities that can be of a great use at the beginning of the writing process.

Brainstorming is group activities that encourage students to focus on a topic and contribute to generate ideas on the topic of their writing.

1. The teacher may begin a brainstorming part of the lesson by introducing a topic or asking questions.

2. Students answer the questions, share ideas and discuss topic vocabulary.

4. Students contribute into discussion without criticism or judgement, summarise ideas.

By expressing ideas and listening to each other, students activate their previous knowledge or understanding, accumulate new information.

Here are some basic rules to follow when conducting a brainstorm in the classroom:

1. There are no wrong answers.
2. Get as many ideas as possible.
3. Put down all ideas.
4. Do not express your evaluation on any idea presented.

The brainstorm part of the lesson will provide learners with the necessary information for their further writing [2].

Mind mapping is one of the best techniques for brainstorming due to its easy way to perform and the quickness with which learners can get ideas out (See Pic 2). Students can think of various ideas quickly. The idea of mind mapping is not to think too much, but rather to collect as many ideas as possible within a short period of time.

To use this technique:

Step 1: Describe the problem or an idea to be used in 1-3 words and circle it.

Step 2: Think of specific vocabulary that is related to the idea. Write all of these words and circle them. Draw a line that connects them to the center.

Step 3: Once all ideas are mentioned for the first round, do the same for the chosen words. Do this until you have enough ideas and words to complete the task.

Mind map is a great tool to organize students' thinking and structure their ideas.

All ESL writing teachers can find a valuable resource in pictures: drawings, photographs, posters, slides, cartoons, magazine advertisements, diagrams, graphs, tables, charts, and maps. First of all, pictures provide a shared experience for students in the class, a common base that leads to a variety of language activities.

Pic 2. Mind mapping example

Let us look now at what we can do in the classroom with one simple sketch (See Pic 3). We do not have to produce an inspired or interesting picture; the point here is to use any simple picture to generate interesting activities that go beyond the mundane one of «Describe the picture» [9].

The following activities, based on a sketch of a bedroom, are suggestions for classroom techniques that teachers can choose from.



Pic 3. Picture for writing example.

Description.

Draw the diagram (unlabeled) on the board. The students write down words that could be used to label the items in the room drawn. Class discussion should provide consensus on how to label the diagram. Then, in small groups, students discuss and write down what other words and phrases they will need in order to describe the room, e. g., next to, on the left, etc. The teacher now erases the diagram from the board and the students write a description of the room from their memory. They exchange papers and draw the diagram of the room their partner has described.

Description, comparison, and contrast.

a) Divide the class into pairs of students and give the picture to Student I of each pair, who writes a description of it for Student 2. (It might be useful first to review with the whole class the use of the present tense, the use of there is and there are, prepositions of place, and any new vocabulary words.) From the written description he receives, Student 2 tries to draw a sketch of the room.

b) While Student 1 is writing about the picture, Student 2 writes a description of a room that he knows well. He gives the description to Student 1, who then tries to draw a labeled sketch of the room and the furniture.

c) The two students look at the two sketches and the two descriptions and make lists of the similarities and differences between the two rooms. Together they write, for the rest of the class, a composition that points out these similarities and differences. Before they begin to write, they discuss how to organize the material they have in their lists.

Paragraph assembly. Prepare index cards with one sentence on each, which together form a paragraph about the picture. Hand out one index card to each pair or small group of students. The task for the whole class is to put the sentences on the cards in order so that they form a paragraph. When asked, «Who has a sentence that could be the first sentence of the paragraph?» we expect to hear from the students

with «Debbie Johnson's bedroom in her home in Catskill is small but practical» rather than from those with «It is next to the door» [7].

Sentence combining. Index cards can be used as in example (3) above, with the information on the cards separated so that each card contains a sentence that combines with another to make a new sentence. For example, two cards, given to two students, might read:

– Debbie Johnson's room is small.
– Debbie Johnson's room is practical.

Each student finds a partner whose sentence will combine with the one he has. (This part of the lesson involves quite a lot of noise and action as students move around the room searching for a partner.) Once the students have found a partner, they consider the options of how to combine the two ideas to make one sentence. Some of the possibilities with the two sentences above are:

– Debbie Johnson's room is small and practical. but yet;
– Although Debbie Johnson's room is small, it is practical;
– Though small, Debbie Johnson's room is practical;
– Debbie Johnson's room, though small, is practical. while.

With the new sentences they have formed, the students can now discuss how to organize those sentences to make a paragraph, as in above [7].

Paragraph completion. Prepare a paragraph about the picture and write it on the board but omit the ending (in brackets).

Debbie Johnson's bedroom in her home in Catskill is small but practical. The room is only 10' X 14', but the furniture is conveniently placed. As you walk through the door, you see the desk on the right side of the long wall. To the left of the desk, there is a bookcase with four shelves. In the far left corner of the room, there is a chest of drawers. The rest of the short wall on the left is occupied by the bed. Then, on the wall next to the bed [there is a big closet with two shelves and space to hang clothes. It is next to the door. On the right-hand wall there are two windows, which make the room very light and airy].

The students discuss how to end the paragraph. Then they compare their versions with each other's and with the version above.

Controlled composition. Ask the students to pretend that they are Debbie Johnson. She is now sixty years old and is writing to a grandchild to describe her room in her old family house in Catskill. The students rewrite the paragraph in (5) above, using the past tense: «My bedroom was small.

Guided composition. Ask the students to discuss in small groups what they would write in a paragraph beginning with:

– Debbie Johnson's room in her home in Catskill is very colorful.
– Debbie Johnson's room in her home in Catskill is very drab.

They list all the details they would include, imagining the colors, curtains, ornaments, wall and floor coverings, and bed cover. Then the students in the group write a paragraph together, including details that develop the idea in the first sentence.

Role-play. Ask the students, in pairs or groups, to imagine that the diagram shows a room at a summer sports camp. They are working for the camp's advertising agency and have to prepare a brochure to attract young people to the summer sports camp. Their boss has asked them to begin with: «Every youngster who comes to Waterside Camp has an extremely attractive private room. « They have a meeting to discuss what details should be included. Then they write a paragraph. They all read their own aloud to each other and discuss which one works the best, and why [7].

Questions and answers.

a) Divide the students into groups of four. Give each student in the group a card with a word on it, for example, bed, desk, closet. Tell them that they have been invited to go to the United States to live with the Johnson family in their private house in Catskill, and they want to know about the room they will live in. The groups compile questions about the items on their cards.

Collect the questions from each group and redistribute them to other groups. Each group of students now writes a letter from Debbie Johnson that gives answers to the questions asked.

b) If students need a great deal of guidance with their writing, questions and answers can be used in the following way:

Give the students a list of questions.

- Does the picture show a living room or a bedroom?
- Is the room large or small?
- Is the room well organized or badly organized?

They write answers in complete sentences; when they put those sentences together, they will form a paragraph.

After writing an essay we can organize activities for proofreading and editing.

Students need individual and group skills to assess their own work and the work of others for content, clarity, form and style, and for errors in grammar, punctuation and spelling. Ultimately, students have individual responsibility for the accuracy of their work, but they need to know how to help each other improve.

Ask students to read each other’s paper to make suggestions for improving the writing. Students may ask revising questions such as: – Does it make sense? – Is the topic clear? – Is the main idea clear? – Are there enough reasons/details to support the main idea? – Are there examples to support the reasons/details? – Are there details not connected to the topic and main idea? – Is there a closing sentence or conclusion? Learners should give substantial feedback to their peers in order to improve writing [5].

Essays are one of the trickiest academic writing one can have. The most essential thing for the teachers to consider while teaching writing is to organize the definite steps for developing successful writing skills.

The writing process involves generating ideas, developing and organizing the ideas, revising and editing them. Effective writers revisit these stages until they are confident about the purpose they achieve.

The same source domain can be mapped to multiple targets. In specific mapping, the same source domain is mapped to the corresponding target domain from various angles, thus generating various metaphorical meanings. The reason why the same modern Chinese idioms have different metaphorical meanings is mainly reflected in the principle of language economy. In the actual application process, it is generally necessary to combine the actual context to see what kind of metaphorical meaning is embodied in the idioms. For example, 站不住脚 (zhan bu zhu jiao) Not only can it be used to describe someone who can't stay in a place any longer, but it can also be used to describe ideas or theories that have no basis and can't stand a rigorous test. 吊胃口 (diao wei kou) Arouse people's appetite with delicious things, also metaphorically let people have some kind of desire or interest. 东方不亮西方亮 (dong fang bu liang xi fang liang) Metaphors don't work here. There's room for maneuver elsewhere.

Metaphors related to diet are used more frequently.

The ancients once said that «food is the most important thing for the people». Since ancient times, China has attached great importance to diet and is also more particular about diet. People's life is closely related to food, and people's thinking is

also closely related to metaphor, so it shows that metaphors related to food are used in a relatively high frequency [13]. For example, 没嘴的葫芦 (mei zui de hu lu), 丢了肥肉啃骨头 (diu le fei rou ken gu tou), 不把豆包当干粮 (bu ba dou bao dang gan liang) and so on. These idioms use «calabash», «fatty meat» and «doubao» to map «people», «benefits» and «capable people» respectively.

Idioms – Mechanisms of understanding in similarity-based metaphors.

Similarity plays an important role in the discussion of traditional metaphor, both Chinese and Western people talk about it and consider it as the basis of metaphor. Aristotle, a western scholar, pointed out in rhetoric that metaphor should be constituted by things that have a relative relationship, but the relationship is not clear. Just as a true thinking man in a philosophical society can recognize similarities between things that are far apart. Liu Pian, a famous scholar in the Northern and Southern Dynasties, wrote in «Wen Xin Diao Long» 物虽胡越，合则肝胆 (wu sui hu yue, he ze gan dan). This means that the body and the simile should be as far apart from each other as hu and Yue before the appearance of «yu» but after the appearance of «yu» should be as close to each other as «gan» and «dan» in this sense it is not far from Aristotle's opinion. In the 20th century, Mr. Chen Wangdao, a famous Rhetorician in China, pointed out in The Passage of Rhetoric that the object of thought has some similarities with other things, the object of thought is called the figure of speech and the figure of speech. Since then, rhetoric researchers have talked about the similarity between noumenon and figure of speech [14].

But metaphors don't just arise from similarity, they can create it. When the ancients said «mountaintop, mountainside, mountainfoot», they created the similarity between «mountain» and «human» with metaphor. So, even when we encounter a mountain shaped like a big tree, we do not say «branch, leaf», but «top, side, foot» because it is the metaphor that gives rise to this similarity. There are a lot of metaphorical idioms in Chinese idioms, some of which are based on the similarity of existence, such as: 吹牛皮 (chui niu pi). It means to talk big. Cowhide blow balloon general big, appearance muddy chaotic, as if ten full, but as long as meet a poltergeist stabbed in the eye of a needle on the surface of the balloon big a hole, the balloon will go gas, was backward and despise all, cowhide frustrated, will immediately from the cloud drop to the ground flat, whether gutter or road, is not his own will, things at this point, only blame yourself before too much shouldn't blow the cowhide. Besides, cowhide had been empty, its big no horse, if the use of artificial desperately pumped, a big air into, even more empty. And big talk is empty, impractical, so people call «big talk» is called bluster [15]. 豆芽菜 (dou ya cai) This is a metaphor for tall and thin children and young people. 翻烙饼 (fan lao bin) A metaphor for tossing and turning because of insomnia or for things to go over and over again. 肥皂泡 (fei zao pao). A soap bubble, is a metaphor for dashed hopes or ideals. 拖油瓶 (tuo you pin). It means when a woman remarries with her children from a previous marriage. In ancient times, before the glass bottles were introduced into China, the folk oil bottles were all made of bamboo. The villages in the countryside were far away from the town, and the villagers could not go to the market every day. Every time one or two

villagers went out on the street, all the neighbors asked him to buy sundry things. Therefore, oil is the bulk consumption, purchasing daily necessities, with oil as the most, heavy bamboo tube, seven or eight tied together can only be dragged underground. The oil bottles that country people drag are the property of other people and are cumbersome to drag in their hands. And the woman remarry with the children, to top ex-husband's surname, in the eyes of the husband is also other people's things, and like the street to take the oil bottle like, muddy, with a group of, also feel very cumbersome , so will drag children compared to «drag the bottle.

Conclusion.

In modern Chinese idioms, exert the function of metaphor has a lot of, it mainly embodied in cognitive function, communication function and function of language development, the use of metaphor to express specific views or describe a thing, can appear more precise and vivid, to ensure that the communication can more smoothly, also can further promote the development of language constantly. In this paper, the metaphorical cognitive mechanism of idioms is mainly explained by cognitive semantics and metaphor theory.

References

1 王宗炎. 王宗炎英语教育自选集. -北京: 外语教学与研究出版社, 2007.

2 李楠. 现代汉语惯用语隐喻特点及功能浅析. – 山西: 山西广播电视大学学报，2017.

3 https://wenku. baidu.com/view/002f21973b3567ec112d8a34. html.

4 https://wenku. baidu.com/view/85680eaffd4ffe4733687e21af45b307e871f9e5. html?fixfr=7vGP4J1if6RirDJeiWlU1w%253D%253D&fr=income8-wk_go_searchX-search.

5 陈明芳. 惯用语认知机制及其词汇语义特征. 外语教学, 2006.

6 Қалибекұлы Т. Қазіргі Қытай тілінің граматикасы (синтаксис). – Алматы: Мерей баспасы, 2018. – 218 б.

7 Керимбаев Е. Қытай тіліндегі дағдылы тіркестер– Гуань юң юйдің шығу тарихы және қалыптасу үдерісі. Қазақстандағы Қытайтану ғылымы тарихы, бүгіні мен болашағы атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары. – Астана, 2014. – 221 б.

8 邓炎昌, 刘润清. 语言与文化–英汉语言文化对比. -北京: 外语教学与研究出版, 1989.

9 郭云飞. 惯用语中的概念隐喻认知理据分析. 才智, 2016. – 236 б.

10 洪堡特. 论人类语言结构的差异及其对人类精神发展的影响. 姚小平,译. 北京: 商务印书馆. 1997. – 408 б.

11 Chomsky, N. Syntactic Structures [M]. TheHague, 1957.

12 潘文国. 共性. 个性. 视角-英汉对比的理论与方法研究. 上海: 上海外语教育出版社, 2008. – 600 б.

13 https://www.docin.com/p-275931785. html. 隐喻的功能及其使用.
14 https://www.docin.com/p-917405726. html. 现代汉语惯用语的隐喻分析.
15 https://wap. cnki. net/qikan-XCXX200603020. html. 汉语惯用语隐喻的发生机制.

ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА

SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

ҒТАМР 06.52.43

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕМЛЕКЕТ ЭКОНОМИКАСЫНА ӘСЕРІ

Ә.М. Әуез
Студент, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.
А.Е. Калиева
Ғылыми жетекші, PhD, доцент м.а., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жиырма бірінші ғасырдағы қоғамның қалыптасуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Мақалада АКТ-ның әлемдік тенденциясы қарастырылып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әлемдік нарығы соңғы онжылдықтарда рекордтық жоғары өсу қарқынымен сипатталатынын байқауға болады. Сонымен қатар, АКТ-ны дамыту және басқару бойынша отандық ерекшеліктері айқындалды. ҚР ақпараттық-коммуникациялық технология саласын мемлекеттік реттеу мен ынталандырудың тиімді стратегияларын әзірлеу бойынша ұсыныстар ұсыну.

Түйін сөздер: цифрлық экономика, IT саласы, технология, жаһандану, пандемия.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды экономика мен өмірдің барлық салаларына кеңінен енгізу қазіргі әлемдік экономиканың дамуының ең маңызды технологиялық ерекшелігі болып табылады. Экономиканы ақпараттандыру процесінде ақпараттық-технологиялық серпілістер жеделдету үрдісіне бейім біртұтас үдеріске тығыз байланысты. Бұл ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың үздіксіз дамуын білдіреді, соның нәтижесінде өндірістің технологиялық негізі сапалы түрде жаңарады. Бұл ретте экономиканың құрылымын әртараптандыруға, капиталды қажет етпейтін салаларды, АКТ-ны дамытуға назар аударылады, бұл жедел экономикалық өсуге әкелуі тиіс. Ол әрине, мемлекеттік органдардың жұмысын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде ұйымдастыру басқару тиімділігін арттыруға және оны принципті жаңа деңгейге шығаруға жаңа мүмкіндіктер береді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қалыптасуын анықтайтын екі көзқарас бар:

− ақпараттық-коммуникациялық технологиялар өндіріс факторы ретінде, яғни АКТ, АКТ-ға қатысты өнімдерді тарату, айырбастау, тұтыну, өндіру процестерін ұйымдастыру және АКТ қолдану;

− ақпараттық-коммуникациялық технологиялар әлеуметтік-экономикалық дамудың катализаторы, яғни экономиканың дамуын жеделдетуші ретінде, бұл тәсілмен АКТ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ауқымды тарату мақсаттарына жету құралы ретінде қарастырылады.

АКТ-ның таралуы мен қолданылуы халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының өзгеруіне әкеледі:

– АКТ индустриясының өзінде, сондай-ақ экономиканың осы технологиялар қолданылатын секторларында жаңа жұмыс орындарын құрады;

– тауарлар мен қызметтердің сапасы артады, олардың құны төмендейді;

– жаңа жұмыс орындары бірінші кезекте АКТ саласы қызметкерлеріңіңкірістерінің өсуінің арқасында қызмет көрсету саласында құрылуда, өйткені олар тауарлар мен қызметтерге шығыстардың ұлғаюына әкеледі және тұтастай алғанда экономикаға оң әсер етеді;

– басқару жүйесін ұтымды ету, АКТ көмегімен транзакциялар жүйесін аяқтау бос уақытты ұлғайтуға әкеледі.

Қазіргі кезеңде, COVID-19 пандемиясы табиғи прогресті бірнеше есе жеделдете отырып, процестерді ұйымдастырудың цифрлық форматына серпінді көшуге әкелді. 2020 жылдың бірегей жағдайы цифрландырудың маңыздылығын одан әрі арттырып, пайдаланушыларды қызметтерді алудың қашықтағы форматына қайта бағыттады. 1-сурет бойынша талдау жасап өтетін болсақ, 2020 жылы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дүниежүзілік нарығы 2019 жылмен салыстырғанда 0,9%-ға артып, шамамен 3 872,4 миллиард долларға жетті. Gartner сарапшыларының соңғы деректері (2021 жылғы қараша) бойынша, 2021 жылы әлемдік АКТ нарығының көлемі 9,5%-ға артып, 4,24 трлн долларды құраған, 2022 жылы – 4,47 трлн доллар немесе өткен жылмен салыстырғанда 5,5%-ға өскен.



Сурет 1. IT саласына жұмсалған әлемдік шығындар, триллион доллар.
Дереккөз: Исследовательская и консалтинговая компания, специализирующаяся на рынках информационных технологий.

Әлемде АКТ сала өте жылдам қарқынмен дамыту, алайда пандемия әсері оның аз уақыт ішінде адам санасында болмаған деңгейде өсуіне әкелді. Сондықтан байқағанымыздай, әлемде болып жатқан жағымсыз жәйттердің оң әсерінде кездестіру болады.

Ағымдағы жағдайда Қазақсан Республикасының жалпы жағдайын қарастырар болсақ, IDC бағалауы бойынша, 2020 жылы әлемдік IT нарығының көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 4,2%-ға артып, 4 триллион долларға жетті. 2023 жылға қарай жаһандық IT шығындары 4,5 триллион доллардан асады, ал үшінші платформа деп аталатын (бұлттық есептеулер, мобильді технологиялар, үлкен деректер, аналитика және әлеуметтік қызметтер) және цифрлық трансформация жобаларына қатысты қызметтер мен бағдарламалық қамтамасыз ету ең жоғары өсімді көрсетеді.

Бүгінгі күні ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласы Қазақстан экономикасының ең серпінді дамып келе жатқан секторларының бірі болып қала береді. Қазақстанда қазіргі уақытта цифрлық экономика қалыптасу сатысында, сондықтан елдегі АКТ-ның даму деңгейін зерделеу және талдау ерекше өзектілікке ие. Жалпы, Қазақстан аймақтарын цифрландыру еліміздің экономикалық даму қарқынын жеделдетеді. Негізгі міндет – халықтың өмір сүру сапасын арттыру. Орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды қолдану жоспарлануда. Сонымен қатар, жақын арада дамудың жаңа кезеңіне өтуге, ұзақ мерзімді перспективада цифрландыруды қамтамасыз етуге жағдай жасалады.

АКТ саласында жұмыс жасайтын кәсіпорындар санының жыл сайынғы бірқалыпты өсуі, бұл елімізде АКТ саласында бәсекелестік ортаның жоғары деңгейде қалыптасыуына бірден-бір ұтымды фактор. АКТ саласының дамуының оң үрдісі елдегі жұмыс істеп тұрған компаниялар санының жыл сайынғы өсуімен дәлелденеді.

Кесте 1. АКТ саласындағы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың статистикасы.

Қызмет атауы	**2018**	**2019**	**2020**
Компьютерлік бағдарламалау, кеңес беру	2827	3058	3567
Байланыс	720	759	765
Ақпараттық-коммуникациялық жабдықтың көтерме саудасы	697	751	779
Компьютерлер мен байланыс құралдарын жөндеу	675	678	734
Деректерді орналастыру және өңдеу қызметтері; веб-порталдар	464	494	556
Бағдарламалық қамтамасыз ету шығарылымы	63	68	68
Электрондық бөлшектерді өндіру	28	27	20
Компьютерлер мен периферияльық жабдықты өндіру	17	25	25
Байланыс жабдықтарын өндіру	24	20	19
Тұрмыстық электроника құрылғыларын өндіру	7	8	10
Жалпы саны	**5522**	**5888**	**6543**
Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ақпараттық-талдамалық жүйесі			

ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша 2021 жылдың 1 қаңдарындағы жағдай бойынша Қазақстанда 6543 заңды тұлға жұмыс істейді. Бұл ретте жалпы соманың 50%-дан астамы компьютерлік бағдарламалау, кеңес беру қызметтерге келеді. Екінші көсбасшылық орынды байланыс қызметін көрсетін кәсіпорындар алады. Байланыс қызметін көрсететін кәсіпорындар саны 2020 жылы 765 кәсіпорынды құрады. Сонымен қатар сауда орындарында да АКТ алатын орны ерекше. Оның дәлелі көсбасшылық үштікте орын алған Ақпараттық-коммуникациялық жабдықтың көтерме саудасы. 2020 жылы өткен жылмен салыстырғанда 28 кәсіпорындарға толығып, Қазақстан нарығында осы қызмет түрімен айналысатын 779 кәсіпорын тіркелген. 2020 жыл алдыңғы бес жылдағы компаниялардың ең көп санына ие болды.



Сурет 2. АКТ-ның сыртқы саудасының көлемі, млн. АҚШ доллары.
Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы.

АКТ-ның сыртқы сауда көлемі өткен кезеңмен салыстырғанда әртүрлі динамика көрсетті. Мысалы, АКТ экспорты соңғы жылдары бірқалыпты темппен өсуде, өткен жылмен салыстырғанда есептік жылы 215,6 млн. АҚШ долларын құрады, яғни 17 млн. АҚШ долларына көп, бұл нәтижені айтарлықтай жоғары деп бағалайға болады. Сонымен қатар, 2017-2020 жылдардағы импорт көлемі де бірқалыпты өсім көретті. Яғни АКТ-ның сыртқы сауда көлемі айтарлықтай өзгеріске ұшырамады.

АКТ-дағы сыртқы сауда балансына келетін болсақ, соңғы жылдары оның көлемі ұзақ қысқарғаннан кейін экспорт пен импорт арасындағы айырмашылық қайтадан көлемде өсіп, 2020 жылдың соңында 2 689,6 миллион долларды құрады.

Қазақстанда АТ саласы бір сөзбен «коммуникация» дегенді қамтитын телекоммуникация саласымен тығыз байланысты. Объективті түрде АТ және телекоммуникация салалары біріктірілуде және көбінесе олар біріктіріледі, бұл – АКТ.

Қазақстан Республикасындағы IT-индустрияны дамытудың жақын болашақтағы негізгі мақсаттары:

− АКТ саласын нығайту негізінде елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

− IT-индустриясында жаһандық еңбек бөлінісіндегі өз орнын анықтау;

− Мемлекеттік және жеке секторда уақыт талаптары мен «цифрлық экономиканы» қалыптастыру талаптарына жауап беретін есептеуіш инфрақұрылымды қалыптастыру;

Қазіргі уақытта Қазақстанда ақпараттық-коммуникациялық саланың жаңа жағдайларда жұмыс істеуін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық база құрылды, телекоммуникация саласының дайындық кезеңінде дамуын айқындайтын бірқатар басым жүйелі шаралар жүзеге асырылды. Олардың негізгілері:

− Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы;

− Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру мен дамытудың 2020-2030 жылдарға арналған бағдарламасы;

− «Электрондық үкіметті» дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

− Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі технологиялық даму бағдарламасы 2014 жылғы 26 қарашадағы № 1148.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 ИКТ в Республике Казахстан – проблемы и перспективы. URL: https://videouroki. net/razrabotki/ikt-v-riespublikie-kazakhstan-probliemy-i-pierspiektivy. html.

2 ООН (2021). Международная стандартная отраслевая классификация всех видов экономической деятельности. – Нью-Йорк. https://unstats. un.org/unsd/publication/SeriesM/seriesm_4rev4r. pdf.

3 Кузовкова Т. А., Тимошенко Л. С. Анализ и прогнозирование развития инфокоммуникаций. // М.: Горячая линия – Телеком, 2009. – 134 с.

4 Экономическая роль ИТ-сервисов в информационной экономике. URL: https://creativeconomy.ru/lib/4240.

ҒТАМР 06.35.31

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІҢ ДАМУ ЖҮЙЕСІНІҢ БАҒЫТТАРЫ

А.Е. Ғилаж, Ж.О. Имашова
С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті, Атырау қ.

Бухгалтерлік есеп пен есептілікті реформалаудың мақсаты – Қазақстан Республикасының экономикасына тән қолжетімді шарттар мен бухгалтерлік есептің және есептіліктің сәтті орындалуының бір сарынды алғышарттар жүйесін құру.

Атап айтсақ, сыртқы және ішкі қолданушылардың (меншік иелері, инвесторлар, кредиторлар, мемлекетік билік органдары, шаруашылық субъектілерінің басқарушы қызметкерлер және т.б.) экономикалық шешімдерді қабылдауда пайдалы болатын шаруашылық субьектілердің қызметі жөнінде ақпаратты қалыптастыру функциясы.

Алдағы дамудың мәні бұл функцияны жүзеге асыру үшін керекті инфрақұрылымды құрастыру мен тиімді есеп үдерісін қалыптастыру жолымен Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартын (ҚЕХС) қолдануды белсендендіруден көрініс табады.

Бухгалтерлік есептің және есептіліктің әрі қарай дамуы келесі негізгі бағыттар арқылы жүзеге асырылуы тиіс:

1) бухгалтерлік есеп пен есептілікте қалыптасатын ақпарат сапасын көтеру;
2) ҚЕХС қолданудың инфрақұрылымын әрі дамыту;
3) бухгалтерлік есеп пен есептіліктің қадағалау жүйесін өзгерту;
4) қаржылық есептіліктің бақылау сапасын жоғарылату;
5) бухгалтерлік есеп пен есептілікті ұйымдастыру мен жүргізумен, қаржылық есептілік аудитімен айналысатын мамандар, сонымен қоса қаржылық есептілік пайдаланушылардың біліктілігін елеулі көтеру [1].

Бухгалтерлік есеп Қазақстан Республикасының есеп пен есептіліктің біріңғай жүйесінің бір бөлігі ретінде дамуы міндетті, ол өзіне статистикалық және оперативті-техникалық есепті қосады. Бұл жүйенінің бірегейлігін қамтамасыз ететін маңызды факторы ретінде алдағы жиналуға бағытталған дерек көзі ретінде бастапқы есеп, есептің әрбір түрі бойынша шарттар, методология және міндеттерге негізделген жүйелену мен ортақтасу үдерісі болып табылады.

Даму үдерісі барысында бухгалтерлік есеп пен есептілік жүйесінің бірегейлігі мен тұтастығын қамтамасыз етуде бұл жүйенің қалыпты деңгейін ұстап тұру ерекше өзектілікке ие.

Бірінші ретті мағынада дамудағы тәуекелдерді анықтау болып табылады (нақты экономикалық жағдайдың барабар еместігі, ақпараттың бұрмалануы, қадағалаудың тәртіпсіздігі, біржақты даму және т.б.). Бұл тәуекелдерді салдарын болдырмау немесе жұмсарту мемлекеттік билік органдары мен кәсіби ұйымдардың керекті іс-шаралар кешенін орындауын талап етеді [2].

Әлемдік және отандық тәжірибе көрсеткендей бухгалтерлік есеп пен есептіліктің дамуы мемлекет ішіндегі экономикалық жағдайлардың өзгеруімен қатар жүруі тиіс және шаруашылық механизм сипаты мен деңгейіне сай болуы тиіс. Бухгалтерлік есеп пен есептіліктегі түрлендіру үдерісінің дәлелсіз созылуға жол берілмейді. Дәл сол уақытта, бухгалтерлік есеп пен есептіліктің өзгерістерін жеделдету шаруашылық механизменен және нарықтық институттардың нақты функциалануға байланысты өзгерістерден тыс, экономикада қаржылық ақпарат сапасының төмендеуіне, ҚЕХС сенімнің жоғалуына, сонымен қоса қаржылық тәртіптің бәсеңдеуіне әкеліп соқтырады. Бұдан басқа, ҚЕХС өту ақпаратты жинау мен өңдеу барысында жаңа тәжірибелік өңдеу әдісіне уақыт бөлуді міндеттенеді. Бухгалтерлік есеп пен есептіліктегі өзгерістер мүмкіндіктерді, сұраныстарды және кәсіби дайындық пен басқа қоғам мен мемлекеттік органдардың қызығушылығын ескере отырып біртіндеп жүзеге асуы тиіс [3].

Бухгалтерлік есептің және есептіліктің негізгі бағыты – оларда қалыптасатын ақпарат сапасын жоғарылату. Казіргі бухгалтерлік есеп өзіндік ақпараттық база болып табылады, оның негізінде шаруашылық субъектілер заңды тұлғаның қаржылық есептілігін және топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындайды. Одан басқа, бухгалтерлік есепте қалыптастырылатын ақпарат басқарушылық, салықтық, статистикалық есептілікті, бақылау органдары алдындағы есептілікті құрастыруда қолданылады. Қажеттілік бойынша бұл ақпарат негізінде есептіліктің басқа да түрлері құрастырылуы тиіс.

Осыған байланысты бухгалтерлік есеп аймағындағы басты міндеті есептіліктің қандай да бір түрі бойынша есеп үдерісі ұйымының салыстырмалы тәуелсіздікпен қамтамасыз ету болып табылады. Есеп үдерісі ұйымына қойылатын принциптер мен талаптар, сонымен қоса бухгалтерлік есепті базалық тәртібі ҚЕХС принциптері мен талаптары есебімен қолдану керек, яғни шаруашылық субъектілер есептіліктің әртүрлі түрлері бойынша ақпаратты қалыптастыру мүмкіндігіне ие бола алды, соның ішінде ҚЕХС. Шаруашылық субъектілердің кейбір категориялары бухгалтерлік есептің оңайлатылған рәсімін қолдануы мүмкін.

Бухгалтерлік есеп әдісінің элементі ретіндегі жеке қаржылық есептілік екі қызмет түрін атқарады: ақпараттық және бақылау. Бір жағынан, ол шаруашылық субъекті қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижесін сипаттайды. Басқа жағынан, ол әрбір есеп циклінің аяқталуы кезіндегі

бухгалтерлік есептің дұрыстығы мен нақтылығын жүйелі бақылауын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты барлық шаруашылық субъектілер әрбір есепті кезең бойынша қаржылық есептілікті жасауы міндетті [4].

Қаржылық есептілік келесі бағыттарды қамтиды: шаруашылық субъекті қызметінің соңғы қаржылық нәтижесін анықтаудағы – таза пайда (шығын) және олардың меншік иелері арасында бөлінуі; қадағалаушы органдарға табыс ету; шаруашылық субъектілерінің банкроттық белгілерін анықтау; макроэкономикалық көрсеткіштер мен статистикалық байқаудың біріңғай мемлекеттік базасын құру; шаруашылық субъектілерді басқарған кезде заңдарды өндірістік және салық салу кезінде қолдану. Ол басқа да мақсаттар үшін де қолдануы мүмкін.

Қаржылық есептілік аймағындағы басты мақсат қызығушылық танытқан қолданушыларға шаруашылық субъектілер жөнінде сапалы, сенімді және салыстырмалы дербестендірілген ақпаратты табыс етумен қамтамасыз ету.

Бөлек жағдайларда стандарттарда қаржылық есептілікті қалыптастыру мен ақпаратты ұсынуда бірнеше баламалы амал қарастыруы мүмкін. Дегенмен әртүрлі шаруашылық субъектілерінің салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін осындай жағдайлардың көлемі шектелген болуы жөн және болашақта оны біртіндеп төмендету керек.

Стандарттар шаруашылық субъектілердің жеке категориялары бойынша қаржылық есептілікте анықталатын, әсіресе, қаржылық есептіліктің оңайлатылған түрін жасаған кезде ақпараттың түрлі көлеміне ие бола алады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік қаржылық есептіліктің түрі ретінде бақылау қатынасы негізіндегі шаруашылық субъектілер топтарының қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық есептілігін сипаттауға арналған. Шоғырландырылған қаржылық есептілік тек ақпараттық функция атқарады және мүдделі сыртқы пайдаланушы болып табылады. Берілген есептілік бұл пайдаланушының экономикалық шешім қабылдауында қаржылық ақпараттың негізгі көзі болу керек.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік аймағында басты міндет ретінде қызығушылық танытқан қолданушыларға шаруашылық субъектілер жөнінде сапалы, сенімді және салыстырмалы дербестендірілген ақпаратты табыс етумен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл міндетті шешу үшін ҚЕХС бойынша міндетті шоғырландырылған қаржылық есептілікті орнату, сонымен қоса міндетті аудит пен оның жариялануы.

Басқарылатын есептілік шаруашылық субъектілерді басқаруда қолданады (басшымен, басқа да басқаратын қызметкерлемен). Бұл мазмұны бойынша, кезеңдік, мерзімділік формалар және олар шаруашылық субъектілермен өздігінен құралады. Онымен бірге, басқарудың таралған тәжірибесі көрсеткенкендей, басқару есептілігінің құрастырылуы, тікелей бухгалтерлік және шоғырландырылған қаржылық есептілік принциптеріне негізделсе ең тиімді және пайдалы болады [5]. Салық есептілігі (салық декларациясы) фискалді мақсаттар үшін және салық заңнамасымен бекітілген шеңбер негізінде шаруашылық субъектілер жасауы міндетті. Салық есептілігі салық заңнамасы

ережелеріне сай тузету жолымен бухгалтерлік есепте қалыптасатын ақпарат негізінде жасалуы тиіс.

Салық есептілігі аймағындағы басты міндет оны құрастыруға кеткен шығынды салық есептігі ережесін бухгалтерлік есеп ережесіне жақындату жолымен төмендету.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартын (ҚЕХС) Қазақстанда ауқымды қолданудың керекті шарты шаруашылық субъектілер есебінен бухгалтерлік есеп пен есептілікті қадағалауда бұл стандарттарды қолдануды қамтамасыз ететін инфрақұрылымды құру болып табылады [3].

ҚЕХС Қазақстан Республикасында белсенді қолданудың маңызды мәні оның заңнамалық танылуында. Әсіресе, ҚЕХС негізінде дайындалған шоғырландырылған қаржылық есепке ресми есептілік мәртебесі берілуі міндетті.

Әрбір ҚЕХС мақұлдау үдерісінің мақсаты (түсіндіруді қоса алғанда) – оларды Қазақстан Ресубликасының нормативтік құқықтық актілер жүйесін қосу. Ол кәсіби қоғамдық сараптамадан және әрбір стандартты әрекетке енгізуден тұруы керек. Бұл үдеріс келесілерді қамтамасыз етуі керек: Қазақстан территориясында ҚЕХС заңды күшін беру; ҚЕХС алшақтауды болдырмау; Қазастан Республикасындағы экономикалық жағдайлар ерекшелігінің есебі; экономикада қаржылық ақпараттық салыстырмалылығы. Бөлек, өте сирек жағдайларда, Қазақстан Республикасындағы қалыптасқан экономикалық жағдайға байланысты белгілі бір ҚЕХС мақұлдауының шектелген мерзімге бас тартылуы мүмкін. Осымен қоса стандарттың бір бөлігінің мақұлдануына да жол жоқ.

Қазақстан Республикасында ҚЕХС ресми түрде қолдану тек орыс және қазақ тілінде жүзеге асады. Осыған байланысты әрқашан әрекет ететін мемлекеттік емес орган керек, оның қызметі: ресми мәтінді қазақ және орыс тілінде дайындауы тиіс, ағылшын тіліндегі мәтіндегі өзгерістерді байқап, қазақ және орыс тіліндегі ресми мәтіндерге уақытылы енгізуі тиіс, ХҚЕС теминдерінің глоссарийін орыс және қазақ тілінде жүргізуі тиіс. Бұл орган бухгалтерлік есеп және есептілік, аудит, қаржылық талдау, менеджмент және басқа да салалардағы жоғары білікті кәсіпқойлар мен аудармашылардан құралуы тиіс.

Бухгалтерлік есеп және есептілікті қадағалау жүйесінің дамуы барлық қызығушылық танытқан жақтардың мүдделерін есепке алатын, шығындарды төмендетіп, қадағалау тиімділігін көтеретін үлгі құрастыруға бағытталуы тиіс. Бұл үлгінің негізінде – мемлекеттік билік органдардың және кәсіби ұйымдардың қызметінің ақылды үйелесімі жатыр (кәсіби қоғамдық ұйым және басқа да қызығушылық танытқан қоғам).

Мемлекеттік билік органдары мен кәсіби ұйымдар арасындағы функциялардың бөлінуі келесілерден бастау алады. Кәсіпкерлік қызмет пен экономика аясында ақпаратқа конституциялық құқықты жүзеге асыруды қамтамасыз етуде бухгалтерлік есеп және есептілік Қазақстан Республикасындағы экономикалық кеңістіктің біріңгай және нарықтың біріңгай

болуының кепілдігінің бірі болып есептеледі. Бухгалтерлік есеп және есептілікті қадағалау Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп және есептілік жүйесінің біріңғайлығын қамтамасыз етуі және дамуының мақсаттылығын қамтамасыз етуі, қызығушылық танытқан пайдаланушылар шеңберінің мүдделерін есепке алу және сабақтастық болуы тиіс.

Кәсіби ұйымдарды стандарт қабылдау үдерісіне қосу қаржылық есептілік пайдаланушыларды қосатын аса әйгілі және беделді кәсіби ұйымдар өкілдері, яғни арнайы жоғары білікті орган арқылы жүзеге асыру дұрыс. Алдымен бұл орган стандарттарды бекіту жүйесі шегінде қызмет етуі керек. Ол атқарушы билік органы тұсында кеңесші ретінде, оған бухгалтерлік есеп пен есептілік аумағындағы мемлекеттік саясат пен нормативті-құқықтық қадағалау жүктелген. Арнайы органның міндеті кәсіби қоғамдық сараптама: бухгалтерлік есеп пен есептілік аумағында ұлттық стандарттар жобасы мен олардың түсіндірілуі, ҚЕХС оларды мақұлдау үдерісінде; ҚЕХС ресми мәтінінің қазақ және орыс тілінде болуы, соның ішінде терминдердің глоссарийлері де қосылған болуы керек [6].

Болашақта бухгалтерлік есеп пен есептіліктің мемлекеттік-қоғамдық қадағалануы тәжірибесінің жиналу мөлшерімен, жеткілікті деңгейде көрсете білген және ауқымды танылатын кәсіби қоғамдық ұйымдарды құру есебімен, сонымен қоса, халықаралық тәжірибені қосқанда стандарттарды қабылдау үдерісі кезінде кәсіби ұйымның ұйымдасқан формасын қарастыру мәнді болар еді (әсіресе, мемлекеттік емес органдарға сәйкес функцияларды беру).

Отандық және әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қаржылық есептіліктің сапасын қамтамасыз етудің маңызды элементі ретінде сапаны пәрменді бақылау болып табылады.

Бақылаудың негізгі жүйесі ретінде аудит институты болу керек. Ол қаржылық есептілікті тәуелсіз тексерудің формасы ретінде уәкілеттілікке ие және керекті біліктілікке ие болу керек. Бұл қатынаста аудит институты бухгалтерлік есеп пен есептіліктің дамуында негізгі құралы болады. Қаржылық есептілік аудитінің бар болуының алғышарттары келесілер болып табылады:

1) аудиттің Халықаралық стандарттарына сәйкес аудит қызметінің сапалы стандарттары;

2) аудит ұйымдары мен аудиторлардың тәуелсіздігінің нақты тәртібі;

3) аудит ұйымдары мен аудиторлардың Кәсіби этика Кодексін бұлжытпай орындауы;

4) өз қызметін экономиканың қандай саласы мен аясына қарамастан, аудиторларға біріңғай кәсіби талап қою;

5) аудиторлардың жоғары біліктілік деңгейі (соның ішінде ҚЕХС саласы), ол біліктілік емтиханын қоса есептегенде, біліктілікті жоғарылату мен аттестация жүйесін қамтамасыз етеді;

6) ең бастысы, маманданған қоғамдық ұйым жағынан аудит ұйымдары мен аудиторлардың қызмет сапасын бақылау;

7) аудит ұйымдары мен аудиторлардың мемлекеттік – ұйымдық бақылаудағы тиімді жүйесі.

Аудитпен қоса, қаржылық есептіліктің сапасын бақылау жүйесі уәкілетті мемлекеттік органдардың сәйкесінше бақылау қызметін ұйғарады. Олардың негізгі қызметі қызығушылық танытқан қолданушыларға сапалы қаржылық есептілікке кепілдендірілген рұқсатты қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл мақсатпен мемлекеттік органдар шаруашылық субъектілер қалайша қаржылық есептілікті уақытылы және толық ашатынын, сонымен қатар, жарияланған қаржылық есептіліктегі ақпараттардың қабылданған стандарттаға қандай деңгейде сай келетінін бақылайды.

Қаржылық есептілік сапасын бақылау жүйесі өзіне шаруашылық субъектілер мен олардың басшыларының қаржылық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік іс шаралар кешенін қосуы керек.

Қаржылық есептіліктің сапасына бұл аймақтағы алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибиге сәйкес шаруашылық субъектілердің корпоративті басқарылуы маңызды.

Бухгалтерлік есеп пен есептіліктің дамуы бухгалтерлік білімнің жетілдіруінсіз мүмкін емес. Бір жағынан, жеткілікті деңгейде біліктілігі жоғары, бухгалтерлік есеп пен есептіліктің ақпаратты қалыптастыру шарттары мен тұжырымдамаларын түсінетін, бухгалтерлік есепті жүргізуде, қаржылық есептіліктің аудитін және дайындалуының қазіргі дағдыларын игерген бухгалтерлер мен аудиторларды дайындау міндет болып табылады [3].

Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасау бөлігінде ақпараттық жүйелерді автоматтандыру процесі маңызды мәселе болып табылады. ХҚЕС-ті толыққанды енгізу компаниялардың бизнес-жобаларын жан-жақты автоматтандырусыз мүмкін емес, ол бастапқы құжаттарды өңдеуді, автоматтандырылған тәртіптегі негізгі көп еңбекті қажет ететін қызметтерді барынша оңтайландыруға және адам факторының қатысуымен байланысты тәуекелдердің пайда болу мүмкіндігіне жол бермеуге жағдай жасайды.

Сонымен, бухгалтерлік есепке алу және аудит жүйесін дамыту өсіп және серпінді даму үстіндегі мемлекетіміз үшін маңызды жағдай болып табылады. Осы орайда бухгалтерлік есеп пен аудитті дамытуға арналған негізгі бағыттар бухгалтерлік мамандықты одан әрі ұдайы қалыптастыру үшін негіз жасайды. Қазақстан нарығы мен қоғамды тұтастай дәйекті және сенімді қаржылық ақпаратпен қамтамасыз ететін кәсіп. Экономика және қоғам игілігіне жұмыс істейтін кәсіп. Тұжырымдаманы іске асыру Қазақстан ұйымдарына халықаралық нарық мүмкіндігін толық шамада кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді, осылайша ол өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Гордова М. Гармонизация бухгалтерского учета в условиях евразийского экономического союза: Диссертация. – Москва, 2019.

2 Закон Республики Казахстан «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2022 г.)

3 Стратегический план развития профессиональной организации бухгалтеров «Палата профессиональных бухгалтеров Республики Казахстан» на 2020-2025 годы. 30.03.2020.

4 Алисенов А.С. Международные стандарты финансовой отчетности: учебник и практикум для бакалавриата и специалитета / А. С. Алисенов. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2019. – 404 с.

5 Барышева С.К. Основные тенденции развития бухгалтерского учета РК в условиях глобализации экономики

6 Исакова С.А. Современные проблемы бухгалтерского учета и аудита: Монография: 2011.

ҒТАМР 06.52.43

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАҒЫТТАРЫ

Г.Б. Абдишова
Аға оқытушы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.
А.М. Мұхтарова
Оқытушы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

Тұрғын үй рыногы ұлттық экономиканың маңызды құрамдас бөлігі және қарқынды дамушы рыноктардың бірі болып табылады. Қазақстанда рыноктық экономиканың қарқынды дамуы негізін тұрғын үй және әлеуметтік сала объектілері құрайтын жылжымайтын мүліктер рыногындағы жағдайдың өзгеруіне әсер етіп отырушы болып табылады.

Түйін сөздер: тұрғын үй, нарық, ипотека, несие, банк.

Тұрғын үй – нарықтық экономикада экономиканың түрлі секторының даму қарқынын және халықтың, жалпы елдің келешегіне деген сенімін бейнелейтін өсімнің көрнекті индикаторы.

Өз тұрғын үйінің болуы – әрбір отбасы үшін бірінші кезекті қажеттілік. Тұрғын үйді қаржыландырудың бұрынғы кеңестік жүйесінің бір бөлігі ретінде, Қазақстандағы тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мемлекеттік тұрғын үй құрылысы үшін бюджет ресурстарының орталықтандырылған бөлінісі мен оны тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін кезекте тұрған азаматтардың арасында тегін бөліп беруді бейнелейтін еді. Қазақстанның тәуелсіздік алып, рыноктық қатынастарға өтуі бұл үлгінің сәйкессіздігін көрсетті. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету және құрылысты бюджеттік қаржыландырудың қысқаруы жағдайында тұрғын үйге қол жеткізудің негізгі көздері тұрғындардың өз қаражаттары мен әлемнің экономикасы дамыған елдеріндегідей банктік несиелер ғана болып қалды.

Тұрғын үйге инвестиция салу – өзіне қор жиналымының құралдары мен технологиясын, қаржылық инвесторлар мен делдалдардың қаржылық көздерін, ипотекалық несиелендіруді, инвестициялау, несиелендіру мен қаржыландыру институттарын, эмиссиялық институттарды қосатын инвестициялаудың дербес түрі болып табылады.

Ипотекалық тұрғын үй несиесі – банктің (немесе банктік емес коммерциялық ұйымның) жеке тұлғаға (азаматқа) сатып алынатын тұрғын үйді

міндеттеменің қамсыздандырылуы ретінде кепілдікке қою арқылы тұрғын үй алу үшін ұзақ мерзімге беретін несиесі.

Несиені кімнің беруіне байланысты оның банктік, коммерциялық, мемлекеттік, халықаралық және азаматтық (жеке) нысандары ажыратылады.

Ипотекалық несиеге аталған нысандардың барлығы да тән: банктер ипотекалық несие береді; шаруашылықтық ұйымдар қозғалмайтын мүлікті кепілдікке алу арқылы коммерциялық несиелер бере алады; мемлекет те қозғалмайтын мүлікті кепілдікке алу арқылы несиелер береді. Жеке тұлғалар да ипотекалық несеиелер бере алады, әсіресе, бір-біріне, алайда ипотеканы рәсімдеуге байланысты туындайтын қомақты шығындар олайша берілетін несиелер санын жоққа шығарады.

Тұрғын үйді ипотекалық несиелендіруде банктік нысанның үлесі көп. Ол банктің ұзақмерзімді ипотекалық несиелендіруге қажетті ресурстарды тартудағы ерекше мүмкіндігімен түсіндіріледі.

Тұрғын үйді ипотекалық несиелендірудің халықаралық нысаны да мүмкін болар еді, алайда Қазақстандағы банктердің көпшілігі тиісті заңнамалық негіздің болмауына байланысты несиені тек Қазақстан азаматарына береді.

Тұрғын үйді ипотекалық несиелендірудің жеке (немесе азаматтық) нысаны да негізінде мүмкін, бірақ, ол экономикалық тұрғыдан тиімсіз және оның тәуекелділігі жоғары болып табылады].

Несие сол сияқты несиелендіру мақсатына қарай сыныпталады. Мақсатына қарай несиенің өндірістік және тұтынушылық нысандары бар.

Өндірістік несиеде саудаланған құн өндіріс қажеттіліктеріне пайдаланылады, ал тұтынушылық несие халықтың тұтынушылық қажеттіліктеріне жұмсалады да, жаңа құн жасау үшін шаруашылық айналымына жіберілмейді.

Ипотекалық тұрғын үй несиесі тұтынушылық нысанда болады, олар қарызгердің тұрғын үйге деген қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған.

Төмендегі кестеде келтірілген Қазақстан Республикасындағы соңғы жылдардағы жеке тұлғалардың депозиттік базаларының өсуін, тұтынушылық несиелер көлемін және халықтың тұрғын үй сатып лауға және оның құрылысына алынған несие көлемін қарастырайық .

Тұрғын үйді ипотекалық несиелендіру жүйесін қалыптастыру мен дамытудағы мемлекеттің негізгі міндеті – қатысушыларлдың қаржылық тәуелкелдерін төмендету мен азаматтар үшін тұрғын үйге қол жетімділігін арттыру мақсатында заңнамалық негізді құру мен үдерісті нормативтік реттеу болып табылады.

Ипотекалық несиелендірудің даму барысына қарай мемлекеттік бюджеттік қаржыландыру табыс деңгейлері өздігінше тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мүмкіндік бермейтін азаматтарға, оларға тұрғын үй алуға қайтарымсыз адрестік мақсатты субсидиялар беру арқылы тікелей қолдау көрстеуге бағытталады.

Ол арқылы тұрғын үй мәселесін кешенді шешуге мүмкіндік беретін бірін-бірі толықтыратын рыноктық механизмдерді қамтамасыз етуге болады. Олар келесі өзара байланысты блоктар:

– халықты ұзақ мерзімді ипотекалық несиелендіру;

– тұрғын үй құрылысын несиелендіру;

– халықты тұрғын үймен қамсыздандыруда мемлекеттік бюджеттік қолдау (мақсатты адрестік субсидиялар жүйесі).

Ипотекалық несиелендіруді мемлекеттік ынталандыру келесі бағыттар бойынша дамуы тиіс:

– ипотекалық несиелендіруді жүзеге асыру үшін құқытық негіз бен нормативтік базаны жетілдіру;

– ұзақмерзімді несиелендірумен байланысты тәуекелділіктерді төмендету бойынша шараларды жүзеге асыру;

– несие ресурстары мен олардың тиімді бөлінісін қамсыздандыру үшін, несие ұйымдарының өтімділік деңгейін қолдау мақсатында ипотекалық несиелендірудің екінші рыногын қосатын жалпыұлттық жүйені құру;

– банктерді ипотекалық несиелендіруге қатысуын ынталандыруға қатысты қосымша шараларды қабылдау, мысалы, азаматтарға тұрғын үйдің құрылысына немесе оны сатып алуға берілетін қайтарымсыз субсидияларды басқаруға банктерді тарту;

– орташа және төмен табысты әлеуметтік топтарға тұрғын үй алуға көмек көрсету;

– ұзақ мерзімді ресурстары бар кәсіпорындар мен ұйымдарды (мысалы, зейнетақы қорларын) өз қаржыларын бағалы несиелеремен қамсыздандырылған бағалы қағаздарға салуға ынталандыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Татыгулов А.Е. Нормативно-техническое регулирование и ценообразование в жилищном строительстве: тенденции и новации. – Строительный портал Казахстан, 03.12.2007.

2 Абдуалиев А. Ипотечное кредитование в Казахстане // Транзитная экономика. 2008.

3 Бирман Г. Экономический анализ инвестиционных проектов. – М.: Банки и биржи, ЮНИТИ, 1997.

ҒТАМР 87.01.75

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫН ҚАРАСТЫРУ

Б.С. Изатуллаева
Э.г.к., доцент, профессор м.а., Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.
Б. Махаш
Магистрант, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Мақалада қоршаған ортаны басқару жүйесін жетілдіру жолдары қарастырылған. Талдау нәтижелері бойынша жағымсыз оқиғалардың туындауын болдырмауға мүмкіндік беретін іс-шаралар әзірленген.

Түйін сөздер: Экологиялық құқық, экология, экологиялық басқару, мемлекеттік органдар.

Ауыл шаруашылығының барлық кәсіпорындары мен салаларының өндірістік қызметінің маңызды шарты ресурстарды ұтымды пайдалану, сақтау және молайту және табиғатқа ұқыпты қарау болып табылады. Өндірістік ресурстарды тиімді пайдаланудың негізгі бағыты ауылшаруашылық шикізаты мен жанама өнімдерді жан-жақты пайдаланатын аз қалдықты және қалдықсыз технологияларға көшу болып саналуы керек. Тәжірибе көрсеткендей, табиғи ресурстарды ақылға қонымды үнемдеу агроөнеркәсіптік кешеннің маңызды экологиялық және экономикалық мәселелерін сәтті шешуге мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығын қарқындандырудың индустриялық құралдарын жауапсыз пайдаланған кезде, табиғи тепе-теңдікті сақтау және қамтамасыз ету мүмкін емес. Мелиорацияны, химияландыруды және механикаландыруды жүзеге асыру кезінде табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны ұтымды пайдаланудың экологиялық талаптарын жан-жақты ескеру қажет. Атмосфералық ауаның, топырақтың және судың ластануына көмірқышқыл газының, фреонның, азот оксидінің, радиоактивті заттардың, ауыр металдардың, пестицидтердің шығарындылары ықпал етеді.

Мысал ретінде қарастыратын болсақ, ауаның 0,05 мг/м^3 концентрациядағы күкіртті ангидридпен ластануы дәнді дақылдар шығымдылығының 30%-ға, қант қызылшасының – 35%-ға, көкөніс дақылдарының 50-90%-ға төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, өсірілген өнімнің сапасы айтарлықтай нашарлайды.

Қоршаған ортаны өндіріс қалдықтарымен ластау ғимараттарға, құрылыстар мен жабдықтарға айтарлықтай зиян келтіреді. Бұл олардың тозуын тездетеді және негізгі құралдарды жөндеу қажеттілігін арттырады.

Мал шаруашылығының дамуы қоршаған ортаға үлкен әсер етеді. Ірі мал шаруашылығы кешендері мен құс фабрикалары қоршаған ортаны: топырақты, су қоймаларын, атмосфералық ауаны айтарлықтай ластайды. Мұндағы өткір мәселе-мал шаруашылығы қалдықтарын кәдеге жарату, ең алдымен көңді жинау және сақтау. Оны су көздерінің мал шаруашылығы кешендерінен ағынды сулармен ластануын болдырмайтын жаңа технологияларды қолдану арқылы шешуге болады. Көң қоймалары мен тазарту құрылыстарын салу қажеттілігі, сондай-ақ әрбір ауыл шаруашылығы кәсіпорнында табиғатты қорғау шараларына тиісті бақылау орнату пісіп-жетілді.

Өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдары экологияға үлкен әсер етеді. Зерттеулер көрсеткендей, пестицидтер ауылшаруашылық өнімдерінің шығынын 30 %-ға дейін төмендетеді, еңбек өнімділігін едәуір арттырады. Пестицидтерді қолданудан түсетін пайда оларды өндіру мен қолдануға жұмсалған шығындардан 3 есе артық. Алайда, олар қоршаған ортаның ластануына айтарлықтай ықпал етеді. Пестицидтер сумен топырақтың терең қабаттарына еніп, биологиялық және химиялық реакциялар кезінде улы және төзімді заттарға айналады. Осыған байланысты Агроөнеркәсіптік кешенде өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарын ұтымды пайдалану және сақтау жөніндегі шараларды әзірлеу, ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестері мен ауруларына қарсы күрестің биологиялық әдістерін кеңінен қолдану қажет. Бұл жерде көп нәрсе ауылшаруашылық өндірісі үшін мамандарды даярлауға, олардың экологиялық мәдениетінің деңгейіне, ойлау мен нақты мәселелерді шешуге деген көзқарасқа байланысты.

Минералды тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын ұтымсыз пайдалану, оларды топырақ құрамын ескермей енгізу табиғи ортаға үлкен зиян келтіреді: бұл топырақ түзілу процестерінің бұзылуына және микроорганизмдер қызметінің нашарлауына әкеледі. Минералды тыңайтқыштарды тасымалдау мен сақтауды қанағаттанарлықсыз ұйымдастыру олардың қоршаған ортаға көп мөлшерде енуіне, жуылып, су бассейндеріне жеткізілуіне және өсімдіктер мен жануарлар әлеміне үлкен зиян келтіруге ықпал етеді.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін молайту және табиғи ресурстардың тазалығын сақтау бәсекеге қабілетті түпкілікті өнім жасауға да, сондай-ақ болашақ ұрпақтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны сақтауға да бағытталуы тиіс.

Ауыл шаруашылығының жұмыс істеу ерекшеліктері, оның технологияларының деңгейі және табиғатты пайдаланудың экономикалық тетігі қоршаған табиғи ортаның бұзылу мүмкіндігін анықтайды. Өңірлік агрожүйелердің экологиялық қауіпсіздігін арттыру міндеті табиғи ортаның бұзылу салдарын жоюдың жаңа әдістерін әзірлеуге емес, қоршаған ортаға одан

әрі залал келтіруге жол бермеудің перспективалық әдістерін жасауға негізделуге тиіс.

Экологиялық қызметтер нарығын дамыту табиғатты мақсатты қалпына келтіруді, оның ішінде тиімділігі аз жер ресурстарын пайдалана отырып, баламалы ауыл шаруашылығы өндірісі есебінен ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Аграрлық ортадағы экологиялық қызмет дегеніміз агроландшафттың экологиялық құндылығы бағытындағы кез келген жақсаруын түсіну.

Қоршаған ортаны қорғау нарықтарының екі түрін ажырату керек: ластануға құқықтар немесе лицензиялар нарығы және экологиялық қызметтер нарығы.

Экологиялық қызметтер нарығы ықтимал сұранысты алдын-ала зерттеу негізінде экологиялық тауарлар өндірісін ұйымдастыруды және оларды тұтынушыларға сатуды қамтиды.

Ластану құқығы нарығының көмегімен қоршаған ортаның ластану деңгейін реттеуге және ауылшаруашылық және басқа да қызмет түрлерінің теріс салдарын жеңілдетуге болады.

Түбегейлі қайта құру барысында Ресей қаржы жүйесінің тұрақсыздығымен, кәсіпорындардың төлем қабілетсіздігімен, инфляцияның өсуімен байланысты жаңа процестерге тап болды, бұл көбінесе өндіріс пен инвестициялық белсенділіктің төмендеуіне әкелді. Бұл, өз кезегінде, табиғат қорғау қызметін жүзеге асыруға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және молықтыруға теріс әсер етті.

Экологиялық-экономикалық жағдайға әсер етудің теріс факторларына табиғатты пайдаланудың, әсіресе өңірлер деңгейінде жаңа ұйымдастырушылық-экономикалық тетігінің болмауын жатқызуға болады. Оларда табиғи ресурстарды есепке алу мен бағалау әзірше нашар қойылған, олардың кешенді кадастрлары іс жүзінде жүргізілмейді. Ресурстарды зерделеу және молықтыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру жеткілікті дәрежеде жүзеге асырылмайды, табиғи ресурстардың бірқатар түрлерін пайдалануды экономикалық реттеу қамтамасыз етілмейді, ең бастысы – табиғат пайдалануды кешенді басқару жүзеге асырылмайды. Мемлекеттік басқару құрылымдарын, оның ішінде табиғи ресурстарды пайдалануды тоқтататын қайта құру жағдайды ушықтырады. Ресей Федерациясы мен оның субъектілері арасындағы табиғи ресурстарға меншік құқығын бөлу мәселелерінің шешілмеуі көбінесе табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалануға, табиғи кешендердің тозуына әкеледі.

Өңірлерде Өндіргіш күштерді ұдайы өндірудің серпіні мен құрылымы салалық дамудың айқындаушы ықпалымен қалыптасады. Осындай тәсілмен өңірлерде өндірісті орналастыру және мамандандыру қажетті табиғи және еңбек ресурстары, өндірістік және ішінара салалық инфрақұрылым болған кезде жүзеге асырылады. Ең аз салалық шығындарды қамтамасыз ететін даму мен орналастырудың осы нұсқасына басымдық беріледі. Сала тұрғысынан, өңірлердің өндіргіш күштері мен табиғи ресурстары өнімді шығарудың

өндірістік мақсаттарына бағынатын өндірісті дамытудың материалдық базасы ретінде ғана әрекет етеді.

Өңірдің нысаналы бағыттары қағидатты түрде өзгеше – әлеуметтік сипатқа ие болуға тиіс және өндірістік көрсеткіштерге дейін төмендетілмеуге тиіс. Өңірлік дамудың аса маңызды мақсаты өндіргіш күштердің экологиялық қауіпсіз, тұрақты және серпінді дамуын қамтамасыз етуден және осының негізінде – өңірдегі табиғи, материалдық, әлеуметтік және экологиялық жағдайлармен айқындалатын әл-ауқатты арттырудан тұрады.

Экологиялық проблемаларды олардың пайда болу себептерін жоймай шешу әрекеттері сәтті бола алмайды, өйткені кең өнеркәсіптік өсу нәтижесінде табиғатқа техногендік әсердің кез келген ұлғаюы оның тозу процестерінің артуына әкеледі және оны қалпына келтіру үшін материалдық және қаржылық қаражаттың көбеюін талап етеді.

Экономикалық қызметтің экологиялық салдарын жоюға күш салу шексіз болмайды. Өндіргіш күштерді экономикалық тұрғыдан тиімді ғана емес, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз дамыту жолдарын іздеу қажет. Бұл, өз кезегінде, қалыптасқан табиғатты пайдалану жүйелерін талдаусыз, олардың құрамдас элементтері арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды зерттеусіз және түсінусіз мүмкін емес, бұл мұндай жүйелердің жұмыс істеуінің күтілетін нәтижелері мен іс жүзінде қол жетімді арасындағы алшақтық құбылысын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Табиғатты пайдалану жүйелерін зерттеудегі қиындықтар көбінесе қазіргі уақытта экономикалық және экологиялық процестерді зерттеуді органикалық түрде біріктіретін бірыңғай ғылыми теория жоқ екендігімен байланысты.

Қоршаған ортаның ластануы мен тозуының қарқынды өсуі қазіргі заманғы технологияның экологиялық дәрменсіздігімен байланысты. Жалпы ұлттық өнімнің өсуі қоршаған орта үшін қандай да бір салдарды білдірмейді – бұл үшін осы экономикалық өсімге қалай қол жеткізілгенін білу қажет.

Табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетігі экономиканың қандай түріне, оның қандай әлеуметтік-экономикалық жүйеге салынатынына байланысты. XX ғасырдың екінші жартысындағы нарықтық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, әлеуметтік аспектілерге қатысты бизнес экологиялық проблемаларға да бей-жай қарамайды. Ол қазіргі уақытта пайдалы нәрсеге байланысты табиғи ресурстарды қорғайды немесе жояды. Әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономика әлеуметтік-экономикалық тиімділікті төмендетпей, жалпыұлттық экологиялық проблемаларды шешуге қабілетті жүйеге көшуге мүмкіндік береді. Бұл үшін басты шарт экономикалық процестерді экологиялық бағдарланған мемлекеттік реттеу болып табылады.

Негізгі және іргелі сұрақтар туындайды: қоршаған ортаны қорғау мақсаттары мен нарықтық экономиканың мүдделері үйлесімді ме, нарықтық экономика өзінің тиімділігін жоғалтпай ресурстарды реттеуді енгізуге мүмкіндік бере ме, керісінше, нарықтық әдістер ресурстарды үнемдеудің жалпыұлттық мәселелерін шешудің жұмыс құралы бола ала ма?

NPM – бұл икемділік. Қоғамдық басқару тым күрделі болды, яғни өте ұзаққа созылды және бұл «пілдің әрекеті» тез, динамикалық өзгерістер талап еткен кезде жаңа шындыққа сай келмеді.

Қоғамдық басқаруды жетілдіру үшін экономикалық секторда коммерциялық кәсіпорындар тәжірибесі қолданылды, өйткені ол оңтайландыруға, тиімділікке және икемділікке бағытталған. Яғни бірінші тәсіл – қоғамды басқару үшін коммерциялық жеке сектордың тәжірибесін пайдалану. Бұл үшін, біріншіден, мемлекеттік сектордың ішінде реттілікті тігінен де, көлденең де сипат бойынша функцияларды ажырату әдісімен бағыттау қажет. Қайта тоғысқан, айқасқан, қайталанатын, артық мемлекеттік функциялар болмауы тиіс. Егер барлық функциялар жақсы ажыратылса, онда анық ағындар бар.

Бұл ретті мемлекетті құруға талпыныс үш негізгі салдарда көрініс табуы тиіс:

а) реттелген функциялар мен өзара қарым-қатынастарда;

б) қаражатты үнемдеуде, өйткені бәрі қалай жасалғаны түсінікті болса, жаңа құрылымдар мен тетіктерді құру қажет емес;

в) тұрғындардың өздері үшін барынша жағымды әсер, яғни мемлекет барлық функцияларды қоғамның өз ішінде ғана орындауы тиіс.

Неғұрлым тиімді мемлекетке өту тетігі субсидиарлық қағидатының атауын алды. Субсидиарлық қағидасы – көпшілік билігінің функциялары олар барынша сапалы орындалатын деңгейде бекітілуі тиіс деп болжайды. Функциялардың берілуі жоғарыдан төмен емес, төменнен жоғары болуы керек. Яғни, алдымен, азаматтың өзі не істей алатынын, өз жауапкершілігімен шешу керек және онда ешкімге араласудың қажеті жоқ. Екіншіден, ұйым және азаматтар қауымдастығы өз жауапкершілігімен шеше алатын мәселелер ретіне мемлекетке араласудың қажеті жоқ.

Функцияларды бөлу жүйесі, әрине, қаржымен байланысты, яғни жергілікті деңгейде әскерді қаржыландыра алмасаңыз, бірақ ықтимал қауіптен қорғану керек болса, онда сіз бұл функцияны орындау үшін ұлттық үкіметке жүгінесіз және өз салықтарыңыз арқылы ол қызметті қаржыландырасыз.

Құзырет деңгейлері халыққа, осы қызметті алушыға барынша жақын болуы тиіс. Бізде функциялар мен әлеуметтік қызметтер мемлекеттік деңгейге бекітіліп, одан кейін төмен деңгейге беріледі. Мұның барлығы қаржыны деңгейден деңгейге берумен қатар жүреді. Сонымен қатар неміс тәжірибесі көрсеткендей, тіпті Германияда да, қаржыны қатаң бақылау, қаржыны деңгейден деңгейге беру кезінде, ешбір ұрлықсыз соманың 15 %-і жоғалады, бұл беру процесінің өзін қамтамасыз етуге байланысты.

Көптеген елдерде елеулі қолдау тапқан NPM-нің тағы бір қызықты элементі, бұл – ваучерлерді қолдану. Басқа елдерде ваучер сөзі – бұл бәсекелестік ортаны құру және қоғамдық қызметтерді ұсынудың өте қызықты жүйесі. Қызметті әрбір алушы бұл құжатты белгілі бір қызметті алу кезінде ұсынуы керек. Яғни ол қандай да бір басқа қызметтерге пайдаланыла алмайды. Оны сатуға, беруге болмайды, себебі ол нақты азаматқа тиесілі. Ол атаулы және нақты қызметке тіркелген. Ал бұл қызметті кім ұсынатындығын таңдау азаматқа тиесілі. Осы қызметті көрсете алатын кәсіпорындар тізбесімен танысып, азамат осы ваучерлер шығарған органға жүгінеді және осы ваучерлердің саны бойын ша қаржылар органга бағытталады. Бұл жағдайда, сапасы мен құны бойынша үздік қызметтер ұсынатын кәсіпорындар даму үшін қосымша қаражатты алады. Бұл жағдайда муниципалитет қолда бар бюджет қаражаты есебінен, жасанды түрде бәсекелестік, нарықтық ортада қызметінің тиімділігін арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Шамхалов Ф. Основы теории государственного управления. Экономика, 2003.

2 Бердалиев К.Б. Стратегиялық менеджмент: оқулық. – Алматы, 2011.

3 Жұмамбаев С.К. Өндірістік менеджмент: оқулық. – Алматы: Дәуір, 2011.

4 Инновациялық менеджмент: оқу құралы / К.Б. Бердалиев, Т.С.Сатқалиева. – Алматы: Экономика, 2010.

ҒТАМР 06.35.31

МҰНАЙ-ГАЗ КОМПАНИЯЛАРЫНДАҒЫ АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Г.К. Ажигалиева
Доцент, С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті, Атырау қ
Ә.Ә. Шыңғалиева
Студент, С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті, Атырау қ,

Мұнай-газ өндіруші компаниялардың бухгалтерлік есебінің ерекшелігінің ең өзекті мәселелерінің бірі активтерді өтеу мәселесі болып табылады. Бұл мәселе ерекше назар аударуды талап етеді және аудиторлар ұзақ мерзімді активтер сипатындағы қалдықтардың маңыздылығына, құнсыздану мәніне талдау жүргізу кезінде пайдаланылған жорамалдардың субъективтілігінің жоғары деңгейіне, сондай-ақ қолданылатын пайымдаулар мен бағалаулардың маңыздылығына байланысты негізгі мәселе ретінде жиі ерекшеленеді. Бұл мақалада мұнай-газ компанияларында активтердің құнсыздану белгілері, оларды тестілеу қажеттілігі жөнінде айтылған.

Түйін сөздер: Активтердің құнсыздануы, ақша қаражатын генерациялайтын бірліктер, тестілеу, құнсызданудың ықтимал белгілері.

Активтердің құнсыздану мәселесі әсіресе мұнай-газ өндіру саласындағы компаниялар үшін өзекті болып табылады. Мұндай кәсіпорындар өз қызметінің ерекшелігіне байланысты негізгі құралдарға және басқа да ұзақ мерзімді активтерге ірі инвестицияларды жүзеге асырады. Дәл кәсіпорынның ұзақ мерзімді активтермен қарулануы салалардағы құнды құру процесін құруға мүмкіндік береді: геологиялық барлау мен өндіру барысында да, тасымалдау, өңдеу және өткізу кезінде де компанияға өндірістік қуаттар қажет.

Мұнай-газ саласы талап етілетін күрделі шығындардың едәуір көлемімен және шикізат тауарларына тұрақсыз бағалармен ерекшеленеді [1].

Негізгі құралдарға салынған инвестициялардың үлкен шығындары саланы қолайсыз экономикалық жағдайлардың әсеріне ұшыратады, бұл құнсызданудан болатын шығындарды есепке алу қажеттілігін тудырады. Мұнай-газ активтері олардың құнының ықтимал төмендеу белгілері болған кезде «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС құнсыздануға тестілеуге жатады (ХҚЕС (IAS) 36). Бұл активтерге, барлаумен және бағалаумен байланысты активтерді топтастыруды қоспағанда, халықаралық қаржылық есептеме стандартында ашылған ақша қаражатын генерациялайтын қолданыстағы

өндіруші бірліктермен (АҚГБ) құнсыздануды бағалаудың әдеттегі ережелері қолданылады [2].

ХҚЕС бойынша ақша қаражатын генерациялайтын бірліктердің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кеткен жағдайда құнсызданудан болған залал танылады. Өтелетін құн – бұл екі шаманың ішіндегі ең үлкені: шығуға жұмсалған шығындарды шегергендегі активтің әділ құны немесе оны пайдалану құндылығы.

Құнсыздану белгілері компаниялар құнсыздану белгілерінің болуын бағалау үшін кәсіби пайымдауды қолдануы керек. Егер осындай белгілердің болуы туралы қорытынды жасалса, онда кәсіпорын «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС (IAS) сәйкес құнсыздануға тест жүргізуі қажет. Мұнай-газ секторының компаниялары активтердің құнсыздануына тест жүргізу кезінде кен орындарын барлау және бағалау шығындарына қатысты ҚЕХС 36-дан басқа, олар «Минералдық ресурстарды барлау және бағалау» ҚЕХС (IFRS) басшылыққа алуға тиіс. Мұнай-газ секторы үшін құнсыздану белгілері мұнай мен газға ұзақ мерзімді нарықтық бағаларды төмендетуді, қорларды елеулі азаю жағына қарай қайта қарауды, салық салудағы өзгерістер мен реттеуді қатаңдатуды, қызметті жалғастыру қауіпсіз болмайтын дәрежеге дейін жергілікті жағдайлардың нашарлауын, сондай-ақ активтердің экспроприациясын қамтиды.

Мұнай-газ саласындағы құнсыздану типтік ықтимал белгілеріне мыналар жатады:

– бағалау резервтерінің айтарлықтай төмендеуі;

– бір тауарды өндіретін компанияның және басқа кәсіпорындардың нарықтық капитализациясының айтарлықтай төмендеуі;

– мұнай мен газдың ұзақ мерзімді нарықтық бағасының төмендеуі;

– шетел валютасы бағамының елеулі теріс өзгеруі;

– өндіріс шығындарының айтарлықтай өсуі;

– жаңа ұңғымаларды игеру және салу кезіндегі артық шығындар сияқты күрделі салым жобасы бойынша бюджеттің айтарлықтай асып кетуі;

– елеулі күрделі салымдарды қажет ететін операциялық мәселелер;

– объектілерді демонтаждау және олардың аймағындағы табиғи ресурстарды қалпына келтірудің сметалық құнының айтарлықтай өсуі, әсіресе кен орындарын игеру кезеңінің соңына қарай;

– кен орнын игеру жоспарын айтарлықтай қайта қарау;

– болжамды ықтимал қорлардың айтарлықтай төмендеуі;

– мұнай өндірумен байланысты қиындықтар;

– нарыққа жеткізу мақсатында қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз ету проблемалары;

– қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық база мен заңнамадағы теріс өзгерістер, оның ішінде салық ауыртпалығы мен төленген роялти мөлшерінің айтарлықтай артуы;

– аймақтағы қауіпсіздік тәуекелінің немесе саяси тәуекелдің артуы.

Құнсыздану көрсеткіштері ішкі сипатта да болуы мүмкін. Активтердің немесе ақша қаражатын генерациялайтын бірліктерінің жарамсыз немесе ескіргенінің дәлелі құнсыздану белгісі болуы мүмкін: мысалы, өрттен зақымданған мұнай өңдеу зауыты бухгалтерлік есеп тұрғысынан құнсызданған актив болып табылады. Ұңғыманы бұрғылау кезіндегі қателерді айтарлықтай түзету немесе пайдаланудан шығару шығындарының айтарлықтай өсуі сияқты кен орнын игеру шығындарының өзгеруі де құнсыздану көрсеткіштері болуы мүмкін. Құнсыздану басқа кең таралған белгілері ақша қаражатын генерациялайтын бірліктер сату немесе қайта құрылымдау туралы шешім қабылдау немесе қаржылық нәтижелер бұрын күтілгеннен нашар екендігі туралы ақпаратты қамтуы мүмкін [3].

Басшылық АҚГБ деңгейінде құнсыздану белгілерін мұқият қадағалап отыруы тиіс: мысалы, автожанармай құю станцияларының біріндегі өрт туралы ақпарат құнсыздану белгісі болуы мүмкін, өйткені бұл станция жеке АҚГБ болып табылады. Алайда, әдетте, кәсіпорындардың басшылығы жергілікті басшылардың қаржылық-экономикалық қызметті басқаруды қаншалықты тиімді және сәтті жүзеге асыратындығына сүйене отырып, аймақтық немесе аумақтық негізде құнсыздану белгілерін анықтауға бейім. Егер құнсыздану белгісі белгіленсе, басшылық құнсыздануға арналған тестті, тіпті бұл белгі неғұрлым жоғары деңгейде белгіленсе де, жеке АҚГБ деңгейінде өткізуі тиіс.

Ақша қаражатын генерациялайтын бірліктер (АҚГБ) – «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС (IAS) сәйкес басқа активтерден немесе активтер топтарынан ақша қаражатының ағынынан едәуір дәрежеде тәуелсіз ақша қаражатының ағынын генерациялайтын активтердің ең аз сәйкестендірілетін тобы. Өндіруші кәсіпорын иелік ететін кен орны мен оның қызметін қамтамасыз ететін инфрақұрылым объектілері көбінесе АҚГБ ретінде анықталады. Мұнай өндіру және онымен байланысты ақша ағындары жеке ұңғымаларға апарылуы мүмкін. Алайда, кен орнына қатысты инвестициялық шешім қабылдау жеке ұңғыманы емес, бүкіл кен орнын өндірудің күтілетін көлеміне негізделеді, ал барлық ұңғымалар әдетте осы кен орнының инфрақұрылым объектілеріне байланысты болады [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 https://cyberleninka.ru/article/n/postroenie-modeli-obestseneniya-dlya-kompaniy-neftegazodobyvayuschey-otrasli-na-primere-pao-nk-rosneft.

2 «Активтердің құнсыздануы» 36 (IAS) Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты.

3 https://www.almau. edu.kz/images/uploads/files/9942ed052ef5af5bdf68506a3bd6b2ab. pdf.

4 https://www.unicon.ru/upload/iblock/855/uchet-neftegaz-po-msfo. pdf.

ҒТАМР 83.77.01

ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫН СТАТИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

М.А. Абдурахманов
Э.ғ.к., профессор, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Барша қоғамдық құбылыстар өзара байланыста болуы келесі оқиғаны өзгертеді немесе жаңа оқиға пайда болуына себеші болады. Статистиканың негізгі міндеті қоғамдық құбылыстардың өзара байланысын зерттеу болып саналады. Әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды зерттеу нәтижесінде құбылыстар арасындағы қатынастың себеп-салдары анықталады.

Түйін сөздер: Құбылыс, функционалдық байланыс, себептік және нәтижелік белгілер, регрессиялық, корреляциялық талдау, көп өлшемді.

Қоғамдық құбылыстар ортасындағы байланысты анықтау алдымен теориялық талдауға негізделеді, ал келесі кезеңде оқиғалар байланысының үлгісі құрастырылады. Құбылыстың сапалық ерекшіліктері ескеріліп сосын зерттеу нәтижелеріне түсініктемелер беріледі, оларда себептік және нәтижелік белгілер қатысады. Өзімен байланысты белгілерді өзгертетін яғни ықпал етуші себептік белгілер әсерінен өзгеретін нәтижелік белгі пайда болады. Осы белгілер арасындағы байланыстар сипатына қарай функционалдық және корреляциялық байланысқа бөлінеді. Себептік белгінің бір мәніне нәтижелік белгінің бір немесе бірнеше анық мәні әрқашан сәйкес келіп тұрса, онда бұл функционалды байланыс саналады.

Функционалдық байланыстың маңызды ерекшелігі, онда барлық себептік белгілердың толық тізімін және олардың нәтижелік белгімен байланысын бейнелейтін теңдікті бейнелеуге болады.

Себептік белгілердың санына қарай функционалдық байланыстар бір немесе көптік байланыстар болып келеді. Функционалдық байланыстар табиғи құбылыстар ортасында жиі кездеседі, сондықтан олар анық пәндер саласында көбірек қолданылады.

Байланыс өзгерістің бағыттарына қарай дұрыс, не кері болып бөлінеді. Егер белгінің көбеюіне (азаюына) қарап, нәтижелік белгі де көбейсе (азайса), онда олардың арасындағы байланыс дұрыс байланыс болып табылады.

Талдау өрнектерінің көрінісіне орай байланыстар түзу сызықты және қисық сызықты болады. Егер байланыстың теңдеуінде себептік (факторлық) белгілер (x_1, x_2, ... x_k) тек бірінші деңгеймен ғана қатысып, олардың жоғары деңгейлері мен аралас көбейтінділері қатыспаса, яғни

$$y = a_0 + \sum_{i=1}^{K} a_i x_i$$

көрінісінде болса, онда ол сызықты байланыс деп, немесе себептік белгі жалғыз болған жағдайда түзу сызықты байланыс деп аталады.

Өрнегі түзу сызықты теңдеу емес байланыс қисық сызықты (сызықты емес) байланыс деп аталады:

Парабола $y = a_0 + a_1 x + a_2 x^2$ немесе

$$y = a_0 + \sum_{i=1}^{K} a_i x_i + \sum_{i=1}^{K} b_i x_i^n \quad n = \overline{1,..,s}$$

Гипербола $y = a_0 + \frac{a_1}{x}$ немесе $y = a_0 + \sum_{i=1}^{K} \frac{a_i}{x_i}$

Көрсеткішті $y=a_0 x^a$ немесе $y = a \prod_{i=1}^{K} x_x^{a_i}$

және басқа көріністер бойынша өрнектелетін байланыстар сызықты емес байланысқа мысал болады.

Статистикада зерттелетін құбылыстардың арасындағы өзара байланыстарды, олардың сипатын, даму бағытын айқындау үшін арнайы әдістер пайдаланылады.

Соның ішінде функционалдық байланыстарды тексеру үшін баланстар мен индекстер әдісі, ал корреляциялық байланыстарды үйрену үшін паралель қатарлар, талдамалық топтастыру, дисперсиялық талдау, регрессиялық және корреляциялық талдау әдістері кең қолданылады.

Жоғарыда аталғандарды қорыта отырып мысалы, баланс әдісі статистикада құбылыстар байланыстарын талдау, салалар, аймақтар арасындағы байланысты сипаттау үшін ғана қолданылмайды. Бұл әдіс экономикалық көрсеткіштердің, яғни қаржы құралдарының, негізгі капиталдың және тағыда басқа көрсеткіштердің қозғалыстарын зерттеумен бірге ол мәліметтерді тексеруге және белгісіз көрсеткіштерді анықтауға да мүмкиндік береді.

Нарықтық жағдайда экономиканы макродеңгейде сипаттау, талдау үшін экономиканың халықаралық статистикалық үлгісі – ұлттық шоттар жүйесінде баланс әдісі кеңінен қолданылады. Осы жүйедегі экономикалық баланстардың ішінде ең күрделісі салааралық баланс болып саналады (1–сызба).

Көп олшемді салааралық байланыстарды матрицалық талдауда сызықықтық алгебраик теңдеулер жүйесін қолдау арқылы шешуге болады. Мысалы, үш өлшемді теңдеулур жүйесі мынадай болды:

$$\begin{cases} a_{11}x_1 + a_{12}x_2 + a_{13}x_3 = y_1 \\ a_{21}x_1 + a_{22}x_2 + a_{23}x_3 = y_2 \\ a_{31}x_1 + a_{32}x_2 + a_{33}x_3 = y_3 \end{cases} \qquad (1)$$

Матрицалық теңдеулер жүйесін шешу үшін матрица әдісін қолданылады. Бұл теңдеулер жүйесінің белгісізденрінен анықталған (A, X және Y) матрицасы

мынадай: $A=\begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} & a_{13} \\ a_{21} & a_{22} & a_{23} \\ a_{31} & a_{32} & a_{33} \end{pmatrix}$, $X = \begin{pmatrix} x_1 \\ x_2 \\ x_3 \end{pmatrix}$, $Y = \begin{pmatrix} y_1 \\ y_2 \\ y_3 \end{pmatrix}$ (2)

Немесе векторлық байланыс бойынша келесіндей: $A*X = Y \Longrightarrow X = Y/A$

Салааралық байланыстың мәліметтерін жолдар бойынша қарағанда әр саланың өнімін келесі теңдеу арқылы анықтауға болады:

$$x_i = \sum_{j=1}^{n} a_{ij} x_j + y_i; \qquad (3)$$

Мұнда: x_i – a_{ij} – j саласының бір өніміне жұмсалған і саласының өнімінің тура шығындарының коэффициенті.

x_j – j саласынын өнімі;

y_i – і саласының өніміне деген сұраныс (ақырғы тұтыну, жалпы қорлану, экспортпен импорт сальдосы).

(3) теңдеу әр саланың өнімі аралық және ақырғы тұтыну, қорлану, тағы да басқа мақсаттарға қалай жұмсалғанын сипаттайды.

Матрицалық моделдерде тура шығындар коэффициенті маңызды рөл атқарады.

Салалар арасындағы тура шығындар коэффициенттері мынадай есептеледі.

$$a_{ij} = x_{ij} / x_j \qquad (4)$$

Мұнда салааралық байланыстар (x_{ij})

$$x_{ij} = a_{ij} * x_j \qquad (5)$$

осы (5) формула арқылы табылады.
(3) теңдеудің матрицасын былайша жазуға болады:

Салалар	C_1	C_2	....	C_j		C_n	Қосынды	Шығарылған	Жалпы өнім
C_1	X_{11}	X_{12}	…	X_{1j}	…	X_{1n}	$\sum_j X_{1j}$	Y_1	X_1
C_2	X_{21}	X_{22}	…	X_{2j}	…	X_{2n}	$\sum_j X_{2j}$	Y_2	X_2
....	…	…	I квадрант				…	II квадрант	
C_i	X_{i1}	X_{i2}	…	X_{ij}	…	X_{in}	$\sum_j X_{ij}$	Y_i	X_i
....	…	…	…	…	…	…	…	…	…
C_n	X_{n1}	X_{n2}	…	X_{nj}	…	X_{nn}	$\sum_j X_{nn}$	Y_n	X_n
Барлығы	$\sum_k X_{k1}$	$\sum_k X_{k2}$	…	$\sum_k^n X_{kj}$	…	$\sum_k X_{kn}$	$\sum_j \sum_k X_{kj}$	$\sum_k Y_k$	$\sum_k X_k$
Шығындар	V_1	V_2	…	V_i	…	V_n	$\sum_j V_j$	IV квадрант	
			III квадрант						
Жалпы өнім	X_1	X_2	…	X_i	…	X_n	$\sum_j X_j$		

$$\begin{pmatrix} x_1 \\ x_2 \\ \dots \\ x_n \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} a_{11} \dots a_{1j} \dots a_{1n} \\ a_{21} \dots a_{2j} \dots a_{1n} \\ \dots \dots \dots \dots \dots \\ a_{n1} \dots a_{nj} \dots a_{nn} \end{pmatrix} \begin{pmatrix} x_1 \\ x_2 \\ \dots \\ x_n \end{pmatrix} + \begin{pmatrix} y_1 \\ y_2 \\ \dots \\ xy_n \end{pmatrix} \qquad (6)$$

Немесе X = A*X + У (7)

Мұнда, X – шығарылған өнім векторы;
У – ақырғы пайдалану векторы;
А – тура шығындар коэффициенттерінің матрицасы.
Осы матрица арқылы салалар арасындағы тура байланысты есептеуге болады.

Толық шығындар коэффициенттерінің матрицасы болып табылатын тура шығындар коэффициенттерін қолдана отырып { a_{ij} } матрицасы мынадай

өрнектермен есептеледі

$$A = \{ a_{ij} \} = (E - a).$$

Мұнда: a_{ij} – тура шығындар коэффициенттері;
Демек, $\{a_{ij}\}$ матрица негізінде толық шығындар коэффициенттерінің матрицасы есептелінеді, ол арқылы ақырғы өнімге жұмсалған тура шығындарды да, жанама шығындарды да көруге болады. (7) формуладан пйдаланып ақырғы пайдалану векторын анықтаймыз:

$$У = X - AX \qquad (8)$$

Немесе

$$У = (E - A)*X \qquad (9)$$

(9) теңдеуден пйдаланып $X = (E - A)^{-1} У$ (10)

Мұнда: $(E - A)^{-1}$ – толық шығындар коэффициенттерінің матрицасы.

(10) салааралық байланыстың негізгі теңдуі болып саналады. Яғни толық шығындар коэффициенттері матрицасының (элеметтерін) мәліметтерін пайдаланып, ақырғы пайдалану векторын өзгертіп әр түрлі болжам жасауға болады [7].

Салааралық байланыстың мәліметтерін бағандар бойынша әр саланың өнімін келесі теңдеу арқылы анықтауға болады:

$$x_j = \sum_{i=1}^{n} a_{ij} x_i + z_j \qquad (11)$$

Мұнда, x_j – j саласының өнімі;
z_j – j саласының жалпы қосылған құны ($j = \overline{1,n}$).

Көп өлшемді индекстер әдісі құбылыстар арасындағы байланысты зерттеу үшін қолданылады. Бұл әдіс құбылыстардың динамикасын және сонымен зерттелтін құбылысқа әсер ететін себептік белгілердің ықпалын да айқындайды. Өзара байланысты экономикалық көрсеткіштердің индекстері мынадай жүйені құрайды екен. Мысалы, тауарлардің физикалық көлемінің жалпы индексі мен тауарлар бағасының жалпы индексінің көбейтіндісі тауар айналымының жалпы индексіне тең блады:

$$I_{qp} = I_p * I_q = \frac{\sum q_0 p_1}{\sum q_0 p_0} * \frac{\sum q_1 p_1}{\sum q_0 p_1} = \frac{\sum q_1 p_1}{\sum q_0 p_0} \qquad (12)$$

Мұнда: I_q – тауарлардің физикалық көлемінің жалпы индексі;
I_p – бағаның жалпы индексі;
I_{qp} – тауар айналымының жалпы индексі.

Осылайша өндіріс шығындары арасында да жоғарыда аталған жүйеге ұқсас келесідей байланыс болады:

$$I_{zq} = I_z * I_q = \frac{\sum q_1 z_1}{\sum q_1 z_0} * \frac{\sum q_1 z_0}{\sum q_0 z_0} = \frac{\sum q_1 z_1}{\sum q_0 z_0} \qquad (13)$$

Мұнда шығынның жалпы индексі, өнімнің өзіндік құны мен шығарылған өнім көлемі жалпы индекстерінің көбейтіндісіне тең болады.

Зерттелетін құбылыстарға, яғни іс жүзінде нәтіжелік белгіге әсер ететін себептік белгілер үш, төрт немесе оданда көп болыуы мүмкін. Мұндай жағдайда жалпы индекс көп өлшемді индекстерге жиіктеледі [4, 193 б.].

Мысал. Кәсіпорынның негізгі көрсеткіштері өткен және ағымдағы жылдар үшін мына 1 – кестеде берілген.

Кесте 1. Кәсіпорынның негізгі көрсеткіштері бойынша статистикалық мәліметтер.

Көрсеткіштер		Өткен жыл	Есепті жыл
1	Жалпы өнім млн теңге	634 872	713 248
2	Жұмыскерлердың орташа тізімдік саны,адам	960	1000
3	Оның ішінде жұмысшылар саны	780	820
4	Жұмысшылардың істеген күндері (а/к)	21 907	19 188
5	Жұмысшылардің істеген іс сағаттары (а/с)	15 115	1 485
6	Жұмыстан тыс уақытта істелінген сағаттар	43. 8	3. 8

Кесте 2. Еңбек өнімділігі және жұмыс уақтын пайдалану көрсеткіштерін анықтау алгоритмі.

Белгілер	Көрсеткіштер
а	Бір сағаттық еңбек өнімділігі, мың теңге (1жол * 1000): 5 жол
б	Жұмыс күнінің ұзақтығы, сағатта (5 жол – 6 жол): 4 жол
в	Жұмыстан тыс уақытта істелінген сағаттар коэффициенті 5 жол: (5 жол – 6 жол)
г	Бір жұмысшы үшін жұмыс күнінің орташа ұзақтығы, күн есебінде (4 жол: 3 жол)
д	Жұмысшылардың үлесі, коэффициенті (3 жол: 2 жол)
е	Бір жұмыскерге жалпы өнім, мың теңге (1 жол * 1000): 2 жол

Жалпы өнім көлемі келесі себептік белгілердің әсерінде төмендегідей өзгереді.

$$J = \frac{\sum a_1 б_1 в_1 г_1 д_1 е_1}{\sum a_0 б_0 в_0 г_0 д_0 е_0} = \frac{713248}{634872} = 1.123, \ \Delta J = 78\ 376$$

Яғни жалпы өнім 12,3 % ға немесе 78 376 мың теңгеге өскен.

Өнім өндіруге ықпал ететін себептік белгілердің әсерін есептеу төмендегидей:

$$J_a = \frac{\sum a_1 б_1 в_1 г_1 д_1 е_1}{\sum a_0 б_1 в_1 г_1 д_1 е_1} = 1.143. \quad \Delta J_a = 713\,248 - 624\,098 = 89\,150$$

Бір сғаттық еңбек өнімділігі «а» өзгеруы есебінен жалпы өнім 14,3 % ға немесе нақты 89 150 мың теңгеге өскен $(а_1\text{-}а_0)$ $б_1$ $в_1$ $г_1$ $д_1$ $е_1$.

$$J_б = 1.152, \quad \Delta J_б = 624\,098 - 541\,570 = 82\,528$$

Жұмыс күнінің ұзақтығы «б» есебінен жалпы өнім 15,2 % ға немесе 82 528 мың теңгеге өскен $(б_1 - б_0)$ $а_0$ $в_1$ $г_1$ $д_1 е_1$.
Осылайша жалпы өнімге әсер етуші белгілерді (3 – кесте) анықтаймыз [5, 165-169 б.].

Кесте 3. Себептік белгілердің күштерін нақты және салыстырмалы шамаларда анықтау.

Белгілер	**Нәтижелік белгіге әсер етушы себептік белгілер тізімі**	**Жалпы өнім көлемінің өзгерісі**	
		Мың теңге	**% да**
а	Бір сағаттық еңбек өнімділігі өзгеруы есебінен	89 150	14,3
б	Жұмыс күнінің ұзақтығы есебінен	82 528	15,2
в	Жұмыстан тыс уақытта істелінген сағаттардің өзгеруы есебінен	– 14 579	– 2,6
г	Бір жұмысшы үшін жұмыс күнінің ұзақтығы есебінен	– 111 705	– 16,7
д	Жұмысшылардың үлесінің өзгеруынен	6 108	0,09
е	Жұмыскерлер санының өзгеруы есебінен	26 874	4,2
∑		78 376	14,3

Кестеде нәтижелік белгіге ықпал етуші себептік белгілердің күштері нақты және салыстырмалы шамаларда анықталған, яғни себептік бегілердің нақты алынған нәтижелерінің қосындысы есепті жылдағы жалпы өнімнің өткен жылменен салыстырғанда 78,376 мың теңгеге артықан бұл нәтижені келесідей есептеуге болады.

$$\Delta J = \Delta J_a + \Delta J_б + \Delta J_в + \Delta J_г + \Delta J_д + \Delta J_е = 78{,}376.$$

Осылайша жалпы өнімнің көлемін салыстырмалы түрдеде анықтаймыз

$$J = J_а * J_б * J_в * J_г * J_д * J_е = 1{,}123$$

немесе жалпы өнімнің көлемі 112,3 %-ға орындалған, өткен жылменен салыстырғанда өнім көлемі 12,3 % ға жоғарлаған.

Осылайша, нәтижелік белгіге ықпал ететуші белгілердің әсерін көп өлшемді индекстер әдісі арқылы анықтауға болады екен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Абдурахманов М.А. Статистика негіздері. Монография. – Нұр-Сұлтан: ҚазЭҚХСУ, 2021. – 214 б.

2 Абдурахманов М.А. Экономикадағы статистикалық әдістер: Оқу құралы. – Астана: ҚазЭҚХСУ БПО, 2019. – 310 б.

3 Абдурахманов М.А. Қурилиш статистикаси. Уқу қолланма. – Ташкент: 2004. – 160 б.

4 Болч Б., Хуань К. Многомерные статистические методы для экономики / Пер. с англ. – М.: Статистика, 1979. – 317 с.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

NATURAL SCIENCE

ҒТАМР 34.05.17

БИОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ САБАҒЫНДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

М.Б. Атаханова
Магистрант, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.
Н.Н. Салыбекова
PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Бұл мақалада биологияны оқытуда интерактивті оқыту әдістерін қолданудың маңызы мен ерекшелігі қарастырылған. Сонымен қатар, биологиялық білім беруде оқушылардың құзыретілігін қалыптастыру жолдары зерттелген. Тірі табиғаттың заңдылықтарын оқып білу үрдісінде, тірі нысандарды бақылау және биологиялық тәжіибелер жүргізуде танымдық қызығушылықтарын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуда, экологиялық және жалпы мәдениетке, өзінің және өзгелердің денсаулығына жауапкершілікпен қарауға, адам өмірі ең жоғарғы құндылық екендігін жетік түсінуге тәрбиелеудің маңызы сараланған.

Түйін сөздер: Интерактивті оқыту, таным процесі, әрекет, әдістеме, ізгіліктендіру, диагностика.

Интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен студент пен мұғалімның қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады.

Интерактивтік оқыту – бұл танымдық әрекеттің арнаулы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын-ала болжауға болатын оқыту түрі. Осындай мақсаттардың бірі студент өзінің жетістіктерін, интелектуалдық белсенділігін сезетіндей, оқу барысының өнімділігін арттыратын оқытудың жинақы (компактный) шарттарын жасау. Интерактивтік оқытудың мәнісі аудиториятағы барлық студент таным процесімен қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге (рефлектироват) мүмкіндік алады. Таным процесінде, оқу материалын игеруде, студенттердің біріккен әрекеттері мынаны білдіреді: әр студент өзіне тән ерекше еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерін алмасу үздіксіз жүреді. Сонымен қатар, бұл процес өзара қолдау және қайырымдылық атмосферасында жүреді. Яғни, жаңа білім алып қана қоймайды, танымдық процестің өзін дамытады, оны әлдеқайда жоғары топтасу мен еңбектесу дәрежесіне көтереді.

Интерактивтік оқыту формаларына нені жатқызуға болады? Бүгінгі күні әдіскерлер мен шығармашыл-мұғалімдер топтық жұмыстың көптеген түрін жасап шығарды. Олардың ішіндегі кең таралғандары – «үлкен шеңбер», «аквариум», «мыйға шабуыл» (мозговой штрум), «дебаттар». Алдынғы сабақтардағы білімдері немесе өмірде алған тәжрибелері негізінде аздаған хабары бар қандайда бір мәселе толығымен талқыланатын болса ғана, интерактивтік оқыту формасының тиімділігі жоғары болады. Одан басқа, қарастырылатын тақырып жабық немесе тар мағаналы болмау керек. Мысалы, ұрлық үшін жауапкершілік қандай болу керек немесе салық мөлшері қанша болу керек деген сияқты сұрақтарды топ алдында талқылаудың мағанасы жоқ. Талқыланатын мәселенің деңгейі тар экономикалық (құқықтық, саяси, тарихи, т.б.) сұрақтардан мәселені кеңінен қоюға көшуге мүмкіндік жасайтындай болу керек [1-3].

Интерактивтік оқыту технологиясы мен концепциясы интеракция (ағлш. Interaction – өзара әсер, бір-біріне әсер ету) құбылысына негізделген. Оқыту барысында жеке тұлғалар ара(сында танымдық қарым-қатынас орнап, оның субъектілерінің бәрі өзара қатынасқа түседі. Әр студенттің жеке жұмысы мен оның жеке тұлғасын дамыту адамдардың бір-бірімен сөйлесу және өзара әрекеттесу барысында жүзеге асады.

Ситуацияның жиі қолданылатыны және ыңғайлы түрі оқу интербелсенді ойындары болып табылады, оқушыларды белсенділікке қатыстыру нәтижелерін көрсететін мүмкіндік береді, Сонымен қатар интербелсенді шараларда барынша эмоциялық-тұлғалық әсер ету, коммуникативті біліктілік пен дағды қалыптастыру, қарым-қатынас құндылығы сияқты мүмкіндіктер бар. Сондықтан оқудың интербелсенді әдістерін қолдану мектеп дарынды оқушыларының жеке және тұлғалық сапаларын тәрбиелеуге қолайлы [4-6].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына орай жалпы білім беретін мектептің құрылымы, әр сатысының оқу-тәрбиедегі қызметі өзгереді. Ал, қазіргі мектепте оқытылып жүрген биология пәні әдістемесінің негізгі құрамдас бөліктері мақсаты, мазмұны, әдістері, оқу жұмысын ұйымдастыру түрлері, құралдары түбегейлі өзгеріске түскен жоқ, ескі базисте сақталып отыр. Осының бәрі жалпы білім беретін мектептегі биология пәні әдістемесін түбегейлі жаңартып, қайта құру қажеттігін көрсетеді [4, 7, 8].

Биологиядан жалпы білім берудің мақсаты, мазмұны, құрылымы, ең алдымен қоғамның әлеуметтік сұранысына, қазіргі заманғы биология ғылымының жүйесі мен әдіснамасының ұсыныстарына және орта буын сыныптары оқушыларының жас ерекшелігімен байланысты таным мүмкіндігіне сай анықталады. Қазіргі мектептегі биология курсы XX ғасырда биология ғылымдарында болған, танымдық, білімдік және тәрбиелік жағынан аса маңызды деген өзгерістерді жеткілікті дәрежеде игермеген. 5-8 сыныптардағы өсімдіктану жануартану пәндерінде тірі ағзалар топтарының жекелеген өкілдерінің аттарын атап, сыртқы, ішкі құрылысын толықтай сипаттауға, жіктеп топтастыруға өте көп көңіл бөлінеді де, экология, диалектикалық көзқарас қалыптастыру мәселелеріне жете мән берілмейді. IX сыныптағы

тәнтану пәнінде адам омыртқалы жануарлардың тіршілік үрдістерін зерделеудің моделі ретінде қарастырылып, оның әлеуметтік мәні, дүниенің ғылыми бейнесіндегі орны, өмір сүру мақсаты, құндылығы, салауатты өмір, т.б. қазіргі заманғы адамтанудың аса маңызды мәселелері мектептегі бүкіл білім мазмұнынан тыс қалған [9-11].

Мектептегі биологиялық білім беру мазмұнының ізгіліктендіру ұстанымын жүзеге асыратындай, оқушыларда тіршіліктің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастыратындай, экологиялық сауаттылығын арттырып, мәдениеттілікке тәрбиелейтіндей ойлауын дамытуымыз керек. Қазіргі заманда ғылыми білімнің қуатты кіріктіру кезеңі жүріп жатыр. Мектепте білім мазмұнын пәндерге жіктеп оқыту басымдылығы берік сақталған. Орта, жоғарғы сыныптарда пәндік оқытуға мән берілуі қажет, онсыз оқушыларға қазіргі заманғы ғылым негіздерінен тиянақты білім беру мүмкін емес [9, 10, 12].

Пәндік оқытудың гипертрофиясы биологияның басқа пәндермен байланысын былай қойғанда, өз ішіндегі салалық бөлімдері арасындағы байланыстың үзілуіне әкеп соқтырған. Мысалы: тіршіліктану курсы бір-бірімен байланысы аз цитология, эволюциялық ілім, экология және генетика сияқты: тіпті әрқайсысы өз ғылыми пәнін де қажетті деңгейде бейнелей алмайтын жеке-жеке бөлімдерден тұрады. Тіршілік жүйесінде жүретін физикалық-химиялық заңдылықтардың негізін түсінуге көмектесетіндей алдын-ала дайындау пәндер оқытылмайды. Мысалы, диффузия, адсорбция, сәуле-жарық, ионды алмасу, қысым, т.б. туралы қарапайым мәліметтері жоқ. 5-8 сынып оқушылары өсімдік, жануар, адам ағзасында жүретін тіршілік үрдістері туралы (қоректену, тыныс алу, көбею, өсу, даму, қозғалу т.б.) материалдарды жаттанды оқуға мәжбүр болады. Мектептегі басқа пәндер сияқты биологиядан да оқушыларға көп жағдайда, дайын білім ұсынылады. Оқыту әдістері оларды өздігінен жаңа ақпараттарды іздестіруге, оқу тапсырмаларын өздігінен шешуге талпындырмайды, яғни оқыту әдістемесі, догмалық ойлау типі басым, дайын нұсқауларды бұлжытпай орындаушылар тәрбиелеуге бағдарланып құрылған. Еліміз тәуелсіз даму жолына түсіп отырған жағдайда оқушылардың өз еліне, туған табиғатқа, жеріне терең, аялы сезімін оятып, патриоттық рухта тәрбиелейтіндей, эстетикалық талғамын қалыптастыратындай материалдар, ұлттық мәдениетіміздің элементтері биология пәні мазмұнында жеткіліксіз.

Оқытудың мақсаты мен білім мазмұнының негізіне алынған дамыта оқыту идеясына, оның ұстанымдарына сәйкес білім мазмұнының төмендегідей құрылымы анықталады: – Тірі табиғат туралы білім. Бұл тірі табиғаттың ғылыми бейнесін көрсететін қазіргі заманғы биологиялық ғылыми білім жүйесін және осыны толықтырып, оған әлеуметтік-мәдени фон беретін тірі табиғаттың көркем моделі мен ол туралы әртүрлі мифтік, діни мағлұматтарды қамтиды.

Тірі табиғаттың ғылыми бейнесіне:

а) биологиялық обьектілер мен құбылыстар (өсімдік, жануар, адам тіршілігі) туралы түсініктер;

б) түрлі обьектілердің, оларда жүретін үрдістердің және тіршілік қызметінің қасиеттері, құрылымы, қарым-қатынастық байланыстары, т.б. басты сипаттамалары;

в) биологиялық, теориялар, т.б. туралы білім кіреді.

Оқушылар меңгеруі тиіс әрекет түрлері туралы білім. Ғылыми-зерттеу, көркем қабылдау, құрастыру, технологиялы практикалық сипаттары және тірі табиғатқа қатынасты, оның мәдениеттегі орнын түсініп бағалауға арналған адамгершілік сипаттағы оқу тапсырмаларын шешуге бағытталған әрекет түрлері жатады [13, 14, 16].

Биологияны оқыту мақсаты педагогикалық психологияда анықталғандай, орта буындағы сынып оқушысында теориялық ойлаудың даму мүмкіндігінің жоғары болуы жаңа білім мазмұны негізін дамыта отырып, оқыту идеясын игеру қажеттігін көрсетеді. Бұл идеяның негізгі ұстанымдарының бірі – білімнің теориялық деңгейін көтеру екені белгілі. Мектептің негізгі сатысында жалпы биологиялық білімнің аяқталған сипаты болуы қажеттігіне орай, білімнің теориялық деңгейін көтеру бұрын. Мұның өзі мектепте оқытылатын биологиямен сәйкес ғылымның моделі ретінде қарастырып, жүйелілік, полицентризм, себептілік, тарихилық ұстанымдары тұрғысынан біртұтас курс түрінде құруға және оның мазмұнында тіршіліктің үш деңгейі туралы білімді қамтуға мүмкіндік береді тіршіліктің біртұтастығын, дүниенің бейнесіндегі орнын, биологиялық үрдістер мен құбылыстардың мәнін саналы түсінуге аса қажетті жалпы биологиялың заңдылықтарымен оқушыларды ертерек таныстырып, мектептің негізгі сатысының өзінде-ақ олардың жалпы білімділік дайындығының толық болуын қамтамасыз етеді [5, 15, 7].

Әдіснамалық ұстанымдардың ролі білім мазмұнын, құрылымын, құрамын, оқыту әдістерін анықтауға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың өзі білім мазмұнының құрамдас бөлігі бола отырып, биологиялық білімді дүниетанымдық жүйемен ұштастырады. Соның нәтижесінде «Оқушылардың тірі табиғатқа деген ғылыми көзқарасын қалыптастыру» талабы тек сөз жүзінде қалмай, мазмұны арқылы жүзеге асырылады. Бұл орта буын кезеңіндегі 10-16 жастағы оқушыда жетекші орынға шығатын құндылық бағдарлы әрекеттің қалыптасуына елеулі ықпал етіп, соның негізінде өмірдің мәнін іздестіру, дүниеге көзқарасын, адамгершілік сезімін, ұстанымын, эстетикалық талғамын айқындау бағытындағы талпынысы мен мүддесіне сай келеді. Дамыта отырып оқыту идеясы мектеп биологиясының әдістемесінде тірі табиғаттың біртұтастығы, онымен әрекеттік қарым-қатынасын, оқушы тұлғасы дамуының ерекшелігі мен оқу пәні қисынының бірлікте қарастырылуы, биологиялық білімінің жалпы мәдениеттегі орнын анықтайтын ізгіліктендіру идеялары арқылы нақтыланып, биологиялық білім мазмұны құрылымы, құрамы, оны оқыту әдістері осы идеяларға негізделеді [17, 11, 12].

Биологиялық білім беруде оқушылардың құзыретілігін қалыптастыру.

Биологияны оқытудың негізгі мақсаты мен міндеттері оқушыларды қазіргі биология ғылымының даму тенденциялары мен жетістіктерімен таныстыру, болашақ кәсіби іс-әрекеттері үшін оқушылардың биологиялық

білім мен биологиялық талдау әдістерін меңгеруді негіздеудің маңыздылығы болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін білім беру бағдарламасындағы оқу материалдарының орналасуы орталықтандырылған тәсіл бинтербелсендіша құрылуы тиіс. Мұнда бір объектіні оқу жай қайталана бермейді, оның мазмұнында берілетін білім оқушылардың алғашқы қабылдауынан толық меңгеруіне дейін кеңейтіліп, тереңдетіледі. Биологияны оқыту мазмұны оқушылардың біртұтас дүниетанымдық ұстанымды дамытуға бағытталған, сондай-ақ оқушылардың жоғары деңгейдегі жалпы мәдениетті және өз бетінше және кәсіби бағытын анықтайтын білім, дағды жүйелерін меңгеруге талпыныс жасауын қолдайды. Сонымен қатар биологиялық білім беру биология ғылымының негізгі категорияларын қарастыруға, мектептің бастауыш сатысында алған алғашқы биологиялық мәліметтерді теориялар шеңберінде жүйелеуге бағытталған және де оқушыларды биологиялық білімнің дамуымен, оның қазіргі ғылымдағы орнымен және рөлімен таныстырады. Биологияны оқыту жалпы білім берудің маңыздылығын ескере отырып, мазмұны бүгінгі күнгі жетекші биологиялық ғылым мен биологиялық проблемаларды бейнелейтін оқытуды ұсынады. Мемлекеттің эканомикалық және әлеуметтік жетістіктері, ең алдымен олардың білім жүйесімен, азаматтардың білім деңгейін анықталатыны белгілі. Көптеген білім беру мекемелері үздіксіз ізденіс үстінде және олар көптеген болжам болжап болмас жағдайларға тап болып отыр. Мұндай жағдайлардың көпшілігі бірінен бұрын білім беруді дамытудың перспективасы мен мәселелерін дұрыс болжай алмай отырған ұстаздар еңбек ететін ұжымдары көрініс табуда. Қазіргі мектептерде жұмыс істеудің жаңа әдістері мен үлгілерін қолдану әрекеті сыныптық сабақтық жүйенің шеңберінен шықпайды [4, 9, 18].

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы оқу материалдарының мазмұнына болашақ ұрпақтың биологиялық сауаттылығын, биологиялық мәдениетін көтеруге ықпал ететін маңызды білім мен біліктіліктер енгізілген. Жаратылыстану-математикалық бағытта оқушылардың биологиялық мәдениетін қалыптастырушы білім, біліктіліктермен қатар, олардың білімін ары қарай жалғастыруға және кәсіби мамандыққа даярлауға қажетті білім мен оқушылардың жеке тұлғалық іс-әрекетіне көп көңіл бөлінген [6].

Тірі табиғат нысандары туралы білімді өздігінен меңгеруді және оны тірі табиғат процестерін, құбылыстарын, заңдылықтарын түсіндіру және практикада қолдану үшін біліктіліктерін қалыптастыру; жаратылыстанымдық білім алуын жалғастырып, өздігінен білім алу мотивациясын жоғарылату. Биологиялық білім беру барысында оқытудың міндеттері:

– биосферадағы тұрақты тепе-теңдікті сақтау үшін адамның антропогенді іс-әрекеттерінің салдарын бағалауда биологиялық білімдерді қолдану;

– әлеуметтік, экологиялық және технологиялық проблемаларды шешу үшін биология ғылымының негізгі жетістіктері туралы ақпараттарды пайдаланудағы біліктер мен дағдыларды қалыптастыру [16, 19]. Тірі табиғаттың заңдылықтарын оқып білу үрдісінде, тірі нысандарды бақылау және биологиялық тәжірибелер жүргізуде танымдық қызығушылықтарын,

интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Экологиялық және жалпы мәдениетке, өзінің және өзгелердің денсаулығына жауапкершілікпен қарауға, адам өмірі ең жоғарғы құндылық екендігін жетік түсінуге тәрбиелеу. Биологияны оқыту арнайы жабдықталған сынып бөлмесінде және жалпы қолданылатын оқу-көрнекілік құралдар мен жабдықтар, көрсетілімдік және лабораториялық аспаптар мен стендтер (құрылғылар), баспа құралдары, диапозитивтер мен диа-, кино-, және бейнефильмдер, кино-, және бейнефрагменттер, техникалық оқыту және т.б. құралдармен дұрыс жабдықталған жағдайда жүзеге асырылады [14, 20, 21]. Биологияны оқыту барысында оқушылардың проблемаларды шешу, ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға жағдай жасау. Оқушылардың ғылыми-жаратылыстанымдық білімін және өздігінен білім алуды жалғастыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету [22, 23]. Білім туралы (эмпирикалық, теориялық, практикалық, білік, дағдылар) және оны меңгерту тәсілдері туралы (логикалық: талдау, синтез, жалпылау, салыстыру ғылыми, бақылау, тәжірибе, эксперимент, модельдеу т.б.) білімді қамтиды. Білім берудің мақсатына орай, оқушының жасына байланысты таным ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың бәрінің білім алуына тең мүмкіндік берілуі қажет дейтін дидактикалық ұстанымға сүйенгенде, сонымен қатар біздің мектептерімізде берілетін биологиялық білім деңгейінің алдыңғы қатарлы елдерден төмен болмауын көздегенде, ең алдымен, әр оқушыға мектеп ұстанатын оқу материалының базалық (өзгеріссіз) деңгейі, яғни базалық білім мазмұны анықталуы тиіс. Бұл деңгей қандай типті екеніне қарамастан мектептің негізгі сатыда әр оқу үшін ұсынатын білім мазмұнын толық ашады және оқу бағдарламалары осы мазмұнға құрылады. Біздің пікірінше, биология мазмұнының салалық бағыттары бинтербелсендіша алғанда базалық білім мазмұнына мынадай мәселелер кіреді. Биология пәні, құрылымы, әдістері, ғылымының даму кезеңдері. Тіршілік, оның қасиеттері, үрдістері тірі ағзалардың табиғаттағы, адам өміріндегі маңызы. Биологиялық обьектілермен, құралдармен жұмыс істеудің қауіпсіздік ережелері [24, 25].

Оқушылардың даралық ерекшеліктеріне қарай білім мазмұнын көп деңгейлі етіп құруға ерекше маңыз беріледі. Мұны оқу бағдарламасында екі деңгейлі, оқушының білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар түрінде көрсетуге болады:

1. Мүмкіндік деңгейлер – базалық білім мазмұны ауқымында анықталады;

2. Міндетті деңгей – оқушы меңгеруі тиіс білім, білік дағдының ең аз мөлшерін көрсетеді.

Бұл талаптарды оқушылар «Үрдісті немесе құбылысты ашып түсіндір», «салыстыр», білімді пайдалан, «қорытынды жаса», «негіздеме бер», тәжірибе қой, жаса», «обектіні анықта» т.б. сияқты алуан түрлі оқу әрекеті әдіс-тәсілдерін қолдана отырып орындайды. Соның нәтижесінде, оқушы оқу әрекетінің әдіс-тәсілдерін меңгереді. Әрі солар арқылы оның белсенділігі артады және саналы, берік биологиялық білім алады.

Биологияны нәтижелі оқытуда оқушылардың білімін бақылап, бағалаудың белгілі бір жүйесі, әдістері елеулі ролі бар екенін атап көрсету керек. Қазіргі мектепте басым қолданылып жүрген бес балдық бағалау жүйесі бүгінгі күнгі дамыта отырып оқыту идеясы талаптарына сай келмейді. Жүйе негізінен, оқушыларды «нашар», «жақсы» оқитындар деп жіктеуге көбірек баға жинақтап, соның орташа көрсеткішімен қорытынды жасауға бағытталған, оқу материалынан барлық оқушылардың алған білім, білік дағдыларының обьективтілігіне кепілдік бере алмайды: дамытушылық, тәрбиелік, диагностикалық қызметі жоқтың қасы: бағалау мұғалімнің пікірімен ғана жүргізіледі, оқушылар қатыспайды. Қазіргі кезеңде, кейбір мектеп тәжірибесінде оқушы білімін бақылап, бағалаудың әр түрлі әдіс-тәсілдері, жолдары қолданылып жүр. Солардың ішінен жаңа деп бір-бірімен байланысты жүргізілетін тест-тапсырманы айтуға болады.

Тест-тапсырма сыныптағы бүкіл оқушылар білімін тұтас пән немесе үлкен тақырыптар, көлемі шағын материалдар интербелсендіа бір мезгілде түгел бақылап, бағалауға мүмкіндік береді, бұған уақыт көп кетпейді. Бағалаудың бұл түрі туралы:

1. Оқушы дұрыс жауапты кездейсоқ табуы мүмкін;
2. Мазмұндағы мәселелерді түгел қамти алмайды;
3. Оқушы өз интербелсенді, пікір қисынды тұрғыдан талдап, дәлелдеп толық айта алмайды деген сын-пікірлер бар.

Мұндай тестерді, негізінен, күнделікті бақылау-бағалау жұмыстарында кең қолдануға болады. Мұнда да дұрыс жауапты оқушы әрі ойланбай, кездейсоқ оғай таба алады деуге болмайды және әр жауапты ойлана отырып, ой елегінен өткізетін болады. Тапсырма шарты – жауапты дұрыс табу. Оқушылар білімінің міндетті деңгейдегі талаптардан төмен еместігін анықтауға берілетін тест-тапсырмалар осы деңгейде білім, білік, дағдыларды толық қамтитындай етіп құрылады және білімнің тұрақтылық ролін атқара алады, бағдарламада осындай тест-тапсырмалардың үлгілерін берген жөн [6, 5, 16].

Оқушы білімін күнделікті тексеріп-бағалауға, әрине оның өз ой-пікірін білдіріп, талдап дәлелдеуіне мүмкіндік беретін еркін жауаптарын, тәжірибе қою, нәтижесін баяндау, бақылау қорытындысынан есеп беру т.б. пайдаланылады. Мектептегі биологиялық білімнің мазмұнын, құрылымын, құрамын оқыту әдістерін мүндай бағыттарда жаңарту, оның құралдарын қайта қарап, жетілдіруді талап етеді. Ең алдымен оқу әдістемелік құралдар қажет [26, 27].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Муртазин Г.М. Активные формы и методы обучение биологии. – Москва, 1989. – 20-25 б.

2 Мягкова А.И., Сивоглазов З.И. Планирования учебного процесса по общей биологий. – Москва, 1990.

3 Қасымова Т., Аманжолова Л. Әкімов Ж., Сәтімбекұлы Р. Тіршіліктану. 1997. – 30 б.

4 Исманбетова М. Модульді оқыту. Биология және салауаттылық негіздер. 2006. №3. – 30-34 б.

5 Жүнісқызы Г. Биология оқыту әдістемесі. Биология және салауаттылық негіз. 2003. №4. – 9-17 б.

6 Жылыбаев Ж.О. Педагогические условия формировние здорового образа жини учащеихся иннавационных школ. Автореферат канд. дисс. – Астана, 2004.

7 Сапаров Қ. Жалпы цитология негіздері. – Алматы, 1994. – 110-111 б.

8 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – Астана, 2000.

9 Кеңесбаев С.М. Жоғарғы педагогикалық білім беруге болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттың технолгияны пайдасына білуге даярлаудың педагогикалық негіздері. Автореферат канд. дисс. – Түркістан, 2006.

10 Biology – 2. Osman ARPACI. Musa Ozet J. ELKS. – 45-50 б.

11 Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Солтүстік Қазақстан газеті, 2004. – 29 қазан.

12 «Биология в школе» журналы. 1990, №5, 1995 №1, 1991 №3.

13 Таубаева Ш.Т. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. – Алматы: «Ғалым», 2001. – 50 б.

14 Сағындықов Е. Ұлттық интербелсендідарды оқу-тәрбие процесінде пайдалану. – Алматы: Рауан, 1993. – 76 б.

15 Реймерс Н.Ф. Негізгі биологиялық терминдер мен түсініктер. – Москва, 1986. – 45-50 б.

16 Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: «Академия», 1999. – 10-15 б.

17 Қуанбаев Б. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық негіздері. Автореферат канд. дисс. 2006. – 10 б.

18 Булашбаева А. Жаңа технологиялар әдістері. Биология және салауаттық негізі. 2006. №6, – 39-40 б.

19 Шуркова Н.Я. Педагогическая технология. – М.: «Педагогическое общество России», 2002. – 101 б.

20 Педагогикалық ізденіс. Құраст. И.Н. Баженова. – Алматы: Рауан, 1990 – 574 б.

21 Бозбаева Г. Әдіс тәсілдерінің тиімділігі. Биология және салауаттылық негіз. 2006. №5. – 48-51 б.

22 Барбара Шварц. Обучение с помощью игры. – Вашингтон, 1997. (перевод с англ.) – 120 б.

23 Жикалкина Т.К. Биологиядан интербелсендідар мен қызықты тапсырмалар. – Алматы: Рауан, 1992. – 64 б.

24 Абдуллаева Ұ., Тіленбаева М. Ұлттық интербелсендідар арқылы еңбекке тәрбиелеу // Бастауыш мектеп. – 2005, №9. – 28-30 б.

25 Дубинина Н.П. «Общая биология». – Москва, 1988. – 530 б.

26 Заверзин А.А., Харазова А.Д. «Основы общей цитологий». Ленинград, 1982.

27 Юсопова М.М. Адам анатомиясының практикумы. – Алматы: «Мектеп», 1979. – 120-125 б.

28 Мұқанов М. Ақыл-ой өрісі. – Алматы, 1980. – 143 б.

29 Булашбаева А. Жаңа технологиялар әдістері. Биология және салауаттылық негіз. 2006. №6. – 39-40 б.

ҒТАМР 27.17

ДӘРЕЖЕ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖҰП ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУДІҢ БІР ЖАСАНДЫ ТӘСІЛІ

Ж. Қырғызбаев
Ф-м.ғ.к., доцент, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.
Б.Т. Алимкулова
Магистр, аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Ұсынып отырған жұмыста дәрежелері жұп (2, 4, 6, 8) алгебралық теңдеулер қарастырылады және оның түбірлерін табудың бір жанама әдісі келтіріледі.

Түйін сөздер: дәрежелі теңдеу, жанама әдіс,

Егер квадрат теңдеу берілсе

$$ax^2 + bx + c = 0 \quad (1)$$

онда бұл теңдеуді белгілі формуласымен (мектепте)

$$x_{1,2} = \frac{-b \pm \sqrt{b^2 - 4ac}}{2a}$$

шешу тәсілі белгілі. Ал теңдеу төртінші дәрежелі болса

$$ax^4 + bx^2 + c = 0 \quad (2)$$

онда

$$y = x^2 \quad (3)$$

түріндегі белгілеу арқылы теңдеу (2)-ні квадрат теңдеуге келтіріп, оның түбірлерін тауып (3)-ке қайта келіп екі теңдеуді шешуге тура келеді. Егер теңдеу алтыншы немесе сегізігші дәрежелі болып келсе, онда оның шешімдерін анықтау курделі болады.

Біз ұсынып отырған тәсіл берілген жұп дәрежелі теңдеуді бірден екі есе дәрежеге төмендетуге болады.

Сонымен, бізге квадрат теңдеу берілсін:

$$ax^2 + bx + c = 0,\ \ a, b, c - \text{белгілі сандар.}$$

Осы теңдеуді шешу үшін төмендегідей кесте құрайық

$$\begin{vmatrix} ax & k \\ x & d \end{vmatrix} = 0 \quad (4)$$

Мұндағы k мен d әзірге белгісіз.

Бұдан

$$ax \cdot x + ax \cdot d + kx + kd = 0$$

немесе

$$ax^2 + (ad + k)x + kd = 0$$

теңдеу құрайық.

Соңғы теңдеу (1) – теңдеумен эквивалент болу үшін

$$ad + k = b$$
$$kd = c \quad (5)$$

шарттары орындалуы керек. Енді соңғы теңдеудің түбірлерін табу үшін (4)-тен төмендегідей екі сызықты теңдеу құрамыз

$$\begin{cases} ax + k = 0 \\ x + d = 0 \end{cases} \quad (6)$$

Соңғы теңдеуден k мен d –ны табамыз, олар берілген теңдеудің түбірлері болады.

Енді осы тәсілді пайдаланып бірнеше мысалдар қарастырайық:

$$25x^2 - 30x + 9 = 0$$

Бұдан $\begin{vmatrix} 5x & -3 \\ 5x & -3 \end{vmatrix} = 0$

шарт (6) бойынша

$$5x - 3 = 0$$
$$5x - 3 = 0$$
$$x_1 = x_2 = \frac{3}{5}$$

Табылған $x_1 = x_2 = \frac{3}{5}$ мәндері теңдеудің шешімі болады. Тексеріп көруге болады.

Соңғы есепті басқа түрде де шығарып көрсетуге болады

$$\begin{vmatrix} x & -\frac{3}{5} \\ 25x & -15 \end{vmatrix} = 0 \quad (7)$$

Бұдан

$$x - \frac{3}{5} = 0$$

$$25x - 15 = 0$$

$$x_1 = x_2 = \frac{3}{5}$$

$$3x^2 - 20x + 17 = 0$$

$$\begin{vmatrix} 3x & -17 \\ x & -1 \end{vmatrix} = 0$$

$$3x - 17 = 0 \qquad x_1 = \frac{17}{3}$$

$$x - 1 = 0 \qquad x_2 = 1$$

Мұнда берілген квадрат теңдеуді шешпей-ақ тікелей екі сызықты теңдеуге келтіру арқылы түбірлерін анықтадық.

$$x^4 + 2x^3 - 4x^2 - 5x - 6 = 0$$

Теңдеуді түрлендіру арқылы

$$x^4 + 2x^3 + x^2 - 5x^2 - 5x - 6 = (x^2 + x)^2 - 5(x^2 + x) - 6 = 0$$

түрге келтіреміз.

$$\begin{vmatrix} x^2 + x & -6 \\ x^2 + x & 1 \end{vmatrix} = 0$$

Таблицасын құру арқылы

$$x^2 + x - 6 = 0$$
$$x^2 + x + 1 = 0$$

Бірінші теңдеуден $x_1 = -3,\ x_2 = 2$

екінші теңдеуден $x_{3,4} = \frac{-1 \pm i\sqrt{3}}{2}$

түбірлерін аламыз.

$$(x^2 + 4x)^2 - 2(x^2 + 4x) - 15 = 0$$

Бұдан

$$\begin{vmatrix} x^2 + 4x & 3 \\ x^2 + 4x & -5 \end{vmatrix} = 0$$

$$x^2 + 4x + 3 = 0 \qquad x_1 = -3, \qquad x_2 = -1$$

$$x^2 + 4x - 5 = 0 \qquad x_3 = 1, \qquad x_4 = -5$$

$$x^6 - 9x^3 + 8 = 0.$$

$$\begin{vmatrix} x^3 & -8 \\ x^3 & -1 \end{vmatrix} = 0$$

$$x^3 - 8 = 0, \quad (x - 2)(x^2 + 2x + 4) = 0$$

$$x^3 - 1 = 0, \quad (x - 1)(x^2 + x + 1) = 0$$

Бірінші теңдеуден

$$x_1 = 2, \qquad x_2 = -1 - i\sqrt{3},\ x_3 = -1 + i\sqrt{3}$$

екінші теңдеуден

$$x_4 = 1, \qquad x_5 = \frac{-1 - i\sqrt{3}}{2} \quad x_6 = \frac{-1 + i\sqrt{3}}{2}$$

$$x^8 - 15x^4 - 16 = 0.$$

$$\begin{vmatrix} x^4 & -16 \\ x^4 & 1 \end{vmatrix} = 0$$

Бұдан

$$x^4 - 16 = 0,$$
$$x^4 + 1 = 0,$$

Бірінші теңдеуден

$$(x^2 - 4)(x^2 + 4) = 0$$

$$x_1 = -2, \qquad x_2 = 2, \;\; x_3 = -2i, \;\; x_4 = 2i$$

екінші теңдеуді түрлендіру арқылы

$$x^4 = -1, \;\; x^4 = i^2 \,,$$

мұнда

$$i = \left(\frac{\sqrt{2}+i\sqrt{2}}{2}\right)^2$$

ендеше

$$x^4 = \left(\frac{\sqrt{2}+i\sqrt{2}}{2}\right)^4$$

$$x^4 - \left(\frac{\sqrt{2}+i\sqrt{2}}{2}\right)^4 = 0$$

немесе

$$x^2 - \left(\frac{\sqrt{2}+i\sqrt{2}}{2}\right)^2 = 0$$

$$x^2 + \left(\frac{\sqrt{2}+i\sqrt{2}}{2}\right)^2 = 0$$

Бірінші теңдеуден

Қазіргі уақытта құрылыста қолданылатын жылу оқшаулағыш материалдардың кең спектрі шығарылады: минералды мақта, Шыны талшықтары мен шыны маталар негізіндегі жылытқыштар, полистирол, пенопласт, керамзитті гравий және т.б.

Қабырғаларды жылыту ғимараттың сыртынан да, ішінен де орындалады. Сыртқы жылу оқшаулағышты орындау керек, өйткені олай болмаған жағдайда үй-жайлардың пайдалы ауданы қысқарады, конденсаттың түсу және зеңнің пайда болу ықтималдығы бар. Қабырғалардың ішкі жылу оқшаулағышы әдетте сәулет ескерткіштері болып табылатын ғимараттар үшін жүргізіледі.

Кесте 1. Қабырғаларды жылыту.

Қабырғаларды жылыту әдісі Жылытылмаған қабырға	Сипаттамасы
	1. Температура өзгеруі қабырғаларға әсер етеді. 2. Шық нүктесі қабырға ішінде, конденсаттың түзілуіне не әкеледі және біртіндеп конструкциялардың бұзылуына әкеп соғады. 3. Жылу шығыны 80% дейін жетуі мүмкін. Жылудың айтарлықтай жоғалуы орын алады.

Қабырғалар ішінен жылытылған	
	1. Қабырғалар жылуды жинамайды әрі сақтамайды, температура өзгеруіне байланысты қатуы мүмкін. 2. Ішкі қабырға мен жылу оқшаулағыш қабаттың арасында су буының конденсация аймағы пайда болады. 3. Шық нүктесі қабырғадан тыс, бірақ айырмашылыққа байланысты жылу оқшаулағыш пен қабырға арасындағы температура ылғал пайда болады, бұл саңырауқұлақтың пайда болуына әкелуі.
Қабырғалардың сырты жылытылған	
	1. Қабырғалар температураның өзгеруіне байланысты өзгермейді 2. Қабырғалар құрғақ әрі конденсатқа ұшырамайды. Жылу шығыны айтарлықтай қысқарды.

Қабырғаларды жылытудың сыртқы тәсілі:

– қабырғаны түрлі атмосфералық әсерлерден қорғау, мысалы, қату және еріту;

– шық нүктесін сыртқы жылу оқшаулағыш қабатқа жылжытыңыз, осының арқасында қабырғаның ішкі бөлігінің қызуын болдырмауға болады;

– жол алынып тасталсын жарықшақтардың негізінен алқабында қабырғалары, осылайша ұлғайтып, ұзақ мерзімділік қабырғалар;

– қабырғаның бу өткізгіштігінің шарттары бойынша қолайлы жұмыс режимін жасау;

– үй-жайдың қолайлы микроклиматын қалыптастыру;

– қасбеттің сыртқы түрін жақсарту.

Қарағанды қаласында кеңінен қолданылатын ғимараттар қабырғаларының жылу қорғанысын арттырудың 4 тәсілін қарастырайық:

– желдетілетін қасбеттің құрылғысы

– сылақпен қосымша сыртқы жылылау

– жылы сылақ

– ғимарат қабырғаларын термокраскамен жылыту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Стенин В.А. Определение чувствительности ограждающих конструкций при оценке их энергоэффективности // Промышленное и гражданское строительство. – М., 2002.

2 Щеколов Я.М. Об энергетических параметрах жилых зданий. Экспресс–информ, №04, 2011.

3 Андрежевский А.А., Володин В.И. Энергосбережение и энергетический менеджмент // Высшая школа. – Минск, 2005.

4 Данилов Н.И., Щеколов Я.М. Основы энергосбережения // Учебник. – Екатеринбург, 2006.

ГРНТИ 73.47.10

СНИЖЕНИЕ ФИЗИЧЕСКИХ И НЕФИЗИЧЕСКИХ БАРЬЕРОВ КАК УСЛОВИЕ РАЗВИТИЯ ТРАНСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА ТРАНСКАСПИЙСКОГО МЕЖДУНАРОДНОРОДНОГО ТРАНСПОРТНОГО МАРШРУТА

Ж.Ж. Абдраимов
Старший преподаватель, Баишев Университет, г. Актобе

На фоне антивоенных санкции возникла потребность в альтернативных транспортных маршрутах в обход России. Основным потенциальным конкурентом российскому маршруту является Транскаспийский Международный Транспортный Маршрут (ТМТМ). Целью этого исследования было выявление основных препятствий увеличения пропускной способности ТМТМ. В процессе исследования были сделаны выводы, что для дальнейшего развития маршрута необходимы инициативы по улучшению качества транспортной инфраструктуры, а также дальнейшему снижению физических и нефизических барьеров.

Ключевые слова: КНР, Центральная Азия, Российская Федерация, пропускная способность, Европа, Транскаспийский транспортный маршрут, Альтернативный маршрут.

Активизация проекта Транскаспийского транспортного маршрута напрямую связана с введением США и ЕС антироссийских санкций. Доступность и эффективность этого коридора делают его привлекательным и позволят нынешним и будущим заинтересованным сторонам стать более продуктивными.

Рисунок 1. Транскаспийский международный транспортный маршрут.

С геополитической точки зрения страны ТМТМ и прилегающие к ним регионы сталкивались с постоянной агрессивной внешней политикой региональных гегемоний и разрушительными локальными конфликтами и кризисами. В течение последних нескольких десятилетий Российская Федерация играла доминирующую роль в этом регионе. В настоящее время растущее влияние КНР в Центральной Азии обостряет конкуренцию между Российской Федерацией, США и другими крупными державами за их интересы. Глобальный экономический проект «Один пояс один путь» потенциально может положительно повлиять на региональный экономический рост и тем самым смягчить серьезные политические конфликты [1]. Маршрут ТМТМ увеличивает связность между странами Евразии и дает постсоветским республикам больше торговой автономии на Южном Кавказе и в Центральной Азии. Общий объем торговли между КНР и Центральной Азией увеличился с менее чем 1 миллиарда долларов в год до 41,7 миллиарда долларов в год в период 1990–2018 годов [2]. ТМТМ представляет собой неотъемлемую часть обширной транспортной системы, которую КНР ассимилировала в рамках «Один пояс один путь», что позволяет КНР иметь более существенное присутствие среди стран Евразии.

Страны Центральной Азии не имеют выхода к морю и береговой линии. Таким образом, Транскаспийский транспортный маршрут будет играть важную роль в облегчении трансграничной логистики в ЦА, особенно с использованием наземного транспорта.

Казахстан стремится диверсифицировать транзитные маршруты по всей своей территории, и Транскаспийский транспортный маршрут обладает большим потенциалом в качестве альтернативного маршрута в Южную Европу и на Ближний Восток [3].

Как страна, в которой транзитные грузы в КНР и из КНР перенаправляются по различным направлениям, Казахстан играет ведущую роль в развитии ТМТМ [3].

Объем перевалки грузов по ТМТМ значительно увеличился из-за пандемии, а тесное сотрудничество между портами привело к перемещению грузов без каких-либо задержек [4].

Основными препятствиями для увеличения пропускной способности на Каспий и вдоль коридора являются неопределенность расписания железнодорожных паромов и нехватка пропускной способности на Каспии, частично устаревший паромный парк, отсутствие железнодорожных контейнерных терминалов, отсутствие складов класса А и практическое отсутствие современных логистических центров. Кроме того, железнодорожные вагоны имеют приоритет перед грузовыми автомобилями и нефтью перед другими грузами для транскаспийских перевозок, а также трудоемкие маневровые работы, сортировка, погрузка и разгрузка паромов, относительно высокая стоимость железнодорожных перевозок и дорожных сборов, отсутствие соглашений о сотрудничестве и т.д.

Соответсвенно ТМТМ в силу своей пропускной способности не способен стать полноценной альтернативой маршрута через Россию. Но при устранений указанных барьеров ТМТМ имеет потенциал в качестве альтернативного маршрута в Европу и из Европы, особенно в Восточную и Южную Европу, без прохода через территорию Российской Федерации.

Рекомендаций [5] которые предлагаются для устранения некоторых из этих препятствий для увеличения пропускной способности транскаспийских перевозок, развития внутренних сухих портов и контейнерных терминалов, зон свободной торговли, открытия коридора для частного бизнеса и сокращения государственная монополия в эксплуатации коридора, принятие программы Уполномоченного экономического оператора (УЭО) во всех странах коридора для устранения проблем с визами, содействие эффективной обработке и стандартизации по вопросам обкатки и количества вагонов, гармонизация стандартов ремонта вагонов, среди прочих.

Теоретический анализ литературы показывает, что проблема рассматривалась достаточно широко, большинство проблем развития среднего коридора выявлены. В то же время ряд конкретных вопросов остается не до конца изученым. Прежде всего, влияние коррупции и политизация данного проекта. С этой точки зрения потребуются дальнейшие исследования, включая имитационный анализ всего маршрута ТМТМ между КНР и Европой.

Литература

1 Jopp, M., Kuhn T., Schulz J. 2018. Preface–Why Focusing on the South Caucasus and Central Asia?» L'Europe en Formation 1. – p. 3-6.

2 Umarov T. 2020. China Looms Large in Central Asia. Carnegie Moscow Center. URL: https://carnegie.ru/commentary/81402.

3 Shibasaki R., Arai H., Nishimura K. 2019. Impacts of Eurasian Transport Connectivity Enhancement on Russia. E3S Web of Conferences 135(2): 02001.doi: 10.1051/e3sconf/201913502001.

4 Meretkylichev M. 2020. Caspian Ports discussed joint measures to combat COVID-19 pandemic. PortNews. 26 May. https://en.portnews.ru/news/296342.

5 Tamar Berdzenishvili. 16-20 November 2020. Virtual Workshop on Trans-Caspian Transport Corridor: Infrastructure and Trade, CAREC Corridor Performance Measurement and Monitoring (CPMM): Trade Impediments of CAREC Trans-Caspian Corridors.

6 Доган Гурсой, Левент Алтынай. 2021. Журнал «Индустрия услуг». Том 41, Вып. 7-8. Шелковый путь и сфера услуг. 2021. – С. 441-445.

ГРНТИ 20.53.01

ОСОБЕННОСТИ ВОДЯНЫХ ЗНАКОВ НА ЦИФРОВОМ ВИДЕО

Н.А. Рай
Студент, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан
К.М. Сагиндыков
Научный руководитель, к.т.н., доцент, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан

В настоящее время цифровое видео выполняет важные функции в нашей жизни. Цифровое видео можно использовать в нескольких приложениях, например, в гражданских и военных приложениях. Кроме того, цифровое видео можно отправлять и получать с помощью современных средств связи. В связи с наличием цифровое видео через незащищенный канал связи (интернет) и наличие современных приложений, любой может воспользоваться этой ситуацией, редактировать или просматривать цифровое видео легко. Поэтому владельцы цифровых роликов в дальнейшем не доверяют каналу связи. Этот случай повлияет на приложения, зависящие от цифрового видео. Метод цифровых водяных знаков является одним из нескольких методов, с помощью которых мы можем преодолеть вышеуказанные проблемы. В этом исследовании представлена информация, такая как требования к технике нанесения водяных знаков на цифровое видео, некоторые методы аутентификации видео и водяных знаков авторского права, возможные атаки на водяные знаки на видео.

Ключевые слова: водяные знаки, защита авторских прав на видео, целостность видео, аутентификация видео, методы аутентификации.

Цифровое видео – это серия цифровых фотографий, которые быстро просматриваются с цифровым звуком, также это представление движения визуальных изображений таким образом, что цифровые данные кодируются [1]. Передача видео через Интернет может быть небезопасной, так что любой желающий может иметь дело с видео (смотреть или манипулировать им с помощью некоторых инструментов редактирования видео). Видео может быть подделано любым человеком, который профессионально занимается видеомонтажом. Существует способ защитить видео от несанкционированного доступа и мошенничества с помощью цифровых водяных знаков. Цифровые водяные знаки – это способ скрыть водяной знак (текст, изображение, аудио,

видео) в сообщении (текст, изображение, аудио, видео), чтобы сохранить целостность сообщения.

Подлинность видеоданных имеет существенное значение в некоторых приложениях, таких как видеонаблюдение, уголовное расследование, владение контентом и правоохранительные органы, например, если видео используется в качестве доказательства в суде, оно должно быть проверено на точность, что означает, является ли оно надежным или нет. Злоумышленник может легко манипулировать видео, используя некоторые инструменты для редактирования видео. Он может удалить важных людей, события, сцены или набор кадров, также может вставлять в видео объекты, события или людей, которые никоим образом не связаны с видео по криминальным мотивам. такие, как [2]:

1. Видеоклипом можно манипулировать разумным образом, чтобы разрушить репутацию человека.

2. Некоторые преступления не могут быть окончательно доказаны в суде. Из-за этого злоумышленники освобождаются от наказания.

3. Еще один случай, когда мы не можем гарантировать, что видео, воспроизводимое по телевизору, взято с надежного новостного канала. В таких случаях подделка документов не допускается.

Следовательно, существует необходимость в аутентификации видео и методах защиты авторских прав. Итак, аутентификация видео – это процесс, используемый для проверки надежности цифрового видео. Другими словами, система аутентификации видео поддерживает целостность цифрового видео и подтверждает, что используемое видео не является подделкой [3]. В то время как защита авторских прав – это метод, используемый для включения водяного знака в видео, чтобы сохранить его право собственности.

Существует несколько требований к идеальной технике нанесения водяных знаков. Зависит от приложения, для которого он используется. Но между этими требованиями должен быть баланс, потому что между ними существует взаимосвязь, при которой увеличение одного может привести к уменьшению другого. В приложении для защиты авторских прав это касается надежности среди требований, в то время как в приложении для аутентификации основное внимание уделяется местоположению поврежденной области.

Этими требованиями являются [4]:

1. Надежность: это степень устойчивости водяного знака к любой атаке. Степень надежности зависит от используемого приложения. Для применения в области защиты авторских прав требуется высокая устойчивость к любым видам атак. В то время как для приложения аутентификации ему не требуется высокий уровень надежности.

2. Точность: Одним из основных требований к водяным знакам является точность. Идеальная техника нанесения водяных знаков должна обладать высокой точностью. Помехи, создаваемые путем встраивания водяного знака, не должны превышать определенного уровня, который может быть понятен зрителю.

3. Скорость: Меньше беспокоится о требованиях к водяным знакам из-за эволюции физических компонентов и вычислительных методов.

4. Емкость: это количество битов водяного знака, которое разрешено включать в видео. И из-за большого размера видео емкость также не является главной проблемой. Размер водяного знака зависит от приложения, которое определяет тип данных водяного знака и стратегию встраивания.

5. Использование ключа: Повышение безопасности с помощью секретного ключа включает в себя методы шифрования, которые повышают надежность алгоритма водяных знаков.

6. Безопасность: только авторизованный пользователь может получить доступ к водяному знаку.

7. Однозначность: для применения авторских прав водяной знак должен содержать четкую информацию о владельце видео.

Методы нанесения цифровых водяных знаков классифицируются на основе нескольких точек зрения [5]:

1. Основанный на человеческом восприятии:

С человеческой точки зрения существует два типа водяных знаков:

а. Видимые водяные знаки: информация о водяном знаке видна. Эта информация в основном представляет собой логотип или текст, который определяет владельца носителя.

б. Невидимые водяные знаки. Водяной знак скрыт на носителе, чтобы сделать его невидимым для злоумышленника в целях защиты содержимого. Он используется в процессах аутентификации и защиты авторских прав.

2. На основе области встраивания: Все методы нанесения водяных знаков работают в двух областях:

а. Пространственная область:

Эти методы встраивают водяной знак непосредственно в данные, не преобразуя их в другой домен. Он прост в применении и быстрее, чем методы переноса домена

б. Преобразованный домен. Эти методы используются более широко по сравнению с методами пространственной области. Здесь водяной знак не скрывается непосредственно в обложке, а изначально преобразуется в коэффициенты и скрывается в ней.

Существует много предложений по нескольким технологиям водяных знаков, которые используются для защиты авторских прав и аутентификации контента (Таблица 1) [6].

Таблица 1. Анализ некоторых предыдущих исследовательских работ по нанесению водяных знаков на цифровое видео.

№	Авторы	Приложение	Выполненные атаки	Домен водяных знаков для видео
1	Shih – Wei Sun and Pao-Chi Chang	Безопасность видео	транспонирование, удаление и вставка.	Пространственная область

2	Gwena el Do¨err and Jean-Luc Dugelay Senior	Безопасность видео	нападения по сговору	Пространственная область
3	Siyue Chen and Henry Leung	Аутентификация	Сжатие JPEG, медианная фильтрация и повышение контрастности	Частотная область: DCT
4	Srinivasa Rao, Dr. Rajasekhar R Kurra	Аутентификация	отбрасывание кадров, усреднение и сжатие с потерями.	Частотная область: DCT
5	Chhaya S. Gosavi and Suresh N. Mali	Защита авторских прав	атаки на обработку сигналов, обработку видео и атаку на видеокамеру	Частотная область: DCT

В этом обзорном документе делается вывод о важности водяных знаков цифрового видео в области цифровых коммуникаций для защиты авторских прав пользователей на их соответствующие мультимедийные активы. В этой статье обсуждаются приложения и особенности водяных знаков цифрового видео, которые во многих аспектах превосходят другие методы шифрования. Хотя встроенные водяные знаки могут быть атакованы, но обсуждаются определенные методы, которые противодействуют атакам для лучшей защиты данных. Следовательно, все еще требуется внедрение более надежных и незаметных водяных знаков цифрового видео на основе сжатого домена, которые должны охватывать совместные атаки в сжатом домене.

Литература

1 Christian Aldrina, Ravi Sheth. «Digital Video Forgery Detection and Authentication Technique-A Review». International Journal of Scientific Research in Science and Technology (IJSRST) 2. 6 (2016). – p. 138-143.

2 Samuel W.T. Penzhorn, Digital watermarking for copyright protection, 7thAfricon Conference in AfricaVol 2, 2004. – p. 953-957.

3 Parmar Zarna, Saurabh Upadhyay. «A review on video/image authentication and temper detection techniques. « International Journal of Computer Applications 63. 10 (2013).

4 Arti Bhardwaj, Ajay Khuteta. Digital Video Watermarking Techniques: A Review, International Journal of Engineering and Computer Science,Vol6, Issue 5, 2017. – p. 21328-2133.

5 Mahajan Dipali Latesh, Suvarna Amit Gogate. «Overview of Digital Watermarking and its Techniques». KHOJ: Journal of Indian Management Research and Practices (2016). – p. 197-204.

ҒТАМР 50.33

ЭЛЕКТРОНДЫҚ КОММЕРЦИЯДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПТЕР

А.Н. Ахметов
Магистрант, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Нұр-Сұлтан қ.

Осы мақалада цифрлық технологиялардың дамып, біздің күнделікті өмірімізге енуі қаратырылған. Сонымен қатар, электрондық коммерцияның қарқынды дамуы, және ақпараттық қауіпсіздік тұрғысынан қауіптерден сақтанудың жолдары туралы ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: интернет, цифрлық технологиялар, киберқылмыс, электрондық коммерция, алаяқтық.

Соңғы жылдары әлем жаңа типтегі экономикаға қарай бет бұруда, оны қалыптастырудың негізгі құралы ретінде цифрлық технологиялар көрініс табуда. Мұндайда жеке және мемлекеттік сектор жұмысындағы ақпараттық технологиялар рөлінің арта түсуі – цифрлық мемлекетке көшудің бірден бір негізі. Цифрлық технологиялар өмірімізге белсенді түрде енуде. Интернет заттарын алу әдепкі құбылысқа айналды: барлығымыздың үйлерімізде дерлік ақылды құрылғылар бар және олардың әлем бойынша саны 26 млрд бірлікті құрауда [1].

Жаһандық деңгейдегі цифрландыру өмір мен өндірістің әртүрлі сфераларына енетін цифрлық технологияларға негізделген экономикалық қызметтің тұжырымдамасын құрайды. Жаңа цифрлық технологиялар елдердің және интеграцияланған макроөңірлердің экономикалық өсімін ынталандыруда маңызды рөл ойнайды, мұндайда цифрлық экономика дәстүрлі экономикаға қарағанда жылдам қарқынмен дамиды. Бұл даму заманауи технологияларға, қарқынды түрде дамып жатқан ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларға негізделген. Заманауи, жоғары жылдамдықтағы кең жолақты желілер жүз жыл бұрын өндіріске электр және транспорт желілерінің ықпалы секілді үлкен әсер етуде. Олар электронды денсаулық сақтау, «ақылды» қалалар және өндіріс, т.б. инновациялық қызметтерге жол салуда.

Цифрлық, технологиялармен бақыланатын экономиканы құру әлемнің көптеген елдері қажет ететін экономикалық өсімнің қозғаушы күші бола алады. Өндірістік және экономикалық қызметті цифрландырудан келіп түсетін әлеуетті экономикалық пайда – жоғары. Бұл, бірінші кезекте, кірістің жаңа

көздерін қалыптастыру және елдің экономикалық мүмкіндіктерінің шегін кеңейту. Аталмыш экономикалық өсім жаһандық бәсекеге қабілеттікке, сондай-ақ халықтың өмір сүру жағдайының жақсаруына алып келеді.

Интернет-технологиялар жақсара түскен сайын бизнесте онлайн-магазиндерді ұйымдастыру мүмкіндіктері арта түседі. Өз тауарларын онлайн сату мүмкін емес деп санайтын компаниялар өздерінің бәсекелестері секілді нарыққа шығу және тұтынушылардың көп бөлігін өздеріне тарту мүмкіндігінен айрылуда. Аталған сервистер азаматтардың өмірін жеңілдетеді [2].

Сонымен қатар электронды сауда көбіне мобильді құрылғылар арқылы іске асуда. Мобильді құрылғыларды пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері бар. Басты ерекшелігі – ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қауіп.

Бүгінгі таңда Қазақстан электронды коммерцияның жоғары қарқынмен дамуын бастан кешіруде. 2020 жылы шағын-орта кәсіпкерлік өкілдері алғаш рет онлайн саудаға шығып, ал тәжірибелі интернет сатушылар сауда-саттық каналдарын маркетплейсте орналастыру негізінде оларды кеңейте түсті.

PwC Kazakhstan зерттеулерінің деректеріне сәйкес, Қазақстандағы бөлшек электрондық коммерция нарығының көлемі 2020 жылдың алғашқы 9 айында 2019 жылдың аталмыш кезеңімен салыстырғанда 93%-ға – 198 млрд теңгеден 382 млрд теңгеге дейін артты. Теңге бойынша орташа чек 63%-ға, ал транзакциялар саны 18%-ға өсті [3].

Ақпараттық технологиялардың өмірімізге белсенді түрде енуі жаңа қауіп түрін – киберқылмыстардың пайда болуына әкелді. Бұл бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Киберқылмыс – қылмыстық әрекет, оның мақсаты – есептегіш технниканы, компьютерлік желіні немесе желілік құрылғыны заңсыз пайдалану. Әдетте пайдаланушылардың өздері қылмыскерлердің қолына түсіп қалады. Бұл не себепті орын алуда? Бұл – кибергигиенаның қарапайым қағидаларын орындамау салдары. Кейде кибершабуыл ақпараттық объектіге бағытталады.

Компьютерлік инциденттерге әрекет ету қызметімен ұсынылған статистикаға назар аударатын болсақ, 2020 жылдың қараша айында ақпараттық қауіпсіздік бойынша 1 453 инцидент анықталып, тиісті жұмыс жүргізілді. 2019 жылдың осы секілді мерзімінде фишингтік шабуылдар саны 83%-ға, ал тіркелген зиянды бағдарламалық жасақтамалар саны 93%-ға артты. 2019 жылдың қараша айында фишингтік шабуылдар саны 19 болса, 2020 жылы аталмыш көрсеткіш 115-ке жетті. Зиянды бағдарламалық жасақтамалары саны 2020 жылы 145, ал 2019 жылы бар болғаны 10 инцидентті құрады [4]. Соңғы үш жылда ақпараттық қауіпсіздік инциденттері саны артуда, және оны бірнеше фактормен түсіндіруге болады: Интернет-пайдаланушылар санының қарқынды өсуі, әлеуметтік желілердің және басқа да интерактивті онлайн-платформалардың әсерінің артуы, төлемдердің қарқынды дамуы және нарықтың жетекші қатысушыларының электрондық коммерцияның жаңа технологиялық платформаларына көшуі.

ҚР Ішкі істер министрлігінің деректері бойынша, 2020 жылы Қазақстанда 14 мың интернет қылмыс тіркелді, ал 2021 жылы бұл көрсеткіш 21 мыңнан артты. 2022 жылдың қаңтар айында 1 177 қылмыс жасалды.

Интернет-қылмысты жасаудың ең көп таралған түрі – хабарландыру бойынша тауар не қызметке алдын ала төлем алу. Интернет арқылы жасалған барлық қылмыстардың жартысы – 8 200 қылмыс осылай жасалады.

Сондай-ақ қазақстандықтардың дербес деректерін алғаннан кейін банк шоттарынан ақшалай қаражаттарды жымқыру бойынша қылмыстар өте жиі кездесуде. Олардың саны (өткен жылы) 2,3 мыңды құрады. Көптеген жағдайларда аялақтар банк қызметкерлері ретінде өзге нөмірлерден хабарласқан. Шамамен 2 мың алаяқтық ақшаны әртүрлі жобаларға, ойындарға, инвестицияларға, ставкаларға салу және т.б. тиімді салым салу айласымен жасалған [5].

Алаяқтар *olx* және *krisha* сайттарында төмен бағамен пәтерді жалға беру жөнінде хабарландыру орналастырады. Әлеуетті клиенттермен әңгіме барысында алаяқтар бастапқы кепілақыны шотқа жіберуді сұрап, ақшаны алғаннан соң телефонды сөндіріп, хабарландыруды өшіреді.

Мұндайда мемлекеттік органдар аталмыш әрекеттерге көз жұмып қарамауы тиіс әрі алдын алу бойынша жұмыстар жүргізуі қажет. Осылайша, осы тектес жағдайлар бойынша арыздар да аз түсіп, құқық қорғау органдарының кейбір қызметкерлерін осы тектес істерді қарастырудан босату мүмкін болар еді.

Біріншіден, дербес деректерді, пластикалық карталар реквизиттерін ешкімге айтпау керек, ақшалай аударымдар бойынша түбіртектерді, әсіресе код, код сөздерін өздерін банк, полиция және т.б. органдардың қызметкерлері ретінде таныстыратын тараптарға да хабарламау қажет.

Екіншіден, дербес деректерді белгісіз, тексерілмеген сайттарға және басқа да негіздерге енгізбеу қажет. Тексермей тұрып алдын ала төлем жасауға болмайды. Тауарды алғаннан кейінгі төлем жасауға келісіп алу қажет.

Үшіншіден, күмәнді келісімдер бойынша ақшалай қаражатты аударудың қажеті жоқ, кіріс көзі анық емес қаржы схемаларынан аулақ болу қажет [6].

Қосымшаларды орнату үшін App store, Play market және т.б. осы секілді ресми негіздерді қолдану қажет. Сатып алу үшін бағыттайтын сілтемелер бойынша өтудің немесе белгісіз контактілерден келген СПАМ-рассылкалардағы сілтемелерге немесе жаңа беттерге өтудің қажеті жоқ. Әдетте алаяқтар фишингтік болып табылатын сілтемелер бойынша өтіп, төлем жасауды сұрайды. Сонымен қатар банкинг қызметінде парольдерді тұрақты негізде өзгертіп тұру қажет. 3D-қорғанысты және өзге де қауіпсіздік шараларын қолдану қажет. Қазақстандықтарға өз шоттарындағы ақшаларды жиі тексеріп тұруды кеңес береміз. Мұндай шаралар алаяқтық әрекеттерін болдырмай, өз ақшаларыңызды сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 https://dankonoy.com/ege/ege10/archives/2408.
2 https://strategy2050.kz/ru/news/51190/.
3 https://aifc.kz/ru/press-relizy/e-commerce-in-kazakhstan-on-the-wave-of-growth.
4 https://sts.kz/2020/12/10/.
5 https://kapital.kz/gosudarstvo/102872/kak-kazakhstantsev-obmanyvayut-internet-moshenniki.html.
6 https://www.kaspersky.ru/resource-center/threats/what-is-cybercrime.

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ

ПЕДАГОГИКА И ОБРАЗОВАНИЕ

FIELD OF PEDAGOGY AND EDUCATION

ҒТАМР 14.35.07

ТӘЖІРИБЕ НЕГІЗІНДЕ АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕРДІ ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

А.Т. Бекболатова, Н.Ж. Қажкен, Ғ.Е. Ташев
Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектеп, Нұр-Сұлтан қ.

Білім берудегі ғылымның негізгі мақсаты – тәжірибелік мәліметтермен жұмыс істеу барысында оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. Ғалымдар, инженерлер және өмірдің барлық салаларындағы азаматтар деректерді сыни тұрғыдан талдай алуы, қорытындылардың дәлелдермен расталғанын анықтауы, өлшеу қателіктерін анықтай алулары өте маңызды.

Түйін сөздер: сыни ойлау, білім беру, тәжірибелік жұмыс, Lesson study.

Оқушылардың ойлаудың бұл түрін меңгеру қаншалықты қиын екенін көптеген зерттеулер дәлелдейді. Әсіресе сыни тұрғыдан ойлауға үйрету жаратылыстану ғылымының, әсіресе оның зертханалық бөлігінің негізгі мақсаты. Сыни тұрғыдан ойлау жалпы құзіреттілік бола отырып, адам өмірінің әртүрлі кәсіптерінде және салаларында қолданылады. Көптеген мамандықтарда мәселелерді шешу және шешім қабылдау қабілеті шешуші рөл атқарады. Егер сізге шешім қабылдау қажет болса, бұл дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін – сыни ойлау. Сонымен қатар, қазіргі уақытта ақпаратты табу қабілетінен гөрі оны мағыналы өңдеу мүмкіндігі маңыздырақ. Сыни тұрғыдан ойлауға түсіндіру, талдау, бағалау, қорытынды жасау және өзін-өзі реттеу сияқты жоғары дәрежелі танымдық операциялар кіреді. Физика сабақтарының ажырамас элементі сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту. Мектеп сабағында сыни тұрғыдан ойлауды дамыту үшін мұғалімдердің бұл үдеріске дайын болуы және оқушылардың белсенді жұмыс істеуі үшін жеткілікті идеялар болуы қажет.

Тәжірибелік жұмыс физиканы оқыту процесінде маңызды рөл атқарады, өйткені ол абстрактілі ұғымдарды оқушылардың өмірлік тәжірибесіне айналдыруға көмектеседі [2]. Тәжірибелік жұмыс – оқушыларға теориялық фактілерді зертхананың ішінде және сыртында бар кез келген құралдарды пайдалана отырып сынауға және қолдануға мүмкіндік беретін оқу процесінің бөлігі. Ал, мұғалім тек білімді жеткізіп қана қоймайды, сонымен бірге

ынтымақтастық пен сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытатын оқу ортасын құруға ықпал етеді. Мұғалім нұсқаушы және кеңесші рөлін атқарады [5].

Оқушылардың нәтижелерді талдай отырып, олардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында 9 «А», 9 «В», 9 «С» сыныптарында Lesson study шеңберінде зерттеу жұмысын жүргіздік. «Тәжірибе негізінде алынған нәтижелерді талдау арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру» деген мәселе айқындалып, сабақты бірге жоспарлап және қорытынды бағалаудың критерийі анықталып және т. б талдаулар жүзеге асырылды. Сонымен қатар, оқу мақсатын Блум таксономиясы негізінде анықтау сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану және оқушыларды топқа бөле отырып топтық жұмыстар жүргізу, саралап оқыту орын алды. Оқу барысында CLIL элементтері, диалогтық оқыту, ИКТ қолдану, топтық жұмыс жүргізу жүзеге асырылды.

Сабақ барысында оқушылардың бұрын алған білімдерін, білім, білік және дағдыдағы олқылықтарды анықтауға, сондай-ақ үйренуді және зерделеуді қажет ететін сұрақтарды тұжырымдауға болатын әдістемелер жүзеге асырылды. Бұл кезеңде барлық оқушылардың зейінін белсендіретін «Миға шабуыл» әдісі қолданылды. Оқу кезеңінде оқушылар бұрынғы білімдерін пайдалана отырып, гипотеза құрастырады және осы сабақтың оқу мақсаттарын өз бетінше анықтайды. Бұл әдістеме әртүрлі типтегі сұрақтар қоюға, гипотезаларды алға тартуға, өз көзқарасын дәлелдеуге, қорытынды жасауға коммуникативті дағдыларды дамытуға көмектеседі. Бұл әдістеменің мақсаты – қысқа уақыт ішінде оқушылардың алдына қойылған мәселені шешудің көптеген идеяларын, ұсыныстарын, жолдарын алу [3]. Оқушылар неғұрлым көп идеяларды тапса, соғұрлым олардың арасында мәселені шешу үшін оңтайлы идея болуы ықтимал. Физика сабақтарында біз бұл әдісті келесі сұрақтарды талқылағанда қолдандық: – Дөңес линзадан қандай кескін алуға болады? Көз ақауын түзету мақсатында не себепті линза қолданылады?

Білім белсендірілгеннен кейін біз оқушыларды сабақтың негізгі бөліміне енгіздік, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту үшін эксперименттік жұмыстың нұсқауларына көштік. Деректер нәтижелерін талдау, жалпы алғанда, эксперименттік сыныптағы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеті басқа сыныптарға қарағанда жоғары екенін көрсете бастады. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері бақылау парақтарынан тестке дейін де, сынақтан кейін де анықталады, сонымен қатар эксперименттік жұмыс нәтижелері бойынша жоғары баға көрсеткіші бар. Бақылау тізімдерінің нәтижелерін талдау эксперименттік сыныптағы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерінің қарапайым сыныпқа қарағанда жақсы екенін көрсетеді. Барлық көрсеткіштер бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері де барлық көрсеткіштер бойынша эксперименттік сынып оқушыларында деректерді терең талдауға, айнымалыларды салыстыруға және нәтижені бейнелеуге қабілетті сыни ойлаудың басым екендігін көрсетеді. Зертханалық жұмыс арқылы оқу әрекеті оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға үлкен ықпал етті. Бақылау

құралдары сыни тұрғыдан ойлаудың эксперименттік сыныпта айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді.

Оқушыларға арналған сауалнама мен бақылау парағының нәтижелеріне сүйене отырып, оқушылардың сабақты түсінгенін байқауға болады. Сонымен қатар олар айнымалылар арасындағы байланысты түсінеді, тәжірибелік құралдардың қызметін біледі, тәжірибелік деректерді зерттеп, талдай алып, тәжірибе нәтижелерін анық және дұрыс ұсына алады.

Зерттеу соңында оқушылардан сұхбат алып, сауалнама өткізіліп, қорытынды шығарылды. Оқушылардан сұхбат алу кезінде төмендегі сауалнама қолданылды:

– Сізге сабақта не ұнады?

– Сіз не үйрендіңіз? Бұрын не істей алмаған болсаңыз, енді не істей аласыз?

– Оқудың қай бөлігі сіз үшін ең тиімді болды?

– Дәл осы сабақ басқа сыныпта өтілсе, онда нені өзгертер едіңіз және неге?

Оқушылармен жүргізілген сұхбаттардың, сауалнама нәтижелері бойынша олар тәжірибелік жұмыстарды жүргізудің артықшылығын сезінеді, сонымен қатар: мәселелерді түсінуде сыни көзқараспен қарау, концептуалды түсінуді әлі де болса жақсарту қажет екендігін түсінеді.

Қорытындылай келе, Lesson Study жүргізудің өз ерекшеліктері және қиыншылықтары да орын алды деп атап айтсақ болады және оны төмендегі(*Кесте 1*) кестеден көре аламыз.

Кесте 1. Lesson study жүргізуге арналған SWOT кестесі.

Мықты тұстары	**Әлсіз тұстары**
– Мұғалімдер арасындағы қарым-қатынастың нығайуы. – Мұғалімдер сабақ барысын емес, балалардың сабақтағы іс-әрекетін жоспарлау керектігін түсінеді. – Өткен сабақтардағы кемшіліктер мен қателерді ескере отырып, бірлескен сабақты жоспарлау. – Мұғалімнің кәсіби даму динамикасын көруге болады. – Тәжірибе алмасу, оқу мен оқытудың жаңа тәсілдерін енгізу және қолдану. – Сабақты сапалы бақылау және талдау.	– Кейбір мұғалімдердің ескі әдіспен жұмыс істеуге болады деген сенімі, жайлылық аймағынан кеткісі келмеуі. – Көптеген оқушылар топта жұмыс жасауды білмейді.
Мүмкіндіктер	**Қауіп-қатер**
– Мұғалімдердің бірлесіп талқылауға және жоспарлауға уақыт тапшылығы. Сабақ кестесіне байланысты мұғалімнің LS бойынша әріптестерінің сабағына қатысуға әрқашан мүмкін бола бермеуі	– Оқушылардың бақылаушылардың сұрақтарына жауап беруге құлықсыздығы. Күн тәртібін реттеу.

Зерттеу барысында және талқылау барысында мұғалімдер жаңа тәсілдер туралы көбірек білді, оларды оқу үдерісіне енгізу қажеттілігін түсінді, сонымен қатар теорияны тең дәрежеде игеріп, тәжірибеде қолданды. Lesson Study циклі тәжірибеден үйренуге және оны іс жүзінде қолдануға көбірек мүмкіндіктер берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Заир-Бек С.И. Развитие критического мышления на уроке: пособие для учителей общеобразоват. учреждений. – М.: Просвещение, 2011. – 223 с.

2 C Friedel, V Tech, and E Eckhardt. 2008. Overtly teaching critical thinking and inquiry-based learning: a comparison of two undergraduate biotechnology classes vol. 49, № 1.

3 Thaiposri P., Wannapiroon P. 2015. Enhancing Students' Critical Thinking Skills through Teaching and Learning by Inquiry-based Learning Activities Using Social Network and Cloud Computing (Procedia – Soc. Behav. Sci., vol. 174). – p. 2137-2144

4 Duran M. 2016. The effect of the inquiry-based learning approach on student's critical-thinking» (vol. 12, №12) – p. 2887-2908.

ҒТАМР 14.25.09

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҮДЕРІСІНДЕ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ҚИЫНДЫҚТАРЫН ЖЕҢУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Г.М. Есенғали
Студент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.
Б.О. Арзанбаева
Ғылыми жетекші, п.ғ.к., доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Дүниеге келген жас нәрестенің алғашқы тәрбиешісі – әкесі мен шешесі. Ана-баланың жан досы, сырласы, жақын жанашыры, «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» аялайтың қорғанышы. Ана сүйіспеншілігі, оның сөзі мен астарласып, нәр алған сезімінен хабар беріп, бала құлағына жететін жылы дауыс, жұмсақ алақан нәрестенің жан дүниесін, қоршаған ортаны түйсініп, одан хабар беретін басты мәлімет көзі. Қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасы, алдымен ата-ана, одан соң қалған отбасы мүшелері арқылы қалыптасатыны белгілі.

Түйін сөздер: эмоционалдық қиындық, білім беру жүйесі, педагогикалық шарт, бастауыш сынып оқушылары, ата-аналармен қарым-қатынас.

Ана болып, дүниеге нәресте әкелу табиғат берген асыл қасиет, табиғаттың ең асыл сыйы, әлеуметтік құндылық. Дүниеге келген ұрпақты қоғамның адал азаматы етіп тәрбиелеп жеткізсе, бұл құндылықтың бағасы одан да арта түспек. Жалпы адам табиғаттың ең бағалы туындысы болса білімді, тәрбиелі адам қоғамның ең қымбат байлығы. Ғұлама-ғалым Әл-Фараби [1], тәрбиелі адам – қоғамының байлығы деген.

Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың орны туралы Абай Құнанбайұлы [2], адамның адамдық қасиеттерге ие болмағы, әуелі, ақыл ғылыммен болса, ол қызығу, денсаулыққа байланысты, қалғаны «жақсы ата, жақсы ана» үлгі, өнегесі деген. Бұдан ұғатынымыз баланың бойында адамдық жақсы қасиеттердің болуы ата-ананың ықпалына әбден тәуелді екені. Сонда осы ықпал дегеніміз не? Ықпал – бір адамның екінші бір адамға, не бір заттың екінші бір затқа ететін әсері. Ықпал сөзінің мәнісі осы бір адамның екінші бір

адамға әсерінен соңғы оның салдары болса, тағы бір мәні ол себеп те бола алады.

Демек ықпал, тек әсер ету үрдісі ғана емес, сонымен бірге, оның салдары кейде себепте бола алады. Осы сөздердің мәнісін талдай келе ықпал ету арқылы, бір заттың не адамның екіншісіне ықпалы тиген не әсері адам немесе зат жаңа сапаға ие болуы, өзгеруі заңды құбылыс. Мұндай өзгерістер көбінесе сол заттың не адамның жаңа сапаға ауысып, жаңа болуымен белгіленеді, содан көрінеді.

Қазіргі кезде психологияда эмоция жайындағы ілім және оның теориялық дамуы жалпы психологияның өзге тақырыптарымен салыстырып қарағанда өзіндік сипаты бар күрделі мәселелер қатарына жатады. Эмоция мен сезім жеке үрдістер сипатында болғанымен, белгілі жағдайда біріне-бірі ұқсас, алайда олардың өзіндік мәндері ерекше және адамның жан дүниесінің әр алуан ерекшеліктерімен байланысты болады деп қарастырылады.

Жалпы эмоция дегеніміз (фр. *emotion*, лат. *Enoveo* – толғану) – адам мен жануарлардың сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсеріне реакциясы; қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде пайда болатын көңіл-күйі [3].

Эмоционалды қиындық бұл қақтығыстың салдарынан туындайтын ағзадағы өзгерістер өте көп. Әр адамда оған қарсы тура алушылық та әртүрлі. Қазіргі өмірде неше түрлі жағымсыз жағдайлар көптеп кездесіп тұрады. Эмоционалды қиындық адамның әлеуметтік ортаға бейімделуінің психологиялық механизмдерінің бұзылуы жайлы белгілер береді. Балалардағы эмоционалды стресс жиі жағдайда олардың мінез-құлық үлгісін қалыптастырып алуына байланысты туындайды.

Педагогиканың теориясы, тәрбиелеу әдістемесі, жаңа технологиясы, менеджмент, психология пәндеріне байланысты бір топ ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерттегенімізде, адамның адамға: ата-ананың балаға, ұстаздың тәрбиеленушіге, бір адамның екінші біріне еткен ықпалының педагогикалық сипаттамасының әлі күнге нақтыланбағанын көрдік.

Ата-ана мен баланың арасындығы қатынас (механизімдерін) тетіктерін И.С. Кон [4] мынадай үш түрлі сипатта бейнелейді:

1. Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Баланың жақсы жақтарын қолдап, жағымды қылықтары мен істерін қуаттау, он мінез-құлық үшін көтермелеу, ал теріс әрекеттерін ескерту, жаман мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері үшін орынды, әрі әділ сөгіс бере отырып, оның санасына біртіндеп белгілі бір мінез-құлық нормалар жүйесін сіңіру. Сөйтіп, олар баланың ой елегінен өтіп, іс-әрекет, жүріс-тұрыс ережесіне айналады. Күнделікті өмірде көп рет қайталану барысында ол әдетке, ішкі жан-дүниесінін қажетті құрамдас бөлігі ретінде қалыптасады.

2. Баланың ата-анаға ұқсауға ұмтылуы, оны өздеріне ұқсастыру, бұл, баланың ата-анасына болған сүйіспеншілігі, оның беделіне құрметіне негізделеді. Бала әкесіне не шешесіне ұқсауды армандайды. Егер, ата-ананың баласы сыйлайтын қылығы болмаса, ата-ана беделін таяқтан қорқып қана

таныса, онда ұқсау міндеті орындалмайды, не болмаса әлгі жалған беделдің әсері ойға келмеген нашар салдарымен қорқынышты.

3. Ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік. Өз баласының ішкі жан дүниесін, мінез-құлық ерекшеліктерін білу, оларға елгезектікпен жауап беріп отыру, баланың алдыңдағы қиыншылықтарға, онымен қоса төтеп беру арқылы ғана оны толыққанды тұлға етіп тәрбиелеуге болады.

Ол отбасында баланың ақыл-ойы, жүріс-тұрысы мен мінез-құлқына әсер ететін, оның бойындағы қабілет-қасиеттерін дамытуға мүмкіндік туғызатын отбасылық жағдайлар деуге болады. Ол жағдай жағымды болса, оның әсері де пайдалы тиімді, жағымсыз тәрбиесінде болса ол қауіпті, қатерлі. Осыған орай, отбасы ата-аналардың ықпалын арттырудың мынадай педагогикалық шарттарын белгілеуге бола алады.

Алдымен, ата-ана отбасы тәрбиесіндегі алдыға қоятын мақсатын анықтап алғаны жөн. Бұны баланың болашақ кәсібімен ғана байланыстыру жансақ. Педагогика ғылымының жүздеген жылдардан бергі тәжірибесіне сүйенетін болсақ, ол мақсат бүкіл адамзат үшін біреу ана-баланы адамгершілікті болуға тәрбиелеу, әрине, бұл қасиеттер өте қиын. Себебі қазіргі күні адамгершілікті құндылығы төмендеп, озбырлық, арсыздық, ұятсыздық, т.б. белең алып, осындай мінезі бар адамдардың жағдайы анау ұяты, ары барларға қарағанда тәуір секілді болып көрінеді. Бірақ, сырттан қарағанда олардың жағдайы жақсы болғанымен, әлемді ұстап тұрған жақсылық пен жақсы адамдар. Тіпті сол үстемдік көрсетіп отырғандардың көпшілігі осы жақсы адамдардың арқасында өсіп-өніп отырғанын ескеру керек. Ал, оның ғылым мен білім көзі екені белгілі. Сонымен, отбасы тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа-қайырым, мейірім, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ата-аналардың да болашағы нұрлы болмақ. Жақсы тәрбие көрген адамға өмір сүру қиын сондықтан баланы аздап жаман нәрселерге де үйреткен жөн деген ұғымнан үзілді кесілді бас тарту керек. Еш қам жемеңіз, өмірде жамандық сабақтары көп, оны өздері-ақ менгеріп алады. Бұл бірінші педагогикалық шарт.

Эмоционалды қиындықтарды айқындап алған соң, енді осы жақсылықтың үлгі өнегесін көрсету, ата-ананың жағымды ықпал етуінің *екінші педагогикалық шарты*. Бұны болашақтан үміті бар әр ата-ана өзінен бастауы керек. Айталық, отбасылық тәртіпті жүзеге асырудан бұрын тәртіптің не екенін және тәртіпті адам қандай болатынын мын ауыз «мыжың» сөзден гөрі ұрымтал іспен көрсету. Одан соң барып балалардан және басқалардан тәртіпті талап ету.

Үшінші, арнайы педагогикалық білімі жоқ адамдар, ата-аналар аздап болса да осы ілімнен хабардар болуға ұмтылғаны абзал. Бұл отбасы тәрбиесінде баланың мінез-құлық ерекшеліктері, ішкі жан дүниесі, қалауы мен сұрау-талаптарын дұрыс пайымдап, оларды қанағаттандырудың көмектеседі. мөлшері, жолдарын тура таңдап Бұл ретте, педагог ғалымдар, баланың алуға сұрау талаптарын қанағаттандырудың мөлшерден аспауын талап етеді, әйтпегенде, шегінен шығып кетсе пайдадан зияны көп болатыны психология-педагогикалық әдебиеттерде айтылып келеді.

Төртінші, ата-ана беделін орынды пайдалану. Осыған орай, аса дарынды педагог А.С. Макаренко, мынадай бедел түрлерін белгілеген:

– аулақтық бедел, өзімшіл, менмендік, өсиетшіл, қазымыр, тақуагершіл, сүйіспеншілік, кайырымды, достық, арқылы балалар алдында беделін сақтауға, сатып алу сол арқылы тәрбиелеуге ұмтылу. Осылардың ішіндегі ең тиімді, ықпалы қуаттысы – сүйіспеншілік, қайырым, достық арқылы пайда болған бедел.

Бесінші, отбасында орнаған тәртіп пен әдептілік салт-дәстүрі. Жалпы отбасы мүшелерінін қарым-қатынас сипаты (стиль). Ол, сый-құрметке, не айқай-ұйкайға, ұрыс-керіс пен балағат сөзге құрылған ба? Міне, осының өзі-ақ отбасы тәрбиесіндегі ата ананың рөлін көрсетеді. Егер, отбасының ересек мүшелері, ата-ана ұлттық салт-дәстүрге құрылған тәрбие сипатың ұстанса қалт кетпейді. Мұнда береке-бірлік, сый-құрмет, әр мүшеге тиісті болып, жағымды эмоциялық тыныс орнайды. Мұндай ата-аналардың болашағы нұрлы, балалары бақытты деуге болады.

Алтыншы шарт – отбасы мүшелерінің бақытты болуына тура жол көрсетеді. Ол, қуаныш сезімі. А.С. Макаренко «Хотите, чтобы были хорошие дети – будьте счастливы» деген. Ал, енді оның бақытты болу дегенін, қалай ұғыну керек? Негізгі бақыт дегенді біреу – байлық, біреу-мансап, десе, көпшілік адам өзіне не жетпесе соған мол қолы жетсе бақытты болар едім дейді. Ал, бақытты болудың басы қанағатшыл болу. Барына риза болып, денсаулық пен адал еңбектін өзі бақыт емес пе. Сондықтан барына Қуанып, отбасына да қуаныш орнату ата-ананың үлкен бір маңызды міндеті.

Е.Н. Ильин [5] өз еңбектерінде мектеп пен отбасының байланысы жөнінде жазған. Ол мектеп пен отбасының ынтымақтастығындағы тағы бір әдістің түрі «ашық хат» үлгісін алып көрсеткен. Осы «ашық хатты» қазіргі кезде де қолданысқа жеткізсек, мектеп пен отбасының ынтымақтастығы нығая түсуші еді. «Ашық хат»түрі мектеп пен отбасы ынтымақтастығын, сынып жетекшінің және тәрбиешінің ата-аналармен жұмыс істеуіне септігін тигізеді. Ашық хаттың мақсаты: оқушылардың ата-аналарына өз балаларының оқу-үлгерімі жайында мадақтап хат жіберу, сол арқылы ата-аналарды жиналысқа толық қатыстыру, мектеп пен отбасы ынтымақтастығын нығайту.

Балаларды тәрбиелеуде педагогикалық біліктілік пен дағды тікелей ата-аналар үшін практикум жұмысын ұйымдастыру негізінде қалыптасады. Практикум барысында ата-аналарға белгілі бір бағытта тапсырмалар берілуі қажет. Мәселен, оқушының отбасындағы күн тәртібін құру, өз баласының жек-дара ерекшелігін сипаттау; оқушының өзін-өзі тәрбиелеу немесе өзіне-өзі қызымет көрсету секілді мәселелерді талқылау және т.б. Практикум ата-аналарға баланың отбасындағы тәрбиесіне қатысты жан-жақты тәжрибе алмасуға мүмкіндік береді.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруде ең көп тараған форма жалпы мектеп бойынша және сыныптағы ата-аналар жиналысы.

Мектеп оқу жылының басында негізгі пәндер бойынша әр баланың білім деңгей анықталады. Әр айда баланың білім деңгейінің өзгерісі бақыланып,

сарапталады. Ол үшін, пән мұғалімдері сынып жетекшісіне ай сайынжұмыстың нәтижесі, баланың үлгерімі жайлы есеп береді. Яғни, сынып жетекшісі ата-ана, оқушы, пән мұғалімдерін байланыстырушы ғана емес, қарым-қатынастарын басқарушы, бақылаушы, кеңесші.

Әр сынып оқушыларына қойылатын бірыңғай талаптарды басшылыққа алуға, оларға жеке қатынас жасауға тиіс мұғалімдердің белгілі ұжымы жұмыс жүргізеді. Бұл қжымның ұйымдастырушысы да, дем берушісі де сынып жетекшісі болып табылады. Ол мұғалімдердің оқу-тәрбие жұмыстарының ерекшеліктерін зерттейді, олардың оқушыларға деген талаптары мен және қарым-қатынастарымен танысады, жеке оқушылардың мінез-құлқы жайлы, оларға ықпал етудің әдістері туралы пікір алысады.

Отбасы өмірі, ондағы психологиялық ахуал, отбасы мүшелерінің көзқарасы мен қарым-қатынасы туралы ғылыми – теориялық хабар. Отбасы мүшелерінің өзара түсінбеушілігінің педагогикалық-психологиялық тұрғыдан түсіндірілуі. Ата-аналардың пікірлері мен жеке тәжірибелерін тыңдау. Олардың отбасы өмірін ұйымдастыруының әр түрлі қырын анықтауға арналған тестін немесе анкеталық сұрақтарға жауап алу. Солардан қорытынды шығару.

Мұнда қарастырылатын мәселелер: бүгінгі жеке бастың қалыптасуындағы қоғамның талабын қанағаттандыруда отбасы мүмкіндіктері мен ерекшеліктері. Ғылыми және халықтық, сондай-ақ әлемдік педагогика жетістіктерін тәрбиелеуде қолдану жоспарын қарастыру. Осы мәселені зерттеген ғалым педагогтар еңбектерімен танысу. Ата-аналаларды өз еліміздегі, қаламыздағы әр түрлі деңгейдегі тәрбие институттарының мүмкіншіліктерімен таныстыру. Ата-аналар тәжірибесінен пікірлерін тыңдап, ой бөлісу оларға отбасы өмірін ұйымдастыруды дұрыс әрекет етуге бағыт беру. Ұл балалар үшін әкелер жиналысы, қыз балалар үшін аналар жиналысы өте қолайлы. Осы жиналысқа байланысты отбасы тәрбиесі бойынша ата-аналардың білімін жетілдіру іс жүзінде мынадай сайыс өткізуімізге болады. Бұл – «Шаңырақ сыны» сайысы. Сайысқа ор отбасы балаларының жас ерекшеліктері 1-4 сынып аралығында болуы керек.

Өткізу мақсаты: Халық педагогикасын оқу-тәрбие барысында қолдану, ата-ана, оқушы, ұстаз ұжымын ынтымақтастыру. Ұлттық тәрбиенің мақсатын жүзеге асыру.

Өткізілу шарты: I – II турдан, 6 кезеңнен құралған.

I -тур. Мектеп ішіндегі отбасы сайысын өткізу және жүлдегерлерді анықтау.

II – тур. Мектептегі сыныптар арасындағы өткізілген сайыстардың жүлдегерлерінің қалалық көлемге ұсынылуы және өткізілуі.

I-кезең.

«Жеті атасын білген ер

Жеті жұрттың қамын жер».

(Әр отбасы өзін-өзі таныстыру, не өлеңмен, не қара сөзбсн).

II-кезең

«Атамұраң – асыл қазынаң».

(Салт – дәстүр, әдет – ғұрыптарға байланысты тапсырмалар)

III – кезең.

«Ата көрген оқ жонар,

Ана көрген тон пішер».

(Әр отбасының ата-анасына, баласына жеке тапсырмалар беріледі. Мысалы: анасы ою ояды, баласы бейнесөз шешеді, әкесіне қолөнерге байланысты тапсырмалар сұрақтар).

IY – кезең.

«Халық тәлімі – тәрбие бастауы».

(Бала тәрбиесіне байланысты сұрақтар мен тапсырмалар).

Y-кезең

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің».

Әр отбасының балалары ортаға шақырылып, асықтар алып, сандар қасиетіне байланысты тапсырмаларын анықтайды.

Осылайша қорытындылай келе ой қорытсақ, ата-ана мен оқушылардың қарым-қатынасының эмоционалдық қиындығының шешудегі педагогикалық шарттарының сипаттамасын зерделеудегі басты мақсат – ата-аналардың тәлім-тәрбие ғылымына қатысты сауатын ашуда мәселенің түп тамыры, келіп шығу тегі туралы мағлұмат беру. Бұл ретте мынадай мәселелерге ерекше мән беру:

– бала мен ата-ана және отбасынын басқа мүшелері арасындағы эмоционалдық қиындықтың өзара тікелей қарым-қатынастын ықпалы пәрменді болатынына мән беру; қарым-қатынас орнатудың түрлері мағұлмат алмасу, сөз арқылы әсер ету, бірлескен еңбек, ынтымақтаса жүзеге асыратын іс-әрекет түрлерінін аса тиімді, жағымды ықпалын ескеру;

– ата-ананың көз көріну іс-әрекетінің бала үшін ықпалының қуатты әсерін назарда тұру;

– отбасындағы әке тәрбиесінің маңызы және ананың орыны – баланы кіші жастан отбасылық емірге бейімдеудің басты кепілі екенін қаперден шығармау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Әбу Насыр әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттары.

2 Абай. Қалың елім қазағым: өлеңдер. – Алматы: Атамұра. 2002.

3 Сущность, функции и виды чувств и эмоций. http://www.grandars.ru/college/ psihologiya/emocii-i-chuvstva.html.

4 Кон И.С. Ребенок и общество. – Москва, 2016. – 269 с.

5 Ильин Е. Эмоции и чувства. 2-е, переработанное. – Питер, 2013. – С. 294-295.

ҒТАМР 14.25.09

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОМПЬЮТЕРГЕ ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ОТБАСЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Б.К. Алиева
Магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ.

Қазіргі әлем – ақпараттық технологиялар әлемі. Адамды, оның ішінде баланы компьютерсіз елестету мүмкін емес. Компьютерді пайдалану бүгінгі балаға шексіз ақпарат өрісін пайдалануға, оның әлеуметтік шеңберін кеңейтуге, өзгермелі жағдайларға тез жауап беруге, қосымша білім беру ресурстарын пайдалануға мүмкіндік береді және т.б. Дегенмен, оң әсермен қатар, компьютерді пайдалану балаларға да үлкен кері әсер етеді.

Оқу дағдыларын қалыптастыру дегенде оқушыны дұрыс, түсініп, шапшаң және мәнерлеп оқуға үйрету екені анық. Ал осы талапты іске асыру, оған жаттықтыру жұмысын жүргізу жолдары мектеп тәжірибесінде жете анықтала қоймаған. Осындай жағдайлардан бағыт алып біз қазақ бастауыш мектебінде оқу дағдысының үш түрін – дұрыс, түсініп және мәнерлеп оқуды қалыптастыруды ғылыми-әдістемелік жолмен анықтап беруге тырыстық. Осы алған бағытымызда оқу дағдысын қалыптастыру өз алдына бөлек емес, оқу сабағының үстінде мәтінмен жүргізілетін сантүрлі жұмыс түрлеріндегі көзделген мақсатпен тұтастықта болғандықтан, сол жұмыстардың нақты оқу материалдары бойынша іске асырылуын, соның үстінде оқу дағдыларын жетілдіру қатарлас бірге қалай іске асырылады дегенді әуелі мектеп тәжірибесінде байқап, эксперименттен өткіздік.

Бастауыш сынып оқушыларына оқылым дағдыларын пәнаралық байланыс негізінде дамытып, қазақ тілінде мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау мақсатымен жұмыс барысында оқылым стратегияларын қолдану дағдысын қалыптастырып, оны қолдана отырып талдау жасауға дағдыландырсақ, білім сапасының артуына жол ашылары анық.

Қорытындылай келе ұсыныс жасасақ:

– Бастауыш сынып оқушыларына оқылым дағдыларын пәнаралық байланыс негізінде дамытудың тапсырмалар кешендері әзірленсе;

– Мұғалімдерге біліктілікті көтеру курстары ұйымдастырылса;

– Бастауыш сынып оқушыларына оқылым дағдыларын пәнаралық байланыс негізінде дамытуға бағытталған қазақ тілінде оқу құралдары және электронды оқу құралдары әзірленсе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 ҚР президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Астана 11.01.2022.

2 ҚР президенті Қ.К. Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» аты Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2022 жыл 16 наурыз.

3 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. https://adilet. zan.kz/kaz/docs/U1800000636.

4 Бержанов К., Мусин С. Педагогика тарихы. – Алматы: Мектеп. 2003. – 147-148 б.

5 Ұзақбаева С. Қазақ халық педагогикасы. – Алматы, 2013. – 3-4 б.

ҒТАМР 14.25.09

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ӘРЕКЕТІН ҚОРШАҒАН ОРТА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

А.А. Алимбекова
PhD-доктор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.
Н.Б. Жаксыбаева
Магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік әрекетін қоршаған орта материалдары негізінде ұйымдастыру жолдары, ерекшеліктері қарастырылады. Сондай-ақ, негізгі ұғымдарға, соның ішінде зерттеушілік әрекет, бастауыш сынып оқушылары, қоршаған орта, қоршаған орта материалдары, біріккен іс-әрекет сынды түсініктерге берілген анықтамалар талданады. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік әрекетін қоршаған орта материалдары негізінде ұйымдастырудың алғышарттары көрсетіліп, талданады.

Түйін сөздер: зерттеушілік әрекет, бастауыш сынып оқушылары, қоршаған орта, қоршаған орта материалдары, біріккен іс-әрекет.

Болашақ ұрпақтың білімділігі мен оның рухани байлығы – әлемдік өркениетке жетер бағыттағы Қазақстан Республикасының гүлденуіне кепілдік болар бірден-бір жол. Нарықтық қатынастар қалыптасып жатқан қоғамның қазіргі жағдайында мәдениетті, білімді, өзіндік ұстанымы мен таным көзқарасы жетілген адам тәрбиелеудің маңызы зор. Осыған орай бүгінгі қоғам талабына сай мектептегі мұғалім – ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүние тану мәдениеті жоғары, ізденімпаз, нәзік психолог, тынымсыз еңбекқор, шеберліктің шыңына шыққан ұстаз болуы қажет.

Мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары. Оларға талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұл өз кезегінде оқушыларды өздіктерінен ізденуге, зерттеушілік әрекетке баулуды қажет етеді. Осыған

байланысты білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас жүзеге асырыла бастады:

– баланың жеке басын тәрбиелеуде оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлу;

– білім беру үдерісінде жаңа тәсілдемелердің кеңінен қолданылуына және ғылымның рөліне мән беру.

Жаңа тәсілдемелер жеке тұлғаны өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды.

Қоршаған орта материалдары арқылы оқушыларды зерттеушілік әрекетке үйрету үшін мынадай алғышарттар керек:

– оқыту үдерісін ізгілендіру;

– оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту;

– оқушылардың танымдық әрекетін дамытуды қамтамасыз ету;

– оқушылардың бойында өзін қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына адамгершілік, ізгілікті тұрғыдағы қатынастарды қалыптастыру [1].

Оқыту қоғамдық құбылысқа жатады. Оқытуды екі түрлі мағынада қарауға болады. Біріншісі – мектепте арнайы пәндерді оқыту. Екіншісі – өмірде оқыту, өмірге үйрету. Тәрбиелеу, оқыту – егіз ұғым. Оқыта отырып тәрбиелейміз, тәбиелей отырып оқытамыз. Оқыту тәрбиеге қарағанда нақтылау. Оқыту үйрету арқылы іске асады. Бұл – оқытудың маңызы.

Оқыту – тәрбиенің құрамдас бөлігі, қайнар көзі, жүйелі түрі. Оқыту арқылы тәрбиенің саналылығының, руханилығын, әсемділігін, әсерлілігін, адамгершілікке баулу жолын, еңбекшілдігін т.б. айқындап толтыруға болады. Оқыту – тәрбиенің интеллектуалды түрі. Сондықтан мектеп мұғалімдерінен бұл мәселені жан-жақты үдеріс ретінде қабылдауын және иннновациялық технологияны пайдалануға ықпал ететін көптеген шартты жағдайларды танып білуі талап етіледі. Білім беру үдерісінде жаңа тәсілдемелерді пайдаланудың мақсаты – оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы. Мұндай оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Бұл жерде алға қойылған мақсат – оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет.

Оқыту, білім беру үдерісі осы кезге дейін талай зерттеліп, дамып келеді. Оқыту үдерісін зерттеуге байланысты жеткен жетістіктеріміз қазіргі таңда оқытып білім беретін әртүрлі типті мектептер тәжірибесінде жүзеге асты. И.Я.Лернердің пікірі бойынша адам баласының білімді меңгеруі және мәдениет деңгейі екі кезеңнен өтеді. Бірінші кезең – алғашқы таным, оның бірте-бірте адам санасында жаңартылып, шындыққа айналуы. Екінші кезең – оқу үдерісі арқылы ұғымдардың меңгеріліп, білімге айналуы. «В процессе обучения происходить целестное формирования личности, и это формирования определяется не только целями обучения, содержанием изучаемого материала,

но и соответствующим методом обучения, в частности его психологической стороной. Уровень умственного развития, степень овладения ущачимся эффективными мыслительными приемами в значительной мере определяются методами обучения» – дейді [2]. Бұрын оқыту әдісі негізінен мұғалімнің оқушыларға білім меңгертудегі қолданатын іс-әрекеті есебінде қаралса, ендігі жерде оқыту әдісі жаңа ұғым беру барысындағы мұғалім мен оқушының оқыту және оқу әрекеттерінің сәйкестігіне бағындырылады.

Қ. Аймағамбетова «Оқыту әдісіне мұғалім мен оқушының білімді меңгерту және меңгеру барысындағы әрекет сәйкестігімен қоса берілген білімнің білікке айналуын, оқушының дамуын, жеке тұлға ретінде қалыптасуын күнбе-күн жетілдіре түсетін негізгі құралы есебінде, оқытудағы мұғалімнің шығармашылық еңбегі мен оқушының шығармашылық әрекетінің үндестігі тұрғысынан қараймыз» – дейді [3]. Мақсат «... іс-әрекет үлгісін дайын түрде көрсету емес, оқушымен бірлесе, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойылған міндеттерді түсіну, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру». Бұдан мұғалім мен оқушының шығармашылық жұмыстарының маңыздылығын және шығармашылық жұмыстардың негізінде оқушылардың зерттеу әрекеті жатқандығын аңғаруға болады [4].

Оқушылардың ой дербестігін, өздігімен істейтін жұмыс даралығын, оқу әрекеттерінің тиімділігін арттыруда сөздік әдіс пен оның тәсілдері маңызды орын алады. Сөз-тіл, тілдің дамуы, сөздің мән-мағынасына түсіну, ауызша берілген сұраққа жауап іздеу, оған жауап қайтару, ой желісінен сол сәтте айтуға керектітізбегін ажырату оны айтып беру – үлкен ой қызметін керек ететін, оқушыларды шығармашылыққа жетелейтін әрекет. Дегенмен, көп жағдайда сөздік әдісті оқушылар белсенділігін төмендететін әдіс ретінде қарайды. Бұлай қарау орынды емес. Сөздік әдістің күші – сөздің орынды қолданылуы мен оның ой қорыту барысында дұрыс құрылуына байланысты. Мәселен, сөздік әдіс оқушыға керекті ақпаратты толық бере алуымен қатар, олардың алдына мәселе қойып, оны шешуге бағыттайды. Бұл оқушылардың ойлануына, ойқорытуына жағдай жасайды.

Біз, сөздік әдіс тобына әңгіме, әңгімелесу, түсіндіру, пікір-сайыс диспут, оқулықпен жұмыс, лекцияларды жатқызғанмен, бастауыш сыныптарда лекция әдісі қолданылмайтын белгілі.

Әңгімелесуге мұғалім де, оқушы да қатысып, екі жақты қарым-қатынасқа түсіп, олардың бір-біріне психологиялық әсері күшейеді. Мұғалімнің әңгімелесу барысындағы әрбір иәсілі, қолданылатын сөздік жүйе оқушының ой жүйесінің дамуына әсер етеді. Оқу жоспарында белгіленген және белгілі айқындалған уақыт ішінде, оқу бағдарламасына енген мазмұнды қоғам талабына және әр буынның психологиялық ерекшелігіне сәйкестендіре отырып меңгерту, оны өмірде қолдана білуге үйрету – оқытудың алдына қоятын негізгі мақсаты. Сонымен қатар оқыту – білгілі білімді оқушыларға меңгерту үшін мұғалімнің қолданатын іс-әрекеті. Ал оқу-білімді меңгеру барысындағы оқушының іс-әрекеті арқылы жүзеге асады.

Оқытудың әдістерімен бұрынды-соңды шұғылданған әдіскерлерге жоғарыда тоқталғанбыз. Әдістемелік ізденістер көп болғанымен, әр пәннің оқыту әдістерін сол пәннің мазмұнына қарай тиімді қолданудың, оны іске асырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Мұғалімнің оқыту әдісі мен оқушының оқу әрекеті білім мазмұны мен мақсатына қарай өзгеріп отырады. Мұғалімнің мақсаты – арнаулы білімді оқушыларға меңгерту. Меңгерту деген ұғымды психологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, И.М. Сеченовтың іліміне сүйенбей өте аламыз. Меңгерту бұл – жаңа тәжірибенің бұрынғы бар тәжірибемен, жаңа мәліметтің тәжірибенің жеке бастың игілігін, сөйтіп оның қасиетіне айналуы.

Философтар мен психологтар білімді меңгеру мәселесіне келгенде он екі түрге бөледі. Стихиялы меңгеру– бұл кенеттен кездескен затқа, не құбылысқа көңіл аудару. Екінші – мақсатты меңгеру. Мақсатты меңгеру де екі түрлі жолмен жүзеге асады. Оның біреуі – алдына мақсат қойып, білгісі келген, танығысы келген затты не құбылысты адамның өздігінен ізденіп, зерттеп білуі. Екіншісі – мақсатты оқу, білім алу арқылы меңгеру. Бұл екеуіне ортақ мәселе меңгеретін білімнің ғылымилығы. Бұл екеуінің қай қайсысында да ғылыми негіз бар.

Белгілі ғылым жүйесін меңгергенде адамның қабылдауы, ойлауы, есі қатысады. Қабылдау арқылы барып меңгеру жүзеге асады. Себебі қабылдау – меңгерудің алға шарты. Білім мазмұнын оқушыларға мақсатты меңгерту оқыту әдістері арқылы жүзеге асады.

Қазіргі кезде оқыту әдістеріне жаңаша қарауға, оны ғылыми дидактикалық, психологиялық жағынан дамыта отырып, қолдануға үлкен мән беріледі. Білім мазмұнының интеграциялық принципінің өзі оқыту әдісінің дидактикалық тұрғыдан дамуын керек етеді. Осы тұрғыда ғалым, педагог Ж. Қараевтың «Әдістемелік жүйе деп біз оқытудың мақсат, мазмұн, әдіс, түр, құралдарының кешенді бірлігін айтамыз. Бұған дейінгі жүргізілген реформаның тоқырауға ұшырауын біз осы жүйенің тұтас қаралмай, оның әр түрлі компоненттерінің жеке-жеке қарастырылуынан деп білеміз» деген пікірге толығымен қосылуға болады [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Хабиба Р.А. Организация учебно-познавательной деятельности учащихся(на материалематематики). – Москва, «Педагогика», 1979. – 175 с.

2 Щукина Г.И. Роль деятельности в учебном процессе. – М.: Просвещение,1986. – 144 с.

3 Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы, 1994. – 192 б.

4 Селиванов В.И. Деятельность. Сознания. Личность. – Москва, «Политиздат», 1975. – 292 с.

5 Мусабеков М.Ө. Математика сабақтарында төменгі сынып оқушыларының зерттеушілік қызметін қалыптастыру. қызметін дамыту // п.ғ.к. ғыл.дәрежесін алу үшін дайдындалған дисс. – Шымкент, 2000. – 148 б.

ҒТАМР 14.35.17

БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ (ЗООЛОГИЯ БӨЛІМІ МЫСАЛЫНДА)

А.М. Бостанова
Б.ғ.к., доцент м.а., Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.
А.Т. Саттарбаева
Магистрант Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Мақалада омыртқалылар зоологиясы пәні бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері көрсетілген. Ғылыми-зерттеуді жүргізу барысына педагогикалық бақылау, сауалнама, теориялық, диагностикалық әдістер қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде биолог студенттердің ғылыми-зерттеу дағдысын қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды. «Насекомдардың сыртқы және ішкі құрылысы» тақырыбында лабораториялық жұмыс студенттерге ұсынылып, ғылыми-зерттеу дағдысын қалыптастырды. Студенттердің зерттеушілік, танымдық, ұйымдастырушылық қабілеттері дамыды.

Ғылыми зерттеулер нәтижелерін жоғары педагогикалық оқу орындарында биолог маманадарды даярлауда, ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін, біліктерін дамыту курстарында пайдалануға болады.

Түйін сөздер: насекомдар класы, ғылыми-зерттеу жұмысы, биолог студенттер, зертханалық жұмыс, ғылыми-зерттеу іс-әрекеті.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын аудиторияда да, аудиториядан тыс кезде де дұрыс ұйымдастыра отырып, бойларына зерттеушілік қабілеттерді қалыптастырып, болашақта мектепте оқушылармен ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті жоғары деңгейде ұйымдастыра алатындай дәрежеге жетуі көзделген [1].

Ғылыми-зерттеу жұмысы дегеніміз жаңа білім алу, білімді тек оқулықтардан ғана емес, өз бетімен терең меңгеру үшін зерттеулер тәжірибелер жүргізу арқылы ақпараттарды ғылыми тұрғыда топтауға, қорытындылауға бағытталған инновациялық технология [2].

Биология сабағында ғылыми-зерттеу жұмысын іске асыру барысында жаңа міндеттерді ұсыну, оларды шешудің жолдары мен тәсілдерін іздеу әр

студенттің қабілетін ескеріп топтық әрекетте өзін тұлға ретінде дамуына мүмкіндік береді. Сондықтан да оқытушы студенттің жеке мүмкіндіктерін, оның үлгерімін, темпераментін ескере отырып, жұмыс тобының құрамын таңдайды. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмысында ең маңызды нәрсе студенттің қабілеттері және оның психологиялық қасиеттері [2].

Студенттердің өзіндік жұмысын жетілдіру мәселесімен, оның ішінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары құралдарымен отандық және шетелдік ғалымдар өз еңбектерінде баяндаған. ЖОО-да студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруға және оны әдістемелік қамтамасыз етуге Г.А.Бордовскийдің, В.И. Горованың, М.П. Дворжецкаяның, В.И. Мареевтің, В.А. Шаповаловтың жұмыстары арналған. Осы бағыт аясында зерттеу дағдыларын қалыптастыру мәселесі де талқыланады (Д.Б. Эпифания, Е.Г.Бушканец, Н.Е. Варламова, В.П. Кваша, О.И. Митрош, А.И. Цесник).

Ғылыми-зерттеу жұмысы бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен оқытушы студенттерге тақырыпқа байланысты мәселе тудырады. Сол мәселені шешу мақсатында студент зерттеу объектісін, мақсатын, міндетін анықтайды. Осылайша зерттеу жұмысына қажетті әдістерді таңдай отырып тәжірибе жүргізеді. Алынған нәтижелерге талдау жасау арқылы ғылыми-зерттеу жұмысын қорытындылайды [3].

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына реферат, мақала, баяндама, түрлі курстық және дипломдық жұмыстар, жоба, тәжірибе жүргізу жатады. Аталған ғылыми-зерттеу жұмыстары студенттердің зерттеушілік, шығармашылық, тұлғалық, танымдық қабілеттерін дамытады. Студенттер тәжірибе жүргізуге машықтанады, зерттеу әдістемесін меңгереді, мәліметтерді әр түрлі ақпарат көздерінен іздеп талдай алатын,бәсікеге қабілетті бойында барлық ғылыми-зерттеушілік қабілеттері дамыған маман қалыптасады [4].

Қазіргі қоғамның дамуы үнемі өсіп келе жатқан динамизммен, табиғат танымының жаңа деңгейлеріне енуімен, әлеуметтік құрылымның өзгеруімен және бұрын белгісіз салаларда жаңа сапалы қызмет түрлерінің пайда болуымен сипатталады [5]. Мұндай жағдайларда қазіргі заманғы маман үшін қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу, кәсіби қызметтің теориялық негіздерін құрайтын іргелі білімді игеру, мінез-құлық пен қызметтің жаңа стратегияларын құру және іске асыру мүмкіндігі ерекше маңызды. Зерттеу компоненті маманның кәсіби және әлеуметтік қызметке дайындығы құрылымындағы жетекші компоненттердің біріне айналады. Сондықтан зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыру және дамыту туралы мәселе жоғары оқу орындарында студенттерге қойылатын өзекті талаптар қатарына қойылды.

Ғылыми-зерттеу жұмысы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде жүргізілді. Зерттеуге биология кафедрасының 2 курс ЖБИ-011 тобынан 30 студентті 2 топқа бөліп, әр топта 15 студенттен бақылау және эксперимент тобы алынды. Бақылау тобындағы студенттерге дәстүрлі түрде сабақ өтілді. Ал эксперимент тобында ғылыми-зерттеу жұмысы негізінде жүргізілді. Зерттеу барысында теориялық, эмпирикалық (сауалнама

жүргізу, тест, бақылау, эксперимент), диагностикалық, энтомологиялық әдістер қолданылды.

Ғылыми-зерттеу жұмысының бастамасы ретінде студенттерге насекомдардың анатомиялық-морфологиялық құрылысын, тіршілік ету ерекшеліктерін, практикалық маңызын меңгертуге байланысты теориялық тұрғыда мәліметтер ұсынылып, талданды. Зертханалық жұмысқа көшпес бұрын студенттердің зерттеу жұмыстарын қаншалықты деңгейде орындай алатындығын және тәжірибе кезінде кездесетін қиындықтарын анықтау мақсатында сауалнама алынды.

Кесте 1. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысты сауалнама.

Сұрақтар	**Жауап нұсқалары**			**Сауалнамаға қатысқан студенттер саны**
	Ия	**жоқ**	**Жауап беруге қиналамын**	
Зертханалық сабақ барысында тәжірибе кезінде сізде қиындықтар кездеседі ме?	18	9	3	30 студент
Тәжірибе жүргізу сіздерге ұнайма?	22	6	2	30 студент
Омыртқалылар зоологиясы пәнінде зертханалық жұмыстарды жүргізу деңгейі сізді қанағаттандыра ма?	20	4	6	30 студент
Студенттерге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, үйретуді маңызды деп санайсызба?	22	3	5	30 студент

Сауалнама нәтижесінде студенттердің басым көпшілігі тәжірибе жасауда көп уақыт жұмсап, мәліметтерді талдай алмауы, теориялық алған білімдерін эксперимент жүзінде қолдана алмауы, зерттеушілік қабілеттерінің болмауы сияқты қиындықтар болатындығы анықталды. Жүргізілген сауалнама бізге ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту қажеттілігін, студенттердің алғашқы зерттеушілік деңгейін анықтауға, ғылыми-зерттеу жұмысының мәселелерін шешу жолдарын, құрылымдық-мазмұндық моделін құруға мүмкіндік берді.

Омыртқасыздар зоологиясы пәнінен «Насекомдардың ішкі және сыртқы құрылысы» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмысы мына кезеңдерден тұрады:

І-кезең. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына мотивациялау даярлық кезеңі:

– студенттердің насекомдардың анатомиялық-морфологиялық құрылысын меңгеруге ынтасын арттыру

– ғылыми-зерттеу жұмысының мақсатын, ғылыми болжамын анықтау;

ІІ-кезең. «Насекомдардың сыртқы және ішкі құрылысы» тақырыбы негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру:

– ғылыми-зерттеу жұмысына қажетті негізгі және қосымша ақпараттарды әдебиеттерден, интернет желісінен іздеу, талдау жүргізу;

– ғылыми-зерттеу барысындағы негізгі ұғымдар мен түсініктерін қалыптастыру;

– наскомдардың сыртқы, ішкі құрылысын анықтау мақсатында зертханалық тәжірибе жүргізу,ғылыми-зерттеу тапсырмаларын орындау;

III-кезең. Ғылыми-зерттеу нәтижелерін талдау, қорытынды жасау:

– зерттеу нәтижелерін өңдеу, талдау жүргізу;

– зерттеу нәтижесіне есеп дайындау және оны қорғау.

IV-кезең. Бағалау кезеңі:

– зерттеу тапсырмаларын, нәтижелерін тексеру, бағалау;

– ғылыми-зерттеу жұмысы негізінде қалыптасқан білімдерін оқу үрдісінде тиімді пайлана білуі.



Сурет 1. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын меңгеру дәрежесі.

Зерттеу нәтижесінде 1–суретте көрсетілгендей студенттердің 76%-ы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде кезеңдерімен жүргізу алды, тапсырмаларды өз бетімен орындай алды. Насекомдардың ішкі және сыртқы құрылысындағы ерекшеліктерін анықтай алды, болашақта кез келген жағдайда тиімді қолдана алады. Студенттердің 20%-ы ғылыми-зерттеу жұмысының маңызын түсінді. Насекомдардың негізгі ерекшеліктерін анықтауда қателіктер жіберді, дегенмен ғылыми-зерттеу жұмыстарын үлкен қызығушылықпен орындайды. Студенттердің 4%-ы насекомдардың ішкі және сыртқы құрылысы туралы меңгерген білімі тек түсіну деңгейде, яғни ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарға сәйкес орындай алмады, тапсырмаларды тек оқытушы көмегімен ғана орындай алды.

Зерттеу соңында бақылау және эксперимент топтарының білім деңгейлері тест әдісі арқылы тексеріліп қорытындыланды. Бақылау тобындағы нәтижелер өзгеріссіз қалғанымен, эксперимент тобындағы студенттердің ғылыми-зерттеу

жұмыстарын жүргізуге білімі 86% артып, ғылыми-зерттеу дағдысының қалыптасқандығын көрсете білді.

Қорытындылай айтсақ, педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог студенттердің ғылыми-зерттеу дағдысын қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері анықталды. Омыртқалылар зоологиясы сабағында студенттердің ғылыми-зерттеу дағдысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылды, ол оқу үдерісінің барлық кезеңдерін қамтиды. «Насекомдардың сыртқы және ішкі құрылысы» тақырыбында тәжірибе негізінде жүргізілген зерттеу нәтижелерін, материалдарын оқу үдерісінде тиімді қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері анықталды. Зерттеу нәтижелері омыртқалылар зоологиясы пәнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Барсай Б.Т. Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін университеттік білім беру жүйесінде қалыптастыру: монография. – Атырау: «Атырау – Ақпарат» ЖШС, 2016. – 325 б.

2 Пахомова Н.Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении. – М.: АРКТИ, 2013. – 112 с.

3 Обухов А.С. Развитие исследовательской деятельности учащихся. – М.: Национальный книжный центр, 2015. – 280 с.

4 Самойлова М.В. Педагогическое проектирование: учебное пособие. – Симферополь: ИП Хотеева Л.В., 2019. – 124 с.

5 Шарипов Ф.В. Педагогика и психология высшей школы: учеб. пособие. – М.: Логос, 2012. – 448 с.

ҒТАМР 14.85.25

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

А.М. Бостанова
Б.ғ.к., доцент м.а., Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.
А.Д. Байжұман
Магистрант Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Мақалада қоғам сұранысын қанағаттандыратын, білім берудің бірегей, ерекше жүйесі қашықтықтан оқытудың маңызы қарастырылған. Қашықтықтан оқыту білім алушыға сонымен қатар мұғалімге биологиядан білім беруде ақпараттық коммуникациялық құралдарды іріктеп, онымен тиімді жұмыс атқаруда маңызы зор.

Ғылыми зерттеу жүргізуде Түркістан облысы, «Қызыл Әскер» жалпы орта мектебінің 8-сынып оқушыларына эмпирикалық және теориялық әдістер қолданылды. Сонымен қатар ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, компьютерлік, графикалық, 3D аниматорлық суреттермен жұмыс, сұхбат, ақпаратты электронды зерделеу,педагогикалық эксперимент, статистикалық әдістер, кейс әдістері қолданылды.

Зерттеулер нәтижесінде биологиядан білім беруді тиімді ұйымдастыру, инновациялық әдістер қолдана отырып, оқушыға білім беру, электронды ресурстар арқылы ақпарат алу, ақпаратты талдап, қорытудың маңызы анықталды. Тәжірибелер жүргізуде виртуальды зертхананы қолдану оқушыларда жаңа ғылыми зерттеушілік дағдыларды қалыптастырды.

Ғылыми зерттеулер нәтижесі болашақта биологиядан білім берудің жаңа, тиімді әдісі ретінде мектеп қабырғасында қолданылады.

Түйін сөздер: вебинар, виртуальды зертхана, онлайн оқыту, оффлайн оқыту, ақпараттық коммуникациялық технологиялар.

Қашықтықтан оқыту – оқушы мен мұғалім арасындағы кез келген уақытта, қолайлы жерде үздіксіз ақпарат алмасу. Қашықтықтан оқыту, оқушының білім алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде, мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кез келген қоғамның маңызды салаларының бірі ретінде білім беру қоғамдағы барлық өзгерістерге сәйкес, заманауи озық әрі бәсекеге қабілетті болуы керек. Заманауи білім беруді басқару өзгерістерді ескере отырып,

мұғалімдер мен оқушыларға уақытты тиімді пайдалануға, білім алуда сәтті және өзекті болуға мүмкіндік береді [1]. Қашықтан немесе электронды оқыту, бұл электронды байланыс құралдары арқылы қашықтан пайдалануға арналған ресми оқыту жүйесі. Қашықтықтан оқыту дәстүрлі түрде оқушыларға уақыт және/ немесе физикалық орны бойынша оқытушыдан бөлінген, арнайы оқу бағдарламаларына қол жеткізуді қамтамасыз етті. Қашықтықтан оқыту оқытушымен немесе оқушылармен шектеулі қарым-қатынаста жеке оқушыға арнайылап жасалған алдын-ала дайындалған мәтін, аудио және / немесе бейне курстар ретінде қарастырылды [2].

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасын ажыратамыз: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі – вебинар. Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Ресейлік ғалым А.В. Хуторскоидің есептеуінше, соңғы уақыттарда қашықтықтан оқыту үлесіне білім ордалары жалпы оқу уақытының 40%-ын бөледі, олардың күндізгі сабақтардың дәстүрлі түрлерімен (40%) және өздігінен білім алумен (20%) үйлестіреді [3].

Қашықтықтан оқыту бірнеше контексте берілуі мүмкін, соның ішінде өздігінен қашықтықтан оқу, аралас оқу, яғни оқушы бір уақытта әдеттегі сынып пен қашықтықтан оқыту сыныбына қатысады және гибридті оқыту, қашықтықтан оқыту сыныптағы оқуды толықтырған кезде. Жалпы білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқытуды немесе оның элементтерін нақты оқу пәндері мен курстар аясында қолдану, ақпараттық технологияларды қолдана отырып, пәнді оқуға деген ұмтылысты ояту ақпараттық қоғамда өмір сүретін балалардың қызығушылығын тудыруы мүмкін [4].

Оқытушы мен оушылар арасындағы уақыт пен кеңістікте бөлінген оқытудың кез келген нысаны қашықтықтан оқыту болып саналуы мүмкін. Мысалдарға, сырттай және теледидар курстары қашықтықтан оқытудың нысандары болып табылады. Интернет желісі мен Web-технологиялар құбылысы қашықтықтан оқытуды дамытуда жаңа мүмкіндіктер беруде және көбінесе «қашықтықтан оқыту» термині онлайн оқытуды салыстыру кезінде қолданылады. Қашықтықтан оқыту мен онлайн оқыту бір анықтама болып саналмайды. Іс жүзінде онлайн оқыту тек қана қашықтықтан оқыту технологияларының бірі.

Крайнованың қашықтықтан оқытуға берген анықтамасына сәйкес, білім беру мекемелерінің қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану мақсаты білім беру бағдарламаларын білім алушының тұрғылықты жері бойынша немесе оның уақытша болу орны бойынша қашықтықтан оқуын меңгеру мүмкіндігін жеткізу болып табылады [5].

Қашықтықтан оқыту – бұл қол жетімді ресурстарды қолданатын және жаңа технологияларды енгізу үшін дамитын процесс. Бірнеше негізгі функциялар қашықтықтан оқытуда мұғалімдер мен оқушылардың қарым-қатынасының маңыздылығын асыра бағалау жүйесінде анықтайды:

– Мұғалім мен оқушыны кеңістікте және / немесе уақытта бөлу.

– Оқытушы мен оқушыны және курстың мазмұнын біріктіру үшін білім беру бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану.

– Мұғалім, оқытушы немесе оқу орны мен оқушылар арасындағы екі жақты байланысты қамтамасыз ету.

– Оқушының оқу қарқынын дербес бақылау.

Қазіргі уақытта оқытудың дәстүрлі әдістері сұранысты түгел қанағаттандырмайды, сондықтан оның тиімділігі өзгеретін ортаға сәйкес келмеуде. Біз білім берудің жаңа жолдары мен әдістерін іздеуіміз керек. Сол себепті біздің зерттеуімізге биологияны қашықтықтан оқытудың тиімділігін талдау негіз болып отыр. Осыған орай:

Зерттеу Түркістан облысы, «Қызыл Әскер» жалпы орта мектебінің 8-сыныптарына, Биология пәнінің «Анатомия» бөлімі бойынша жүргізілді. Сұхбат, баяндау, педагогикалық эксперимент әдістері қолданылып, нәтижелер статистикалық, математикалық кестелермен талданды. Зерттеу барысында оқытудың көптеген инновациялық әдістері қолданылды. Мысалы, «төңкерірілген оқыту», кейс стади, миға шабуыл, фокус топ, тағы да басқа әдістер оқушылардың білімін бекітуде қолданылады. Сонымен қоса, компьютерлік графикалық, 3Д анимациялық суреттер, кестелер білім алушыларға ұсынылды.

Қашықтықтан оқыту білім беру мүмкіндіктеріне қол жетімділікті арттырады. Дұрыс ұйымдастырылған қашықтықтан оқыту сізге оқытудың бірнеше стилін қолдануға мүмкіндік туғызады.

Зерттеудің барлық уақытында оқушыларға қашықтықтан оқытудың түрлі платформасында, иноовациялық әдістерді қолдана отырып, жаңа сабақтар өтілді. Мысалы: онлайн-Mektep, Daryn online, Edpuzzle, Learningapps, Kahoot, Google classroom, Zoom, Canva.com, Microsoft Teams. Зерттеуде ең алғаш анықталған қарама қайшылық білім алушының қашықтықтан оқытуда жоспар-кестесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. АКТ құралдарын пайдалану сонымен бірге педагогикалық технологияларды қолдану дағдыларын меңгеру арқасында жаңа жоспар-кесте (ҚМЖ құрылымына сай) жасалып ұсынылды (1-кесте)

Кесте 1. Білім алушының жұмыс жоспар-кестесіне енгізілген өзгертулерден үзінді.

№	Дәстүрлі білім беру	Қашықтықтан білім беру
1	Тәрбиелік іс шара жүргізу; Сыныппен салемдесу, түгендеу.	ҚМЖ сәйкес тақырып бойынша үй жұмысына Microsoft Teams қосымшасында тестік, сәйкестендіру тапсырмаларын орындау;
2	Ауызша сабақ сұрау: Дәстүрлі форматта бірнеше оқушыдан сабақ сұрау.	Quizziz, Kahoot, Daryn-onLine қосымшасында тапсырмалар орындау;
3	Жаңа сабақ түсіндіру: мұғалім кері байланыссыз тек сабақты баяндауы	Zoom платформасын қолдану арқылы, жаңа сабақты презентация, 3Д, бейнероликтер

		арқылы мұғалім жаңа сабақты түсіндіреді;
4	Жаңа сабақты тапсырмалар орындау, сұрақ қою арқылы бекіту (сұрақтар, суретпен жұмыс, тест)	Ағымдағы апта бойынша биология пәнінен бейнекөру, онлайн тапсырмалар орындау (ТД трансляция, Bilim-land, www.opiq.kz)
5	Биология пәні бойынша өткізілген сабақтың толық дидактикалық және психологиялық педагогикалық талдауын орындау	Ұсынылған жоспар бойынша сабақтарды дидактикалық талдау жасау, электронды күнделікке баға қою (Kundelik.kz) .

Кесте бойынша зерттеу бойынша жасалған барлық жасалған тапсырмалар қашықтықтан оқыту форматына, шарттарына сай әзірленіп, құрылымдалды.



Сурет-1. Оқушылардың білім деңгейі нәтижелері.

Зерттеу барысында оқушылармен қашықтықтан оқыту платформаларында жұмыс жүргізу дағдылары, ақпараттарды талдау, жаңа ақпараттармен жұмыс, тапсырмалар орындалды. Тәжірибелер соңында мәліметтер жинақталып, 1-суреттегі нәтижелерді көрсетті. Нәтижелер бойынша, 12% оқушы төмен көрсеткіш, 18% оқушы орташа, 70% жоғары деңгейде қашықтықтан оқытуда биологияны меңгергені анықталды. Яғни жоғары көрсеткіш оқушылардың сабақты меңгеруі, тапсырмалар орындауы, тәжірибе жұмыстарын орындауды жақсы меңгерген.

Зерттеу нәтижелерін талдау барысында, мектепте қашықтықтан оқыту платформаларындағы оң динамиканы атап өтуге болады.

Қашықтықтан оқыту немесе электронды оқыту мектепте оқушыларға биологиядан білім беруде, сабақты бекітуде, шығармашылық дағдыларды меңгертуде арнайы құзіреттіліктерді қалыптастыры. Қашықтықтан оқыту ресурстары биологияны оқытуда тиімді ресурс болып табылады. Оқушылар желілік ресурстармен жұмыс жасау барысында жоғары дәреже көрсетті. Зерттеулер нәтижесі, оқушылардың АКТ қолдану дағдылары, сабақты түсінуі,

тапсырма орындауда 70% жоғары көрсеткіш көрсетті. Осы зерттеулер болашақта биологияны қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі. – Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2 Гурьев С.В. Современное дистанционное обучение. Монография. – Москва, 2018. – 118 с.

3 Хуторской А.В. Особенности развития дистанционного обучения в Российских школах. Электронный многопредметный научный журнал «Исследовано в России». 2000, № 3. – С. 5-8. http://zhurnal.ape.relarn.ru.

4 Методология проектирования развивающей информационной образовательной среды в условиях современной школы Э.Н. Ильясова. – М. Академия Естествознания, 2014. http://www.monographies.ru/244.

5 Крайнова О.А. Технологии дистанционного обучения: учебно-методическое пособие. – Тольятти: Изд-во ТГУ, 2014. – 125 с.

ҒТАМР 15.41.21

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Г.К. Салимханова
Магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.

Біздің қоғамдағы жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдылығын бекіту қазіргі білім беру мекемесіндегі, ең алдымен жоғары педагогикалық оқу орнындағы оқу-тәрбие процесінің мәнін өзгертуді алдын ала анықтады, бұл жеке тұлғаның шығармашылық потенциалды әлеуетті ашу мен қабілеттерін дамытуды және оның өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді. Қазіргі кезеңдегі педагогикалық білім – рухани өндіріс саласы, оның жемісі жаңа білім, жаңа мақсаттар, жаңа құндылықтар мен жеке мағыналарды игеру ғана емес, мұғалімнің маңызды күштерін ашу және дамыту, оның интеллектуалдық, адамгершілік және шығармашылық әлеуеті, бар педагогикалық технологияларға қызмет етіп қана қоймай, кең мағынада инновациялық процестерді, шығармашылық процестерді жүзеге асыру қабілеті.

Студенттік жылдар – болашақ кәсіби мұғалім тұлғасының шығармашылық әлеуетін дамыту үдерісіндегі, алдағы педагогикалық қызметтің шығармашылық тәжірибесі қалыптасатын маңызды кезеңі. Қазіргі уақытта мұғалім мамандығының беделі құлдырап жатқанда оны жақсартудың бірден бір жолы, біздің ойымызша, университетте шығармашылықпен ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесінде болашақ мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытудан іздеу керек.

Студенттік жаста да, мектеп жасында да тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуда оқу іс-әрекеті ерекше рөл атқарады, өйткені ол білім алушылар үшін жетекші әрекет болып қала береді, сондықтан жеке тұлғаның негізгі жетістіктері онымен байланысты болып табылады. Болашақ мұғалімнің оқу іс-әрекетінде жүзеге асатын шығармашылық потенциалы, білім алушылардың ішкі ынталары оқытушының алдына қойған объективті міндеттерімен сәйкес келгенде ғана өндіргіш күшке айналады. Сондықтан әрбір жеке тұлғаға тән шығармашылық әлеуетті дамыту, ең алдымен, осы процеске ықпал ететін педагогикалық жағдай жасау болып табылады [1].

Жоғары мектеп педагогикасы бойынша зерттеулерде болашақ мұғалімдерді даярлаудың бірқатар аспектілері бүгінгі кезде зерттелуде: студенттердің шығармашылық әрекетке дайындығын қалыптастыруда университеттік білім берудің мүмкіндіктерін ашуға: Н.С. Амелина, П.Г.Квиткина, Е.К. Құстобаев, Н.М. Яковлева және т.б. ғалымдардың ғылыми

еңбектері арналған. Оқу-шығармашылық іс-әрекеттің нәтижелі болуының және студенттерді оқу-шығармашылық міндеттерінің жоғары сатыларына дәйекті түрде көтерудің ең маңызды шарты – мұғалімнің білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оны ұйымдастырудағы белсенділігі. Нәтижесінде оқытуды даралау және саралау мүмкіндігін ескеруі керек. Оқыту, шын мәнінде, әрқашан сараланады, өйткені әркім өзінің оқу қабілеттеріндегі, танымдық стильдеріндегі, мотивациялық дайындығындағы және т.б. айырмашылықтарына байланысты әртүрлі оқиды.

В.И. Андреева оқу-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру барысында жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін субъективті жаңалығы, маңыздылығы мен прогрессивтілігі бар нәтиже болуы тиіс деп санайды. Оқу-шығармашылық объектісі оқу-шығармашылық міндеттерін оны педагогикалық ұйымдастырудың құралы ретінде қарастыру керек. Оқу-шығармашылық тапсырма деп оқу материалының мазмұнын ұйымдастырудың формасы ретінде түсініледі. Оқытушы студенттерге шығармашылық (проблемалық) жағдаят құруға, оқу-шығармашылық іс-әрекеттің мақсатын, шарттарын және талаптарын тікелей немесе жанама түрде қояды [2]. Оқу-шығармашылық тапсырмаларды құру кезінде біз бірқатар талаптарды ескерген дұрыс деп тұжырымдады. Ғалым Новиков А.М. білім беру міндетін студенттерге арналған минимум білім беру жобасы ретінде анықтай отырып, шығармашылық әлеуетті дамытуда оқу үдерісіне тұлғаның әр түрлі іс-әрекет деңгейіне сәйкес келетін жобаларды енгізу қажет деп санайды [3].

Дәстүрлі «оқу мәселелерін шешудің дәйекті тізбегі» орнына автор оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда шығармашылық әлеуеті дамытуға ықпал ететін педагогикалық шарттарды анықтайды:

1) дәстүрлі білім беру мәселелерін жағдайлық әрекетке сәйкес келетін оқу қызметінің шағын жобалары ретінде шешу;

2) бұл жағдайдан тыс әрекетке сәйкес келетін екінші деңгейлі оқу тапсырмаларын шешу – студенттер өз іс-әрекетіне мақсат қоя алатын, әртүрлі пәндер бойынша алған білімдерін практикада белсенді түрде қолдана алатын, қарым-қатынас жасай алатын бір-бірімен үлкен білім беру жобаларын шешу т.б.;

3) жеке тұлғаның шығармашылық іс-әрекетіне сәйкес келетін үшінші, шығармашылық деңгейдегі оқу міндеттерін шешу – үлкен білім беру жобалары. Мұндай жобалар практикалық сабақтарда жүзеге асырылуы мүмкін – студенттердің кәсіби іс-әрекеттерді жүзеге асырудағы өзіндік тәжірибесін ұйымдастыру және білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар нақты өмірлік, танымдық немесе кәсіби міндеттерді шешуге негізделген дағдыларды алған білімдері бойынша дамытуға бағытталған.

Сонымен, белсенді өмірлік ұстанымы бар маманды, белсенді, құзыретті, кәсіби шығармашылық жұмысқа қабілетті тұлғаны қалыптастыру міндеті студенттердің өз бетінше бағдарлау қабілетін қалыптастыратын осындай іс-әрекетте өзіндік тәжірибесін іс-әрекет пен іс-әрекеттің мақсатын өз бетінше анықтау ұйымдастыру шығармашылыққа қажеттілігін талап етеді.

Шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі кәсіби ерекшеліктерді көрсететін арнайы таңдалған міндеттерді шешуде және болашақ мамандардың оқу және нақты кәсіби бағытталған іс-әрекетін ұйымдастыруда жүйелі жаттығулар болған жағдайда жинақталады. Мұғалімнің іс-әрекетіндегі шығармашылық деңгейі оның мақсатқа жету үшін қабілеттерін қаншалықты пайдаланатынын көрсетеді. Педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық сипаты сондықтан оның ең маңызды белгісі болып табылады. Бірақ басқа салалардағы (ғылым, техника, өнер) шығармашылыққа қарағанда, мұғалімнің шығармашылығы қоғамдық құнды жаңа, өзіндік жасауды мақсат етпейді, өйткені оның өнімі әрқашан жеке тұлғаның дамуы болып табылады. Әрине, шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалім, жаңашыл мұғалім өзінің педагогикалық жүйесін жасайды, бірақ ол берілген жағдайда ең жақсы нәтиже алудың құралы ғана.

Педагог тұлғасының шығармашылық әлеуеті оның жинақталған әлеуметтік тәжірибесі, психологиялық-педагогикалық және пәндік білімдері, жаңа идеялары, инновациялық формалары мен әдістерін табуға және қолдануға мүмкіндік беретін оның кәсіби функциялары жаңа идеялар, дағдылар мен іскерліктер негізінде қалыптасады. Шығармашылық қиял мен ойлау эксперименті арқылы туындайтын жағдайларды терең талдауға және мәселенің мәнін білуге негізделген эрудитті, арнайы дайындалған ұстаз ғана оны шешудің жаңа, өзіндік жолдары мен тәсілдерін таба алады. Бірақ, тәжірибе еңбекке адалдықпен қарайтын, үнемі кәсіби біліктілігін арттыруға, білімін толықтыруға, озық мектептер мен мұғалімдердің тәжірибесін зерделеуге ұмтылатын адамға шығармашылық тек сонда ғана келетініне көз жеткізеді [3].

Біздің ойымызша, педагогикалық шығармашылықтың көріну аймағы педагогикалық іс-әрекеттің негізгі құрамдас бөліктерінің құрылымымен анықталады және оның барлық дерлік аспектілерін қамтиды: жоспарлау, ұйымдастыру, жүзеге асыру және нәтижелерді талдау. Міне сондықтан да, жоғары оқу орындарында мамандарда шығармашылық әлеуетін дамытуда, біз бірінші кезеңде педагогикалық іс әрекетті тиімді ұйымдастыруға мамандарды үйрету қажет деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Митяева А.М. Индивидуализация образовательной деятельности студентов вузов: монография. – СПб., 2003. – 156 с.

2 Андреев В.И. Педагогика высшей школы: инновационно-прогностический курс. – Казань., 2006. – 499 с.

3 Новиков А.М. Учебная задача как дидактическая категория. Сайт академика РАО А.М. Новикова.

ҒТАМР 15.41.21

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАР ПАЙДАЛАНУҒА ДАЯРЛАУ ПРОБЛЕМАСЫ

Г.Б. Телғозы
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.

Қоғамның мамандарды даярлау мәселесіне деген сұранысы үнемі өсіп отыруына байланысты университет түлегі маманының сапасы бүгінгі күнге дейін өзекті болып отыр. Мамандарды даярлауды жақсарту жолдарын іздестіру теориялық және практикалық педагогиканың оқу орындарында, атап айтқанда, жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыратын әртүрлі әдістер мен технологияларды пайдалану маңызды.

Білім беру ақпаратын блок-модульдерге біріктіруді ұсынатын модульдік технология студенттерге логикалық түрде толтырылған бөліктерде білім алуға және қатаң жеке режимде өздерінің дағдылары мен білімдерін біртіндеп жетілдіруге көмектеседі. Әрбір студентке арналған оқыту бағдарламасы, ұтқырлық пен ассимиляцияның жеке жылдамдығы, білімді бағалаудың рейтингтік жүйесі бар пакеттің болуы студенттердің танымдық белсенділігін ынталандырады. Оқытудағы белгі-контекстік тәсіл технологиясы (авторы А.А.Вербицкий) университеттегі оқу үдерісін болашақ кәсіби қызметке барынша жақындатуды болжайды. Бұған практикалық цикл сабақтарында нақты өндірістік жағдаяттарды құру, өндірістік мәселелерді шешу, өндірістік практика мен ғылыми зерттеулердің рөлін арттыру арқылы қол жеткізіледі. А.А. Вербицкийдің пікірінше, оқытудың белсенді формалары мен әдістерін қолдану тек пәнді ғана емес, болашақ кәсіби іс-әрекеттің әлеуметтік мазмұнын да қайта жасайды, сонымен қатар кәсіби ойлауды қалыптастырады [1]. Осы және басқа да технологиялар мұғалімдердің ғылыми білім мен технологияларды оқу үдерісіне енгізудің практикалық дағдылары тұрғысынан барынша дайындығын көздейді. Сонымен қатар, технологияландыру процесі оқу процесін ұйымдастыруға, құрылымдауға және жоспарлауға өзгерістер енгізуді талап етеді, бұл айтарлықтай проблемалық. Университетте білім беру жартылай стандартталғанын атап өткім келеді. Бұл белгілі бір мамандық шеңберінде маманның кәсіби дағдылары мен іскерліктерін дамытудың толық белгілі бір деңгейіне, сондай-ақ белгілі бір процесті жүзеге асыру туралы нақты түсініктерге ие болуымен байланысты болса керек. Бұл жағдайдың сәйкессіздігі

бүгінгі таңда маманға қойылатын талаптардың бірі – бизнеске шығармашылықпен қарау. Шығармашылық икемділікті, сыншылдықты, стандартты емес жағдайға әрекет ету жылдамдығын білдіреді. Кәсіби болуы керек осы жеке сапаны жоғарылату үшін студент университетте оқу процесінде мүмкін. Студенттердің өзін-өзі тану, өзін-өзі таныту және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін алу үшін жағдай жасау іс жүзінде психологиялық-педагогикалық пәндер бойынша практикалық сабақтарда жүзеге асады. Бүкіл педагогикалық процесті технологияландырудың барлық қиындықтарын ескере отырып, сондай-ақ барлық нақты жағдайларды (оқытудың дәстүрлі академиялық түрі) ескере отырып, нақты педагогикалық технологияның тек жеке құрамдас бөліктерін пайдалану мүмкін болады. Сонымен, «Басқару психологиясы» пәні бойынша «Психологиялық практикум» аясында оқытушының кәсіби дағдыларды – клиентпен және тапсырыс берушімен тиімді өзара әрекеттесуін дамытуға бағытталған оқу жоспарының жаттығуларын қолдану мүмкіндігі бар. Г.К. Селевко [2]. ұсынған ойын технологияларының (педагогикалық процестің сипатына сәйкес) классификациясының құрылымдық құрамдас бөлігі бола отырып, оқыту білім беру формасы ретінде әрекет ете алады.

Бұл мына принциптерге құрылған шағын топ мүшелерінің арнайы ұйымдастырылған өзара әрекеті:

– сенім (басқа адамның әлеміне қатыстылық сезімі);

– белсенділік («Белсенді бол, өзіңді танисың!» ережесі арқылы сабаққа топтың барлық мүшелерін міндетті түрде қатыстыру);

– ұстанымдардың теңдігі (топтағы серіктестік, әрқайсысының құндылығын, оның мүддесін тану; мұғалім жаңа білімнің ұйымдастырушысы, үйлестірушісі және көзі);

– кері байланыс (сабақ барысында әртүрлі жағдайлар туралы топтың барлық мүшелерінің ашық, дәлелді және конструктивті мәлімдемесі);

– топтың жақындығы (қатысушылардың бір-бірінен шығарылмайтын және топтан тыс талқыланбайтын ақпараттарды сақтауы).

Оқытудың айрықша ерекшелігі студенттердің теориялық білімді меңгеруі олардың практикалық әрекеттерге белсенді қатысуы арқылы өтеді, сол арқылы тұлғалық мәнге ие болады. Тренингте оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында оқытудың белсенді әдістерін: топтық пікірталас, іскерлік ойын, рөлдік ойын, нақты жағдаяттарды талдау және т.б. қолдануға мән беріледі. Тренингті өткізудегі ерекше талаптар оған қатысушыларды орналастыру ерекшеліктеріне де жүктеледі. Топтың барлық мүшелері әр қатысушымен визуалды байланыс қолжетімді болу үшін шеңберге отырады. Оқытушы-тренер үйірмеде болған кезде студенттердің оқытушы тұлғасын мүлде басқаша қабылдауы қалыптасатынын айта кеткен жөн. Серіктестік принципіне негізделген өзара әрекеттестік әр білім алушының жеке позициясының қалыптасуына әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар оқытушының өзін өзгертуге және дамытуға ықпал етеді, бұл педагогикалық шеберлік үшін өте маңызды, бірақ оны әрдайым құптай бермейді. Осындай қарым-қатынастар жүйесінде оқытушының рөлі «догмаларды таратушыдан»

«кеңесші, диагностик, көмекші» болып өзгереді. Жаттығу процесінде түзету жағы бірдей маңызды. Кері байланыс алған кезде оқытушы қажетті теориялық ақпарат блогын енгізу арқылы қатысушылардың белгілі бір жағдайға қатынасын, мінез-құлқын, реакциясын түзете алады. Бірақ одан да маңыздысы, ол топтың бағалауы мен жағдайына қарай өзінің болашақ қызметін де реттей алады. Тәжірибе көрсеткендей, бұл оқу сабақтары студенттерге ішінара болса да ашуға, олардың әлеуетін бағалауға, олардың күшті және әлсіз жақтарын көруге және одан әрі кәсіби жетілдіру перспективаларын белгілеуге мүмкіндік береді. Психологиялық-педагогикалық цикл пәндерін оқыту аясында ойын технологияларын қолдану қаншалықты тиімді екенін «Психологиялық практикум», «Психология» пәнінде студенттерімен «Өзін-өзі таныстыру» жаттығуының нәтижесі бойынша бағалауға болады [3].

Бұл жаттығудың ерекшелігі мен процесін қысқаша қарастырыңыз. Біріншіден, өзін-өзі таныстыру мәселесін қарастыру қажеттілігі оның өзектілігінен туындайды. Жас мамандарды тұрақты жұмыс орындарымен кепілдіксіз қамтамасыз ету бітірушілер арасындағы бәсекелестікке әкеп соғады. Тәжірибе көрсеткендей, конкурстық іріктеуде, қалғандарының бәрі тең болған жағдайда, өзін дұрыс көрсете білген адам жеңімпаз болады. Кәсіби қызметтегі табыс тек кәсіби құзіреттілікпен ғана емес, сонымен бірге өзіне деген сенімділікті дамытумен байланысты жеке потенциалмен де қамтамасыз етіледі. Студенттік орындықта отырып, студентке өзін маман рөлінде егжей-тегжейлі елестету өте қиын. Оқу процесіндегі бұл қысқаша тәжірибе мамандық туралы толық түсінік бере алмайды, әсіресе бүгінгі таңда мамандық бойынша емес, жұмысқа орналасу мүмкіндігі мүлдем шынайы. Сондықтан кәсіби маңызды қасиеттермен қатар болашақ маманның жұмысқа орналасу кезінде өзін сенімдірек сезінуіне көмектесетін қасиеттерді жетілдіру қажет. Өкінішке орай, көптеген жақсы мамандар жұмысқа орналасу кезінде өздерін көрсете алмағандықтан өздеріне қолайлы жұмыс орындарында өздерін көрсете алмады. Мұндағы қиындық ішкі қорғаныс механизмдерінің стандартты емес жағдайларда іске қосылуында. Олардың пайда болуы белгісіздік, өз ойын жеткізе алмау, ішкі өзін-өзі реттеу мәдениетінің болмауынан туындайды. Өзін-өзі таныстыру сабағында өзі үшін стандартты емес жағдайға тап бола отырып, студент өзінің қиындықтарын және осы жағдайдан шығу перспективасын сезінуге мүмкіндік алады, бұл осындай жағдайларға жауап беруде белгілі бір тәжірибені қалыптастырады. Студенттер конкурстық іріктеу шарттарына (ұйымдастыру және лауазымы, сауалнаманы алдын ала толтыру және т.б.) сәйкес өздері туралы ақпаратты алдын ала дайындайды. Ресми түрде жаттығуға қатысушы: «Өзіңіз туралы айтып беріңізші» деген сұраққа жауап беруі керек. Бұл көбінесе шатасуды тудырады. Сабақта осындай сұрақ туындағанда, студенттер: «Мен өзімді қалай мақтаймын», «Сіз сырттан жақсырақ білесіз», «Мен жұмыс істеген кезде көресіз» деп жауап беріп жатады. Бұл жағдайда оқытушы үшін ең бастысы – студенттердің табысқа жету олардың өздері туралы қалай айтуына байланысты болатынына сендіру. Студенттердің өнерін бейнежазбамен сүйемелдеу жақсы нәтиже береді, өйткені ол маманның өзіне

сырттан, сырттан тыңдаушының көзімен қарап, «Өзіңді жұмысқа аласың ба? Егер иә болса, онда неге? «Жоқ» болса, неге?». Сөйлеуден кейінгі талдау оның вербальды және бейвербалды аспектілерін көрсетеді. Студенттердің орындауындағы қарама-қайшылықтарды анықтай отырып, мұғалім оларды одан әрі жетілдіру үшін қажетті теориялық мәліметтермен таныстырады. Оқытушы оқытудың тиімді түрі екендігі студенттердің эмоционалды оң көзқарасымен және студенттер мен оқытушы арасындағы серіктестікпен ғана емес, сонымен қатар материалды игерудің жоғары сапасымен қатар студенттерден де, оқытушылардан да оң пікірлер (басқа стандартты емес жағдайларда студенттердің сенімдірек мінез-құлқымен) дәлелденеді. Ойын технологияларының элементтерін оқу процесінде қолдану мәселесін одан әрі зерттеу оларды тек психологиялық-педагогикалық пәндер шеңберінде ғана емес, сонымен қатар гуманитарлық және жалпы білім беретін басқа да пәндерде қолдану мүмкіндігін қарастырумен байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Педагогические технологии: Учебное пособие для студентов педагогических специальностей / Под общей ред. В.С. Кукушина. – Серия «Педагогическое образование». – Ростов н/Д: издательский центр «Март», 2002. – 320 с.

2 Рамедник Д.М., Солонкина О.В., Слаква С.П. Психологический практикум: Учебное пособие для студ. высших учеб. заведений. – М.: Мастерство, 2002. – 160 с.

3 Сидоренко Е.В. Тренинг коммуникативной компетентности в деловом взаимодействии. – СПб.: 2000.

ГРНТИ 14.35.01

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л.И. Шалабаева
PhD-доктор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.
Г.Т. Ергазиева
Магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.

Педагогикалық технология негіздеу, қызметтік және басқару технологиясы болып бөлінеді. Негіздеу (дәлелдеу) педагогикалық технология оқушыларды кәсіби оқу-танымдық қызметке қосуға мүмкіндік береді. Ол жеке тұлғаның ішкі уәжін дамытуға бағдарланған. Қызметтік технология оқушылардың тікелей қызметін ұйымдастыруға байланысты.

Басқарудың педагогикалық технологиялары оқыту үдерісінің нәтижелілігіне жету әдісі мен құралдарының жүйесі болып табылады. Кез келген басқару алға қойған міндетті шешуді едәуір тиімді жолмен, іс-әрекетті түзету және үдеріс барысын үнемі бақылау арқылы қамтамасыз етуден тұрады, ал басқарудың педагогикалық технологиясы мақсат қою міндетін шешуден, оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеуден, білім мен білікті бақылаудан, меңгеруді бағалаудан тұрады.

Оқу материалының іріктелген мазмұнына сәйкес оқытушы меңгерудің қандай да бір деңгейін қалыптастырудың және дамытудың бағыттарын айқындап алуы керек. Ол өз кезегінде баға критерийін сақтап, оқушылардың оқу материалын меңгеру сапасын бақылау жүйесін жасауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық оқыту технологияларының құрамдас бөлігі ретінде проблемалық оқытуды ұйымдастырудың білім алушылардың тиянақтылығын, белсенділігін дамытудағы маңызы өте зор. Аталған мәселе Л.П. Аристова, И.Я.Лернер, М.А. Данилов, М.И. Махмутов, Т.И. Шамова, білім сапасын жетілдірудің жеткілікті шартын оқу үрдісіне пайдалану Б.П. Есиповтың еңбектерінде зерттелген.

Ақпараттық ізденісті жоспарлау аспектісі: оқушылар ақпаратты белгілі мен белгісізге бөледі. Мысалы, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдерді бір-бірінен ажыратуда бұрыннан таныс ақпараттары (сөйлем, сөйлем түрлері) еске түсіріледі, меңгертуге қажетті жаңа ақпарат бөлініп алынады: құрмалас сөйлемнің құрамында неше жай сөйлем бар екендігін табады, олардың арасына қойылған тыныс белгіге назар аударады;

Алғашқы ақпаратты бөліп алу аспектісі: қойылған міндетке сәйкес жоспар бойынша бақылау жасайды, сұрақ қояды, қажетті ақпаратты бөліп алады. Мысалы, мұғалім сұраулы сөйлемнің рөлін байқату үшін оқушыларға салыстыруға екі сөйлем ұсынады: бірі – хабарлы сөйлем, екіншісі – *ма* шылауымен берілген сөйлем. Екі сөйлемді салыстыра отырып, оқушылар *–ма* шылауының сұраулы сөйлем жасауға қатысатыны және оның сөзден бөлек жазылып, көтеріңкі дауыспен оқылатыны туралы қажетті ақпарат алады;

Қайта алынған ақпаратты бөліп алу аспектісі: екі не одан да көп белгілері бойынша ақпаратты бөліп алады және оны жүйелейді. Мысалы, сын есімнің мәнін, сипаттау мүмкіндіктерін түсінгеннен кейін оқушылар оларды мағыналарына қарай топтастырады: түсі, дәмі, пішіні, көлемі т.б. бойынша ;

Ақпаратты алғашқы өңдеу аспектісі: ақпаратты ұсынылған құрылым аясында жүйелейді. Мысалы, жай және құрмалас сөйлем туралы ақпараты бар оқушыларға сызба бойынша сөйлем құратылады;

Ақпараттарды өңдеу аспектісі: берілген ақпаратты жинақтайды, дәйектейді, бағалайды. Мысалы, сөйлемдегі түсіріліп жазылған сын есім-синонимдерді қойып жазу үшін оқушы синонимнің мағыналық реңктерін білуі, сол сөйлемде орынды қолданылып тұрғанын түсінуі тиіс;сөз мағынасы мен сөйлемнің мәтін мазмұнына сәйкессіздігін табады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларында практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде. Болашақ маман – бүгінгі студент педагогика теориясы мен практикасындағы қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларды мектептің оқу-тәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдануға тырысуы тиіс. Қазіргі заманғы озық технологияларды мектеп тәжірибесінде тиімді қолдану, ең алдымен, оларды терең, жан-жақты оқып-үйренуді талап етеді. М.В. Клариннің пікірінше, білім беру саласындағы технологияны дамыту қажеттігі бірқатар себептерден туындайды [5].

Біріншіден, педагогикалық технологияның дамуы адамның жалпы қызметтік әрекетінің дамуы тұрғысында маңызды (адамзат қызметінің технологиясы, әлеуметтік және кәсіби технология).

Екіншіден, қазіргі заманғы білім беру жүйесінде сан алуан педагогикалық проблемаларды шешу барысында жүйелі тәсілді қолдану тенденциясы байқалады. Яғни, технологияның дамуы – білім беру, тәрбиелеу және оқыту үдерісінде жүйелілік қағидасын жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Үшіншіден, қызметтің кез келген саласының тиімділігін, оңтайлылығын, даму өлшеміне технологиялылық критерийі жатады. Ол ең алдымен алға қойған мақсатқа жетуді, бұл мақсатқа үдерістік механизмдер мен инструменттік құралдар жүйесінің барабарлығының жоғары деңгейін болжайды. Технология басқа факторларға қарағанда жеке адамның жүйелі, мақсатқа бағдарланған дамуын қамтамасыз ететін бірден-бір басым педагогикалық механизмі болып табылады. Мұндай механизмді педагогикалық технология формасында қалыптастыру мен жүзеге асыру білім беру сапасын арттыруға, технологиялылықты қамтамасыз етуге, педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әлемдік тәжірибеде бірнеше түрлі өзара балама мектептер баршылық, әрбіреуінің ұтымдылығы әр түрлі. Мысалы, дәстүрлі мектеп түлектерінің білімділік деңгейі жүйелілік, теориялық, ғылымилық тұрғыдан қарастырғанда жоғары, бірақ, сол білімдерін қолдануға іскерлік қасиет-қабілеттерінің шеңбері тар болып келеді. Ал қызығу мен қажеттілікке негізделген еркін тәрбие мектептерінде білім беру үдерісі оқушылардың еріктері мен танымдылық дамуын шектейді, мұнда психиканың механикалық есте сақтау қызметі жөнді дамымайды деген астарлы пікір бар. Сондықтан, болашағы мол болып көрінетін дәстүрлі оқыту мен балама оқыту әдістемелерінің үйлестірілген түрі керек. Мұнда тасада қалдырмайтын мәселе – қайсысынан қандай элементтер, қандай негізде таңдалынып, қандай қатынаста құрастырылатындығы.

Дәстүрлі дидактиканың негізгі мақсаты – мұғалімнің жаңа түсініктерді, заңдылықтар мен принциптерді өзінің түсіндіруі, мысал ретінде көрсетуі болды. Білім мен дағдыны оқушылар негізінен мұғалімге еліктеп, соның айтқанын қайталау арқылы алды [6, 5 б].

Дәстүрлі (түсіндірмелі-көрсетпелі) оқытуда білім репродуктивті сіңіру нәтижесніде алынады, яғни жаттау, қайталау, көрсетілген нәрсе шеңберінде ғана ойлап, ойға сіңіреді. Бұл оның жадын дамытып, білімі мен дағдысын репродуктивті ойлау арқылы қалыптастырады [7, 9 б].

С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, Л.С. Выготскийлердің еңбектеріне сүйене отырып, орыс ғалымдары И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, Т.В. Кудрявцев, А.М. Матюшкиндер өткен ғасырдың 60-70 жылдарында проблемалық оқыту тұжырымдамасын жасады. М.И. Махмутов проблемалық оқытуды ғылыми дайын тұжырымдарды меңгеру барысында, өз бетінше жүйелі іздену әрекетімен байланыста болатын, дамыта оқытудың ерекше түрі деп есептейді. Мұндай жағдайда проблемалық оқыту дамытушылық, тәртіптілік, ізденушілік сияқты оқу процесі қызметтерінің негізі бөлшегі болады.

Проблемалық оқыту теориясының негізін қалаушылар оқудағы ойлану қызметі тек қана жаңа білімді меңгеріп қана қоймай, сол мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін де үйрену деп есептейді. А.М. Матюшкиннің анықтамасы бойынша, «оқытудағы ойланудың негізгі қызметі оның жаңа білім алып, жаңаша әрекет етуге мүмкіндік беретіндігіне. Адам өміріндегі барлық білім жүйесі мен іс-әрекеті оның ойлау қабілетінің нәтижесі. Адамның білімі оның ойлануының көрінісі, яғни негізгі танымдық құралы» [8, 91 б].

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін өзі көрсете білуге бейімдеу. Егер оқушы жобасы тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса – ол болашаққа дұрыс тұлға болып қалыптасады. Әр түрлі жағдаяттарды дұрыс шешім қабылдап отырып, әр түрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт-бағдар бере алады.

Проблемалық жауап кезеңінде оқушының іс-әрекеті ойлаумен, пайымдаумен өз бетінше ізденумен сипатталады.

Проблемалық оқыту тек проблемалы жағдай тудырып қана қоюды емес, сонымен қатар оны дұрыс шеше білу тәсілдерін меңгертуді де қажет етеді. Ол үшін оқытушы оқушының тақырыпта кездесетін ой, пікір қайшылықтарын дұрыс аңғаруына жағдай жасап, оны шешудің жолдары мен тәсілдерін меңгертуге өздігінен ізденудің, зерттеудің амалдарын үйретуге тиіс. Мұның басты жолы – дұрыс ойлай білуге баулу.

Проблемалық оқыту – ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау және тағы басқа) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және тағы басқа) ескере отырып, жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Сондықтан да проблемалы оқыту көбінесе мектеп оқушыларының ойлау қабілеттерін дамытады және сенімдерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Проблемалық оқыту мақсаты – ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзінде, үдерісінде меңгеру, оқушының таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Проблемалық оқытудың ең керекті әрекеті ізденіс болса, оны өз тәжірибесінде қолданған ғалымдар қатарында Песталоцци мен Дистервегтің еңбегі зор. Оқытудың осы әдісінің негізін қалап, оны жоспарлы түрде іске асырған Д. Дьюн болды. Кейіннен оқытудың осы түріне Д. Бруннер, И. Лернер, Т.В. Кудрявцев, А.М. Матюшкин, М.И. Махмутов зор үлес қосты.

М.И. Махмутов: «Білім мен білім алу әрекеті арасындағы өзара байланыс оқушы өзі білмейтін нәрсемен танысқанда, оны түсінуге тырысқанда пайда болатын қайшылықтардан шығу жолын іздегенде ғана тығыз болады. Өйткені,

ол жаңа білімді игеру барысында ізденіс жасап, әрекет етеді» [7, 106 б] – деп көрсетеді.

Проблемалық оқытудың қалыптасу тарихына үңілсек, Сократ өзінің шәкірттерін логикалық ойлануға, зертеулердің нәтижелерін табуға бағыттап отырған. Руссо білімді игеруде ситуациялар қоюға мән берген. Проблемалық оқытудың басқа әдестерден айырмашылығы – білім оқушыларға дайын күйінде ұсынылмайды, керісінше, олардың алдына белгілі бір проблеманы өз бетінше шешу міндеті қойылады. Осылайша іздену әрекеті барысында шешімді оқушылардың өзі тауып, білімді игеруге жол ашады.

Проблемалық әдіспен оқытудың мақсаты – оқушының сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету. Оқушыны ізденуге, қорытынды жасауға, өзгеше пікір айта білуге үйретеді.

Проблемалық оқиға оқушының бұрыннан меңгерген білімге сүйеніп, мәселені толық шешу үшін аздаған өзіндік ойды, шығармашылық шешімді, дербес әрекетті қажет ететін проблемалық жағдайға алып келуі керек. Проблема тууға ыңғайлы тақырыпты таңдай білу, мұғалімнің ізденімпаздығына, тапқырлық шеберлігіне байланысты.

Проблемалық оқытудың негізгі ерекшелігі – оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемалары міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық ситуация пайда

Проблемалық оқыту технологиясы тұжырымының ерекшеліктері:

- Білімді меңгеру ішкі себептер негізінде пайда болған басқарылмайтын үдеріс;
- Бала дүниені тануда адамзат жүріп өткен жолмен жүреді;
- Бала материалды сезім арқылы қабылдап қана қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді;
- Оқытуда табысқа жетудің шарттары;
- Оқу материалында проблема туғызу;
- Баланың белсенділігі;
- Оқытудың бала өмірімен, ойынымен, еңбегімен байланысы.

Проблемалық оқиға оқушының бұрыннан меңгерген білімге сүйеніп, мәселені толық шешу үшін аздаған өзіндік ойды, шығармашылық шешімді, дербес әрекетті қажет ететін проблемалық жағдайға алып кетуі керек. Проблема тууға ыңғайлы тақырыпты таңдай білу, мұғалімнің ізденімпаздығына, тапқырлық шеберлігіне байланысты. Сол сияқты есептер шығару барысында да балаларға сурет салу арқылы, кесте түрінде сызуға, кестелер арқылы шығартуға бейімдеу, өздігінен кері есеп құрастыра білуге жаттықтыру керек.

Проблемалы сабақты аралас сабаққа ұқсатып, бірнеше бөлімге нақты бөлуге болмайды. Сонымен қатар, қойылған мақсат пен сабақтың мазмұнына байланысты мұғалім мен бастауыш сынып оқушылары арасындағы қарым-қатынастың белгілі бір реттігін жасауға да болмайды. Сол себепті проблемалық сабақты ұйымдастырудың сан-алуан жолы болуы мүмкін.

Проблемалы сабақты жүргізу негізінде аралас сабақта қолданылып жүрген материалды бекіту бөлімінің қажеттілігі болмайды, өйткені, жаңа

білімді игерудің өзі оқушылардың өнімді қызметі арқылы атқарылады, ол өз кезегінде, оқушылардан бұрынғы меңгерілген білімді қолдана отырып, жаңаны қабылдауды қажет етеді.

Проблемалы сабақ барысында жіберілген қателіктерді анықтап, талдау жасауға ерекше көңіл бөлінуге тиіс және бұндай жұмысты оқушылармен бірлесіп жұмыс жасаудың барлық кезеңінде жүргізіп отырған жөн.

Проблемалы сабақ барысында бастауыш сынып оқушыларының жіберген қателіктерін талдаудың мынадай бағыты белгіленеді:

– оқушылар жіберген қателіктерді анықтап алу;

– қателіктер кеткендігіне оқушылардың көздерін жеткізу;

– қателіктердің жіберілу себептерін оқушылар күшімен анықтау;

– оқушылардың қателік жіберу себептерін өз күшімен анықтай алмаған жағдайда, оларға көмек көрсету;

– оқушылармен бірлесе отырып қателіктерді түзету;

– Проблемалық сабақ ұйымдастыру төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

– проблемалы оқыту сабақтапы дәстүрлі аралас сабақтармен салыстырғанда, біріншіден, көп дайындықты қажет етеді, екіншіден, сабақтың жүрісі көп уақытқа созылады;

– белгілі бір пәнді бөлінген сағатына сай игеру үшін пән бағдарламасында көрсетілген тақырыптарды негізгі және қосалқы материалдарды бөліп алу қажет;

– қосалқы материалдарға бөлінген сағаттарды азайту арқылы негізгі материалдарға арналған сағаттарды көбейтуді ойластыру қажет;

– негізгі материалдарды оқытуды проблемалы сабақтарды уйымдастыру арқылы өткізуге тырысып, қалғандарын дәстүрлі аралас сабақтарын өткізу пән тақырыптарын үйлесімді игерудің ең тиімді жолы екендігі анықталады.

Көптеген педагогтар және психологтардың сараптамасы бойынша әр түрдегі жаттығулардың тиімділігі, олардың нұсқалық сипатта болуында. Нұсқалық жаттығулар оқушылардың ой-өрісін дамытып ғана қоймайды, сонымен қатар олардың тұрақты білім-білік, дағдыларын қалыптастырады.

Қорыта келгенде, проблемалы тапсырмалар сабақтағы қорытындылардың қандай және қалай пайда болғандығын дәлелдейді және логикалық ойлауға, ғылыми іздену жолына бағыттайды. Проблемалы тапсырмалар сезімге молырақ әсер етеді де, оқушының қызығушылығын құмартушылығын дамытады. Құмартушылық, қызығушылық оқушыны өздігінен ізденуге жетелейді. Проблемалық тапсырма нәтижесі оқушының өз бетінше еңбектенудегі дағдысы мен қабілетінің, іскерлігінің жетілген, ең жоғары дамыған сатысы деуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2014. 14 қаңтар.

2 Беспалько В.П. Слагаемые педагогические технологии. – М.: Педагогика, 1989.

3 Наин А.Я. Инновации в педагогике профессионального образования. – Челябинск: Филиал ИПО МО РФ, 1994. – 61 с.

4 Sakamoto T. The Roles of Educational Nechnology in Curriculum Development // Curriculum big means of Educational Technology. – P., 1974. Centre for Educational Research and Junovation, OECD.

5 Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. – М.: ИОСО РАО Арена, 1994. – 228 с.

6 Махмутов М.И. Теория и практика проблемного обучения. Казань, Таткнигиздат, 1972.

7 Махмутов М.И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории. – М.: Педагогика, 1975.

8 Матюшкин А.М. Проблемы учения умственного развития школьника. – М.: Педагогика, 1989.

ҒТАМР 14.25.05

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПРОБЛЕМАСЫ

П. Байкеева
Магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ.
А.А. Сулейменова
П.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ.

XXI ғасырдың бет-бейнесі біліммен өлшенбек. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1]. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әрбір мұғалімінің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Бүкіл дүниежүзілік білім әлеміне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімінің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар жүргізіледі. Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, оқушылардың шығармашылық әлеуметін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Мектеп тәжірибесінде жаңаша жұмыс істеп жаңашыл технологияларды пайдаланып жүрген мұғалімдер бар. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылымипедагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелерінің бірі.

Инновациялық үрдісті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу прцесіне басшылық жасау мәселелерін

зерттеу маңыздылығы М.В. Кларин, А.В. Лоренсов, М.М. Поташник, Т.И.Шамова, О.Г. Хомерики, Н.Р. Юсуфбекова және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Қазақстанның білім беру жүйесін реформалаудың жаңа кезеңі ел басы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық жолдауында, Үкіметтің, Білім және Ғылым министрлігінің құжаттарында көрсетілген идеялар кешенін енгізуді талап етеді. Мұның мәні 1999 жылы маусымда қабылданған ҚР «Білім туралы» Заңында, 30 қыркүйек 2000 жылғы «Білім» мемлекететтік бағдараламасында көрсетілгендей қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағынан ілгерлеуінің маңызды факторы ретінде білім берудің ұлттық моделін дамыту, шығармашыл тұлға қалыптастыруға дағдылану, ақыл-ой қорын жинау сияқты мақсаттарды көздейді. Жалпы білім берудің Қазақстандық моделі негізі болуы үшін оқушылар санасына өз халқының тарихи тамырын, рухани және адамгершілік қағидаларын азаматтық және отан сүйгіштік идеяларын басқа халықтарға деген ізгі көзқарастарын сіңіру қажет. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Педагогикалық технология – мұғалім мен оқушының іс-әрекеттерінің біріккен жүйесі арқылы іске асатын, ақпаратты білім беру нәтижесі және рефлекция негізінде білім алуға бағытталған, бір үлгідегі педагогикалық жүйе.

Педагогикалық жүйенің мынадай құрылымы бар:

1) оқу және тәрбиелеу мақсатында нақты жүйелі дидактикалық, педагогикалық зерттеу жүргізу;

2) оқушы меңгеруге тиісті ақпарат мазмұнын толықтыра отырып, жүйелеу;

3) қажетті дидактикалық, техникалық оқу құралдарын дұрыс қолдануын қадағалау;

4) тәрбиелеу және диагностикалық оқыту жүйесін дамыту;

5) оқушыларға жоғары деңгейде сапалы білім беру.

Педагогикалық технологияға – В.П. Беспалько «Практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе» – деген анықтама берген. Ал педагогикалық жүйені тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, мақсаты бір-бірімен өзара байланыстағы әдіс-тәсілдер деп қарастырады [2]. Бүгінгі таңда П.Э. Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы, Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.А. Амонашвилидің ізгілікті – тұлғалық технологиясы, В.Ф.Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, М. Чошановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, П.И. Третьяковтың, К. Вазинаның модульді оқыту технологиясы, В.П. Беспалько, В.М. Монаховтың және т.б. ғалымдардың технологиялары кеңінен таралған.

Қазақстанда Ж.А. Қараевтың, Ә. Жүнісбектің, Ш.Т. Таубаеваның, Қ.Қ.Қабдықайыровтың, С.Н. Лактионованың, М.М. Жанпейсованың, Қ.М.Нағымжанованың және т.б. ғалымдардың ұсынған оқытудың жаңа технологиялары оқу үрдісінде белсенді түрде қолданылуда.

Біз инновациялық технологияларды экологиялық білім беруде қолдануды қарастырып отырмыз. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушыларға экологиялық білімді оқушыларға түсінікті әрі қызықты етіп дайындау, оқушылардың белсенділігін арттырады. Ғылыми әдебиеттерде «экологиялық тәрбие – ол бала санасында табиғатты қорғау, аялау сезімін, экологиялық мәдениетті қалыптастыру» деп түсіндіріледі. Экологиялық тәрбие мақсаты – оқушыларда табиғатқа, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды, оны қорғауға даярлықтарын қалыптастыру болғандықтан бұл сабақтардың мазмұнын инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жетілдіруге болады деп есептейміз. Сондықтан оқушыларға білім беруде тиімді болып келеді. Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру саласында, ізденіп зерттеулер жүргізген ғалым – педагогтар И.Д. Зверьев, А.Н. Захлебный, Н.С.Сарыбеков, И.Г. Суравегина, Н.А. Гладков, П.В. Иванов, Б.Г. Иоганзен, И.С. Матрусов және т.б. ғалымдарының еңбектерінде кеңінен қарастырылды. Қазіргі кезде балалардың санасына қоғамдық байлығы мен даму негізіндегі сезімдерін тәрбиелеп, оларға экологиялық білім беру мұғалімдердің міндеті. Экологиялық тәлім-тәрбие мен білім беру мәселесін қарастыруда, ғалымдардың табиғат пәніндегі ой-пікірлері өзгеше. Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоции, Ф.Дистерверг баланың табиғатпен байланысы негізінде ой санасын қалыптастыру, білім мен тәрбие беру заңдылықтарын негіздеді [3].

Оқушының санасын дамытушы «табиғат сезіміне» үйрету жайында айта келіп, оның эстетикалық мінез-құлқының дамуындағы маңызын ашты. Ж. Ж. Руссо (1981) оқушылардың жан-дүние тәрбиесін табиғатпен өткізуін ұсынады. Ғалымның ойынша, табиғатқа деген жақсы көзқарасқа үйрету, баланың ой-санасын іштей дамыту арқылы табиғатты танып, қабылдау сезімдерінің әсерімен жүзеге асады деп тұжырымдайды. Оқушыларға экологиялық тәрбие берудің басты мақсаты мен міндеттерін және маңызын белгілеу үшін И.Д.Зверев еңбектерінің орны ерекше. Ол «экологиялық тәрбиенің мақсаты білім жүйелерін, көзқарас пен сенімдерін, моральдық нормаларына сәйкес қоршаған, ортаның жағдайына азаматтық қатынастарды қамтамасыз ету болып табылады» – деп оның педагогикалық теориясы мен практикадағы сала екендігіне көңіл аударады.

И.Д. Зверев (1993) «Барлық оқу пәндерін экологияландыруға байланысты ойланып жасалған жұмыстар қажет» – деп мұғалімдерге қойылатын негізгі үш талапқа ерекше қөңіл бөледі. Біріншіден, мұғалімнің алдында табиғат және қоғам туралы сезім жауапкершілік болу керек. Мұғалімдер әр адам, болашақ ұрпақ табиғатты қорғау қажеттігін түсінуі қажет. Екіншіден, мұғалімнің өзінің өмірі мен қызметінде табиғаттың жанашыры ретінде басқаларға үлгі болуы тиіс. Үшіншіден, әрбір мұғалім экологиялық біліммен қарулануы қерек. Әрине оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беруде мұғалімдерге қойылатын негізгі талап – экологиялық білім мен тәрбие беру барысында негізгі мақсаты мен міндеттерін, маңыздылығын белгілеу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Таубаева Ш.Т. Педагогика. Оқулық. – Алматы: ОНОН. 2017. – 340 б.

2 Подласый И.П. Педагогика. Учебник для бакалавров. – М.: Юрайт, 2012. – 574 с.

3 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М: Педагогика, 1989. – 192 с.

ҒТАМР 14.25.09

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

П.К. Байкеева
Магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ.

Жас ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру бүгінгі күн тәртібіндегі бірден – бір қажетті кезек күттірмес міндеттердің бірі. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-бабы жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттің меншігі екендігін, олардың мемлекет қорғауында болатындығын мәлімдейді, ал Конституцияның 38-бабы Қазақстан Республикасының азаматтарына табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарын ұқыпты қарауға міндеттейді. Оқушыларға экологиялық білім беру олардың қоршаған ортаны қорғауға, аялауға тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі.

Экологиялық білім мен тәрбие беру мәселері жалпы білім берудің элементі ретінде оқушыларға айналадағы орта мен табиғатқа жауапкершілік қарым-қатынасты қалыптастырумен және қоғам арасындағы өзара байланысты ғылыми негізде меңгерумен сабақтас қаралады. Жас жеткіншектерге саналы білім мен тәлім-тәрбие беру Республикамыздың атақты педагог ғалымдарының Н.Ф. Хмель, Г.А. Уманов, Қ.Б. Жарықбаев, И.Н. Нұғыманов, С.Қ. Қалиев, Ж.Б.Қоянбаев, Қ.Б. Бөлеев және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелді. Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру саласында, ізденіп зерттеулер жүргізген ғалым – педагогтар И.Д. Зверьев, А.Н. Захлебный, Н.С. Сарыбеков, И.Г. Суравегина, Н.А. Гладков, П.В. Иванов, Б.Г. Иоганзен, И.С. Матрусов, Н.А. Рыков, А.П. Сидельковский, В.Н. Скалон, Е.С. Сластенина және т.б. ғалымдарының еңбектерінде кеңінен қарастырған. Мектептегі әрбір пәннің өзіндік ерекшелігі болатындығы тәрізді биология, химия, физика сияқты пәндердің өзіндік байланысы арқылы оқушыларға экологиялық білім беруге және сол бағытта тәрбие берудегі маңызы бар. Мәселен пәнаралық байланыс арқылы экологиялық білім мен тәрбие беру мақсатында жүргізіліп жүрген география сабақтарына тоқталайық. 9-шы сыныпқа арналған география сабақтарындағы «Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайы, Табиғат жағдайлары мен табиғат байлықтарын бағалау» тақырыбына тоқталатын болсақ. Мұнда Қазақстанның жер көлеміне, географиялық орнына, табиғат жағдайлары мен табиғат байлықтарына тоқтала келіп, Қазақстанның табиғи ортасын қорғауға ерекше көңіл бөледі. Енді бұл тақырыпты басқа пәндермен

салыстыра қарайтын болсақ, мысалы биологиядағы кейбір табиғи ортада өмір сүретін жануарлар мен өсімдіктерге антропогендік әрекеттің тигізер әсеріне байланысты тақырыптарды байланыстыра отырып, қарастырып, түрлі көрнекіліктерді пайдалансақ тақырыптың мазмұны ашыла түсері сөзсіз. Біздің міндетіміз мектеп оқушыларының бойында экономикалық білім – біліктілерін қалыптастыру болғандықтан қоғам мен адам ортасындағы байланысты ашып көрсете білуіміз қажет. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жоғары оқу орындарының бағдарламасына халық педагогикасы пән ретінде енгізілді. Бұл пәннің негізгі міндеттерінің бірі яғни мақсаты әрбір баланы ізгілікке, имандылыққа тәрбиелеу. Сонымен қатар халық дәстүрлігін педагогикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеп, әсіресе табиғатты қорғау мәселесін бір жүйеге келтіру арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу болып отыр. Көрнекті педагог В.А.Сухомлинский «Ақылды-ақыл, арды-ар тәрбиелейді» – деген екен. Халқымыздың дана өкілдерінің өз туындыларының бірі-табиғатты қорғау дәстүрлері, іскер, парасатты, арлы адам тәрбиелеуге көмектеседі. Қазақ халқының асыл мұраларының бірі – табиғатқа деген аса зор сүйіспеншілігі мен оған деген қамқорлық жеткіншектер қасиеттерді тәрбиелейміз.

ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында шиеленісе түскен экологиялық мәселелер бүгінде бүкіл адамзат баласын толғандырып отыр. Әрбір ел өз табиғатын қорғау үшін түрлі шаралар қолдануда. Ал, біз үшін халқымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оны көздің қарашығындай сақтап келуі жайында оқушыларға көбірек білім беру керек. Мұны бабалардан калған асыл сөз, ғибратнама, мақал-мәтелдер арқылы оқушы санасын қалыптастыруымыз қажет. Осы мақсатта оқушыларэкология сабақтарының әрбір тақырыптарын өткен кезде оқулықтардан тыс әдебиеттерді пайдаланып, қосымша материалдар жинақтауға дағдыланады. Экологиялық білім беру көп сатылы үрдіс. Оны кешенді тұрғыдан қалыптастыру қажет. Біріншіден, адамның, қоғамның табиғатқа әсер ету ортасындағы білімнің ғылыми жүйесін қалыптастыру. Екіншіден, жеке тұлғаның адамгершілік дүниетанымдылығын тәрбиелеу. Үшіншіден, сарамандық іс-әрекетте білім мен тәрбиенің жүзеге асуына ықпал ететін ерекшелік факторын қалыптастыру.

Жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға экологиялық білім берудің үш үлгісі бар:

Біріншісі – көп пәнді үлгі. Бұл жағдайда дәстүрлі пәндердің оқыту мазмұндарына, экологиялық мәселелердің жеке білімі, жекеленген тақырыптар енгізіледі және бұрынан оқытылып келген тақырыптардың мазмұндары қосымша жаңа экологиялық мәліметтермен баяндалады.

Екіншісі – бір пәнді үлгі. Орта мектептердің экологиялық оқу жоспарына арнайы экология курсын оқыту арқылы іс жүзінде асады.

Үшінші, аралас сабақтар үлгісі. Мұнда жоғарғы сынып оқушылары үшін экологиялық білімінің жеке мәселелері дәстүрлі пәндерде қарастырылады. Ол сабақтарды біріктіріп, қорытындылайтын арнайы сабақ өткізіледі.

Экологиялық білім беру табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда белсенді әрекет жасай алатын жеке тұлғанын

экологиялық сенімін қалыптастырып, белсенділігін көтеру. Қоғам талабы қаншалықты әсер еткенін, оны іске асырудың қазіргі жағдайын анықтаудың үлкен маңызы бар. Сондықтан зерттеуге негіз етіп отырған жоғарғы сынып оқушыларына инновациялық оқыту технологиялар арқылы экологиялық білім беру қазіргі қоғам талабы қаншалықты әсер еткенмен, оны іске асырудың қазіргі жағдайын анықтаудың үлкен маңызы бар. Жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді жаратылыстану пәндер арқылы беру оны жүзеге асыру үшін инновациялық оқыту технологияның тиімділігін анықтау;

– Инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқушыларға экологиялық білім беру жолдарын анықтау;

– Модульдік оқыту технологиясы оқушылардың экологиялық танымдық қабілетін арттыру;

– Компьютерлік және ақпараттық технологиясы арқылы жоғары сынып оқушыларына үздіксіз, жан-жақты экологиялық білім беру;

– Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы оқушылардың алған экологиялық білім деңгейін анықтауға мүмкіндік беру.

Аталған міндеттерді шешуге іс жүзіндегі педогогикалық процесті зерттеу әдістері, бақылау, сұрақ-жауап, бағдарламалар, оқулықтар мен құралдарды талдау т.б. қолданылады.

Жоғары сынып оқушыларының бойында экологиялық міндетті дамыта түсу үшін қазіргі мектептер мен білім беру мекемелері қызметінің оқу-тәрбие үрдісін жалпы жеке мәдениеттің құрамдас бөліктері толық қамту арқылы мүмкіндік береді.

Жоғары мектептің оқу-тәрбие үрдісінің мазмұны мен әдістемесіне экологиялық білім мен тәрбие беретін материалдарды ендіру жолдарын біртұтастық жүйеде қарастырылу керек. Аталған мектептерде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білім беру үшін факультатив сабақ ретінде өткіздік. Факультативтік сабақтарда жоғары сынып оқушылардың экология ғылымына қызығушылығы үнемі дамып отырады. Оқушылардың экология сабақтарында еңбек етуге талпыну, экологиялық ойлау әрекеті мен ерекше шығармашылық қабілеті байқалады, жұмыстарының нәтижесі жақсарады. Бұл істің бәрі де уақыты шектеулі сабақта емес, факультативтік сабақтарда, экология ғылымын терең оқып үйрену процесінде жүзеге асырылады.

Мектепте факультативтік сабақтарда экология ғылымының жетістіктері мен даму болашағы, проблеманың мазмұнын әлдеқайда толық ашып көрсету мүмкіндігі бар.

Экологиялық білім көздері арқылы практикалық жұмыстар жүргізу, статистикалық материалдарды, жүйелі бақылауларды пайдалану, экологиялық ойындарды өткізу факультативтік сабақтардың оқу-тәрбиелік мүмкіндігін арттырады. Сондай-ақ өлкетану материалын кеңінен пайдалану, туған өлке табиғатының еркшеліктері мен шаруашылық іс-әрекетін оқып-үйрену негізінде көптеген экологиялық, географиялық, экономикалық түсініктер нақтыланады.

Қорыта келе, бүгінгі таңда біз оқушыларға табиғатты аялауға, үйлесімді өмір сүруге үйретуміз керек мектеп қабырғасында экологиялық білім қаланса,

одан кейін білім беру мекемелерінде ол жетіле түседі деп санаймыз. Сондықтан мектепте сабақтың мазмұныны мен сабақтан тыс тәрбие шаралардың барлығында тәрбиенің барлық бағыттары қамтылса тиімді болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Захлебный А.Н. Содержание экологического образования в средней общеобразовательной школе. – М.: Наука, 1986. – 323 с.

2 Каримова Б.Ж. Экологиялық мәдениет қалыптастыру – ұлттық тәрбиемен сабақтас // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Хабаршы, Журналистика сериясы. – Алматы, 2016. – No 2(40). – Б. 196-199.

3 Подласый И.П. Педагогика. – Минск, 2018. – 631 с.

ҒТАМР 14.25.09

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫДА ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

М.К. Садықова
Ғылыми жетекші, п.ғ.к., қауымд. профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.
Ғ. Ермахан, Ж. Кеңес, Д. Шоймбай
Студенттер, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Мақалада қазіргі білім беру үдерісінде педагогикалық технологиялар арқылы жүзеге асыру туралы баяндалады. Авторлар инновациялық технологияларды жан-жақты талдай келе, қазіргі заманғы озық технологияларды мектеп тәжірибесінде тиімді қолдану, ең алдымен, оларды терең, жан-жақты оқып-үйрену қажеттігін ашып көрсетеді. Оқушылардың сыни тұрғыда шығармашылық ойлауын дамытуда проблемалық оқытудың мүмкіндіктері ұсынылған.

Түйін сөздер: білім беру үдерісі, педагогикалық технология, проблемалық оқыту, инновациялық технологиялар, сыни тұрғыда ойлау.

Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектептер біртіндеп кеңейтілген дағдыларға бағытталған білімді функционалды және шығармашылық қолдану, сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу, АКТ, қарым-қатынастың әр түрлі тәсілдері. қолдану, топта және жеке жұмыс жасай білу, мәселелерді шешу және шешім қабылдау» [1, 10 б.]. Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы– білім жүйесі. Орта мектеп – білім жүйесінің ең басты буыны. Орта мектепте қаланған білім негізі оқушының болашағына жол ашады. Қазіргі кезеңдегі басты мәселенің бірі жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше. Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы – ұстаз қолында», – деп атап көрсеткен болатын [1].

Педагогикалық технологиялар білім беру үдерісінде маңызды рөл атқарады. Білім берудің мақсатына жетуі, оқу-тәрбие үдерісінде оқушылар мен педагогтардың қызметін белсендіретін факторлардың толықтығы, осы

технологияның сапасына байланысты. Технология (грек тілінде *techne* – шеберлік, өнер, және *logos* – ілім) – адамдардың бірыңғай орындалатын және жоспарланған нәтижеге жететін күрделі үдерісті бірізді, өзара байланысты шараларға, іс-әрекеттер мен тәсілдерге бөлу арқылы жүзеге асырылатын әдіс.

Белгілі ғалым В.П. Беспальконың анықтамасы бойынша «Педагогикалық технология дегеніміз тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер – оның құрамды бөлігі ғана. Педагогикалық жүйе ретінде ол оқушының жан – жақты қалыптасуына ықпал ететіндей оқытудың әдіс, құрал, үрдістерінің мақсатты жиынтығын қарастырады» [2, 125-127 б.].

Педагогикалық әдебиеттерде инновациялық технологияларды қарастыра отырып, технологияның шамамен он екі анықтамасы келтірілген. Мәселен:

– өнер, шеберлік, біліктілік, өңдеу әдістерінің жиынтығы, жағдайды өзгерту;

– оқу үдерісіне ұйымдастырылған, мақсатқа бағдарланған, алдын ала белгіленген педагогикалық әсер немесе әрекет;

– оқыту мақсатына кепілді жету құралы;

– оқытудың жоспарланған нәтижелеріне жету үдерісінің сипаты ретінде;

– тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы;

– педагогика ғылымы мен мектеп практикасының дамуындағы сабақтастықты сақтау жағдайында педагогика және әдістеменің құрал-саймандық және әдіснамалық құралдарын түбегейлі жаңарту және басқалар.

А.Я. Наиннің [3] пікірінше, педагогикалық технология – білім беру мақсатына сәйкес жағдайда басқарушы бағдарлама немесе оқушылардың белгіленген норма бойынша оң педагогикалық нәтиже алу әдісі.

Шетелдік ғалымдар педагогикалық технология түсінігін оқыту құралдарын пайдалану оқу үдерісінің тиімділігін арттыратын педагогикалық жүйе ретінде тар мағынада қарастыруға бейім. Т. Сакамото [4]. пікірінше, оқыту технологиясы – ғылыми білімнің саласы, мақсаты – оқытуда дұрыс есептеу жолында және оның барысына әсер ететін барлық мүмкін болатын факторларды іріктеуде барынша көп тиімділікке жетуді практикалық зерттеу.

Педагогикалық технология негіздеу, қызметтік және басқару технологиясы болып бөлінеді. Негіздеу (дәлелдеу) педагогикалық технология оқушыларды кәсіби оқу-танымдық қызметке қосуға мүмкіндік береді. Ол жеке тұлғаның ішкі уәжін дамытуға бағдарланған. Қызметтік технология оқушылардың тікелей қызметін ұйымдастыруға байланысты.

Басқарудың педагогикалық технологиялары оқыту үдерісінің нәтижелілігіне жету әдісі мен құралдарының жүйесі болып табылады. Кез келген басқару алға қойған міндетті шешуді едәуір тиімді жолмен, іс-әрекетті түзету және үдеріс барысын үнемі бақылау арқылы қамтамасыз етуден тұрады, ал басқарудың педагогикалық технологиясы мақсат қою міндетін шешуден,

оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеуден, білім мен білікті бақылаудан, меңгеруді бағалаудан тұрады.

Оқу материалының іріктелген мазмұнына сәйкес оқытушы меңгерудің қандай да бір деңгейін қалыптастырудың және дамытудың бағыттарын айқындап алуы керек. Ол өз кезегінде баға критерийін сақтап, оқушылардың оқу материалын меңгеру сапасын бақылау жүйесін жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларында практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде. Болашақ маман – бүгінгі студент педагогика теориясы мен практикасындағы қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларды мектептің оқу-тәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдануға тырысуы тиіс. Қазіргі заманғы озық технологияларды мектеп тәжірибесінде тиімді қолдану, ең алдымен, оларды терең, жан-жақты оқып-үйренуді талап етеді. М. В. Клариннің пікірінше, білім беру саласындағы технологияны дамыту қажеттігі бірқатар себептерден туындайды [5].

Біріншіден, педагогикалық технологияның дамуы адамның жалпы қызметтік әрекетінің дамуы тұрғысында маңызды (адамзат қызметінің технологиясы, әлеуметтік және кәсіби технология).

Екіншіден, қазіргі заманғы білім беру жүйесінде сан алуан педагогикалық проблемаларды шешу барысында жүйелі тәсілді қолдану тенденциясы байқалады. Яғни, технологияның дамуы – білім беру, тәрбиелеу және оқыту үдерісінде жүйелілік қағидасын жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Үшіншіден, қызметтің кез келген саласының тиімділігін, оңтайлылығын, даму өлшеміне технологиялылық критерийі жатады. Ол ең алдымен алға қойған мақсатқа жетуді, бұл мақсатқа үдерістік механизмдер мен инструменттік құралдар жүйесінің барабарлығының жоғары деңгейін болжайды. Технология басқа факторларға қарағанда жеке адамның жүйелі, мақсатқа бағдарланған дамуын қамтамасыз ететін бірден-бір басым педагогикалық механизмі болып табылады. Мұндай механизмді педагогикалық технология формасында қалыптастыру мен жүзеге асыру білім беру сапасын арттыруға, технологиялылықты қамтамасыз етуге, педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әлемдік тәжірибеде бірнеше түрлі өзара балама мектептер баршылық, әрбіреуінің ұтымдылығы әр түрлі. Мысалы, дәстүрлі мектеп түлектерінің білімділік деңгейі жүйелілік, теориялық, ғылымилық тұрғыдан қарастырғанда жоғары, бірақ, сол білімдерін қолдануға іскерлік қасиет-қабілеттерінің шеңбері тар болып келеді. Ал қызығу мен қажеттілікке негізделген еркін тәрбие мектептерінде білім беру үдерісі оқушылардың еріктері мен танымдылық дамуын шектейді, мұнда психиканың механикалық есте сақтау қызметі жөнді дамымайды деген астарлы пікір бар. Сондықтан, болашағы мол болып көрінетін дәстүрлі оқыту мен балама оқыту әдістемелерінің үйлестірілген түрі

керек. Мұнда тасада қалдырмайтын мәселе – қайсысынан қандай элементтер, қандай негізде таңдалынып, қандай қатынаста құрастырылатындығы.

Дәстүрлі дидактиканың негізгі мақсаты – мұғалімнің жаңа түсініктерді, заңдылықтар мен принциптерді өзінің түсіндіруі, мысал ретінде көрсетуі болды. Білім мен дағдыны оқушылар негізінен мұғалімге еліктеп, соның айтқанын қайталау арқылы алды [6, 5 б].

Дәстүрлі (түсіндірмелі-көрсетпелі) оқытуда білім репродуктивті сіңіру нәтижесінде алынады, яғни жаттау, қайталау, көрсетілген нәрсе шеңберінде ғана ойлап, ойға сіңіреді. Бұл оның жадын дамытып, білімі мен дағдысын репродуктивті ойлау арқылы қалыптастырады [7, 9 б].

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Стил, Куртис С Мередит, Чарльз Темпл. Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады.

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау,– деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шыңдалған ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмыстың дұрыс ұйымдастырылған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетеді. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен тұрады [8].

С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, Л.С. Выготскийлердің еңбектеріне сүйене отырып, орыс ғалымдары И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, Т.В. Кудрявцев, А.М. Матюшкиндер өткен ғасырдың 60-70-жылдарында проблемалық оқыту тұжырымдамасын жасады. М.И. Махмутов проблемалық оқытуды ғылыми дайын тұжырымдарды меңгеру барысында, өз бетінше жүйелі іздену әрекетімен байланыста болатын, дамыта оқытудың ерекше түрі деп есептейді. Мұндай жағдайда проблемалық оқыту дамытушылық, тәртіптілік, ізденушілік сияқты оқу процесі қызметтерінің негізі бөлшегі болады.

Проблемалық оқыту теориясының негізін қалаушылар оқудағы ойлану қызметі тек қана жаңа білімді меңгеріп қана қоймай, сол мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін де үйрену деп есептейді. А.М. Матюшкиннің анықтамасы бойынша, «оқытудағы ойланудың негізгі қызметі оның жаңа білім алып, жаңаша әрекет етуге мүмкіндік беретіндігіне. Адам өміріндегі барлық білім жүйесі мен іс-әрекеті оның ойлау қабілетінің нәтижесі. Адамның білімі оның ойлануының көрінісі, яғни негізгі танымдық құралы» [9, 91 б].

Проблемалық оқыту «проблема», «проблемалық сұрақ», «проблемалық тапсырма», «проблемалық жағдай» («ситуация») деген ұғымдарды қамтиды.

Проблема дегеніміз – субъектінің өзінде бар іздену құралдарымен (білім, икемдік, іздену тәжірибесі және т.б.) шешуге болатын жағдай. Кез келген сұрақ, тапсырма проблемалы бола бермейді. Олардық проблемалық болуының негізгі

шарты – оларға жауап іздеуге оқушыға даяр жауап не үлгі болмайды және ол өзінің білетіні мен білмейтінінің арасындағы қайшылықты басқаша айтқанда, берілген проблеманы шешуге керекті білімнің немесе тәсілдің онда жетіспей тұрғанын сезінеді.

Проблемалық жағдай деп пайда болған құбылыстар, фактілерді адамның түсіндіре алмай қиналушылық жағдайға ұшырауын айтады, Сондықтан сол қиыншылықтан шығудың жолын қарастырып, іздену іс-әрекетіне көшеді.

Проблемалық жауап кезеңінде оқушының іс-әрекеті ойлаумен, пайымдаумен өз бетінше ізденумен сипатталады.

Проблемалық оқыту тек проблемалы жағдай тудырып қана қоюды емес, сонымен қатар оны дұрыс шеше білу тәсілдерін меңгертуді де қажет етеді. Ол үшін оқытушы оқушының тақырыпта кездесетін ой, пікір қайшылықтарын дұрыс аңғаруына жағдай жасап, оны шешудің жолдары мен тәсілдерін меңгертуге өздігінен ізденудің, зерттеудің амалдарын үйретуге тиіс. Мұның басты жолы – дұрыс ойлай білуге баулу.

Проблемалық оқыту – ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау және тағы басқа) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және тағы басқа) ескере отырып, жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Сондықтан да проблемалы оқыту көбінесе мектеп оқушыларының ойлау қабілеттерін дамытады және сенімдерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Проблемалық оқыту мақсаты – ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзінде, үдерісінде меңгеру, оқушының таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Проблемалық оқытудың ең керекті әрекеті ізденіс болса, оны өз тәжірибесінде қолданған ғалымдар қатарында Песталоцци мен Дистервегтің еңбегі зор. Оқытудың осы әдісінің негізін қалап, оны жоспарлы түрде іске асырған Д. Дьюн болды. Кейіннен оқытудың осы түріне Д. Бруннер, И. Лернер, Т.В. Кудрявцев, А.М. Матюшкин, М.И. Махмутов зор үлес қосты.

М.И. Махмутов: «Білім мен білім алу әрекеті арасындағы өзара байланыс оқушы өзі білмейтін нәрсемен танысқанда, оны түсінуге тырысқанда пайда болатын қайшылықтардан шығу жолын іздегенде ғана тығыз болады. Өйткені, ол жаңа білімді игеру барысында ізденіс жасап, әрекет етеді» [7, 106 б] – деп көрсетеді.

Проблемалық оқытудың қалыптасу тарихына үңілсек, Сократ өзінің шәкірттерін логикалық ойлануға, зертеулердің нәтижелерін табуға бағыттап отырған. Руссо білімді игеруде ситуациялар қоюға мән берген. Проблемалық оқытудың басқа әдестерден айырмашылығы – білім оқушыларға дайын күйінде ұсынылмайды, керісінше, олардың алдына белгілі бір проблеманы өз бетінше шешу міндеті қойылады. Осылайша іздену әрекеті барысында шешімді оқушылардың өзі тауып, білімді игеруге жол ашады.

Проблемалық әдіспен оқытудың мақсаты – оқушының сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету. Оқушыны ізденуге, қорытынды жасауға, өзгеше пікір айта білуге үйретеді.

Проблемалық оқиға оқушының бұрыннан меңгерген білімге сүйеніп, мәселені толық шешу үшін аздаған өзіндік ойды, шығармашылық шешімді, дербес әрекетті қажет ететін проблемалық жағдайға алып келуі керек. Проблема тууға ыңғайлы тақырыпты таңдай білу, мұғалімнің ізденімпаздығына, тапқырлық шеберлігіне байланысты.

Проблемалық оқытудың негізгі ерекшелігі – оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемалары міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық ситуация пайда болады, осыған орай оқушының ізденушілік әрекетімен ынтасы күшейе түседі.

Проблемалық оқыту технологиясы тұжырымының ерекшеліктері:

– Білімді меңгеру ішкі себептер негізінде пайда болған басқарылмайтын үдеріс;
– Бала дүниені тануда адамзат жүріп өткен жолмен жүреді;
– Бала материалды сезім арқылы қабылдап қана қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді;
– Оқытуда табысқа жетудің шарттары;
– Оқу материалында проблема туғызу;
– Баланың белсенділігі;
– Оқытудың бала өмірімен, ойынымен, еңбегімен байланысы.

Проблемалық оқиға оқушының бұрыннан меңгерген білімге сүйеніп, мәселені толық шешу үшін аздаған өзіндік ойды, шығармашылық шешімді, дербес әрекетті қажет ететін проблемалық жағдайға алып кетуі керек. Проблема тууға ыңғайлы тақырыпты таңдай білу, мұғалімнің ізденімпаздығына, тапқырлық шеберлігіне байланысты. Сол сияқты есептер шығару барысында да балаларға сурет салу арқылы, кесте түрінде сызуға, кестелер арқылы шығартуға бейімдеу, өздігінен кері есеп құрастыра білуге жаттықтыру керек.

Проблемалы сабақты аралас сабаққа ұқсатып, бірнеше бөлімге нақты бөлуге болмайды. Сонымен қатар, қойылған мақсат пен сабақтың мазмұнына байланысты мұғалім мен бастауыш сынып оқушылары арасындағы қарым-қатынастың белгілі бір реттігін жасауға да болмайды. Сол себепті проблемалық сабақты ұйымдастырудың сан-алуан жолы болуы мүмкін.

Проблемалы сабақты жүргізу негізінде аралас сабақта қолданылып жүрген материалды бекіту бөлімінің қажеттілігі болмайды, өйткені, жаңа білімді игерудің өзі оқушылардың өнімді қызметі арқылы атқарылады, ол өз кезегінде, оқушылардан бұрынғы меңгерілген білімді қолдана отырып, жаңаны қабылдауды қажет етеді.

Проблемалы сабақ барысында жіберілген қателіктерді анықтап, талдау жасауға ерекше көңіл бөлінуге тиіс және бұндай жұмысты оқушылармен бірлесіп жұмыс жасаудың барлық кезеңінде жүргізіп отырған жөн.

Проблемалы сабақ барысында бастауыш сынып оқушыларының жіберген қателіктерін талдаудың мынадай бағыты белгіленеді:

− оқушылар жіберген қателіктерді анықтап алу;

− қателіктер кеткендігіне оқушылардың көздерін жеткізу;

− қателіктердің жіберілу себептерін оқушылар күшімен анықтау;

− оқушылардың қателік жіберу себептерін өз күшімен анықтай алмаған жағдайда, оларға көмек көрсету;

− оқушылармен бірлесе отырып қателіктерді түзету.

Проблемалық сабақ ұйымдастыру төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

− проблемалы оқыту сабақтапы дәстүрлі аралас сабақтармен салыстырғанда, біріншіден, көп дайындықты қажет етеді, екіншіден, сабақтың жүрісі көп уақытқа созылады;

− белгілі бір пәнді бөлінген сағатына сай игеру үшін пән бағдарламасында көрсетілген тақырыптарды негізгі және қосалқы материалдарды бөліп алу қажет;

− қосалқы материалдарға бөлінген сағаттарды азайту арқылы негізгі материалдарға арналған сағаттарды көбейтуді ойластыру қажет;

− негізгі материалдарды оқытуды проблемалы сабақтарды уйымдастыру арқылы өткізуге тырысып, қалғандарын дәстүрлі аралас сабақтарын өткізу пән тақырыптарын үйлесімді игерудің ең тиімді жолы екендігі анықталады.

Көптеген педагогтар және психологтардың сараптамасы бойынша әр түрдегі жаттығулардың тиімділігі, олардың нұсқалық сипатта болуында. Нұсқалық жаттығулар оқушылардың ой-өрісін дамытып ғана қоймайды, сонымен қатар олардың тұрақты білім-білік, дағдыларын қалыптастырады.

Қорыта келгенде, проблемалы тапсырмалар сабақтағы қорытындылардың қандай және қалай пайда болғандығын дәлелдейді және логикалық ойлауға, ғылыми іздену жолына бағыттайды. Проблемалы тапсырмалар сезімге молырақ әсер етеді де, оқушының қызығушылығын құмартушылығын дамытады. Құмартушылық, қызығушылық оқушыны өздігінен ізденуге жетелейді. Проблемалық тапсырма нәтижесі оқушының өз бетінше еңбектенудегі дағдысы мен қабілетінің, іскерлігінің жетілген, ең жоғары дамыған сатысы деуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2004. – 132 б.

2 Беспалько В.П. Слагаемые педагогические технологии. – М., Педагогика, 1989.

3 Наин А.Я. Инновации в педагогике профессионального образования. – Челябинск: Филиал ИПО МО РФ, 1994. – 61 с.

4 Sakamoto T. The Roles of Educational Nechnology in Curriculum Development // Curriculum big means of Educational Technology. – P., 1974. Centre for Educational Research and Junovation, OECD.

5 Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. – М.: ИОСО РАО Арена, 1994. – 228 с.

6 Махмутов М.И. Теория и практика проблемного обучения. Казань, Таткнигиздат, 1972.

7 Махмутов М.И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории. – М.: Педагогика, 1975.

8 Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 608 б.

9 Матюшкин А.М. Проблемы учения умственного развития школьника. – М.: Педагогика, 1989.

ҒТАМР 14.33.09

КӘСІБИ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫ ДАМЫТУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Д. Ыбырайым
Магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ.

Қазіргі уақытта қоғамның жаһандану мен инновациялық ұтқырлық, ақпараттық пен технократтық, цифрлық өзгерістеріне сәйкес қарқынды дамуы мен рухани жаңғыруы жағдайында осы заманауи қағидаттарды жүзеге асыруға білікті мамандардың қажеттілігі артып отыр. Ал олардың осындай өзгешеліктер мен жаңалықтарға жылдам бейімделіп, тез сіңісіп кетуі болашақ маманның, соның ішінде мұғалімнің практикалық даярлығының жеткілікті көлемі мен жоғары деңгейі талап етіледі. Осыған байланысты педагогтардың кәсіби даярлығын реформалау мемлекеттің ұлттық саясатының құнды басымдықтары қатарынан табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің халқына Жолдауларында мұғалімдер даярлауға өзгерістер енгізудің бірқатар шаралары көрсетілген. Елбасы «сапалы білім беру – Қазақстанның индустриясы мен инновациялық дамуының негізіне айналуы тиістігін» атап өткен. Болашақ мамандардың, соның ішінде бүгінгі педагогтың бәсекеге қабілетті болуы, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызығатын, кәсіби іскерліктері мен дағдылары қалыптасқан, білімді де білікті маман болуы қажеттілігіне мән берілген [1]. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында педагогтың адам капиталын қалыптастыруға ықпалының басымдығы, білім беру жүйесіндегі проблемаларды шешудегі аса маңыздылығы басым көрсетіліп, оларды кәсіби даярлау мазмұнының сапасын жақсарту мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттелген [2]. Ал бұл болса, болашақ педагогтардың жоғОқыту нысаны ретінде дүние жүзінде мойындалған кәсіптік оқытудың дуальды жүйесі кәсіптік дайындықтың әртүрлі деңгейдегі студенттерінің кәсіпті меңгеруі үшін нақты өндірістік жағдайларды барынша тартуға негізделген. Дуальды жүйе оқу процесінде теориялық және практикалық дайындықты ұштастыруға мүмкіндік береді, ал оқу орнындағы теорияны оқу болашақ жұмыс орны, өндірістік кәсіпорында тәжірибелік сабақтармен толықтырылады.

Жұмысшылар мен орта буын мамандарын даярлауға бағытталған орта кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту әсіресе кеңінен енгізілуде [3].

Еліміздің бірнеше өңірінде дуальді оқыту негізінде жұмысшыларды даярлау жобасы қолға алынды.

«Дуальды білім беру жүйесі» ұғымымен қатар кәсіптік оқыту жүйесіне қатысты және іс жүзінде бұл сөздің мағынасымен айқындалатын «дуальды оқыту моделі», «дуальды оқыту технологиясы» ұғымдары қолданылады. екі жақты, қосарлылық сияқты.

Егер дуальді оқыту оқу орнындағы оқытуды өндірістік қызмет кезеңдерімен үйлестіруді көздейтін оқыту нысаны ретінде анықталса, дуальды оқыту моделі әдістемелердің, ұйымдастырушылық нысандардың, оларды жүзеге асыру құралдарының, оқу орны мен кәсіпорындардың өзара әрекеттестігі негізінде кәсіптік оқыту тұрғысынан педагогикалық әдістемелер сондай-ақ оқытудың оқу-әдістемелік кешендерінің жүйесі болып табылады.

Мамандарды кәсіби қызметте және шетелде тәжірибелік даярлау сапасын арттырудың кейбір жолдары әртүрлі зерттеулерде қарастырылады . Болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің негізін құзіреттілік құрайды. Құзыреттіліктер көп қырлы және көп құрылымды сипаттамалар болып табылады, оларды бағалауды толық стандарттау мүмкін емес. Оларды өлшеу қиын. Кәсіби құзіреттіліктің ажырамас белгісі – бар білімді практикалық қызметтің мақсаттарымен, шарттарымен және әдістерімен байланыстыра білу, өзінің практикалық іс-әрекетінде әртүрлі ғылыми әдістерді қолдана білу, демек, қабілет пен шығармашылықты дамыту [3].

Сонымен, біздің ойымызша, дуальді оқыту технологиясы кәсіпорында теориялық және өндірістік оқыту жағдайында студентті кәсіптік даярлаудың алдын ала жоспарланған процесін практикаға дәйекті түрде енгізуге бағытталған.

Кәсіптік оқытудың қолданыстағы мемлекеттік білім беру стандарттары сауатты маманды қалыптастыруға мазмұнды бағытталған теориялық және практикалық оқыту нысандарын реттейді. Дуальды оқыту технологиясын кәсіптік оқытудың тұжырымдалған мақсаттарының, мақсаттарға жауап беретін оқу үдерісін құру принциптерінің – мазмұнды, әлеуметтік серіктестік пен өзара әрекеттестік қатынасына құрылған кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру моделін көрсетуге болады. жаңа әлеуметтік жағдайларға оңай бейімделетін және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті түлектерді дайындауды қамтамасыз ететін «университет – кәсіпорын» жүйесіндегі теориялық және өндірістік оқытудың барлық пәндерінің [3].

Кәсіби құзыреттілік технологиялық дайындықтан басқа кәсіптіктен жоғары сипаттағы басқа да бірқатар құрамдастарды қамтиды. Бұл түлектің жауапкершілік, дербестік, шешім қабылдау қабілеті мен қабілеті, білім алу қабілеті, ойлау икемділігі сияқты тұлғалық қасиеттері.

Студенттің белсенді позициясының орталығымен кәсіптік оқыту фазалар циклі түріндегі кәсіби іс-әрекетті дамытумен анықталады: ақпараттандыру, жоспарлау, шешім қабылдау, жүзеге асыру, бақылау, бағалау. Бірақ бұл фазалар деңгейіндегі оқу-өндірістік жағдай айтарлықтай шектеулі және нақты

өндірістен ерекшеленеді, т.б. Оқытудың теориясы мен практикасы жұмыстан тыс жерде өтеді.

Бұл түлектердің жұмыс орнында «оқуларын аяқтауларына» әкеледі: жаңадан келгендерге тәлімгерлер тағайындалады, лауазымдарға тағайындалады, олар үшін арнайы әзірленген және жүзеге асырылатын оқыту және бейімдеу бағдарламалары.

Кәсіптік оқытудағы дуальды оқыту технологиясы оқу орнындағы теориялық оқыту мен кәсіпорындағы практикалық оқытуды ұштастыра отырып, білім сапасын өзгертіп, оны өндіріс талаптарына жақындатады.

Дуальды оқыту жүйесінің негізгі қағидасы – оқу орны мен кәсіпорындардың мамандарды даярлау сапасына бірдей қатысуы және жауапкершілігі. Кәсіпорынның мүддесі, ең алдымен, кадрларды өзі үшін дайындау мүмкіндігінде, қызметкерлерді іздеу мен іріктеуге, оларды қайта даярлауға және бейімдеуге жұмсалатын шығындарды азайтуда. Студенттер нақты өндірістік жағдайлармен тікелей танысып, кәсіптік қызмет негіздерін меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар оқу орнын бітіргеннен кейін өз мамандығы бойынша табысты жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады.

Кәсіптік оқытудың дуальды жүйесін енгізудің негізгі шарттары:

– базалық кәсіпорындардың болуы;

– оқу орны мен кәсіпорынның өзара әрекеттесу бағдарламасын жасау;

– кәсіпорында студенттер орындарын, оқу полигондарын құру немесе бөлу;

– кәсіпорында арнайы пәндердің оқытушылары үшін тағылымдамадан өтуді енгізу.

Дуальды оқыту технологиясының артықшылықтарын атап өтейік (дәстүрлі оқыту формасына сәйкес):

– оқытудың дуальды технологиясы мамандарды даярлау процесінде оқытудың дәстүрлі формалары мен әдістерінің негізгі кемшілігін жоюға мүмкіндік береді – теория мен практика арасындағы алшақтық теориялық компонент деңгейін сақтай отырып, оқу процесінің практикалық бағыттылығын күшейтуге мүмкіндік береді;

– технология кәсіпорында негізгі еңбек функцияларын орындауға дайын мамандарды дайындау үшін қойылған міндеттерді орындауға мүмкіндік береді;

– дуальды оқыту жүйесінің үлгісінде маманның тұлғасына әсер ету, қызметкердің қажетті қасиеттерін қалыптастыруға болады;

– дуальды оқыту жүйесі технология ретінде кәсіптік қызметке қажетті білімді алуға ынта мен қажеттіліктерді арттырады, өйткені алынған білімнің сапасы жұмыс орнында еңбек міндеттерін орындауға мүмкіндік береді;

– дуальды оқыту жүйесі технология ретінде кәсіпорын мен ұйым басшысының «өз» қызметкерлерін оқыту мен оқытуға қызығушылығын арттырады;

– дуальды оқыту технологиясы түлектің кәсіби бағыттағы ұтқырлығын арттырып қана қоймай, оны қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті етуге мүмкіндік береді;

– оқытудың дуальды жүйесі технология ретінде «университет – кәсіпорын» диядасында оқу процесін ұйымдастыруға мүмкіндік береді, оқыту барысында осындай өзара әрекеттестікпен жұмыс істейді, болашақ маманға қойылатын өндірістік талаптар ескеріледі.

Дуальды оқыту жүйесі технология ретінде оқу орнының жұмыс берушімен өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады және Еуропалық білім беру жүйесінің тәжірибесі көрсеткендей, болашақ кәсіби қызметте және табысты әлеуметтік бейімделуде сенімділік береді. Студент білім берудің алғашқы сатыларынан бастап өндіріс процесіне кіреді, өйткені кәсіпорын қызметкері өзіне жүктелген функцияларға сәйкес міндеттерді орындайды, ресурстарды басқарады, жауапкершілікті көтереді, қажетті кәсіби дағдылар мен дағдыларды меңгереді және кейбір жағдайларда келісім-шарт бойынша жалақы ала алады. Тәжірибе көрсеткендей, теориялық және өндірістік оқыту уақытының арақатынасы 40-60% құрайды. Ыңғайлы болу үшін оқу қызметін бөлу апта күндеріне сәйкес жүзеге асырылады, мысалы, аптасына 1-2 күн студент аудиторияда, қалған күндері – кәсіпорында оқиды.

Технология ретінде дуальды оқыту жүйесін енгізу кезінде білім беру бағдарламасын әзірлеу және енгізу кезінде болашақ қызметкердің белгілі бір біліктілігі мен құзыретіне деген жұмыс берушінің қажеттіліктері мен талаптарын ескеру маңызды, бірақ бітірушінің теориялық дайындығына нұқсан келтірмейді.

Тәжірибелік оқыту кәсіпорында педагогикалық оқудан өткен кәсіпорын мамандарының және кәсіпорында біліктілікті арттыру курстарынан өткен оқу орнының оқытушыларының тікелей қатысуымен өткізіледі.

«Педагогикалық университет – техникум – кәсіпорын» желілік өзара әрекеттестігіне негізделген дуальды оқыту орта кәсіптік білім беру жүйесінде студенттердің кәсіптік-педагогикалық іс-әрекетке дайындығын қалыптастырудың оңтайлы шарты болып табылады. Университетте оқитын студенттер кәсіптік оқыту бакалавры біліктілігін алады, олар тек кәсіпорында жұмыс істеуге дайын болып қана қоймай, адам психологиясын, педагогикасын және оқыту әдістемесін жетік меңгерген білікті ұстаз болады, сондықтан да өндірістік оқыту, орта кәсіптік білім беру деңгейіндегі жалпы техникалық, арнайы және жалпы білім беретін пәндер оқытушылары.

Кәсіптік білім беру бакалаврлары үшін әзірленген дуальды оқыту технологиясы келесі ұстанымдарға негізделген:

– психологиялық-педагогикалық цикл пәндері бойынша сабақтарды өткізу;

– техникумның аудиторияларында дәрістер, семинарлар, тәжірибелер ЖОО студенттеріне оқу үдерісін оның барлық көріністерімен бақылап қана қоймай, сонымен қатар оқу процесіне қатысуға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның технологиялық процестерін зерттеу және дайындалған тәлімгерлердің жетекшілігімен өндіріске тікелей қатысу студенттердің алған білімдерін бекітуге ғана емес, сонымен қатар практикалық және әлеуметтік тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Болашақ кәсіптік оқыту бакалаврлары

оқытатын сабақтас жұмысшы кәсіптерін дамыту негізінен практикалық сипатта болады.

Мамандарды даярлаудың практикалық бағыттылығын күшейтуге негізделген педагогикалық жоғары оқу орнында дуальды оқыту жүйесін қолдану нәтижелерін зерттеу бұл жүйенің кәсіптік білім беру бакалаврларын даярлаудың тиімді технологиясы екендігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауы. – 2019, қыркүйек. http://www.akorda.kz/kz/.

2 Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы, No988 қаулысы.

3 Кутумова А.А., Яркова Г.А. Дуальная система обучения как технология подготовки бакалавров профессионального обучения в современных условиях педагогического вуза // Современные наукоемкие технологии. – 2016. – № 4-1. – С. 139-142. URL: https://top-technologies.ru/ru/article/view?id=35791.

ҒТАМР 14.25.09

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

П.Н. Балташева
Магистр, оқытушы-модератор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Мақалада қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері, мәдени мұраны, сәндік-көркемдік көркемдік талғамды дамыту өнертануды, бағалау-бейнелеу, кескіндеме, сәндік қолданбалы қол өнер бағыттарын, композициялық құралымын, шикі заттарының түрін, сәндік әсемдігін барынша айқындап көрсететін, дәлелдейтін өнер туындылары, қолдан жасалған шығарма бұйымдары,өнер заттарының бітім көркемдік сұлулық әсерлері, композициялық көркемдігіне назар аударылған. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында «Көркем еңбек» пәні бірқатар өзгерістермен толықтырылды. Демек, «Көркем еңбек» пәні бойынша білім беру бағдарламасы жаңартылып, деңгейлеп оқытумен қатар, тұлғалық-бағдарлы және құндылықты бағдарланған оқыту жүйесі енгізілді.

Түйін сөздер: көркем еңбек, талғам, көркемдік талғам, жаңартылған білім, білім беру.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2017 жылғы «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты жолдауында: «Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Ұлттық мәдениетіміздің озық – үлгілерін іріктеп алғаннан кейін шетелдерде оларды таныстыру рәсімдерін өткіземіз» – деп көрсеткен. Осы міндетті алға тартып қазақтың ұлттық сәндік қолданбалы өнерді дамытуға, жаңа тұрғыда жаңғыртуға ат салысуымыз керек. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері – әлемдік көркем мәдениеттің негізі. Даналық пен әсемдіктің таусылмас қайнар көзі. Онда сан ұрпақтың түрлі материалдары: ағаш, саз, жүн, металдарды өңдеу тәжірибесі бейнеленген. Көне дәстүрлерді көздің карашығындай сақтап және байыта отырып, халықтық көркем қолөнер кәсібі қазіргі мәдениеттің айқын құбылысы болып, үй тұрмысының маңызды және бөлінбес құрамына айналды. Қолөнер туындылары қайталанбас және алуан түрлі: әсем әшекейлерден және шағын ойыншықтардан бастап күрделі кестеленген композицияларға дейін және көлемді кілемдерді, тоқыма матадан жасалған көп заттық жиынтықтарды, шыны, ағаш және металл бұйымдардарын

қамтиды. Біртұтас ел болу үшін, болашаққа нық қадам басу үшін халқымыздың салт-дәстүрін, тарихын, мәдениетін, өнерін қадірлеп дәріптеуіміз қажет [1].

Мәдени мұраны, көркемдік талғамды дамыту өнері – тануды, бағалау – бейнелеу, кескіндеме, сәндік қолданбалы қол өнер бағыттарын, композициялық құралымын, шикі заттарының түрін, сәндік әсемдігін барынша айқындап көрсететін, дәлелдейтін өнер туындылары, қолдан жасалған шығарма бұйымдары, заттарының өздері. Өнер заттарының бітім көркемдік сұлулық әсерлері мен бірге – пішінін, түр сипатын, композициялық көркемдігін және тәжірибе іс жүзінде тұрмыста қолдану саласының бір-бірімен ажыраспас тұтастығын, ғылыми теориялық тұрғыдан зерттеу, қажет. Адамдардың көркемдік сезімдері олардың өмірінде зор роль атқарады. Әсемдікті көре, түсіне жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғары, рухани ләззаттануға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілікті тұлғалық мәнін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезім нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйейтін етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдікті және жексұрындықты, сәулеттілік және ұждансыздықты, қуаныш пен қайғыны т.б. түсінуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез-құлқы айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі шығады.

Жеке адамның көркемдік талғамы тек оның киінуінде және жүріс-тұрысында, сонымен қатар жан-жағындағы адамдармен сөйлесіп араласуына ғана пайда болмайды. Сонымен бірге жеке адам қалай өзінің қызметінде мүмкіншіліктерді жүзеге асыра алу барысында және оның сол мүмкіншілігі қандай ортада болсын қаншалықты пайдалы қызықты етіп көрсете білуінде де көркемдік талғам пайда болады. Қазіргі кездегі көркемдік талғамы тәрбиелеу тәрбие барысының зейін салуды күн санап өсіруді талап ететін мәселесі. Біздің қоғам адамына тек қана өмір емес, еңбек қоғамдық қатынастар, қоршаған орта тәртіп тұрмыс табиғаттың да әсемдік жақтары ықпал етеді. Көркемдік талғамар адамның шындыққа қатынасын анықтайды. Адам өмірінде көркемдік көзқарас әрдайым қуатты рухани күш ретінде көрінеді. Балаға балғын бөбектік кезеңінен бастап, әсемдікке тән нәрсе. Ол әрдайым балалардың әсемдік құндылықтары бар қатар-құмыраларында, ересектерге еліктейді. Оқушылардың өз еңбек іс-әректі тиімді және сапалы болуы үшін оның ұйымдастырылуы толысып, тамаша нәрсені қабылдау деңгейіне жеткені жөн. Балаға сонымен қатар жасампаздықтың да әсемдігі ашылды Сонымен, оқушылардың көркемдік көзқарасын тәрбиелеу дамыған әсемдік сана мен талғамды, оны қабылдау және бағалау қабілетін қалыптастырудың мақсатқа бағыттала ұйымдастырылған процесі. Көркемдік талғамды тәрбиелеу оқушыны жан-жақты және үйлесімді дамытудың жалпы жүйесінде ең алдымен өзіне тән қызмет атқарады. Ол іс-әрекеттің барлық түрлеріндегі әсемдік нышанын анықтап, оны оқушының әсемдікке көзқарасының дамуы, білім алуы, қалыптасу құралына айналдырады. Кең ой-өрістілік сөйлеу іс-әрекетінің мазмұнынан сөз өнерін, ақыл-ой еңбегін, шындықтың обьективтік жақтарын, көркем сөз сұлулығын, бөліп қарайды. Еңбек іс-әрекетінде еңбек мақсаттары және процесі, оның нәтижесі, сұлулығы

ерекше көрсетіледі. Құқықтық іс-әрекетінде қоғамдық мұраттардағы, дамудағы оның ынтасы мен тәртібіндегі сұлулыққа баса назар аударылады. Бейнелеу іс-әрекеті барысында оқушыларға көзге көрінетін әлем, музыкада адам жасаған дыбыс үйлесімділігінің сұлулықтары ашылады. Дене тәрбиесі мәдениеті және гигиена негіздері арқылы бала адам денесінің тән және жан сұлулығын қамтиды. Әсемдікке тәрбиелеудің оқушыны жан-жақты және үйлесімді дамытудың жалпы жүйесінде жанама қызметі де бар . Әсемдіктің адам үшін зор тартымды күші бола отырып, сонымен бірге оның іс-әрекетінің белсенді және тиімді де, берушісі де болады. Оқушы өнегелігінің әсемдігі, оның жан дүнисінің байлығы, шешендігі оны басқа адамдарға тартымды етеді [2].

Оқушылар алдына ашық көрініс берген еңбек әсемдігі, ол еңбекті тартымды етеді және еңбек іс-әрекетінің процесін жеңілдетеді. Ерлік пен шын азаматтық әсемдігі адамдарды қоғамдық тәртіп және құқықтық әрекеттерін орындауға жетелейді. Баланың көркемдік талғамын тәрбиелеу әсемдіктің қасиеттері бар әртүрлі өмір мен қатынастар және ықпалымен жүзеге асырылады. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың көркемдік көзқарасы үздіксіз дамиды. Оған себеп болатын нәрсе-оқу, қоғамдық және тұрмыстық еңбектің жаңа жүйеге түсуі. Көркемдік көзқарасы тәрбиелеудің негізгі құралы – өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданатын бейнелер арқылы бере отырып және осылар арқылы адам сезімі мен санасына әсер етіп, оның көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді. Педагогикада көркемдік талғамы тәрбиелеу тәрбиенің басқа салалармен тығыз байланысты қаралады. Балалардың ақыл-ой тәрбиесін, зерттелген құбылыстар әсемдігін ашпай жүзеге асыру мүмкін емес. Еңбекке тәрбиелеу адамдардағы әсемдікті, еңбек мазмұны мен процесін танымай саналы тәртіп пен мінез құлықты тәрбиелеу мүмкін емес. Сондай-ақ әсемдікке талғамы тәрбиелеуді өмірден белсенді іс-әрекеттен және мұраттарға жету жолындағы күрестен оқшау қарауға болмайды. Мектеп оқушысын әсемдікке өмірден, адамдар іс-әрекетінен, еңбек нәтижесінен көруді және ләззат алуды үйретіп қана қоймайды, күнделікті өмірде осы әсемдікті жасау ынтасы мен іскерлігін тәрбиелейді. Сонымен көркемдік тәрбие табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләззат алу. Көркемдік тәрбие адамды дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді. Өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды, оған керісінше ұсқынсыздыққа жағымсыз талғамы қалыптастырады. Көркемдік тәрбиенің өзіне тән міндеттері бар. Олардың бірі-көркемдік сезімді және көркемдік қабылдауды тәрбиелеу. Өнердегі, өнердегі әдемілікті сезу және көп адамдарда әртүрлі болады. Біреулер әдемілікті үңіле қарап, оның сырын білуге тырысады, ал кейбіреулер оған онша мән бермейді, қалай болса солай қарап, жанынан өте шығады. Әдемілікті сезу үшін, оған түсіну үшін ең алдымен бейнелеу өнері, музыка және ән саласына нербір адам сұлулықты бағалай біледі, түсінеді. Айналадағы дүниеге сезімталдық, көркемдік қабылдау қырағылығы, ықыластылық, қамқорлық оқушының дамуына негіз болады. Көркемдік ұғымды, байымдауды, баға беруді қалыптастыру көркемдік тәрбиенің тағы бір міндеті. Әдемілікті сүю, оған түсіну үшін балаға көмектесетін білім. Сондықтан

бала бейнелеу өнері саласындағы ырғақ, үндестік, музыка мен әндегі дыбыстарды және өнер әдістері туралы білімді игеру қажет. Осыған байланысты ол көркемдік терең түсінуге тырысады, байымдай және бағалай біледі. Көркемдікке және сұлулыққа баға беру үшін көркемдік талғамның маңызы зор. Көркемдік талғам – бұл өмірдегі, еңбектегі және табиғаттағы сыртқы әдемілік пен нағыз сұлулықтың арасын ажырата білу, өнер шығармаларына жоғары талап қою. Мысалы, мұзда конькимен мәнерлеп сырғанап тебу жарысы өткізіледі. Сонда орындаушыларға екі түрлі баға, яғни бірінші баға– көркемделіп келістіре орындағаны үшін, екінші баға мәнерлеп сырғанаудың техникасын жоғары дәрежеде игергені үшін қойылады. Әрине, орындаушыларға әділетті баға қою үшін мамандардың, әсіресе төрешілер алқасының танымы, білімі жоғары дәрежеде болуы керек [3].

Көркемдік танымның дамуына көбінесе өнер үлгілерін қабылдаумен, не тегінде шығармашылықпен байланысты іс-әрекетті мүмкіндік береді. Қазіргі жағдайда біздің қоғамдық өміріміздегі қажетті мәселелердің бірі-баланың көркемдік белсенділігін тәрбиелеу. Ол әдемілікті сезіп және оның заңдарын түсініп қана қоймай, осы заңдар бойынша өзін қоршаған айналаға өзгеріс жасауы қажет. Адам белсенді түрде өмірдегі әдемілікке, көркемдікке өз үлесін қосып, оны көріксіздіктен, ұсқынсыздықтан қорғауы қажет. Оқушыларды көркемдік белсенділікке тәрбиелей отырып, оларды өздігінен ілтипатты оқырман, қайырымды көрермен, сезімтал тыңдаушы болуға үйрету керек [4].

Балалар әдебиетті оқуға, кинофильмді, теледидарды, спектакльді көруге, музыканы тыңдауға өте ынталы болады. Әр түрлі әдеби, музыкалық шығармалардағы іс-әрекеттің оқиға желісін түсіну үшін оқушыларды көп ізденуге үйрету, бағыт беру ұстаздардың басты міндеті. Оқушылардың көркемдік мәдениеті және белсенділігі тұтас педагогикалық процесте дамиды. Сондықтан оның барлық еңбегі, демалысы көркемдік бағытта тиімді ұйымбастырылса, ол өз өміріне әдемілік элементтерін енгізе алады. Көркемдік тәрбиенің маңызды міндеті – өнер және әдебиет салаларында оқушылардың қабілетін, ынтасын, бейімділігін дамыту. Осыған орай, мектепте оқушыларды ықтимал мүмкіндіктерін қабілетін барынша аша білу керек. Мектеп оқушыларының көркемдік түсініктері, олардың еңбекке әсемдік тұрғысынан қатынасы, өзіндік белсенді іс-әрекетімен байланысты екенін көрсетеді. Мәселен, өзі шешу мүмкіндігі болғанда ғана оның әрі мінез-құлықтық, әрі әсемдік көңіл күй жай табады, тояттайды. Оқушыларды бірлесе орындалатын қоғамдық пайдалы еңбек әсемдік, көркемдік жағынан қатты қызықтырады. Оларға бірлесіп, аула тазарту, жер дайындап гүл отырғызу, металл сынықтары мен қағаз қалдықтарын жинау, кітап жөндеу, сынып бөлмесін тазарту, безендіру, т.б. ұнайды. Оларды жақсы жұмыс үшін мадақтау, жарыса озып шығу, әсер алу да еліктіреді. Осы тұрғыдан қарағанда көркем еңбек және көркемдік тәрбие, көркемдік талғам өзара қабысып бірін – бірі толықтырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаев Н.Ә. Рухани жаңғыру. – Астана, 2017.

2 Әбиев Ж. Еңбек тәрбиесінің педагогикалық негіздері. – Алматы. 1997. – 166 б.

3 Әбиев Ж. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2004. – 443 б.

4 Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика: Оқулық. – Алматы: Заң әдебиеті, 2005. – 228 б.

ҒТАМР 14.25.01

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ҚАТЫСУ ТӘЖІРИБЕСІ

А.Д. Байгулова
Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.

Еліміздің білім беру саласын арттыру мақсатында республикалық және халықаралық деңгейде көптеген мониторнигтік зерттеулер жүргізілуде. Білім беру саласының даму үдерісі мен мәселелері туралы осындай зерттеулердің нәтижесінде жасалып жатқан реформаларға өзгертулер мен түзетулер енгізу үшін басқарушылық шешімдер қабылданып келеді. Қазақстанның халықаралық салыстырмалы зерттеулерге (PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS және т.б.) белсенді қатысуы стратегиялық түрде маңызды. 2007 жылы Қазақстан тұңғыш рет халықаралық зерттеуге қатысты. Функционалдық сауаттылық көрсеткіштері ел экономикасының өсімін жақсырақ айқындайды. Жалпы айтқанда, халықаралық зерттеулер жүргізудегі нәтижелері әділ әрі сенімді болып саналады және оны әлемдік академиялық қауымдастық пен білім беру саласындағы басқарушылар жиі қолданады.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, апробациялық кезең, PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS, оқушылар жетістіктері.

Қазіргі мектеп, ең алдымен, оқушылардың интеллектуалдық және зерттеушілік мәдениетін, білімі мен тәжірибесін практикада қолдана білуді қалыптастыру міндеттерін өзекті етеді: өмірлік жағдайларды белгілі бір білімге сұраныс пен тиімді практикалық қызмет ету тұрғысынан қарастыру. Басқаша айтқанда, оқытудың нәтижесі алынған білімді жеке ресурс ретінде пайдалана білу болуы керек. Оқытудағы бағыттардың өзгеруі – оқу процесінде оқушылардың өзін-өзі анықтауы мен мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін жағдай жасау үшін тұлғаны танымдық іс-әрекет тәсілдерін белсенді меңгеруге баулу, әрине, білім беру нәтижелерін өлшеудің жаңа тәсілдерін талап етеді.

Осыған байланысты құзыреттілікке негізделген тәсіл перспективалы болып көрінеді, оның аясында оқушылардың оқу жетістіктерінің халықаралық мониторингінің бірегейі – PISA зерттеуі жүзеге асырылады. PISA зерттеуі әлемде кең қоғамдық резонанс тудырды, бұл ондағы білім сапасын бағалауға бағытталған бағыт білім берудің өзекті мәселелеріне ғана емес, сонымен қатар оларды түсінудің заманауи талпыныстарына да сәйкес келетінін көрсетеді. Елдер арасындағы саяси, экономикалық және әлеуметтік ынтымақтастықтың

айтарлықтай кеңеюі векторды өзгертті, ұлттық білім беру жүйелерін дамытып, оларға бірқатар жаңа талаптар қойды. Оқушылардың оқу жетістіктерінің сапасын салыстырмалы талдаусыз бұл талаптарды орындау мүмкін емес екені анық.

PISA білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы 15-жастағы оқушылардың білім саласындағы жетістіктерін анықтауға бағытталған. Бұл зерттеудің ерекшелігі теориялық білім мен дағдыларды өмірлік жағдайларда қолданудың практикалық, нақты оқу пәндеріне немесе білім беру салаларына тікелей қатысы жоқ мәселелерді шешудегі құзыреттілігін бағалауға бағытталуында. Зерттеу құралдары қазіргі қоғамда тиімді қызмет ету үшін оқушылардың өмірде кездесетін мәселелерін шешуде жалпы білім беру дағдыларының қалыптасу дәрежесін белгілеуге бағытталған. Бұл жас санатын таңдау көптеген шет елдерде білім беру бағдарламаларының жалпы бағыттылығымен және олардың осы жас кезеңіне қарай дамуы аяқталғанымен түсіндіріледі. Осыған орай, қазіргі кезеңде білім алушыларға болашақта пайдалы болатын білім мен дағдылардың деңгейін анықтау, қазіргі әлемде сәтті бейімделуіне қажетті білімді өз бетінше меңгеру қабілетін бағалау мүмкін [1].

Ағымдағы жылы зерттеуге әлемнің 80 елі қатысуда. Зерттеу 2000 жылдан бастап әр 3 жыл сайын жүргізілуде. Қазақстандық оқушылар PISA-ға 2009 жылдан бастап қатысып келеді. PISA-2022 айналымында алғаш рет креативті ойлау дағдылары бағаланады. 2018 жылдан бастап PISA компьютерлік форматта өткізіледі. PISA зерттеуі оқушылардың оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен қатар, олардың дағдыларын оқу стратегиясын зерттейді. PISA заманауи білім беру үрдісін ұстанады және оқушылардың мектепте алған білімін өмірде қолдану қабілетін бағалайды – бұл XXI ғасырдағы функционалдық сауаттылық пен дағдылардың маңызды аспектісі.

Зерттеу нәтижесінен алынған деректер білім берудегі жүйелік олқылықтарды анықтауға, сондай-ақ білім беру саясатын жетілдіру үшін тиісті ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық бастауыш сынып оқушылары алғаш рет өздерінің оқу сауаттылықтарын PIRLS-2016 зерттеуінде бағалап көрді. PIRLS 2001 жылдан бастап бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын анықтайтын ең беделді ғаламдық зерттеу. PIRLS халықаралық зерттеуі қатысушы елдердің үздік білім беру тәжірибелері мен саясаттары туралы ақпаратты ары қарай басқа білім беру жүйелеріне енгізу және бейімдеу үшін береді. Қазақстан PIRLS-2016-ға бірінші рет қатыса отырып, халықаралық орташа көрсеткіштен жоғары нәтиже көрсетті (27-орын, 536 балл). Қазақстан тестілеуді екі және одан да көп тілде өткізген 30% қатысушы елдер қатарында (50 елдің 15-і). Халықаралық салыстырулар қазақстандық бастауыш мектептердің оқуға үйрету бойынша сапалы білімге тең мүмкіндікті қамтамасыз етіп отырғанын растайды. Сондықтан, республикада әртүрлі ресурсты (жоғары, орта, төмен) жанұялардың балалары арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Оқушылар нәтижелерінің саралануы көбінесе өңірлік және тілдік аспекттерде байқалады, ал қала/ауыл

бөлінісі мен әлеуметтік-экономикалық статус бойынша азырақ. PIRLS TIMSS пен PISA сияқты қазақ және орыс тілінде оқытатын мектептердің нәтижесінде үлкен айырмашылық барын анықтады. Бұл – тез арада қажетті шараларды қолдану үшін егжей-тегжейлі зерттеуді қажет ететін мәселе. Қазақстандық оқушылардың әдеби оқу дағдыларының төмендігі тіл мен әдебиетті оқыту сапасына, әсіресе, балалардың сөздік қорын көбейтуге, олардың шығарма сюжетін түсініп, тұжырымдар жасай алуына көңіл аудару керектігін көрсетті [2].

TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study) – 4 жылда 1 рет өткізілетін 4 және 8-сынып оқушыларының жаратылыстану-математикалық білім беру сапасын талдайтын халықаралық зерттеу.

Неліктен 4 және 8 сыныптар қатысады? Әлемнің көптеген елдерінде 4-сынып – бұл бастауыш білім берудің соңғы сатысы. Осылайша, 4-сынып оқушыларының білімін бағалау балалардың негізгі мектепте оқуға кірісер кездегі білім деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, 8-сынып оқушыларын тестілеу негізгі мектеп оқушыларының аралық білімін бағалауға мүмкіндік береді және зерттеу деректерін талдау негізінде өзгерістерге қажет жеткілікті уақыт (3-4 жыл) қалдырады [3].

TIMSS-2023 – зерттеудің сегізінші циклі. Ағымдағы жылы еліміздің әр өңірінен 32 мектеп апробациялық кезеңнен өтті. Қазақстан TIMSS зерттеуінің төрт циклына қатысты (2007, 2011, 2015, 2019). TIMSS зерттеуіне қатысу қатысушы елдерге халықаралық тәуелсіз салыстырмалы деректер алуға және білім алушылардың жетістіктеріне әсер ететін факторларды талдау және анықтау, сондай-ақ білім беру саясатын жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін ұлттық деректер базасына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2019-2020 оқу жылында орта білім беру саласында 2015-2016 оқу жылында басталған жаңартылған білім берудің мазмұнына кезең-кезеңмен көшу аяқталды. Мектептің оқшауланыуына және оқыту тіліне қарамастан білім алушылардың оқу жетістіктерін әділ және тең бағалауға бағытталған білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесі енгізілді. 2020 ж. Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы жобасы бойынша жүргізген зерттеуі білім берудің жаңартылған мазмұнына талдау жүргізуге және оны іске асыру мәселелерін қарауға мүмкіндік берді. Зерттеудің алғашқы нәтижелері білім алушылардың функционалдық сауаттылығын кеңейту міндеттеріне сәйкес келмейтін репродуктивті және білімгерлік сипатта екендігін көрсетеді. Оқу пәндері, атап айтқанда, жаратылыстану-математикалық циклі бойынша академиялық бағыттылық, PISA бойынша тапсырмалармен айқын өзара байланыстылықтың жоқтығы, контексте STEAM/STEM білім беру элементтерінің жоғалғанын жалғастыруда. Халықаралық зерттеу нәтижелері қалалық және ауылдық білім алушылардың арасында алынған білім сапасы бойынша және өңірлік бөлінісімен қатар айтарлықтай алшақтықты көрсетеді. Білім беру теңсіздігі негіздерінің бірі қалалық және ауылдық педагогтердің біліктілігіндегі алшақтық, олардың дағдылары және тиісті оқу-материалдық базасының болмауы болып табылады. Алшақтық бойынша ұқсас нәтижелер

TIMSS, PIRLS және ICILS сияқты басқа да халықаралық зерттеулерде көрсетілген. Мұндай жағдайлардың негізгі себебі білім алушылардың оқу жетістіктерін функционалдық сауаттылықты емес, пәнді білудегі бағалау болып табылады. Осыған орай орта білімді сыртқы бағалаудың қолданыстағы моделін білім берудің жаңартылған мазмұнына бағдарлай отырып, базалық білімнің (функционалдық сауаттылықтың) болуына қайта қарастыруға назар аудару қажет [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 «PISA-2015 халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері» Ұлттық есебі, 2017 жыл, С. Ырсалиев, А. Құлтуманова, Е. Сабырұлы, М. Аманғазы – Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2017. – 240 б.

2 «PIRLS-2016: Қазақстан нәтижелері», 2018 жыл: Ұлттық есеп / Е.Б.Нұрланов, А.Д. Байгулова, Б.А. Қартпаев, М. Аманғазы, Е. Сабырұлы, Г.А.Ноғайбаева. – Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2018. – 154 б.

3 «Қазақстанның TIMSS-2015 зерттеуіне қатысу нәтижелері», 2017 жыл, Ұлттық есеп. С. Ырсалиев, А. Құлтуманова, Б. Қартпаев, А. Байгулова, Б.Ысқақов. – Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2017. – 219 б.

4 Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы Ұлттық баяндама (2020 жылдың қорытындысы бойынша). – Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2021. – 310 б.

ҒТАМР 14.25.09

МЕКТЕПТЕГІ БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ВАЛЕОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕСІ

Н.Н. Салыбекова
PhD-доктор, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.
А.Ж. Абдуқахар
Магистрант, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Қазіргі таңда ұлт денсаулығының нығаюы мен сақталуы басты назарда. Себебі мектеп жасында балалар бойында денсаулығына деген оң көзқарасты қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

Бұл мақалада «Денсаулықты сақтау» ұғымына анықтама берілген. Балалар мен жасөспірімдер бойында жағымсыз өзгерістердің кейбір аспектілері қарастырылған. Білім алушылар бойында денсаулықты сақтауға деген жауапкершілікті қалыптастырудың тиімділігі анықталған. Сондай-ақ, салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыра отырып, өскелең ұрпақтың денсаулық жағдайын сақтау шаралары ұсынылған.

Ғылыми зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Атап айтсақ педагогикалық бақылау, психологиялық және педагогикалық талдау, медициналық, валеологиялық және әдістемелік әдебиеттерді талдау жұмыстары жасалды.

Зерттеу нәтижесінде жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық процесінде білім алушылар бойында денсаулықты сақтауға деген жауапкершілікті қалыптастыру деңгейі анықталды.

Түйін сөздер: салауатты өмір салты, денсаулықты сақтау, валеологиялық тәрбиелеу, денсаулық сауаттылық, педагогикалық эксперимент, валеологиялық элемент.

XXI ғасыр заман талаптарына орай кез келген адам техникалық құралдармен байланысқа түседі. Осы орайда адам денсаулығына соның ішінде балалар бойында түрлі өзгерістердің болуына әкеліп отыр. Атап айтсақ жасөспірімдерде кездесетін көру қабілетінің төмендеуі, дене белсенділігінің азаюы, созылмалы аурулардың болуы, отырықшы өмір салтын ұстану денсаулық жағдайының нашарлауын тудырып отыр.

Адам бойында «денсаулықты сақтау» туралы ұғым бала кезінен қалыптасады. Алайда, отбасылық орта мен білім беру процесі салауатты өмір салтын қалыптастыруға оңтайлы ресурс ретінде анықталған. Себебі отбасы

және мектеп бұл – тәрбие ортасы және денсаулық туралы сауаттылықты арттыруға елеулі үлес қосады.

Л.Л. Липанова, Г.М. Насыбуллина, М.О. Короткова зерттеуіне зер салсақ 11 сынып оқушылары арасында салауатты өмір салтын жете түсінбеуі, өзін-өзі төмен бағалауы және денсаулық жағдайының қауіпті факторлары анықталған. Зерттеулер нәтижесінде аталған проблемаларға жасөспірімдердің отбасымен арақатынасының дұрыс болмауы, күйзеліс, ата-аналар тарапынан темекі шегуге және алкоголь тұтынуға деген қарсылықтың болмауы және өздері қолдана отырып балаларға әсер етуі айқындаоған. Екінші маңызды мәселе, мектеп жағдайында дұрыс педагогикалық ықпал балаларға жасалмаған. Профилактикалық бағытта мұғалімдер бойында валеологиялық сауаттылық деңгейінің төмендігі және сабақтан тыс сауықтыру жұмыстарының кемшіліктері көрсетілген [1].

Білім алушылардың денсаулығын нығайтуда ата-ана мен мұғалімнің міндеті негізгі үш бағытты құрайды:

1. Балаларға оңтайлы сыртқы жағдай жасау (тамақ, киім, дұрыс жиһаз және т.б.).

2. Еңбек және демалыстың дұрыс күн тәртібін ұйымдастыру.

3. Салауатты өмір салтын ұстануға деген жауапкершілікке тәрбиелеу [2].

Білім беру процесінде денсаулықты сақтайтын валеологиялық элементтері бар технологияларды пайдалану тиімді болып табылады. Оларды үш негізгі топтқа бөліп қарастыруға болады:

– Оқыту үрдісінде гигиеналық шарттарды оңтайлы қамтамасыз ететін технологиялар;

– Білім беру процесін дұрыс ұйымдасыру және оқушылардың дене белсенділігін арттыру технологиялары;

– Мұғалімдер мен тәрбиешілер қолданатын әртүрлі валеологиялық элементтері бар педагогикалық-психологиялық тиімді технологиялар [3].

Денсаулықты нығайтуға дұрыс тәрбиелеу тиімділгі өмірлік құнылықтарды дұрыс бағалауға, салауатты өмір салтын ұстануға деген дағдылардың қалыптасуына, балалардың жағымды мінез-құлқының пайда болуына, өмір салтының өзгеруіне және соның нәтижесінде аурулардың пайда болуы мен дамуы қаупінің төмендеуіне әкеледі [4].

Салауатты өмір салты – бұл адамның мәдениетінің деңгейіне, генетикалық анықталған типологиялық ерекшеліктеріне, денсаулық нашарлауының алдын алуға мүмкіндік мінез-құлық және гигиеналық дағдылар деңгейіне ықпал ететін «дұрыс өмір салты» ұғымын қамтиды [5].

Ғылыми зерттеу барысында зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістері қолданылды. Психологиялық және педагогикалық бақылау, медициналық, валеологиялық және әдістемелік әдебиеттерді талдау жұмыстары жасалды.

Интербелсенді оқыту әдістері сабақты бекітуде кеңінен қолданылды. Биология сабағына валеологиялық элементтерді кіріктірудің тиімді әдіс-

тәсілдері, атап айтсақ «денсаулық сабақтары», практикалық жаттығулар, әңгімелесу, сауалнама, педагогикалық бақылау әдістері пайдаланылды.

Білім беру ордасының маңызды бөлігі білім алушылардың денсаулық сауаттылығын арттыра отырып, өмір салтын қалыптастыру білім беру мен тәрбиелеу жүйесінің маңызды бағыты болып табылады. Алынған мәліметтерге сүйене отырып оқушылардың денсаулық жағдайының деңгейлерін диагностикалау жүргізілді.

Кесте 1. Мектептің денсаулық сауаттылығын қалыптастыруға байланысты оқушылардың білім деңгейі.

Оқушылардың деңгейі	**Дұрыс тамақтану**	**Дұрыс күн тәртібін ұйымдастыру**	**Оқу және дене еңбегін қалыптастыру**	**Дене белсенділігін арттыру**
төмен	37%	28%	25%	21%
орташа	61%	55%	50%	59%
жоғары	80%	81%	75%	79%

1-кестеде берілген мәліметтерге сүйене отырып оккшылардың өмір салтын қалыптастыруда мектептің білім беру жүйесінің деңгейлері анықталды. Білім алушылардың көрсеткіштерінің үш деңгейі анықталды: төмен, орташа, жоғары. Нәтижелерді талқылау барысында дұрыс тамақтану, дұрыс күн тәртібін ұйымдастыру, оқу және дене еңбегін қалыптастыру, дене белсенділігін арттыру критерийлері бойынша анықталды.

Кесте 2. Білім алушылардың дене белсенділігінің деңгейін және денсаулығын бағалау деңгейін диагностикалау.

Білім алушылардың денсаулық жағдайын бағалау	**Оқушылар**	
	дене белсенділігінің жоғары деңгейі	**дене белсенділігінің төмен деңгейі**
өте жақсы	79%	46%
жақсы	18%	47%
нашар	3%	7%

2-кестеде Білім алушылардың дене белсенділігінің деңгейін және денсаулығын бағалау деңгейін диагностикалау жүргізілді. Оқушылардың физикалық белсенділігінің төмен және жоғары деңгейі анықталды. Өте жақсы, жақсы және нашар көрсеткіштерін айқындай отырып оқушылардың көп бөлігі дене белсенділігінің жоғары деңгейін анықтап көрсетті.

Ғылыми зертеудің нәтижесінде биология сабағында мектеп оқушыларының валеологиялық тәрбиесін қалыптастырудың анықталған әдістемелік негіздері биологияны оқытуда валеологиялық білім берудің моделін құруға және әдістемесін жасауға негіз болды. Сондай-ақ валеологиялық тәрбие міндеттерін жүзеге асыруға ықпал ететін биология курсының негізгі және қосымша оқу мазмұны анықталды. Педагогикалық және

әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде валеогиялық тәрбие мәселесінің қазіргі жағдайына зерттеу жүргізіліп, зерттеудің негізгі категорияларына анықтамалары берілді. Зерттеу нәтижелері бойынша валеологиялық тәрбие міндеттерін жүзеге асыру үшін және биология курсының мүмкіндігін анықтау үшін мектеп бағдарламасының мазмұнына және «Биология» пәнінің оқу материалына талдаулар жүргізілді. Сонымен қатар білім алушылардың денсаулық жағдайларын бағалау көрсеткіштері олардың орта деңгейін көрсетті. Мектеп жағдайында педагогикалық үрдіс арқылы оқушы бойында дұрыс өмір салтына деген жауапкершілікті тудыру шаралары жиі өтілу қажеттілігі анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Липанова Л.Л., Насыбуллина Г.М., Короткова М.О. Роль семьи и общеобразовательных учреждений в укреплении здоровья и формировании образа жизни детей и подростков // Материалы I Международной научно-практической конференции 2013, 3 (91).

2 Шевченко А.Н. Здоровый образ жизни школьников. Педагогический советник: международное периодическое издание. – Барнаул: ИГ «Си-пресс», 2016. – 81 с.

3 Макарова Л.П., Буйнов Л.Г., Плахов Н.Н. Гигиенические основы формирования культуры здорового образа жизни школьников // Гигиена и санитария. 2017. – № 96(5). – С. 463-465

4 Соколова С.Б., Кучма В.Р. Формирование здорового образа жизни российских школьников // НИИ гигиены и охраны здоровья детей и подростков ФГБУ «Научный центр здоровья детей». – Москва: Россия. 2015. – С. 97-100.

5 Осяк С.А., Соколова Е.В., Чистов Р.С., Яковлева Е.Н. Факторы, влияющие на здоровый образ жизни студентов // Лесосибирский педагогический институт – филиал Сибирского федерального университета. – Лесосибирск, Россия. 2016.

ҒТАМР 14.25.01

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ӘРЕКЕТТЕРІ АРҚЫЛЫ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Л.П. Әбішева
П.ғ.к., М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.
А.Б. Баймолдинова
Магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.

Еліміздегі оқу орындарында сапалы білім беру туралы маңызды құжаттарда айқындалған білім беру жүйесін дамытудың жаңа стратегиясы жастардың бойында білімділік пен бәсекеге қабілеттілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталып отыр [1]. Соған орай, «ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Жобасында еліміздің білім беру жүйесін түбегейлі модернизациялау, білім берудің сапасын жақсарту қажеттігі айтылған. Бүгінгі күн талаптарына сай оқу үдерісінің тиімділігін арттыру, құзыретті мамандарды қалыптастыру құралы ретінде зерттеушілік әрекеттердің мүмкіндіктері елеулі басымдықтарға ие болып отыр. Ғалымдар зерттеушілік тәсілдің мектеп оқушылары үшін белгілі бір ғылым әдісіне бастайтын жол екенімен қатар, олардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыратын маңызды құрал, шығармашылық ойлауы мен танымдық дербестігін дамытатынын атап өтеді. Соған орай, өздігінен оқу әдістерінің қоршаған ортаны тануға, өзіндік ойлау машықтарына баулитын негізгі оқу әдістері ретінде терең зерделеу мен зерттеушілік тәсілдің мәнін тану және оның оқушы бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастырудағы мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыру қажеттігін айтады.

Білім беру жүйесін жаңарту қоғам дамуының ажырамас бөлігі болып табылатын болғандықтан, білім беру үрдісіне қойылатын жоғары талаптар оны жаңа тұрғыдан ұйымдастыруды қажет етеді. Жаңа ұлттық 12-жылдық мектептің алдындағы негізгі міндеттердің бірі – жоғары білімділікке ие, құзыретті, өз бетімен маңызды шешімдерді қабылдай алатын, ізгіліктіктігі мен жауапкершілігі мол адамдарды қалыптастыру. Бұл міндеттер мектепте тиянақты білім беруді ғана емес, сондай-ақ оқушылардың түйінді құзіреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған әрекеттерді талап етеді. Білім берудің жаңа құндылықтары ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру Стандарттарының жаңа мазмұнында айқындалып, білім алушылардың ақпараттық, коммуникативтік, проблеманы шеше білу және пәндік

құзыреттіктері күтілетін нәтижелер ретінде белгіленіп отыр. Білім берудің жаңарған моделінде оқушының «дайын білімді алушы» қалпынан оның танымдық процестегі «белсенді субъект» қалпына көшуін қамтамасыз ететін коммуникативтік белсенділігін күшейтуге мән беріледі. Соған орай, аталған коммуникативтік құзыреттілік нәтижелерге бағытталған білім беру үрдісін ұйымдастыруды оқушылардың зерттеушілік іс әрекеттері негізінде жүргізуге қажеттілік туындауда. Құзыреттілікке бағытталған білім беру оны тиімді ұйымдастырудың мән мазмұнын, әдіс-тәсілдерін құрастыру және оны меңгеру арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан, зерттеушілік әрекеттердің ғылыми негіздерін игеру, оның оқу процесіндегі ролін және оқушының коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға ықпалын анықтау, сөйтіп, білім берудің жаңа нәтижелерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын белгілеу маңызды зерттеу мәселелердің бірі екені сөзсіз. Зерттеушілік-танымдық әрекеттер туралы ой-пікірлер XYII-XIX ғг. классикалық философтар Дж. Локк, Б. Спиноза, И. Фихте, Ф. Шеллинг, И. Кант, Г. Гегель еңбектерінде орын алғаны белгілі. Зерттеушілікті дамыту мәселесі сана мен өзіндік сана тұрғысынан психологтар: С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Л.И. Божович, И.И.Чеснокова. Н.И. Чуприкова, В.И. Слободчиков, Е.И. Исаев, Г.В. Акопов, өзін-өзі дамытуды қамтамасыз ететін тұлғаның сапасын қалыптастыру механизмі жағынан Н.И. Гуткина, А.В. Петровский, Б.З. Вульфов, В.Н.Харькин қарастырған.

Кез келген мәселені жан-жақты қарастырудың бірден-бір шарты белгілі құбылыстың тарихтағы бастауы мен өзінің даму сатысында өткен басты кезеңдері, сол кезеңдерден өткен бүгінгі келбеті тұрғысынан қарау қажеттілігі болып табылатыны белгілі. Мәселені қарастырудың жүйелеу қисыны осылай беріледі. Оқытудағы зерттеушілік педагогика теориясы мен тәжірибесіндегі жаңалық болып табылмайды. Оның элементтерін Сократтың пайдаланғаны да белгілі. Зерттеушілік тәсілдің тарихын қарастырған еңбектерді есепке ала отырып, мәселе тарихына шолу жасап өту қажет деп ойлаймыз.

Озық ойлы педагогтардың теориялық мұраларында оқытудың зерттеушілік тәсілінің тап осы ғалымдардың педагогикалық жұмыс жүйесінен өз орнын алғаны жөнінде бағалы ойлар көптеп кездеседі. Я.А. Коменский оқушылардың пәннің мәнін тани отырып, оқу-таным үдерісінде шынайы ғылымға етене жақын болуы – оқу нәтижелілігінің басты шарты деп есептеген. Ж.Ж. Руссо өзінің жұмыс тәжірибесінде білімді игерудегі догмалық тәсілдерін аяусыз сынаумен қатар, тәрбиеленушілердің қоршаған ортаны өздігінен зерттеуін негізге ала отырып, білімді өздігінен игеруге жол ашатын жаңа оқу әдісін ұсынады.

И.Г. Песталоцци «оқудың негізгі міндеті – ойлау қабілетін дамыту» деп есептейді [2]. Оқыту үдерісі, оның ойынша, таным үдерісіне сай жүргізілуі керек. Өз кезеңіндегі мектептің схоластикалық әдістерін сынай отырып, И.Г.Песталоцци білімнің негізін құрайтын өзіндік зерттеулердің қажеттілігін баса көрсетеді. Оқушының ғылыми танымдық әдістерге тартылуын бірнеше рет

атап көрсете отырып, автор оқытудың зерттеушілік тәсілінің мәнділігі мен мұғалімнің оны жүзеге асырудағы рөлінің маңыздылығын қуаттайды.

К.Д. Ушинскийдің ізбасарлары – П.Ф. Каптерев пен В.П. Вахтерев оқытудың зерттеушілік тәсілін өрістетуге зор үлес қосты. П.Ф. Каптерев «Дидактикалық очерктерінде» ғылым мен оқу пәнінің арақатынасын жайлы мәселеге: «Пәнді ғылымнан бөлмей, жақындастыру қажет, пәннен ғылымға ауысудың аражігі білінбейтіндей болуына күш салу керек» – деп баса көрсетті [3]. Зерттеушілік тәсілін дамытушылардың бірі – В.П. Вахтерев: «оқушыны өздігінен ойлауға даярлайтын мектеп қана» деп көрсетіп, бұл үшін оқушының тек білімді игеріп қана қоюы емес, сол білімді өздігінен бақылап, зерделеп, сынақтан өткізіп, жаңалық аша отырып, тың ашылуларды жинақтап салыстыра қарап, топтастыра және тапқанын дәлелдей тұжырымдай білуіне, ғылыми жұмыс істеуіне, бағыт беру керек. «Оқушылар өздері фактілерді тауып, қарастырып, ғылыми зерттеушілік әдіс тәсілдер арқылы онан ой түюі қажет. Ал мұны оқушыларды зерттеушілер жағдайына жеткізгенде ғана нәтижеге келеміз [3]. Оқытудың зерттеушілік тәсіліне қадам жасау: біріншіден, мектептегі оқушының білім-білік, дағдыларына оқыту үдерісіндегі, жаңа заман талабынан туындайтын; екіншіден, оқытуды мазмұны мен әдіс-тәсілдері мен уақытпен ілесе дамыған ғылым деңгейіндегі алшақтықтарды жою сұранысына байланысты туындайды. «Мектеп пен ғылым арасындағы алшақтық, – деп жазады біраз жылдар араға салып И.С. Ладенко – міндетті түрде жойылуы қажет. Әр пән ғылымның даму кезеңімен үндес, деңгейлес болуы қажет» [3]. Мұны жою үшін оқыту әдістерін ғылыми әдістерге жақындату ұсынылды. Зерттеушілік тәсілге бұл кезеңде педагогтардың ерекше назар аударуының мәні – ол танымдық әрекетті қарқынды, ал өзіндік таным мен шығармашылық ойлауды дамытуға қолайлы тәсіл еді. Сол жылдардың педагогикалық әдебиеттерінде зерттеушілік тәсілді: «өмір талап еткен жағдайда баланың қажетті біліммен қарулана алар құралы» деп көрсетеді. Сол кезеңдегі педагогикалық теория мен практикада «зерттеушік әдіс» деген термин қолданылды. П.П. Блонский, мәселен, зерттеушілік әдістің келесі «түрлерін» айқындайды (нақтысы: зерттеушілік тәсіл әдістері): белгілі бір немесе басқа мәселені шешудегі мектеп эксперименті; оқушының қоғамдық немесе табиғи құбылыстарды жүйелі бақылауы; зерттеу рефераттары.

Ол тарихты зерделеу барысында II деңгейдегі оқушылар ұжымдық және жеке зерттеуді реферат түрінде жұмыс істеуі қажет екендігіне тоқталған. П.П.Блонский бұл жұмыс барысында қосымша әдебиеттерді (тарихи кітаптар, хрестоматия, дерек көздерін) пайдалану, зерделеу мен кесте, диаграмма, т.б. құра білуі аса қажет деп санайды. Мұндай оқу-таным сипаты, П.П. Блонскийдің пікірі бойынша, оқушылар меңгерген тарихи зерттеу әдісі арқылы ғылыми танымға жол ашады. Б.В. Всесвятский зерттеушілік тәсілден «өмірді өзгерту үшін күрестер міндеттері тұрғысынан өскелең ұрпақтың ойлау жүйесін қайта тәрбиелеу құралын» көре білген, сондықтан ол нақты түрде: «мектеп қоршаған орта шынайылығын танымды және сыни тұрғыдан қабылдауға үйретуі, өз түлектеріне әрекет барысында жауап берудегі мүмкіндіктерді барлау

жұмсақтығын тәрбиелеуі, өзіне жақын ортаның деректері мен дәйектеріне шығармашылықпен қарап, өз ойларын сол шынайы ортаның жетілдірілуіне жұмсай білуіне баулуы керек» деп баса айтып өтеді. Б.В. Всесвятскийдің пікірі зерттеушіліктің жұмыспен байланысты екені, ал оның нәтижесі «еңбекті өзгерту мен сыртқы шарттардың қалаған бағытта өзгертілуі» болып табылатыны [4].

Б.Е. Райков зерттеушілікті ақыл-ойды тәрбие мен тәртіпке дағдыландыратын әсерлі фактор ретінде атап көрсеткен. Әдебиеттерді саралау зерттеушілік тәсілдің: «қалыптасқан дағды-машықтар барысында біртіндеп өзіндік зерттеуге жақындататынын» көрсетті, оқушылардың зерттеу жұмысын педагогттар «ұжымға және жеке берілген тапсырмалармен жұмыс барысында өзіндік жұмыс жасай отырып, сол жұмыстан өзіндік қорытындысын шығара білуі» деп қарастыруда [4].

Бүгінгі таңда зерттеушілік әрекеттің оқушының жас және жеке ерекшеліктеріне қарай өзіндік ізденіс деңгейі мен көлемі өзгеруіне қарай дамуы жөніндегі ойлары да өте маңызды. Оқушы әрекетіндегі интелектуальдық жолдың ұзаруы, яғни оқу-танымының ғылыми таныммен жақындасуы зерттеушілік тәсілдегі басты бағыт болмақ.

Қорытындылай келе, біз зерттеушілік іс әрекеттерге оқушыларды тарту арқылы оларда коммуникативтік құзыретілікті дамытуға болады сондықтан жеке тұлғаны жарасымды етіп тәрбиелеуде пайдалану маңызды деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Богоявленская Д.Б. Исследовательская деятельность как путь развития творческих способностей // Исследовательская деятельность учащихся в современном образовательном пространстве: сб. статей – М., 2006. – 40 с.

2 Жексенбаева У.Б. Исследовательский метод обучения как средство развития одаренности // 12 жылдық білім беру №5. 2006. – 6 с.

3 Обухов А.С. Исследовательская деятельность как способ формирования мировозрения // Народное образование. №10. – 158 с.

4 Ақмағанбетова Г. Жобалау-зерттеу қызметіне жетелейтін жол // «Қазақстан мектебі» №7. 2013. – 4-5 б.

ҒТАМР 14.25.09

ОҚУШЫЛАРМЕН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ШАРТТАРЫ

Г. Мауленбердиева
П.ғ.к., М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.
К.Б. Науанова
Магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Президентіміз Қ.К. Тоқаевтың Жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесіне, мектеп өміріне енуде. Кәсіби дамуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті маман өзінің негізгі қызметінен үзілмей, жаңа білім алу жолдарын іздестіреді. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту заман талабы болып отыр. Қазір заман ағымына байланысты білім алудың түрлі тәсілдері шығып жатыр. Олардың бәрін бірдей тиімсіз деп жоққа шығаруға болмайды. Соның бірі ретінде осы қашықтықтан білім берудің жүйесін айтуға болады. Бұл өзі ақпараттық технологияның дамуымен бірге пайда болып отырған дүние. Қашықтықтан білім беру технологиялары қашықтықтан оқу сабақтарын «online», «offline» режимінде өткізуге негізделген [1].

Қашықтықтан оқу – ерекше оқу түрі болып табылады. Себебі қашықтықтан оқу жағдайында мұғалім интернет желісінің көмегіне сүйеніп, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, сабақты ұйымдастырады. Қашықтықтан оқыту дегеніміз – оқу үдерісінің барлық құрылымдық бөліктері (оқу мақсаты, мазмұны, ұйымдастыру формалары, оқу құралдары) енгізілген және арнайы Интернет немесе басқа да интерактивті құралдар арқылы жүзеге асатын мұғалім мен оқушының қашықтықтан қарым-қатынас жасауы арасында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу үдерісін жүргізу мен ұйымдастырудың заманауи тәсілі.

Ғылыми әдебиеттерде қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі – вебинар. Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет

ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы. Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы. Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы [2].

Осы технология бойынша оқытуды ұйымдастырып, бүкіләлемдік желі көмегімен барлық компьютерлерді бір желіге біріктіріп, сабақ өтуші тұлғаны тьютор деп атаймыз. Қашықтықтан оқытуда жетекші рөлді интернет, ақпараттық технологиялары орын алады. Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру үшін мұғалімге оның негізгі қағидаларын білген жөн.

Қашықтықтан оқу қағидалары:

− интерактивтілік қағидасы;
− бастапқы білім қағидасы;
− дараландыру қағидасы;
− сәйкестендіру қағидасы;
− оқуды регламенттеу қағидасы;
− жаңа ақпараттық технологяидарды педагогикалық мақсатты қолдану қағидасы;
− оқудың икемділігі және ашықтығын қамтамасыз ету қағидасы.

Үй жағдайында тиімді жұмыс істеу қағидалары, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар:

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар мұғалімнің жұмысы мен оның оқушылармен және әріптестерімен онлайн түріндегі қарым-қатынасын дұрыс құруға көмектеседі. Үйден тиімді жұмыс істеу уақыт пен міндеттерді дұрыс бөлген кезде мүмкін болмақ. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері қашықтықтан жұмыс істеуде уақытты дұрыс ұйымдастырудан бастап, жабдықты орнатуға дейінгі бірқатар қиындықтар болуы мүмкін. Егер IT-технологияларға және қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктеріне байланысты мәселелер дұрыс шешілсе, онда қашықтықтан жұмыс кедергілерсіз өтеді.

Ол үшін:

1. Ноутбукті үйдегі Wi-Fi желісіне қосу.

2. Бейне кездесулерге арналған бағдарламаларды жүктеу. Мысалы, Zoom немесе басқа осыған ұқсастар.

3. Карантин уақыты үшін әр мектепте мәселелерді шешуге арналған мессенджерлердегі чаттар ұйымдастырылуы керек – міндетті түрде топтарға қосылыңыз.

4. Онлайн-күнтізбе бастаңыз және онда онлайн кездесулерді жоспарлаңыз. Бұл маңызды тармақтарды жіберіп алмауға көмектеседі.

Мұғалімдердің карантин кезіндегі жұмысы көптеген мәселелер мен сұрақтарды шешуден тұрады – бөлімшенің чатын құрып, сол жерде шешу орынды болады. Қарым-қатынас қағидаларын сақтауда маңызды. Атап айтқанда:

– бейне және аудио қоңыраулар кезінде микрофонның дыбысын өшіру керек;

– дыбысты қосу немесе жазу арқылы сұрақтарға жылдам жауап беру;

– қызметкерлермен тұрақты түрде жеке кездесулер ұйымдастыру;

– барлық сұрақтар мен оларды шешу жолдарын жазбаша түрде тіркеп, ақпараттың кімге арналғанына қарай қызметкерлердің, оқушылардың немесе ата-аналардың чатына не поштасына жіберу;

– мұғалім жұмыс күні ішінде әріптестерімен, оқушылармен және ата-аналармен байланыста болуы керек.

Мұғалімдер өздерінің тиімді жұмысы күнделікті стандартты жұмыс форматында қолданатын құралдарына байланысты екенін есте ұстауы керек. Сондықтан тек қана өзіңіздің біліміңіз бен дағдыларыңызды қашықтықтан қолдансаңыз жетіп жатыр.

Үй жағдайында тиімді жұмыс істеу: негізгі қағидалары ретінде мыналарды ұсынады. Қашықтан жұмыс істеу кезіндегі оқытушының негізгі міндеті – карантин кезеңінде, немесе оқыту формасына қарай қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру. Ол үшін уақытты дұрыс ұйымдастыру керек, сонда ғана үйде тиімді жұмыс жасай аласыз:

1. Үйреншікті жұмыс уақытын сақтаңыз.

2. Жұмыс кеңістігін ұйымдастырыңыз және оны тек жұмыс үшін пайдаланыңыз.

3. Үй ішімен әңгімелесіп, жұмыс барысындағы әрекеттер алгоритмін түсіндіріңіз.

4. Түскі ас пен жеңіл тамақ ішетін уақытты алдын ала анықтап, ас әзірлеп қойыңыз. Сонда артықша уақыт жұмсамай, түскі ас кезінде жылытуға болады.

5. Сабақтар онлайн режимде өтетіндіктен, сыртқы келбетіңізді де ұмытпаған жөн.

Қашықтықтан оқытуда оқу процесін дұрыс ұйымдастыру жеке істерге уақыт табуға мүмкіндік береді. Мұғалімдер арасындағы ара-қатынастық байланысты сәтті құру және бірлесіп жұмыс істеу үшін төмендегі қағидаларды ұстану қажет:

1. Жұмыс күні 6 сағаттан кем болмауы керек, бұл уақытта мұғалімдер желіде болуы керек.

2. Тілдесу үшін бейне қоңырауларды қолдану. Бұл туындаған мәселелерді жылдам шешуге көмектеседі.

3. Көрнекі мысал үшін экранды қосыңыз және онлайн-конференцияларды өткізгеннен кейін барлық қатысушыларға толыққанды материал жіберіңіз.

4. Жоспарлауды күн сайын бір уақытта жасаңыз.

5. Әр кездесудің аралық нәтижелерін жазыңыз және оларды барлық қызығушылық білдірген адамдарға жіберіңіз.

Бұл қағидаларды басшылыққа алу мұғалімге қашықтықтан оқуды сапалы ұйымдастыруға ықпал етеді. Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша мұғалімнің негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады:

– туындайтын мәселелерді қарастыру;
– мақсат пен міндеттерді қою;
– білім, тәжірибелерді беру;
– ұйымдастыру қызметі;
– білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру;
– оқу процесін бақылау.

Оқушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды. Сондықтан оқушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Сонымен бірге нәтижелі түрде оқу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс. Сонымен, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп, білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, айта кету керек қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. – Алматы: «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2 Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы. – 461 б.

ҒТАМР 77.29.99

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚПЕН АЙНАЛЫСУ КЕЗІНДЕ ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ

Г.Н. Сафаргалиева
Аға оқытушы, магистр, А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, Қостанай қ.
Б.С. Мукатаев
Студент, А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, Қостанай қ.

Мақалада тоғызқұмалақ ойыны арқылы балаларды тез ойлауға үйретуді, жүрісті есептеу жолдарын анықтайтын әдістер қарастырылып, Тоғызқұмалақтағы ойыншының басты мақсаты, шеберлігі мен тәжірибелілігі жөнінде айтылады. Тоғызқұмалақ ойыннан шығатын нәтиже ең алдымен сайысқа түсіп отырған екі адамның ақыл-ойымен, тәжірибесінің тығыз байланысын көрсетеді. Жоспарлы ойынның әрбір кезеңдеріне сай, жасалған тартыстың жалпы барысы, негізгі бағыты, стратегиясы қарастырылған.

Түйін сөздер: тоғызқұмалақ, зияткерлік қабілеттер, жүріс жасау, партия, ойын.

Тоғызқұмалақ тез тапқырлықты, есте сақтауды және математикалық ойлауды дамытады, көптеген комбинациялары бар және ойыншыдан ерекше ұстамдылықты, белсенді шабуылдау әрекеттерімен қорғаныс тактикасында шебер үйлесімділікті талап етеді. Қазіргі таңда тоғызқұмалақ әрбір зияткер үшін логикалық ойлау өнеріне айналды.

Ойын математикалық ойлауды қажет етеді деген пікір кең таралған. Зерттеулер көрсеткендей, дарынды математиктер әрқашан жақсы ойыншылар бола бермейді. Әр адам осы спорт түрінен көп қиындықсыз жақсы нәтиже көрсете алады, бірақ бұл үшін оған еңбекқорлық пен шыдамдылық қажет.

Оған дәлел ретінде тоғызқұмалақтан үйірмесі спортшылары арасында жүргізілген эксперимент болып табылады. Математикада үлкен жетістікке жетпеген, бірақ есте сақтау қабілеті, ойлау қабілеті, байқағыштығы жақсы оқушылар өз қателіктерін көріп, оларды талдап, тоғызқұмалақта жақсы жетістіктерге қол жеткізе алады.

Оқу барысында ойыншылар шыдамдылыққа, дамуға, қиялға, ойлаудың өткірлігіне, тапқырлық пен тапқырлыққа ие болады, талдауды, жоспарлауды үйренеді, сонымен қатар математикалық әрекеттерді үйренеді.

Тоғызқұмалақ ойыны тез тапқырлықты, есте сақтауды және математикалық ойлауды дамытады, көптеген комбинацияларға ие және

ойыншыдан ерекше ұстамдылықты, белсенді шабуылдау әрекеттерімен қорғаныс тактикасында шебер үйлесімділікті талап етеді. Қазіргі таңда тоғызқұмалақ әрбір зияткер үшін логикалық ойлау өнеріне айналды.

Эстетикалық сезім – бұл объективті шындықтың сұлулығын және тартымдылығын тікелей қарастырған кезде қабылдауға мүмкіндік беретін ақыл-ой жағдайы. Тоғызқұмалақ ойынының эстетикасы оның екі қарсыласының жекпе-жегін қызығушылықпен бақылап, көрермендерге әсер еткенде сезіледі. Сұлулықты сезіну үшін көрермендер ойын ережелерін білуі керек, ойынның басталу ережелері туралы түсініктері болуы керек, ойын барысында туындайтын қызықты сәттерді сезіну үшін бай қиял мен өткір ойға ие болуы керек [1].

Қозғалыс – бұл эстетикалық сезімді қалыптастыратын және көрерменге әсер ететін негізгі фактор. Көрермен ойынды тамашалаудан ләззат алып қана қоймай, ойыншыларға жанашырлық танытып, кейде олар сияқты сезінеді.

Тоғызқұмалақтағы ойыншының басты мақсаты – қарсыласын жеңу және ол өзінің барлық зияткерлік күштерін, тәжірибесі мен салқынқандылығын жұмсайды. Қарсылас өз кезегінде өзінің барлық қорғаныс дағдыларын қолданады. Осы сәттерде екі ойыншы да өз мүмкіндіктерінің деңгейін көрсетеді. Егер қарсыластардың деңгейі тең болса, жеңімпазды анықтау өте қиын. Егер шебер тәжірибесі аз ойыншыға ұтылса, онда бұл жағдай бірқатар жағымсыз. Мұндай жағдайда шеберді ертегі ақымақ алып, ал оның қарсыласын ақылды қарт деп сипаттауға болады. Біз ақыл мен тапқырлықтың көмегімен керемет қарсыластарды жеңген жағдайларды білеміз. Сондықтан, бұл жағдайлардың барлығы таңқаларлық [2].

Тоғызқұмалақ ойынын көріп жүрген көрермендерде эстетикалық сезімді қалыптастыратын бірінші фактор – бұл қарсыластың басына жауап ретінде сәтті табылған және жеңіске жетелеген ойыншының жүрісі. Егер мұндай қадамды жаңадан бастаушы тауып, жеңілген қарсылас шебер болса, онда бұл партия классикаға айналады және ұзақ уақыт бойы көрермендерді таң қалдырады.

Эстетикалық сезімдерді оятатын екінші фактор – бұл таңқаларлық жеңіс. Бұл жағдайда жеңіс күшті тесікке тұздықты беру арқылы жүзеге асырылады, қарсылас үшін оның тесіктерінде құмалақтардың орналасуына ыңғайсыз немесе әлсіз тесікте тұздықты алу үшін қозғалыстардың тіркесімі арқылы жүзеге асырылады.

Ойынның эстетикасын қалыптастыратын үшінші фактор-жеңген ойыншы кенеттен қателік жіберіп, жеңіске жетелейтін қадамды таппай жоғалады [3].

Зерттеу барысында біз тоғызқұмалақтағы техникалық әрекеттерге оқытудың келесі әдістерін аштық:

– партияларды талдау мен талдауға негізделген әдістеме. Бұл әдіс өз шеберліктерін арттыру үшін ойынға бірінші жыл емес спортшыларды оқыту үшін қолданылады;

– партияларды негізгі бөліктерге бөлуге негізделген әдістеме.

Бұл әдіс оқытудың бірінші кезеңінде жаңадан бастаушыларға қолданылады. Осы әдіс бойынша оқи отырып, спортшылар партияның және жалпы ойынның әрбір кезеңіне саналы түрде қарайтын болады.

Тоғызқұмалақ ойыннан шығатын нәтиже ең алдымен сайысқа түсіп отырған екі адамның ақыл-ойымен, тәжірибесімен тығыз байланысты. Алға қойған мақсатты жүзеге асырудың жоспары болады. Осындай жоспарлы ойынның әрбір кезеңдеріне сай, жасалған тартыстың жалпы барысын, негізгі бағытын – стратегия деп, ал қолданылған жеке айла-тәсілдерді тактика деп атайды. Жалпы тактика мен стратегия бір-бірімен тығыз ұштасып, толықтырып тұрады. Сондықтан кезінде бірнеше тактикалық әдістерді қолдана біліп, стратегиялық жоспар құрған ойыншы тек спорттық нәтижеге ғана ие болып қоймастан, үлкен творчестволық өсу жолына түседі [4].

Жүріс жасау үшін өз жағыңыздағы отаулардың бірінен бар құмалақтарды қолға алып, біреуін орнына қалдырып, солдан оңға қарай бір-бірлеп таратамыз. Тарату сәтінде құмалақтар өз отауларымыздан асып кететін болса, қарсыластың отауына таратамыз. Егер соңғы құмалақ қарсыластың тақ санды құмалағы бар отауына түсіп, ондағы құмалақтарды жұп қылса (2, 4, 6, 10, 12), сол отаудағы құмалақтар ұтып алынып, өз қазанымызға салынады.

Әр құмалақ ұтып алынған сайын немесе тұздыққа түскен сайын қарсыластардың жүріс мөлшері кеми береді. Сондықтан ойын соңында қарсыластардың бірінің отауларында жүріс жасай алмайтын жағдай да кездеседі.

Атсырауға ұшыраған ойыншының қарсыласы бұл жағдайда қосымша бір жүріс жасап, барлық құмалақтарды өз қазанына салып алады [5].

Тоғызқұмалақ ойынында алғашқы жүріс міндетті түрде табысты болады. Қарсылас та өзінің бірінші жүрісінде 10 құмалақ жеуге мүмкіндік бар. Бірақ бұған қарап, тоғызқұмалақ ойынын тез-ақ, он шақты жүрісте бітіре салуға болады деген жандар қателеседі. Тоғызқұмалақтың бір партиясы шахмат секілді 4,5-5 сағатқа созылады. Кейде ақталмай, кейінге қалдырылып жатады.
Сонымен, алғашқы жүрістер жасалды. Ойын екі тоғызқұмалақшының алма-кезек жүруімен жалғаса береді. Әйтсе де мына ережелерді естен шығармаған жөн:

– соңғы құмалақ түскен отаудағы құмалақтар жұп болса да өз отауларынан жеуге болмайды;

– жеуге болатын мүмкіндік көрініп тұрса да басқа жүріс жасауға рұқсат;

– отауда бір құмалақ жатса, оны да келесі отауға жүруге болады. Мұндай жағдайда ол отау бос қалады;

– қарсыласыңның отауынан жүруге болмайды;

– жүрген кезде жолдағы отауларға құмалақ тастамай кетуге немесе бірден көп құмалақ тастауға болмайды;

– жүрісті оңнан солға қарай жасауға рұқсат жоқ;

– жүріс алма-кезек болағу тиіс, бір ойыншының екі рет жүруіне рұқсат етілмейді.

Ойынды бастаған тоғызқұмалақшы өзінің кез келген отауынан құмалақтарды түгел қолына алып, солдан оңға қарай, бірде-бір отау тастамай (құмалақтарды алған отауға бір құмаақ қалдырады) бір құмалақтан тастап таратады. Сонда ең соңғы құмалақ түскен отаудағы құмалақтар саны (егер ол қарсыластын отаулары болса ғана) жұп болатын болса (26, 16, 42 т.с.) онда ол құмалақтарды «жеуге» мүмкіндігі бар [6].

Бір қарағанда жүріс жүрген сайын «жей» беретін секілдіміз. Бірақ ойын кезінде олай болмайды. Әр түрлі тактикалық әдіс-айлаларды қолданып, өз отауларындағы құмалақтарды берік қорғаныста ұстауға қол жеткізсек, бірте-бірте құмалақ ұтып аоу қиынға түседі. Сондықтан да басты әдіс жүрістерді есептеуді өте жақсы білу керек.

Тоғызқұмалақта техникалық іс-қимылдарды оқыту әдістемелерін пайдаланудың алынған эксперименттік деректері олардың маңыздылығы мен тиімділігін куәландырады. Талдау жасай отырып, тоғызқұмалақ әлемінің шексіздігін көруге, оның құпиялары мен жұмбақтарына енуге тырысуға болады.

Тоғызқұмалақ бойынша партияларды талдау және талдау әдісін қолдана отырып, тәжірибелі және мықты спортшылар арасында олардың шеберлігін шыңдап, тұздықты құрбандыққа шалу стратегиясы мен тактикалық әдістерін қолдануға үйретуге болады. Адамның санасынан өтетін осы таңғажайып нәрселердің бәрі оның ойлау процестері мен дүниетанымында көрінеді. Тоғызқұмалақ ойынының партияларын талдау мен партия батырларының шығармашылық құпияларын білуге көмектеседі. Ойын барысында психологиялық қарама-қайшылықты бақылау үшін болашақ қарсыластардың ойын тәсілін білу өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Шарипов С.А., Шотаев М.Е., Сейтжанов А.М. Тоғызқұмалақ ойынының ережелері. – Астана, 2006.

2 Капаев Д.И., Актаев С.К., Куатов А.Ж. Тоғызқұмалақты бірге үйренейік. – Павлодар, 2010.

3 Шотаев М., Абдужаппаров Ы. Тоғызқұмалақ ойынындағы тұздықтар тартысы. – Кентау 2006.

4 Шотаев М., Ақназаров С. Таңғажайып тоғызқұмалақ. – Астана, 2011.

5 Ақшораев Ә., Ноғайбаев М. Тоғызқұмалақтан факультативтік сабақтар (әдістемелік нұсқаулар). – Тараз, 2009.

SRSTI 14.27.05

SPIRITUAL AND MORAL EDUCATION IN THE PROCESS OF TEACHING A FOREIGN LANGUAGE

G.N. Rassulmetova
Miras University, Shymkent

This article shows the problems which are revealed in the oven-offspring of children. The actuality of the modern world is evolving of the spirit of the evolution of the spiritual and moral development of the world, shaping the students' positive and positive empowerment of the inexperienced culture, cultivating a great deal of respect for the cultural heritage of the people, as well as other peoples.

Keywords: spiritual morality, foreign language culture, spiritual enrichment, pedagogical mastery.

The educational component is one of the most important areas of education in the interests of the individual, the society of the state. This includes intellectual education, civil-patriotic and spiritual-moral education. The spiritual and moral development of a schoolchild is the most important aspect of the socialization of the individual in the conditions of the rapid development of society, a factor in the gradual and conscious inclusion in various spheres of social activity and public life [1, p. 55].

In the modern world, unfortunately, we have stopped thinking about spiritual enrichment, we have begun to ignore the moral essence of actions. Such manifestations of high morality as compassion, complicity, empathy, respect for others and oneself, unfortunately, fade into the background. The need to educate a spiritually rich, highly moral personality, capable of creating, and not just consuming, is felt more and more acutely. The change in the mentality of society and the individual leads to changes in the value orientations of the younger generation as well.

Spiritual and moral values are understood as fundamental principles and norms in the relationship of people to each other, to the family and society, based on the criteria of good and evil, lies and truth.

Spiritual and moral development and upbringing of students are the primary task of the modern educational system and represent an important component of the social order for education. School is the only social institution through which all citizens of our State pass. Therefore, it is in the school that not only the intellectual, but also the spiritual, cultural life of the student should be concentrated.

The problem of spiritual and moral education in general educational institutions has been dealt with by teachers for a long time. An individual and a whole nation, entering into the universal cultural space, must own various means of interethnic communication. From this point of view, knowledge of at least one foreign language plays a huge role [2, p. 33].

However, in the light of the new time, the modern generation needs new technologies of pedagogical skills. It is necessary to find effective pedagogical technologies for the implementation of the spiritual and moral education of school students in English lessons and test them. After all, one of the goals in the study of a foreign language should be, according to E.I. Passov, not only pragmatic knowledge, skills and abilities, but also education. In this case, the content is culture, which is understood as spiritual values personally mastered in the activity, the space in which the process of socialization of the individual takes place.

The research problem is the creation of pedagogical conditions for the spiritual and moral education of schoolchildren in the process of teaching English. To solve this problem, the teacher needs not only knowledge of teaching methods, but also the ability to direct their activities towards spiritual and moral education in the process of teaching English.

The methods and techniques that contribute to the moral education of a student in an English lesson include, first of all, collective forms of interaction. Among them are group and pair work. It is in groups and pairs that a discussion of a particular problem takes place, it is in interaction with the surrounding children that certain points of view are formed. The emotional impact and educational power of the word at this age is very great. Thus, the discussion of the problem in this case is one of the methods of work. And the work does not end with just one discussion. The decision made during the discussion of some problem is presented to the whole class, while the class chooses the best solution and justifies its choice. The next effective method of working in the direction mentioned above is a role-playing game.

Role play is also a form of collective interaction. However, in this case, each student already bears individual responsibility for the decision made. At the same time, in a role-playing game, the trajectory of the behavior of the participant in the game in a certain situation is usually predetermined. Although in some cases only the result of the interaction can be specified, while the trajectory of behavior remains with the choice of the student himself.

Reading authentic texts also contributes to the spiritual and moral development of the individual, its ideological formation, forms a taste, instills a love for the language, develops the motivational sphere of students in the classroom. Authentic text is text written for native speakers by native speakers of that language. It is the authentic text that conveys all the diversity of a foreign language. Working with authentic texts, students do not just do what is expected of them in advance, not just work on vocabulary and grammar, but they enthusiastically discover some concepts for themselves, learn a lot about the way of life in foreign countries. Such texts instill tolerance for another culture [3, p. 29].

Based on a theoretical analysis and study of advanced pedagogical experience on the problems of spiritual and moral education of schoolchildren by means of learning a foreign language, the following conclusions can be drawn. Learning a foreign language improves spiritual and moral culture, develops logical thinking, has a great impact on memory, broadens horizons and improves general culture. In the course of mastering the language, professional theoretical knowledge is improved, as well as educational and organizational, educational and intellectual, educational and informational, educational and communicative skills. The study of a foreign language contributes to the moral and aesthetic development, has an impact on the spiritual development of the individual.

The process of moral education in foreign language lessons becomes more effective if literary texts created within different cultures are used.

